



ҚҰТТЫБЕК АЙМАХАН



Құттыбек  
**АЙМАХАН**



Тәуелсіздік  
желтоқсаннан  
басталады





ӘУЕЛСІЗДІК  
ОЛҒАУЫ



Құттыбек  
**АЙМАХАН**



**Тәуелсіздік  
желтоқсаннан  
басталады**







УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5 Қаз)  
Қ 78

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Құттыбек Аймахан**

**Қ 78** Тәуелсіздік желтоқсаннан басталады / Аймахан Құттыбек –  
Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. – 304 бет.

ISBN 9965-22-372-6

Тәуелсіздікті алғаннан оны ұстап қалу, өрістету қашан да қиын. Сондықтан да қолдарыңызға тиген бұл кітапта ел Тәуелсіздігінің елең-алаңындағы адамдар тағдырын, мемлекетіміздің апылтапыл басқан қадамын әсерлі баяндайтын мақалалар енгізілген. Сондай-ақ, кітап авторы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін екі жарым жылын темір тордың арғы жағында өткізіп келгендіктен Тәуелсіздік атты ұлы ұғымды жастар қозғалысымен сабақтастыра отырып белгілі тұлғалармен сұхбат құрады, өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу мақсатында ой қозғайды, «Тәуелсіздіктің алтын бесігі – Алматы қаласы» жайында өзі байқаған жәйіттерді әңгіме етеді.

Кітап жоғары сынып оқушыларына, студент және жұмысшы жастарға, сонымен қатар жалпы көпшілікке арналған.

УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-22-372-6

© Құттыбек А., 2012  
© «Қазығұрт» баспасы», 2012



## ***I БӨЛІМ***

### ***ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕЛТОҚСАННАН БАСТАЛАДЫ***

*Расында да Тәуелсіздік Желтоқсаннан басталады. Өйткені, 1986 жылғы Желтоқсаннан кейін қазақ елінде ұлы өзгерістер орын алды. Ең бастысы – қазақтың тарихи санасы оянды. Еліміз егемен болды. Тұңғыш Президентіміз сайланды... Сондықтан да халық Желтоқсан десе Тәуелсіздікті, Тәуелсіздік десе Желтоқсан көтерілісін айтатын болды. Сөйтіп Тәуелсіздік пен Желтоқсан бір ұғым болып барады.*



## АЛҒЫ СӨЗ

### КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ КҮЙРЕУІНЕ НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?..

...Әнеүкүні емханада дәрігерге кіруге кезек күтіп отырғанымда күтпеген бір әңгіме өрбіді. Кезектегі оншақты, орта жастағысы бар, зейнеткері бар өзара әр тақырыптың басын бір шалып отырған. Бір кезде терезеге таяу отырған алпыстарға таяп қалған орыс ұлтты әйел «Ұлы Отан соғысының ардагерлері таусылуға жақын қалды. Газеттерден оқыдым, Алматының өзінде 1568 ғана соғыс ардагері қалыпты. Қызық, олардың бәрі өліп біткен соң, кімдерді басына көтеріп, құрметтейді екен?..» деп жаңа бір әңгіменің ұшын шығарды. Ойланыңқырап қалған көпшіліктің арасынан суырыла сөйлеген кавказ ұлтты зейнеткер әйел «Оған бола қам жемей-ақ қой. Олардың орнын ауғандық интернационал-жауынгерлер мен чернобыльдықтар басатыны қазірдің өзінде белгілі емес пе?..» деді білгішсініп. Басқалар оның сөзін қолдағандай бас изеумен болды. Ал сондағы екі-үш қазақ «ішімдегіні тап» дегендей үнсіз қалдық...

Шынымен де, соңғы кездері Қазақстанда құрмет төріне біртіндеп «ауғандықтар» мен «чернобыльдықтар» шығарыла бастады. Басқа-басқа, тіпті, қазақ тілді ақпарат құралдарының өздері оларды «елі мен жерін қорғаған батырлардай» әспеттей бастады. Әрине, мен олардың ерліктеріне күмән келтіріп отырғаным жоқ. Бірақ, менің сұрайтыным «Неге осы ретте Қазақстанды әлемге танытып, жарты әлемді уысында ұстаған Кеңестер империясының күйреуіне дем берген Желтоқсан көтерілісінің қаһармандары аталмайды? Тіпті, бүгінгі Тәуелсіздігіміз де солардың қайсарлығы мен өжеттігімен тамырласып жатқан жоқ па?» – деген мәселеге келіп тіреле береді.

Жалпы, «КСРО-ның күйреуіне не себеп болды?» деген сөз Кеңестер Одағы тарасымен-ақ шықты. Әрине, саясаткерлер, бұрынғы империялық мемлекеттің басында болғандар бұл жөнінде сырғыма пікірлер білдірді. Көпшілігі «КСРО-ның таратылуын» – «ескі жүйенің шіруінен», «Жариялылықтың өте сәтсіз жүзеге асуынан», «Мәскеудегі «мемлекеттік төңкерісті»

ұйымдастырмақ болған оқиғадан» көрді. Дегенмен, бұл сауалға сол КСРО-ның соңғы басшысы Михаил Горбачев «Кеңестер Одағының тарауына негізінен 1986 жылғы Чернобыль АЭС-індегі апат басты себеп болды» деп жауап берді. Бірақ, бұл пікірді нақ сол кезде саясатшылардың дені қолдаған жоқ. Өкінішке қарай, осыған байланысты қазақтың сол кездегі билігі де үн қосуға жарамай, іштен тынды. Тек Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қана қатысқан жиындарында «Желтоқсан – біздің халқымыздың ұлттық санасының қалыптасуы...» немесе «Желтоқсан – Тәуелсіздіктің ақ таңы» деп атап айтып жүрді. Біле білсек, осы сөздің өзі Желтоқсан көтерілісін әлемдік маңызы бар қозғалыстар қатарына жатқызуға әбден жетіп жатыр. Бірақ, оны іліп әкетер жан болмады.

Ең өкініштісі сол, Елбасыдан басқа бірде-бір қазақтың билік басындағы ірі шенеунігі халықаралық биік мінберден «КСРО-ның күйреуіне 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі басты себепкер болды» деп, батылдық танытып айта алған жоқ. Егер олай айтар болса, онда қазақ халқының мәртебесі әлемдік дәрежеде қатты өсер еді. Және бұған дүние жүзіндегі белді саясаткерлер ашық қолдау танытар еді. Әйтпесе, АҚШ ғалымдары мен саясаткерлері «Бұған дейін АҚШ КСРО-ның еуропалық бөлігі мен Балтық жағалауы, Кавказ елдерін ғана тыңғылықты зерттеп, жалпыхалықтық толқулар бір болса – Украинада, Литвада, Эстонияда, Латвияда немесе Кавказ елдерінде орын алуы мүмкін деген ойда болатын. Ал бұл ретте олар Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстанға тіптен назар аудармаған. Сондықтан да болар, Желтоқсан көтерілісі «бұрқ» ете қалғанда АҚШ билігі «Қалайша Қазақстан?.. Неге Алматы?..» деп таң қалысып, бұл хабарға сенімсіздік танытты. Сосын, Желтоқсан көтерілісінен кейін әлем назары Қазақстанға күрт ауып, олардың көзқарасы бірден өзгерген» деген пікірлерін ашық жариялар ма еді?! Бұл аз болса, тәжік кинорежиссері Гүлбахор Мирзоев Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен жиында «1986 жылғы желтоқсан көтерілісі – Орталық Азиядағы ұлттық сана сілкінісінің басы» – деп, көршілері үшін мақтана сөйлейтін бе еді?...

Шынында да, Желтоқсан көтерілісі – шын мәнінде тек Орталық Азиядағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл Кеңестер



Одағындағы, одан қалды, барша социалистік қоғамдағы сана сілкінісінің басы болғанын несіне жасырамыз? Өйткені, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен соң наразылықтар толқыны Бакуде, Тбилисиде, Вильнюсте, Сумгайтта, Ферғанада және Саха республикасында жалғасты да, ең соңында 1991 жылы жазда империяның орталығы Мәскеудің өзінде орын алып, 74 жыл жарты әлемге үстемдік құрған КСРО-ның тарауына әкеп соқты. Тіпті, Желтоқсан көтерілісі – Кеңестер империясының «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» болған бүкіл социалистік лагерь елдеріне еркіндік әкеліп, КСРО мен АҚШ бастаған социалистік және капиталистік екі әлемнің арасындағы 50 жылға созылып келген қырғи-қабақ соғысқа нүкте қойды десе де болады.

Әрине, мына жаһандану дәуіріне бет алған заманда ел беделін, мәртебесін осылай ғана көтеруге болады. Осы ретте, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі Қазақстанда емес, басқа бір республикада болса, онда олар қазіргі таңда «Әлемге азаттық таңын атырған – бізбіз» деп, мақтана-мақтана күп болып ісініп отырар еді. Өттең, біздің биліктегі азаматтарымыздың осындай жағдайдағы немқұрайдылығы, жайбасарлығы кейде қарныңды ашырады екен, тіпті. Осыған байланысты ойлаймын, кейде халқымыздың ертеңі үшін бүкіл халқымызға ортақ абырой-беделді сұрап емес, зорлықпен тартып алған да дұрыс-ау...

...Күні кеше ғана әңгіме арасында бір жазушы ағам «Соңғы кезде тарихшылар Ресейдің отарындағы үш ғасырда Қазақстанда 300-ден астам көтеріліс болды деп айтып жүр. Бұл дұрыс емес. Шын мәнінде, қазақтың бодан жылдарындағы бұлқынған көтерілістерінің саны 700-ден асып жығылады. Міне, осы 700-ден астам көтерілістің бірде бірі жеңіске жете алған жоқ. Тек олардың ең соңғысы – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі ғана жеңіске жетіп, еліміз Тәуелсіздігін алып, Азаттықтың ақ таңы атты. Егер де еліміз Тәуелсіздігін алмаса, Желтоқсан да қазақтың жеңіске жетпеген көп көтерілісінің бірі болып тарихта қалар еді ме, қалай?.. Сондықтан да мен қазаққа Тәуелсіздігін алып берген тап осы Желтоқсан көтерілісі деп білемін» деген көшелі сөз айтты.

Міне, қарапайым халық осылай ойлайды. Оны көріп те, естіп те жүрміз!..

### **Желтоқсан**

*Ашу-ыза, намысым боп,  
Буырқанған Желтоқсан!  
Азу тісті талайдың,  
Уы тамған Желтоқсан!*

*Қарындастың көз жасы –  
Мұз боп қатқан Желтоқсан!  
Темір төсек жамбасқа,  
Сыз боп батқан Желтоқсан!*

*Қазағымды «ұлтшыл» деп,  
Жалалы болған Желтоқсан!  
Ұл-қызының қанына,  
Табағы толған Желтоқсан!*

*Темір торға жазықсыз,  
Қамалғансың Желтоқсан!  
«Нашақор» мен «бұзақы»,  
Саналғансың Желтоқсан!*

*Сапар шеккен Қайрат боп,  
Мәңгілікке Желтоқсан!  
Кең далада қалықтаған,  
Жаңғырық та сен Желтоқсан!*

*Әлем саған елеңдеп,  
Құлақ тұрған Желтоқсан!  
Бодандықтың шекпенін,  
Лақтырған Желтоқсан!*

*Ар-ұятым, абыройым,  
Қасиетім сен соққан.  
Ерік-жігер, күш-қуатым,  
Бәрі де сен – Желтоқсан!!!*



## **ЕГЕМЕНДІК – АСЫЛ ҰҒЫМ**

*Егемендік (суверенитет) – бұл әрбір халық үшін маңызы өте зор қасиетті сөз, ұлы ұғым. Ол латын тілінің «суперанус» – «басшы», «жетекші» деген сөздерінен тамыр тартады. Кейіннен бұл сөз француздың «жоғарғы билік иесі» ұғымын қалыптастырған. Яғни, егемендік «жоғарғы билік иесі», «жоғарғы өкімет иесі» деген мағынаны білдіреді. Ал оны алғаш рет саяси ғылымға француз заңгері Ж.Боден енгізіп, ол «егемендікті» мемлекеттің толық әрі тәуелсіз билігі деп атаған. Жаңа кезеңде бұл ұғымды Т.Гоббс пен Ж.Ж.Руссо одан ары дамытып, кейінгісі «егемендік» ұғымын жалпы халықтың таңдауымен байланыстырады.*

*Ендеше, кең мағыналы «егемендік» ұғымы – мемлекеттің ішкі және сыртқы істерін тек өзі ғана шешуі, басқа бір мемлекетке кіріптар, жаутаңкөз болмай, өз еліне, өз жеріне өзі би, өзі қожа мемлекет болуы деген сөз. Демек, толыққанды «егемен» мемлекет болу үшін өз алдына мемлекеттігі, әскері, ақшасы және дипломатиясы болуы шарт екен. Ал егер мұның біреуі жоқ болса, онда ол мемлекеттің «егемендігі» жартыкеш, толық емес болады. Оны біздің республикамыздың Кеңестер империясы бодауында болған 70 жылдан астам өмірі дәлелдеп бере алады.*

### **Кеңестер империясының алдамшы саясаты**

Жасыратыны жоқ, Кеңес өкіметі билік басына келген алғашқы күнінен бастап қарамағындағы халықтарды алдап ұстады. Мысалы, 1917 жылы 16 қарашада Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И.Ленин «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» деген құжатқа қол қойды. Онда халықтар теңдігі, еркіндігі сақталатындығы, тіпті, Ресей құрамындағы халықтардың өз алдына бөлініп, дербес мемлекет құра алатындығы айтылғанымен, іс жүзінде бәрі керісінше болып, Қазақстан өзінің шын мәніндегі мемлекеттік егемендігіне қол жеткізе алмады. Сол секілді, 1924 жылғы 27 қазандағы Қазақ АКСР-інің құрылуына байланысты шыққан қаулыдағы «егемендік»

мәселесі де сөз жүзінде қалды. Керісінше, Орталықтың өктем саясатының салдарынан қазақ халқы тоз-тоз болып, ашаршылыққа ұшырады. Қолы қанға білегінен батып, бүтіндей бір халықты жоюға айналған «коммунистер билігі» мұны да қанағат тұтпай, өздерінің зымиян әрекеттерін одан әрі жалғастырумен болды. Тіпті, олар біздің халықты мазақ еткендей, Қазақ КСР-інің 1937 жылғы Конституциясына «КСРО Конституциясының 14-бабы негізінде Қазақ КСР-і мемлекеттік билігін өз бетінше егемендік құқын толық сақтау тұрғысында жүзеге асырады», – деп, 1978 жылғы екінші Конституцияға «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы – егеменді кеңестік социалистік мемлекет», – деп тайға таңба басқандай жазғызып алып, өз ойларына келгенін істеп бақты. Сөйтіп, империя құрамындағы республикалардың барлығы Мәскеудің көзіне қараған, аузын баққан жалынышты, жалбарынышты отарлары болып қала берді.

### ***Шынжыры шылдыраған «егемендік»***

Осы 70 жылдағы өткеніміз қандай қасіретті десек те, оны ұмытуға ешқандай да қақымыз жоқ. Өйткені, «Аврораның» атуымен келген осы кеңестер заманы қазақ халқына не көрсетпеді? Соның жоғарыда айтқан қитұрқы саясаты емес пе, қазақты «ақ», «қызыл» етіп бір-біріне айдап салған, «ұлы кәмпескесімен», «ұжымдастыруымен» қырғын ашаршылыққа ұшыратқан, көзі ашық асылдарымызды баудай қиған.

...Мұндай адам шошитын қатыгездіктен соң «егемендік» туралы айтуға қалай ауыздары барғанына жағанды ұстайды екенсің. Қала берді, республикамыздағы 20 млн. гектар жердің полигондарға, сынақ алаңдарына, тағы 25 млн. гектар шұрайлы жердің астық алқабына айналуы, тіліміздің, салт-дәстүріміздің, рухани байлықтарымыздың тұншықтырылуы отарлық саясаттың шыңына шығу емес пе? Тіпті, «егеменді» Қазақ КСР-і кезінде бүкіл Одақты шикізатпен асыраушы республика болып, астықтың 80 пайыздайын, мақтаның 72 пайызын, жүннің 60 пайызын сыртқа шығарғанымен қоймай, ірі кәсіпорындарының бәрі



басқаларға тәуелді етіліп қойылғаны қазір мектеп оқушыларына дейін бас шайқатуда. Міне, осылай әміршіл-үстемшіл саясаттың шектен шығуы – алып империяны жайлаған халықтар арасында жиі-жиі наразылықтар туғызып, ақыр соңында оның күйреуіне әкеліп соқты.

### *Шын мәніндегі тарихи құжат*

Сөйтіп, дағдарысқа ұшырап, қоғамдық-саяси жүйесі әбден тығырыққа тірелген, экономикасы іріп-шіріп, іргесі сөгілген алып империяның үйінділерінің арасында қалған біздің Қазақстанға өз бетінше жол тауып, елдігін сақтап қалу қажет болды. Міне, осындай қиын кезеңде – 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР халық депутаттарының кезекті сессиясында республикамыздың егемендігі жөніндегі тарихи Декларация қабылдады. Бұл құжат елімізге шын мәнінде өз бетінше билік құратын егемен мемлекет мәртебесін алып берді. Онда арада өткен 260 жылдық бодандықтан кейін алғаш рет егеменді мемлекеттің негізгі атрибуттары: мемлекеттің толық билігі, азаматтығы мен аумағы, халықаралық қатынастардағы дербестігі, өзінің Қарулы Күштері көрсетілді. Бірақ, империя Қазақстанды уысынан шығарғысы, оның «егемендігін» мойындағысы келмеді. Сондықтан да ол өз өктемдігін сақтап қалу мақсатында 1991 жылдың 17 наурызында «Кез-келген ұлт өкілінің праволары мен бостандықтарына толық кепілдік беретін тең праволы, суверенді республикалардың жаңарған федерациясы ретінде КСРО-ны сақтауды қажет деп есептейсіз бе?» – деген бүкілхалықтық референдум өткізуге дейін барды.

### *«Егемендік» пен «Тәуелсіздіктің» ортасында*

Әрине, Тәуелсіздігін сол уақытқа дейін ала қоймаған елімізге өз бетінше әрекет етуде кедергілер өте көп болды. Бірақ, ендігі жерде қателесуге болмайтынын сезіне бастаған Қазақстан әрбір қадамын мұқият ойланып баса бастады. Сөйтіп, ұлы өзгерістерге жол ашылып, еліміздің егемендігі ақырындап жүзеге асырыла түсті.

«Қазақ КСР-інің Егемендігі туралы» Декларациясы қабылданғаннан кейін елімізде өз алдына мемлекет болуға деген ұмтылыс тіптен күшейді. Алдымен жер-су аттарына өзінің тарихи атаулары беріліп, жабылып қалған қазақ мектептері қайтадан көптеп ашыла бастады. Одан әрі Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Семей полигонын түпкілікті жабу, Қазақстан азаматтары әскери борыштарын республика көлемінде өтейтіндігі, Ғарыштық агенттікті құру, Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру, Қазақстанның алтын және алмас қорын құру, республикадағы 72 Одақтық министрліктер мен ведомстволарды жабу, Қазақ КСР-ін «Қазақстан Республикасы» деп өзгерту туралы көптеген Жарлықтары шығып, ақыр соңында 1991 жылдың 16 желтоқсанында ҚР Парламенті аса маңызды тарихи құжат – «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Сөйтіп, қазақ елі үш ғасырға жуық уақыттан соң өзінің шын мәніндегі еркіндігін алды.

### *Ғасырға татитын жылдар*

Міне, көзді ашып-жұмғанша «Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы» Декларация қабылдағанына – 21 жыл, Тәуелсіздігін алғанына – 20 жыл өте шығыпты. Бірақ, бұл жылдар қазақ халқының жүздеген жылдар бойы аңсаған арманын алып берген «алтын кезең», ғасырға татитын жылдар болды. Осы қысқа уақытта еліміз өзінің Елтаңбасын, Әнұранын, Туын асқақтатып, теңгесін шығарды, Конституциясын қабылдап, көптеген елдермен дипломатиялық байланыстар орнатты. Тіпті, Кеңестер империясының сойылын соққан саясатшылардың «Одақсыз, өз алдарыңа күн кеше алмайсыңдар» деген ауыздарына құм құйып, Одақтан бөлініп шыққан республикалар арасында көп жағдайда бірінші орынға шықты. Атап айтқанда, біздің еліміз тұрғындар әл-ауқатының жаһандық рейтингінде әлемдегі аса дамыған 50 мемлекеттің қатарына енді. Жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі биылғы жылы 10 мың АҚШ долларынан асып түсетін болса, бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан жақын көршілерімізді айтпағанның өзінде Украинадан екі есе-



ден астамға озып кетті. Оның үстіне біз бүгінде бірқатар Шығыс Еуропа елдерінің алдында тұрмыз. Тек соңғы төрт жарым жылда тұрғындардың ақшалай кірісі, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы, студенттердің стипендиялары 2 есе өсті. Зейнетақы төлемдері мен баланы бағып-күтуге арналған жәрдемақы 2,6 есе көбейді. Білім беру, ғылым мен денсаулық сақтау шығындары 2 есе ұлғайды.

Республика бойынша 4 мың жаңа балалар бақшасы ашылып, 350 мектеп, 50 колледж салынды. Жаңа Назарбаев Университеті, болашақтың Интеллектуалдық мектептер желісі құрылып, 150 шақты жаңа емхана, аурухана мен медицина орталықтары тұрғызылды. Қазақстандықтардың өмір жасының ұзақтығы біршама артып, ана мен бала өлімі айтарлықтай азайды. Бүгінде Қазақстан ең жедел өсіп отырған әлем экономикасының үштігіне кірсе, біздің алдымызда тек Катар мен Қытай ғана тұр. 2018 жылы республикамыз тұрғындарының табыс деңгейі жоғары елдер қатарына енуі тиіс.

Міне, біздің еліміздің егемен мемлекет ретінде жеткен осындай жетістіктерін көптеп келтіре беруге болады. Оны тіптен әлемдегі дамыған мемлекеттердің өздері таңданыс білдіре мойындап жатыр. Әрине, еліміздің егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде әлі талай белестерге шығатыны оның қарыштай басқан қадамынан анық байқалады.

*25 қазан, 2002 жыл.*



## ***АЗАПТЫ ЖЫЛДАРДЫҢ АҚЫРЫ***

XX ғасыр... Ол қазақ даласына не әкелді? Патшалық Ресей екі ғасырдай үстемдік еткен отарлау саясаты одан бермен жалғаса берді. Бірақ, оның орнын басқан Кеңестер үкіметінің қатыгездігі олардан да асып түсті. Алдымен аққызылдардың шайқасымен ел-жұртымызды тонауға ұшыратқан бұл азапты кезең одан кейін де халықты күштеп ұжымдастыру, халқымыздың қолдарындағы малдарын тартып алу, оған төзбеген ұлтымыздың бас көтеруі, халқымыздың тең жартысын жалмап немесе шет елге босытқан алапат ашаршылық, қуғын-сүргін, екінші дүниежүзілік соғыс болып жалғасып кете берді. Сөйтіп, бұрын-соңды мұндай зобаланды басынан кешірмеген халқымыз 1915 жылы Ахмет Байтұрсынов айтқан «алты миллион қазақтан» 1945 жылдары бар болғаны 3 миллионға бір-ақ түстік. Бірақ, елімізде адамдар саны басқа республикалардан айдалып келген жер аударылушылармен толықтырылып отырды. Сөйтіп, Қазақстан «халықтар түрмесіне» айналды.

Осылайша қазақ халқына орасан қасірет әкелген «большевиктер үкіметі» одан кейін де «тәубесіне» келе қоймады. Керісінше, қазақ даласында жаңа «эксперимент» басталды. Соның айқын дәлелі, 1949 жылы Семей жерінде ең алғашқы атом бомбасы, 1954 жылы тұңғыш сутегі бомбасы, кейіннен аса қуатты термоядролық қондырғылар сыналып, 1954 жылы «тың игереміз» деп шұрайлы жеріміздің шаңын шығарды. Сөйтіп, ұланбайтақ даламыздың 20 млн.гектар жері әскери мекемелердің құзырына көшіп, 25 млн. гектар жеріміз жыртылып, егіс алқабына айналды. «Тың игеру» үшін тағы да 2 млн. басқа ұлт өкілдері көшіріліп әкелінді. Осылай өз жерінде азшылыққа ұшыраған қазақ халқы 700-дей мектептері жабылып, тілінен, салт-санасынан, әдет-ғұрпынан айрылып, 40 пайыздайы «мәңгүрттікке» ұшырады. Оның үстіне мұндай рухани апатқа Арал қасіреті, Байқоңыр кесапаты, Нарынқұм, Қызылқұм, Бетпақдаладағы және басқа өңірлердегі үлкенді-кішілі полигондардың запырандары қосылып, Қазақстан түгелдей дерлік экологиялық апат аймағына айналды.

Сонымен қатар, Қазақстан Кеңестер одағын тек шикізатпен асыраушы әкімшілік бөлігі болды. Өйткені, мұнда өндірістер аз салынып, керісінше Қазақстан мұнайы Орскіде, Орынборда өңделіп, Қостанайдың темір рудасынан Магнитогорскіде металл құйылды. Әлеуметтік-саяси салада да бар биліктің тетігі Мәскеудің уысында болды. Қазақ мамандары солардың «қуыршағына» айналып, билік жүйесіндегілер өз ойларын білдірсе, қудалауға алынды. Тіпті, бүкіл Кеңестер одағында жастардың ашық пікір білдіріп, талап қоюына еркіндік бермегені былай тұрсын, олардың шығармашылық мүмкіндіктері бағаланбай, көп жағдайда тек қана тәрбиенің объектісі және үлкендердің айтқандарын орындаушы болып саналып келді. Бұл жастардың бойына әлеуметтік енжарлықты, сенімсіздікті мендетіп, қызыққұмарлық пен жеңіл өмірге қарай жетелеп келе жатты.

Бірақ, 80-жылдары қазақ жастары әлі мұндай «керіағысқа» жете қоймап еді. Өйткені, сол уақытқа дейін ата-ананы сыйлау, жасы үлкенді құрметтеу секілді жақсы дәстүрлердің қаймағы бұзылмаған, ауыл тәрбиесінен шығып, үлкен қалаларға тек білім алу мақсатында келіп жатқан жастардың ұлттық санасы сөне қоймағанды. Оның үстіне 70-80 жылдарда ұландарымыздың көкірегінде ұлттық мақтаныш сезімінің көтерілуіне үлкен әсер еткен І.Есенберлиннің «Алмас кылышы», «Көшпенділері», О.Сүлейменовтің «Азиясы» сияқты кітаптар, Ж.Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы, М.Шахановтың отты жырлары секілді поэзиялық шығармалар, «Алтыбақан», «Қымызхана», «Тамаша» тағы басқа секілді көріністер, «Гүлдер», «Досмұқасан», «Айгүл» ансамбльдері өмірге келген болатын.

Жалпы, әбден ойластырылып жасалған төңкерістер, ереуілдер, шерулер қоғамның кейбір бөліктерінің ғана көзқарасын білдіріп, оған халық еріксіз ілесуге мәжбүр болса, кенеттен шыққан толқулар сол халықтың жылдар бойы көкірегінде жиналып келген запырандарының көрінісі. Сондықтан да, Желтоқсан көтерілісін Қазақстан басшылығына Г.Колбиннің келуімен байланыстыруға болмайды. Оның тартқан тамыры ғасырлар



тереңінен бастау алып, 1986 жылы әбден шегіне жетіп, жарылған еді.

...Тағы да қазақтар құқығы тапталып, 18 минуттық Пленум 16 млн. адамнан астам халықтың пікірін керек қылмай, өрескел үстемдік жасады. Бұл ұлттық санасы жаңа оянып келе жатқан жастардың ашу-ызасына тиіп, бейбіт шеруге шығарды. Бірақ, өз дегенінен қайтып көрмеген Кремль «сарыауыз» жастардың пікірлерін құлақтарына қыстырмай, оларға қарсы жазалаушы жендеттерін қойды. Сөйтіп, тұңғыш рет «Құйын – 86» операциясы іске қосылып, КСРО-ның сегіз қаласынан 12729 адамдық әскер, 11 өрт сөндіруші машина, 15 БТР, арнайы даярланған иттер бейбіт шеруді қырып-жоюға кірісті. Екі күндік қуып-таратудан соң 2401 адам ішкі істер бөлімдеріне, 2212 – Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, 2401 – прокуратураға жеткізілді. Жедел жәрдемнің 20 бригадасымен жарақат алған 786 адам емдеу мекемелеріне әкелініп, олардың 204-і ауруханаларға жатқызылды. Ал, көтерілістен кейін 4280 адам әртүрлі жазамен жазаланып, 99 адам сотталды. Сондай-ақ, ішкі істер жүйесінен 1200 адам қызметтерінен қуылып, 33 мың маман жұмыссыз қалды.

Осылай бейбіт жастарды ұрып-соғу басылысымен-ақ, оны жасырып-жабуға тырысқан Орталық бүтіндей бір халыққа «ұлтшыл» деген атақ жапсырып, өздері судан таза, сүттен ақ болып шыққысы келді. Бірақ олар кеш қалды. Алматыдағы басталған демократияның жалыны ұйқыда жатқан көптеген халықтарды оятып, ұлттық ар-намыстың көрінісі ретінде ернеуінен Сумгаит, Баку, Тбилиси, Душанбе болып төгіліп жатты. Яғни, Желтоқсан көтерілісі жарты әлемді уысында ұстаған КСРО-дағы әбден шіріген ескі жүйенің күйреуіне ең бірінші болып сокқы берді.

Қысқасы, оның бағасын Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың: «Жастардың Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылған тоталитарлық жүйеге қарсы шығуы – біздің халқымыздың ұлттық сана-сезімнің қалыптасуындағы, оның қазіргі әлемдегі өз рөлі мен орнын қайта пайдаланудағы, шын мәніндегі тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке қол жеткізудегі маңызды кезең болды» деген сөзі береді.

## *1986 жылдан соң Қазақстанды әлем таныды*

Әрине, Желтоқсаннан кейінгі жылдарды ғасырға бергісіз «алтын кезеңге» баласа да болады. Себебі, бүкіл әлемнің тең жарымына үстемдігін жүргізген қуатты империя қазақ жастарының бұлқынысынан соң шашылып түсті. 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы қазақ жастарының бас көтеруінен кейін Бакуде, Саха республикасында, Вильнюсте, Сумгайтта, Ферганада, Тбилисиде қанды қақтығыстар орын алып, олар да қарулы әскерлер мен танктердің күшімен басып-жаншылды. Бірақ та мұнымен Кеңестер империясы бұрынғы өзінің біртұтастығын сақтай алмады. Желтоқсан көтерілісінің жол бастап берген толқынысы бүкіл одақтас республикаларды шарпып, ақыры жер бетінің жарты бөлігін уысында ұстаған алпауыт империя КСРО – он бес өз алдына тәуелсіз елге жаңқалана бөлініп кетті.

Міне, осылай қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы наразылығы әлемдегі қалыптасқан жүйені тас-талқан етіп, КСРО мен АҚШ бастаған социалистік және капиталистік лагерлер арасында тұп-тура қырық жылға созылған қырғиқабақ соғысқа нүкте қойды. Сонымен қатар, Желтоқсан көтерілісі Ресей империясы боданында үш ғасыр бойы 300-дей үлкенді-кішілі ұлт-азаттық көтерілістерін басынан кешірген қазақ халқының соңғы күресі болып еді. Демек, Желтоқсан көтерілісі – әлемде ұлы өзгеріс жасаған, КСРО құрамындағы 15 республика мен социалистік лагерлердегі 20-ға тарта елге азаттық әперген ХХ ғасырдың ең айтулы даталарының бірі.

Жасыратыны жоқ, Алматыдағы жастар наразылығының дүмпуі алғаш рет Еуропаға жеткенде, көптеген елдер бұл хабарға сенімсіздікпен қарапты. Бұл ретте, тіпті, «...Неге Алматы? Қалайша Қазақстан?» – деп таң қалысқан екен. Себебі, бүкіл батыс сарапшылары, әсіресе, АҚШ саясаткерлері мұндай толқулар Украинада, Балтық жағалауы елдерінде, Кавказда орын алуы мүмкін деп есептеп келіпті. Керек десеніз, «Халық қарсылығы Өзбекстанда болуы да ғажап емес. Тек оның Алматыда болуы мүмкін емес» деп те ойлаған. Кейіннен барып жоғарыдағы ақпарат расталған соң Еуропа мен АҚШ алғаш рет Қазақстанда-

ғы ұлттық мәселеге назар аудара бастапты. Өйткені, олар бұған дейін КСРО-ның еуропалық бөлігі мен Балтық жағалауы елдерін ғана тыңғылықты да терең зерттеп, Орталық Азия өңіріне, оның ішінде Қазақстанға тіптен назар аудармаған. Ал Желтоқсан көтерілісінен кейін әлем жұртшылығының Қазақстанға деген көзқарасы күрт өзгерген. Олардың көбі Кеңестер Одағы тек Ресеймен ғана шектелмейтінін, онда Қазақстан секілді батыр да қайсар халықтар тұратынын түсіне бастаған.

Демек, Желтоқсан көтерілісі – Қазақстанды Еуропа мен Америкаға танытты. Сосын, мұндағы қазақ ұлтының өкілдеріне деген көзқарас түбегейлі өзгере бастады. Тұңғыш рет шет елдерге тарыдай шашылған бауырларымыз өздерінің қазақ екендігін кеуделерін кере мақтана білдірумен болды. Өйткені, Қазақстан жүрегі – Алматыдан «Қазақстан – қазақтар үшін» деген ұрандар бүкіл төрткүл дүниеге тарап жатқан еді. Сондай-ақ осыдан соң әлемдегі түрлі ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген көзқарасы түбегейлі өзгерді. Соның бір белгісі – үстіміздегі жылы Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен «Орталық Азия – мәдениеттер мен өркениеттер тоғысында» атты дөңгелек үстел басындағы кездесуде тәжік кинорежиссері Гүлбахор Мирзоев 1986 жылғы Желтоқсан «оқиғаларын» – Орталық Азиядағы ұлттық сана сілкінісінің басы деп атаған.

Әрине, бүгінде мұндай бағаны әлемнің көп еліндегі саясатшылардың аузынан естуге болады. Демек, Желтоқсан – әлем мойындаған, «Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтеріліс» деген бағасын алған әлемдік ауқымдағы оқиға. Ал енді осы әлемге ұлы өзгеріс әкелген Желтоқсан көтерілісінің қалай басталғанын білеміз бе?..

1986 жылы 16 желтоқсан күні таңертеңгі сағат 10.00-де Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің V Пленумы өтіп, ол рекордтық қысқа уақытта, небәрі 18 минутта аяқталады. Сөйтіп, 30 жылдай Қазақстанды басқарып, үш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алған көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа бір ауыз жылы сөз қимай, орнынан алып тастап, ол орынға Қазақстан жөнінде ешбір түсінігі жоқ, жергілікті қазақ халқының мәдениеті мен



салт-дәстүрінен мүлдем хабарсыз – Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Г.В. Колбин дегенді әкеліп отырғызады. Осы орайда республика халқының пікірі тыңдалмақ тұрмақ, қазақ халқымен санаспайды да. Оның үстіне мұның өзі сол кезге дейін ұлттық республиканы жергілікті ұлт өкілі басқармаған бірден-бір жағдай еді. Бұл Орталықтың қазақ халқын ел деп санамай, өз отары ретінде бағалаған келесі бір қорлауы болатын.

Шыдам деген мәңгілік нәрсе емес. Ол ертелі-кеш пе, ақыры жарылады. Сол секілді осы жолғы қорлау мен шектен тыс басыну қазақ жастарының намысын қайрап, алаңға алып шықты. Сөйтіп, Алматы көшелері мен алаңдары 35-50 мыңдай қазақ жастарына толды. Және бұл наразылық шерулері Алматы қаласымен шектеліп қалмай, ол Шымкент, Талдықорған, Жамбыл, Қарағанды, Арқалық, Көкшетау, Сарыөзек, Талғар және басқа да Қазақстан қалаларын шарпыды. Әрине, ресми Мәскеу қазақ жастарының талабын тыңдағысы келмеді. Тіпті, оларды адам ретінде де санамады. Сөйтіп, табан астында бейбіт шеруді жаншып-таптау үшін «Метель» жоспарын қолданды. Нәтижесінде, КСРО-ның сегіз қаласынан шұғыл әкелінген 12729 адамнан тұратын мұздай қаруланған әскерлер Алматы көшелерінде жабайы жыртқыштардай қимылдады. Қарусыз жас жігіттер мен қыздарға қарсы темір таяқтар, шағын саперлік күректер қолданды, иттерге талатты. Сондай-ақ, 20 градустық аязда 11 өрт сөндіргіш машинамен жастар үстіне тастай суық су атқылатты, 15 БТР-мен шеруді «бұзып-жарды». Міне, осылай КСРО ІІМ арнайы әзірлеген «Құйын» («Метель») операциясы алғаш рет Алматыда жүзеге асырылып, Желтоқсан көтерілісіне қатысушы көкөрім қыз-жігіттер қанға бояла басып-жанышталды. Соққыға жығылғандарды ұрып-соғып қала сыртына апарып, сырт киімдерін шешіп, лақтырумен болды. Жас қыздарды келешекте ұрпақсыз қалсын деп мұз асфальтқа отырғызды.

Бұл аздай содан кейін көтеріліске қатысқандарды жаппай жазалау орын алып, 2401 адам – ішкі істер бөліміне, 2212 адам – мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, 2401 адам – прокуратураға жеткізілді. Сондай-ақ, 20 жедел жәрдем бригадасы жаракат

алған 768 адамды емдеу мекемелеріне әкеліп, олардың 204-і ауруханаларға жатқызылған. Осы орайда ауыр жағдайда – 17 адам, өлім халінде – 2 адам түскен (екеуі де қайтыс болды). Ал жалпы алғанда Желтоқсан көтерілісінен кейін 99 адам ҚазақКСР қылмыстық Кодексінің 60-бабы (ұлттық және нәсілдік тең құқықты бұзу) және 65-бабы (жаппай тәртіпсіздік) бойынша 3 жылдан 15 жылға дейін сотталды. Екеуі ең жоғарғы үкім – ату жазасына кесілді. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының 12 ректоры мен басқару саласындағы 33 мың адам қызметінен алынды. Және де ішкі істер жүйесіндегі 1200 адам жұмысынан кетірілді. Ал енді көтеріліске қатысқандар осылай аяусыз жазаланып жатқанда «Алматы қаласындағы қоғамға жат тәртіпсіздіктерді жою кезінде көрсеткен ерліктері үшін» 16 адам – КСРО орден-медальдарымен, 1586 ішкі істер қызметкері – «Милиция үздігі», «Үздік қызметі үшін» белгілерімен, жүздеген адам КСРО және Қазақ КСР Жоғары Кеңестері Президумының құрмет грамотасымен марапатталды.

Міне, біз келесі жылы 20 жылдығын атап өткелі отырған Желтоқсан көтерілісінің қысқаша тарихы осындай. Ол алғаш рет қазақтың өрімдей жас ұрпағының бүкіл әлемге жар сала «Мен қазақ» деп айқайлаған күні еді. Ол – қазақ рухының, намысының, қайсарлығының, бірлігінің асқақтаған күні еді. Ол – әлем жұртшылығына мына Жер планетасында қазақ деген батыр, ержүрек, қайсар ұлттың бар екенін сездірген күн еді. Сондықтан да Желтоқсан көтерілісінің рухы қазақ халқының жүрегінде мәңгі өшпек емес.

### ***Желтоқсан – социалистік лагердегі сана сілкінісінің басы***

Осы желтоқсан айында Қазақстан Тәуелсіздігіне – 20 жыл, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне – 25 жыл толады. Былай қарасаң, әжептеуір уақыт. Өйткені, сол жылдары өмірге келгендер нағыз ат жалын тартып мінетін жасқа жетті. Демек, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі тізгінін ұстайтын жаңа ұрпақ өсіп-жетілді деп батыл айтуға болады. Ал олардың бүгінде отансүйгіштік қасиеттері, патриоттық сезімдері, ұлттық рухы

қай деңгейде? Және егемендіктің еркін өскен бұл ұлдары Қазақстанның болашағын, ұлтымыздың келешегін баянды ете ала ма?

Міне, қазір көбімізді осындай сұрақтар мазалайды. Әсіресе, кешегі қызылдар империясының шапанынан шықса да, бойындағы ұлттық қасиеттерін жалаулата көтерген аға ұрпақ өкілдері үшін – бұл өте өзекті мәселе. Себебі, ендігі кезде еліміздің дамуы да, өркендеуі де, әлемдік қауымдастықта ұлт болып ұйысуы да тікелей осыған байланысты. Әрі өз ұлтының салт-дәстүрін, мәдениетін, тілі мен ділін, тарихи құндылықтарын бекем ұстамаған, қызғыштай қорымаған елде айшықты болашақ болмайтыны бесенеден белгілі ғай.

Әлі күнге есімде, 1996 жылы – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің 10 жылдығы қарсаңында бір топ желтоқсандық жастарды тәуелсіз Қазақ елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қабылдаған еді. Сонда қазақ жұртының өткен-кеткендегі қилы тағдыры, сан-салалы өмірі жайлы екі сағаттай шешіле әңгіме айтқан Нұрсұлтан Әбішұлы сөзінің соңында «Сендер енді Желтоқсан көтерілісін кез-келген жерге пайдалана бермендер. Біз оны енді жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеуге қолдануды жөн көріп отырмыз» деген болатын. Әрине, Елбасының бұл ниеті ашық та таза ұлтжандылықтан туындағаны көзге айқын ұрып тұр. Оның үстіне жаңадан құрылған қоғам қашан да жаңа қажеттіліктерді сұраныс ретінде тудырып отыратыны белгілі. Осыған орай, еліміз Тәуелсіздігінің алаң-елеңінде Қазақстанның жаңа идеологиясын құру – басы ашық өзекті мәселе болып тұрған тұғын.

Сондықтан да бірте-бірте «Қазақстандық патриотизмді» қалыптастыру идеясы дүниеге келе бастады. Бірақ бұл бастама қазақтың тілі мен салт-дәстүрінен, тарихы мен тағдырынан мақұрым қайсыбір билік басындағы шонжарлар мен жергілікті жерлердегі қарақан басын күйттеген майда-пашақ шенеуніктердің кесірінен баянды болып кете алмаған еді. Сөйтіп, осы бір ұлағатты ой-ұсыныс күйбең тірліктің күйкісінен шыға алмай қалған марғау тіршіліктің көлеңкесінде қалып қойды. Міне, осы себептен де

кешегі елім деп алаңғашыққан желтоқсандық жастардың ерлікпен қайсарлыққа тең іс-әрекеттерінің жаңа қазақстандық патриотизммен үндестігі жарасым таппай қалды. Бұл ретте, тіпті, «қазақстандық патриотизмді» іс жүзінде жүзеге асыратын ұлттық тәрбиеміздің негізгі діңгегі қайда, қайсы екендігі әлі күнге беймағлұм дүние болып келе жатқаны жасырын емес. Содан соң амалдың жоқтығынан кешегі ғұмыры қысқа болған «советтік тәжірибені» өнеге тұта бастадық.

Жиі естіп жүрміз, қазір көпшілік «Мемлекет әлі күнге Желтоқсан көтерілісіне жеткілікті деңгейде көңіл бөлмей келе жатыр» дегенді көп айтып жүр. Әрине, бұл жерде мемлекеттің түк қатысы жоқ. Осы тұрғыда Алматының нақ төріне еңселі ескерткіш орнатты. Желтоқсан қозғалысының тарихи мән-маңызын айқындап, санаға «Желтоқсан көтерілісі» деген ұғымның қалыптасуына ықпал етті. Және де жылына бір рет қана болса да елдегі білім ошақтарында «Желтоқсан тағылымдары мен нәтижелері» турасында тәрбие сабақтары мен кездесулерді өткізуді жолға қойды. Міне, «Желтоқсан көтерілісіне» мемлекеттік тараптан мән беріліп жатқан іс-шаралар барысы қатарына, өкінішке қарай, тек осыларды ғана қоса аламыз. Ал қалған жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне жоғарыда айтқан «ескішіл саясаткерлер», ұлттық қасиеттерге мұрын шүйіре қарайтын шенеуніктер кедергі келтіріп бағуда.

Осы орайда олардың Желтоқсан көтерілісіне деген көзқарастарын баяғыда күйреген империялық пиғылмен, шовинистік түсінікпен салыстыруға келер. Өйткені, әлі күнге байқап жүрміз, олардың қайсыбіреулері арада 22 жыл өтсе де Желтоқсан көтерілісіне қатысушыларды «нашақорларға», «бұзақыларға» теңейді. Әрі олардан эзирейіл көргендей төбе шаштары тікірейіп, өлердей қорқады. Сосын, әрине, қолдан келгенше Желтоқсан көтерілісінің мән-маңызын, тарихи ролін кемсітуге бар күш-жігерін жұмсап бағуға тырысады. Әйтпесе, мемлекет тарапынан «ауғандықтарға» немесе «чернобыльдықтарға» көрсетіліп жатқан жәрдем-көмегінен желтоқсандықтардың қағылып қалуын қалай түсінуге болады? Егер олардың саяси сипатын асықпай таразылайтын болсақ, бұл ретте Желтоқсан



көтерілісіне қатысушылардың абырой-беделі алдыңғылардан асқақ тұруы керек еді ғой?..

Амал нешік, өз-өзіне осындай сұрақтарды қойып алып, басыңды шайқай күрсінуден басқа ештеңе де істей алмайсың. Тіпті, осы орайда кезінде Парламентте депутат болған Қазақстан Коммунистік партиясы көсемдерінің бірінің «...режимді қолпаштаушылар қазірдің өзінде тәуелсіз Қазақстанның тарихын өздерінше өлшеп-пішіп, небір аңыздар ойлап таба бастады. Олардың арасындағы ең көп бұрмаланғаны «Қазақстан – жас мемлекет», «Тәуелсіздікке қантөгістің арқасында қол жетуі», «1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының – азаматтық қозғалыс болуы...» не болмаса «Желтоқсан оқиғалары – бұл сол кездегі ҚКП ОК бірінші хатшысы лауазымы үшін күреспен байланысты өкімет ұйымдастырған акция» деуі, Желтоқсан көтерілісіне елімізде әлі көп уақыт бойына жеткілікті мән берілмейтінін байқатқандай. Өйткені, кешегі кеңестік әсіре тәрбиемен өсіп, билік басына келген шенеуніктер орындарын босатпай, Желтоқсан көтерілісінің ақиқаты айтылмақ еместей көрінетін.

«Іште жатқан сөз өледі» демекші, сол бір Желтоқсандағы жастардың көз жасы мен жанайқайын күлкіге айналдырып, алып империяға қарсы шыққан алғашқы бас көтеруді «оқиғаға» дейін кішірейте мазақ етіп көрсету қоғамымызда әлі де бар. Шындығын айтқанда және біле-білсек, «оқиға» деп Желтоқсанның мәнін түсіріп, маңызын теріс айналдырған да ең алдымен бір күндердегі баскесерлер емес пе еді?! Тіпті, тіліміздің өзінде «оқиға» деген сөздің мағынасы бір сәттік, бүгін болып, ертең ұмытылып кететін «жаңалық» қана сияқты еді ғой. Ендеше, Жер шарының тең жартысын уысында ұстаған, қаһарлы да қатыгез алып империяның қабырғасын қақыратып, Орталықтың берекесін қашырған Желтоқсан көтерілісін «оқиғамен» буып тастаудың жөні бар ма? Ал егер ол қатардағы «оқиға» болса, кешегі одақтың түкпір-түкпірінен мұздай қаруланған әскер әкелінер ме еді? Міне, өзіміздің өткенімізге мән бермейтініміз – ерлігімізді осылай елеуішке салып жатыр.

Қазақтың тарихында қазақ мақтанатын ерліктер мен өрліктер өте көп. Бірақ, көп жағдайда біз соларды ескере бермей-

міз. Бұл, әрине, жау шапқанда теңдессіз ерлік жасап, елі мен жерін асқан ержүректілікпен өлермендене қорғап, соғыс біткен соң бәрін ұмытып, бейқам тірлікке көшетін бабам қазақтың қанына сіңген әдет емес. Бұл – өз халқының ерлікке толы тарихына немқұрайды, салғырт қарау. Әйтпесе, біздің күнде шет елге шығып жатқан шенеуніктер Желтоқсанды айттып неге мақтанбайды? Мысалы, 2005 жылы 26 мамырда Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен «Орталық Азия – мәдениеттер мен өркениеттер тоғысында» атты дөңгелек үстел басындағы кездесуде тәжік кинорежиссері Гүлбахор Мирзоев Қазақстанның Алматы қаласында 1986 жылы болған Желтоқсан оқиғасын «Орталық Азиядағы ұлттық сана сілкінісінің басы» деп атады. Шіркін-ай десеңші, осындай сөздерді біздің қазақтар шет елге шыққан сайын неге айтпайды екен? Осыған қынжыласың. Осыған ит-жының козады. Өйткені, Желтоқсанның мән-маңызын осылай дабырлата айта берсек, осы күні қазақтың егемендік пен тәуелсіздікке ұмтылған ерік-жігерін, күшті рухын бүкіл әлем мойындар еді-ау. Өттең-әттең, біз өзіміздің ерлігімізді қолпаштап, көкке көтеруге келгенде салғыртпыз, немқұрайдымыз ғой. Әйтпесе, кешегі КСРО-ны көрге итерген Михаил Горбачев «Кеңестер одағының тарауына 1986 жылғы Чернобыль АЭС-індегі жарылыс басты себепкер болды» деп айтар ма еді. Ау, өзінен кейін Баку, Тбилиси, Балтық жағалауы, Ферғана толқуларына шоқ тастаған – Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі екені түсінген адамға айқын дәлел емес пе? Осындайда мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, дипломаттар мен саясаткерлердің неге үнсіздік танытатынына түсінбейсің...

Рас, арада 25 жыл өтсе де Желтоқсан көтерілісіне жеткілікті деңгейде мән беріліп жатқан жоқ. Оны әлгінде айтылған жағдайлар дәлелдей түседі. Осы орайда әлемнің көптеген елдері тиісті бағасын беріп қойған, Кеңестер Одағы империясының боданындағы көптеген республикалардың азаттық алуына жол ашқан Желтоқсан көтерілісіне жариялылық, ашықтық беретін кезді уақыттың өзі әлдеқашан айқындап берген деп білеміз. Тек сол уақыт біздің қайсыбір шенеуніктеріміздің, шонжарларымыздың салғырттығынан күні бүгінге дейін созылып келеді.

Демек, Президенттің «Желтоқсанды жас ұрпақты отансүйгіштік пен патриоттық сезімге тәрбиелеуге пайдалану» ой-мақсаты әлдебіреулердің парықсыздығынан жүзеге аспай келеді.

### ***Жүйке жұқарған, жан жаралы***

...1986 жылдан бері, желтоқсан айы келген сайын... көңілдің тоң болып қатып қалған қатпарлы қабаттары шытынап, ішіндегі шайқаусыз жатқан әлдеқандай сезімдер әлденеден мазасызданып, өткен-кеткеннің жанды жабырқатқан шерлі сәттері ойға оралғыштап, өгейсініп жүретін ашу-ыза намысты камшылап, бір беймаза күйге түсетін болдық. Қанды қырғындары мен балдай тәтті бақытты өмірі қатар шауып, бәйгеге түскен қара жерді адам танымастай етіп аппақ ұлпа қар қымтап, қыстың қытымыр аязы тұла бойымызды шымырлатқан сайын, сол бір естен кетпес ызғарлы күндер мен одан кейінгі түрмелердің тар камераларында тыпырлаған жылдар көз алдында көлбеңдеп, басыңды сырқырата сығып, онсыз да жарасы жазылмаған жүрегіңді тұз сепкендей тызылдатып қоя береді екен...

Желтоқсан... Осы бір ауыз сөзде қаншама мағына, қанға боялған қанша тағдыр, алтын әріппен өшпестей етіп жазылған қандай тарих жатыр десеңші. Бүгінде бұл сөзді естігенде елендеп, елегізіп тұрмайтын қазақ жоқ шығар. Тура сол желтоқсанның әйгілі екі күнінен соң... бұл сөз айбарланып, қасиеттеніп шыға келгендей. Тіпті, осы желтоқсан айында 300 жыл армандаған Тәуелсіздіктің ақ таңы атқаны да бекер емес. Сондықтан да болар, өткен тарихтың иірілген иірімінде кеткен аласапыран күндер, ұлттық намысты аяққа таптатпаған сәттер, азаттық алып, ақ түйенің қарны жарылған кездер – дәл осы желтоқсан айында мөлтілдеп көз алдыға келетіні кездейсоқ емес. Өйткені, бұл ай қазақтың қызу қанды жаңа ұрпағының елі мен жері үшін, ар-ожданы алдында ақиреттік шайқастарға белін бекем бұғанын, батыр да ержүрек халықтың жүз кессе де тамырының аман екенін бүкіл дүние жүзіне танытқан көкейден кетпейтін аруақты кезең! Кешегі империялық Одақтың «...қарсыласар қауқары жоқ, бөліп

ал да билей бер» деген зәлім саясатының аяғы аспаннан келіп, қазақтың қайтпас қайсарлығын көріп тосылып қалған, сөйтіп, ақыры Тәуелсіздігін жариялаған күндері емес пе, Желтоқсан!!!

...Содан бері, Желтоқсан айы жақындаса болды, 86-ның ызғарлы түнінде қандастарының тағдырына алаңдап, кең бөлмеге сыймай жатақхананың тар дәлісінде арлы-берлі сенделіп, қолының қысқалығына күйінген Рахат Қомсабақовтың ...ызалы жүзі; қос жанары жасаурап, көңілі бордай езіліп, түні бойы жұбанышына айналған домбырасын жылатып, күңіренген күйлерді шертіп шыққан... Нұрлан Мынбаевтың шаршаңқы әлпеті; 17 желтоқсанда алаңның қақ төрінде жастарды отырғызып қойып, жүрегін тепкілеген ашу-ызаға бой бермей, жұртты тыныштыққа, сабырлылыққа шақырған... Тұрсын Қасабековтың тістене шыққан сөздері; жер қозғалса да «мыңқ» етпейтін... Манап Хасеновтың ештеңеден тайынбайтын қатулы қабақтары... тағы басқа сондай мыңдаған бет-бейнелер мен бұрын байқалмаған мінез-құлықтар көз алдыма келіп, олардың жер теңселткен дауыстары құлағыма жаңғырып қайта естілгендей болады да тұрады...

...Желтоқсан айы келсе болды, Алматының торлы қапастары, Маңғыстауға қарай ақиреттік сапарға шыққан жанкешті күндер жүрегіне қадалған инедей болып жаныңды көзіңе көрсетеді екен. Әсіресе, Қайраттың өмірден өтсе де көңілден кетпеген жүзі, оның үйінен алдырған жемпірін астымызға төсеуге жетпегендіктен басымызға қойып, ағаштан жасалған еденге төсенішсіз құлай кеткеніміз, ұшар басы бұлдырап көрінбейтін арманның асқар тауын қиял пырағымен кезіп қайтатын түндеріміз, бір-біріміздің қиналысымызды қосыла көтеруге дайын тұратын албырттығымыз естен кетпейді.

...Сондай-ақ, Желтоқсан айы келгенде... алғаш ұсталғанда Калинин аудандық ішкі істер бөліміндегі «...Сен кімге қарсы шығып жүрсін, ей! Сүйегің түрмеде шіриді, енді!» деп, кіжіне айқайлаған тақыр бас тергеуші, сосын, бір кісенмен кісенделіп кетіп бара жатқанда «Бізді енді ататын шығар?..» деген – Түгелбай Тәшенов, Құсмұрын абақтысында қолдан жасаған домбырасымен көңілімізді көтеруге тырысқан – Үсіпхан Сей-



тінбетов, Маңғыстау түрмесінде Желтоқсан көтерілісінің бір жылдығын атап өтпек болған Расылхан Құдайбергенов, студенттер алдында намысы буырқанып, алаңға шығуға шақырған Ермұханбет Қуандықов, Читадағы «зонадан» қашып келіп, Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов ағаларының арасынан пана тапқан – марқұм Құрманбай Қалмұратов көз алдыма келеді. Сосын... Құсмұрында абақтыда отырған менімен кездесуге келген ағаларым Келдібек пен Қонысбектің «Ана өзіңмен бірге мектеп бітірген С-ның баласы институт аяқтап, жұмыс істеп жүр...» деп жылап айтқан сөздері есіме түседі. Дәл қазір сол күндері қанша балаң болсақ та ауыртпалықты қайыспай көтеруге дайын тұратынымызды, қиналғанымызды жасыруға тырысатынымызды ойлаған сайын қайран қаламын...

Адамды киын өмір, ауыр тұрмыс қана жақындататынын сонда ойлап па едік? Бірақ, кейде «пәле-жала сол күндермен кетсін» деп бәрін ұмытқың келсе де, темір торды өңі тұрмақ түсінде де көрмеген, аланда болған қанды қырғындарды тек теледидардан көріп жүрген (шетелдегі демонстрациялар), «советтік керемет өмірге» әбден сенген біздерге сондағы «айналайын өкімет пен партияның жасаған жақсылықтары» қалай ұмытылсын! Тіпті, сонда Қайрат екеуіміз қамалып жатқан уақытша оқшаулау қамағының №20 камерасы жанында түні бойы жылу жүйесіне кісенделіп ұсталған жігіттің, ақыл есінен айырылып «...жіберіңізші! Мен жұмыстан қалатын болдым. Апа, көке... алып кетіңдерші» деп түні бойы жағы талмай жылап шыққаның ұмытуымыз керек пе еді? Әлде тергеуші Губченконың бір топ сыбайласымен: «...Совицкийді өлтіргеніңді мойында» деп түні бойы «жауап алып» ауыздарына келгенін айтқандарын немесе Жамбыл түрмесінде «...Сен халық жауысың. Сендейлерді сол халықтың алдына шығарып, ит терілерін басына қаптау керек» деп кіжінеген «совет офицерінің» түкірігі шашыраған боқтық сөздерін ұмытуымыз керек екен ғой!..

Жоқ, кейде қанша ұмытамын деп жанталассаң да ұмыта алмайтын сәттер болады. Сенің кеудеңдегі ана кішкене жүрегің дүрсілдеп соғып тұрғанда ондайдың ұмыт болуы – әсте мүмкін емес!

...Оны Желтоқсан айы келгенде, Құсмұрынның темір торларында өткен тайғақ кешулерді қайта еске түсіргенде сезгендей боламын. Сол бір қысылтаяң күндерде де өз басымызға түскен тағдыр салмағын естен шығарып, қазағымыздың кішкене қуанышына бүкіл жан-дүниемізбен шаттана қуана білуші едік. Мысал етіп айтар болсам, 1988 жылы шілденің 1-інде «Алматы ақшамының» алғашқы саны шыққанда жас балаша мәз болып, бір-бірімізден сүйінші сұрап қуанғанымыз әлі күнге естен кетпейді. Желтоқсан үшін сотталып, тағдырлары сол Құсмұрынның дәмін татуды жазған жеті жігіттің ойлағандары басқа болғанмен, қуаныштары осылай ортақтасып жататын. Және осы жылы Салтанат Камалиева Лондонда «Азия аруы» атанғанда, тал бесігімде тербеліп өскен қазақ қызының сұлулығымен әлемді тамсандырғанына жүрегіміз жарылып кетердей қуанып, дереу қолға қалам алып:

*Қарай бергім келеді, қарай бергім,  
Жүрегіме жыр бердің, арай бердің.  
Халқымның сұлулығын паш ететін  
Газеттегі бейнеңе қарай бердім...*

деп, «өлең» деп шығарып, «Известияға» шыққан Салтанаттың суретін тұсымызға іліп қоюшы едік. Өз басымыздағы ауыртпалықты елемей, қазағымның титімдей қуанышына балаша мәз болған не деген аңғал, таза, пәк едік десеңізші сонда! Сол кезде қазақ халқы үшін қуаныштар таңы атып келе жатқанын сезсек қой! Дәл қазір маған, сол жылдардағы көз жасымызды, шорт кесілген қуаныштарымызды көрген жаратқан иеміз қатты тебіреніп... үш жүз жыл бойы қазақ халқы үздіге күткен жүрекжарды күндерін шашу етіп шашып жібергендей болады да тұрады. «Аққа құдай жак» деген осы да!

Өткенді ойлап, еске түсірген жеңілірек болғанмен, оны айту қандай қиын. Әсіресе, ол Желтоқсан сияқты жаныңды жара лап, жүйкенді жұқартқан оқиға болса. Амал жоқ, басыңды өткеннің сағым елестеріне қарай шаптыққан жалмауыз ойларға мүжгілеуге бересің...

Міне, сондықтан болар, осыдан 25 жыл бұрын өткен Желтоқсанның ұйытқыған суық желі санамның түңдігін желпіп өтіп, осы Желтоқсан айы келген сайын тынышсыздандырып, маза-сыздандырып, сол күндердің ортасына лақтырып тастайтыны...

## **II БӨЛІМ**

### ***РУХ ОЯНҒАН КҮНДЕР ЕДІ***

*Қазақтың дәстүрі мықты. Халқымыз сонымен өсті. Күшті рухы қалыптасты. Сөйтіп, үш ғасыр азаттық үшін күресті. Кең байтақ жерін сақтап қалды. Айбарымен әлемді тітіркендірген империяға қарсы шықты. Нәтижесінде – Тәуелсіздікке жетті!*

## **КҮНДЕЛІГІМНІҢ ЖЫРТЫЛҒАН БЕТТЕРІ**

*17 желтоқсан сәрсенбі, 1986 жыл*

Түнгі сағат 4-тер шамасы. Ұйқым келер емес... Бір керемет күш жүрегімді лықсытып жарып жібере жаздайды. Жалмауыз ойлардың кесірінен бір орнымда байыз тауып отыра алар емеспін. Ақыры болмаған соң күнделігімді қолыма алдым. Бірақ қолым жүрер емес. Не жазам?.. Бүгінгі көргендерімді ойлауға қорқамын. Сонда да көз алдымды тұмшалаған қорқынышты елестерден құтылғым келеді...

Бүгін таңертең жігерім құм болғандай, жүйкем жұқарып жұмысқа бардым. Қолым ештеңеге икемделер емес. Жұмысымның берекесі кетті. Мен ғана емес, бірге істейтін жігіттердің де жүздері сынық. Іштей бәрін де сезіп тұрмын. Бірақ сұрауға батпаймын. Олар да жақ ашпайды. Бәріміз де бір-біріміздің ішкі жан тербелісімізді айтпай-ақ түсінгендейміз. Сонда да бірімізді-біріміз жұбатқымыз келмеді. Жұбатудың өзіне сөз таба алмас едік.

...Бұл көңілсіздіктердің басты себебі, кешегі өткен пленумда Қазақстан КП бірінші секретары Д.А.Қонаевты орнынан алып, оның орнына біздер өмірі естіп-білмеген Колбин деген біреуді әкеліп қоя салуынан еді. Бұдан артық халық намысын жерлеп, барлық қасиетімізді аяққа салып таптау болмас. Сонда Қазақстанда ел басқаратын біреудің шынымен-ақ болмағаны ма? (Дәл осы сөздерді жазып отырып та бұл қорлыққа шыдамай, бүкіл қаным басыма шапшып, аптығымды баса алмай отырмын). Тіпті, өсиеттерінің әрбір сөзімен өмір сүріп келе жатқан В.И.Лениннің «Әрбір республика, әрбір халық өзін-өзі басқаруға құқылы» деген сөздерді де жайына қалғаны ма?! Әлде біз ел болудан, халық болудан қалғанымыз ба?

Кежегені кейін тартқан ойлардан құтыла алмай алаңға бардым. Лық толы адам. Бәрі дерлік жастар. «Халықтың қорғаушысы» деп әспеттейтін әскері Үкімет үйін қоршап алыпты. Адам түгілі ұшқан құсты жіберетін түрлері жоқ. Анда-санда



«Қайтыңдар, тараңдар! Әйтпесе күш қолданамыз!» деген радиодан басшылардың қорқытқан үндері естіліп қалады. Бірақ орнынан тапжылар адам байқалмайды. Қайта алаңға үсті-үстіне құйылып жатыр, құйылып жатыр...

Міне қолымда алаңнан табылған, оқушы дәптеріне жазылған бір жапырақ қағаз тұр:

*Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген,  
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.  
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.*

Жұбан Молдағалиев! Соның «Мен қазақпын» атты атақты өлеңінің бір шумағы.

Осылайша жоғарғы жақтан естілетін «жылы» сөзді күтіп, қас қарайғанын да байқамаппыз. Біздің талабымызды құлағына да қыстырмаған, мыңдаған адамды көзіне де ілмеген үкімет ақыры су атқыш машиналарын алаңға шығарды. Ақ қар, көк мұзда мұздай суға малшынған жастардың жан даусы бүкіл алаңды күңіретіп жіберді...

Біздер жетпіс жылдай сеніп, табынып келген Коммунистік партиямыз Алматының Брежнев атындағы басты алаңында осылайша қаталдығы мен қатыгездігін бүкіл әлемге көрсетіп, «әбүйірін» айрандай төкті.

### ***18 желтоқсан бейсенбі, 1986 жыл***

Алаңнан қазір келіп отырмын. Ешкім жұмысқа шыққан жоқ. Халық намысы аяққа тапталып жатқанда істеген жұмысы құрысын. Бүгін де көше толы жастар. Кешегіден де көп сияқты. Түнімен ұйқы болмады. Бүкіл жатақхана, бар қала ұйықтамады десе де болғандай. Оны дегбірсізденген мазасыз ойларымды басу үшін құлқын- сәріден далаға шыққанда көрдім.

Кешегі шашылған судан киімдерімнің әлі кеппегенін сонда ғана сездім. Таңғы аяз бүкіл тұла бойымды дірілдеткен жан дүниемдегі арпалысқа көмекке ұмтылғандай, одан әрі

тұқырта түспек болып қарып барады. Бірақ, жеке бастың бұл «мәселесін» жатақханалардан жиналған жастардың үлкен тобын көргенде ұмытып та кеттім. Заманының тәлкегіне түсіп, кішкентай ғана әділет іздеген намысқой қазақ жастары аязы шықырлаған желтоқсанның таңғы қою қараңғылығын қақ жарып, үн-түнсіз алаңға жылжыдық. Бірақ біздер келісімізбен алаңдағы әскер мен милиция жабылып, таяқтап қуып шықты. Таяқ жесек те, алған бетімізден қайтпай Фурманов көшесімен «Менің Қазақстаным» әнін айтып алаңға қайта беттедік. Мұнда да бізді мұздай қаруланған әскер қарсы алды. Мұнда да бізді «бұзақыларға», «экстремистерге» теңеп, адам құрлы санамады. Талабымызды кекесінді күлкімен табалай қарап, тағы да тыңдамады. Тыңдағысы келмей, тағы да әскерін төкті. У-шудан айнала дүрлігіп кетті.

Одан әрі Ленин проспектісінде еңтігімізді басып, аяқ-қолымызды жинап, бет алған жағымызға баяу жылжыдық. Жарты жолда көңілі бостаулар сонау «Ақтабан шұбырындыдан» қалған «Елім-айды» айтып, онсыз да қамыққан көңілдерімізді бұзбасы бар ма! Қыздарымыз қолдарын көздеріне апара бастады. Бірақ бұл зарлы өлең «Зарламандаршы!» деген өжет қыздың дауысынан сап тыйылды. Одан әрі Ленин, Совет, К. Маркс, Гоголь, Горький, Коммунистік (қазақша ат бұйырмаған, Алматым-ай!) көшелерімен жүріп өттік. Қалып бара жатқан көшелерде танктер мен БТР-лардың сұп-сұр түрлері сұстияды.

...Осы жерде мен замандастарыма таң қалдым. Сатушылар қорқып, тастап кеткен жаймалардағы иесіз дәмдерге бір адам жоласашы. Қарындары ашқандары, қайта, ақшасын қалдырып алып жатқанда шын сүйсінгендейсің. Бабалардан қалған ақжүректілігіміз, адалдығымыз әлі де бар екен-ау!

Кешке Москва мен Алматыдан берілген радио-телехабарлар осы бір оқыс оқиғаға арналды. Тек бізді неге аздаған «бұзақылар», «нашақорлар», «ішкіштер» тобы дегені түсініксіздеу. Өздері жетпіс жылдай қақсап келген шындығымыздың түрі осы ма! Ал Жоғарғы Советтің Председателі Мұқашевтің теледидардан сөйлеген сөзіне төбе шашың тік тұрады! Түсі сондай суық, құдды камераның бергі жағында біреу мылтық кезеніп тұрғандай....

## 20 желтоқсан сенбі, 1986 жыл

Кешелі бері қалада тыныш. Бірақ, алаңға барғандарды ұстап әкетіп жатыр деп естимін. Алаң толы әскер деседі. Оны кеше өзім де көрдім...

Талабымыздың орындалмағанына күйініп, кеше таң атпай алаңға тағы барғанбыз. Автобуспен тұсынан өтіп бара жатып көрдік, алаң кілең әскерилерге лық толы. Солдаттардың қолында кәдімгі адам ататын мылтық. Қою тұман мұның бәрін көрсеткісі келмегендей тұмшалай түссе де, анық көріп, денеміз тітіркеніп кетті. Енді олай қарай аттап бассaq, тіпті, қару қолданудан тайынбайтындарын сездік. Алаңнан өте, түсіп қалдық. Екі-екіге бөлініп, жан-жағымызды барлап қайтуды жөн санадық. Бірақ Сағадат екеуміз кішкене жүргенде, алдымызға ақ «Волга» кесекөлденең тоқтап, жолымызды бөгеді. Ішінен қара көзілдірікті орта жастағы кісі түсіп: «Қарақтарым! Өздерінді аяңдаршы! Ана жақта бір-екеу болып жүрген қазақ жігіттерін ұрып-соғып, ұстап әкетіп жатыр. Бармандаршы, ол жаққа!» деп сұқ саусағымен алаң жақты көрсетіп, еңкілдеп жылап жіберді. Адамға сенетін кез бе, әлгі кісіні де «онда бармаймыз» деп алдап, алаңға қарай жүрдік. Шынымен-ақ ешкімді де кездестіре алмадық. Қайта аяқ басқан сайын милиция мен дружинниктер тобы көрінеді. Тіпті, бір рет ұсталып қала жаздап, әрең қашып құтылдык. Қолдарына түссең аямасын білеміз.

Міне, осылай еңсені езгілей басқан ойлардың шырмауынан шыға алмай отырмын. Далаға шықсақ болды, түрлері керемет өзгерген қазақ жігіттерін көресің. Табыт шығарғандай, түстері өте суық. Амандасқанда да «Тірісің бе?» деп өте шығады. Не деген суық сөз! Әзілдесу, күлу деген мүлдем ұмытылғандай. Өйткені, олар тұңғыш рет «сүйікті партиясының» қатыгездігінің куәсі болды. Өйткені, олар өздерінің халқының ертеңіне алаңдаулы еді...

*P.S. Күнделік 1984 жылдан басталған. 1986 жылы 24 желтоқсанда мені жұмыстан ұстап әкеткенін естіген достарым бұл күнделікті тығып тастапты. Менің бөлмемді қайта-қайта тексере бергенінен сескенген біреулері осы үш күннің ба-*

*стан кешкендері жазылған беттерін жыртып алыпты. Оны осыдан он тоғыз жыл бұрын, Желтоқсан көтерілісінен алты жылдай уақыт өткен соң қолыма табыс етті. Сол бір ызғарлы үш күннің барлық қайғы-қасіретін тізбегенімен, көз алдыма 1986-ның желтоқсанын қайта еске түсіреді маған, осы ескі жолдар.*

*17, 18, 20 желтоқсан, 1986 жыл.*

### **ӨМІРДЕГІ ЕҢ АУЫР КҮН** **(Деректі әңгіме)**

...Мыңжасар бір орнында байыз тауып отыра алар емес. Бүгінгі көргендері тұла бойын қалтыратып, зіл-батпан ойлар басын сығымдап әкетіп барады. Қабырғада ілулі тұрған сағат тілдері де ыңырана баяу қозғалып, үздіксіз тықылы есін шығарып барады. Қолына кітап алып қанша үңілсе де, онысынан да түк шықпады. Тіпті болмаған соң, ерніне бір темекіні қыстырып алып, бөлмеден шығып кетті...

Далада қыстың өзгеше мінезді желтоқсан айы. Аспанды тұмшалаған тастай қараңғылық бар әлемді басып қалатындай түнере түседі. Тіпті, күнде саған жымындай қарап, сезімді қытықтайтын жұлдыз біткен өрісінен безіп кеткендей. Тағы да есіне әлдене түскендей назарын оттары самалдай жанған түнгі қалаға аударды...

...Ол бұл суық хабарды жұмыста жүріп естіді. Ең алғаш құлақтан ұрған ауыр хабар денесін тоқ ұрғандай етіп жіберді. Содан кейін өзін қинап қанша жұмыс істегісі келгенімен, ештемені маңдыта алмады. Тіпті, қолы да иікемге көнбей-ақ қойды. Мұндай сәттерде Мыңжасар көкейінде жүрген көп сұраққа жауап іздеп, елес болып бұлыңғыр тартқан өткендерін ойша кезіп кететін.

Көбіне көз ұшына бұлдырап, иір-иір көшесінің шаңы шыққан, тоқал тамдары шашырай орналасқан өз ауылы көрінетін. Мал аяғына әбден тапталған ауыл маңы жылан жалағандай тақыр болып келетін де, одан әрі аппақ мақта алқаптары көсіліп жататын.

Осы кішкене ауылдың бар қам-қаракеті осы мақталықта өтетін. Шешесі таң құланиектен асыға-аптыға жұмысына кететін. Кешке қарай күннің көзі ұясына анық батқанда барып сүріне-қабына жететін. Ондайда алдарынан құлдырандай шыққан бұлардың маңдайларын иіскелей барып, бар шаршағанын ұмытып та кетуші еді. Мүмкін, олар үшін бұл өмірдің бақыты деген осы шығар. Ал, күз басталысымен бұлардың өздерін мақта алқабына айдайтын. Ол кезде оқу деген жайына қалады. Күнде құлқын сәриден тұрған бұлдіршіндер күні бойы мақта алқабында шыжыған ыстықта қолдары күс-күс болып, беттері жарылып, толтырған қапшықтарын мықшындай көтеріп жүрер еді.

Міне, осылай балалық шақтың базарында жүріп ешнәрсеге жете мән бермеген ол, есейе келе мына дүниенің екіжүзділігіне бірте-бірте көз жеткізе бастады. Әсіресе, мұның бәрі білім қуып астанаға келгенде айқындала түсті. Қайда барса да жат тілде шүлдіреген адамдар. Кейде автобустарда әбден үйреніп, бесігінен естіп келе жатқан қазақшасымен бірдене сұрай қалса, үлкендері аларып, жастары кекете, мысқылдай қарайтын.

Қам-қаракеті көп өмір бір орнында тұрып қалмай, содан бері алты-жеті жыл өтті. Мыңжасар білімге деген алғашқы талпынысынан беті қайтып, қаладағы көп құрылыстың біріне қойып кеткен. Зуылдап бір-біріне ұқсас күндер өтіп жатты. Қаланың қақ ортасындағы жатақханада тұрып жатыр. Бір қызығы, мұндағылардың бәрі кілең қазақ жігіттері. Ол тұрмақ осы аумақтағы бес-алты жатақханалардың бәрі де өзіміздің көген көздеріміз. Олардың бәрі дерлік үйдің кезегіне тұрып, осында «байланып» қалғандар. Қашан үй болып, бөлек отау құратындарын өздері де білмейді. Алды құрылыста он-он екі жыл істеп, отыздан асқан сақа жігіттер. Анда-санда біреулері үйленіп, пәтер жалдап кетіп жатады. Ал ондай үйлердің кожайындарының бәрі өзге жұрт өкілдері.

Өткенде, бірге жұмыс істейтін, үйленген жолдасының үйіне барғаны бар. Сонда үйдің қақпасынан ішке енгенде бұрын еркін, ақжарқын, сөзшең досы сыбырлап, аяғын санап басып, моп-момақан бола қалғанын көргенде қатты таңданған. Сөйтсе, ол үйдің иесі өте ашушаң орыстың кәрі кемпірі екен. Бұлар



амандасып қасынан өткенде сәлемдерін де алмай, ала көзімен жақтырмай ата қарап, жандарынан өте шықты. Жолдасы әлгі үйдің астында, жертөледе тұрады екен...

...Осындай ойлардың жетегінде Мыңжасар алаңға келгенде ол адамға лық толы еді. Барлығының көздері төбесінде Қазақстанның қанға малынған қызыл жалауы желбіреп тұрған еңселі үйде. Сол үйден бір үміт күтіп, шындыққа шынымен көз жеткізгісі келген сансыз көз. Өзінің ертеңі үшін, болашақ ұрпағы үшін сенімдерін серік еткен көпшілік. Еңселі ғимарат пен буырқанған қалың жұрттың ортасында бастарына темір каска, қолдарына қалқан мен резінке сойыл ұстаған сұп-сұр солдаттар тобы. Тап бір қаптап келе жатқан ежелгі жауымен соғысуға даярланып, тастүйін тұрғандай. «Алға» деген жалғыз ауыз сөз шықса болды, мына қарусыз халықты таптап өте шығары сөзсіз. Бірекі реті алға оқыс ұмтылып, көпшілікті кейін ысырып тастап, бастапқы орындарына барып тұрды.

Ал өз талаптарының оң шешімін күткендер күннің ұясына батқанын да байқамады. Айнала қою қараңғылыққа оранып, желтоқсанның шыңылтыр аязы бетті қарып барады. Сонда да осы бір өктемдікке көнгісі келмегендей алаңға келіп жатқан халықта есеп жоқ. Бет-әлпеттерінде кешегі бір сәтте шешілген отырысқа келіспеген наразылық табы байқалады. Көбісі әлі оң мен солын танып үлгермеген қазақтың өрімдей жігіттері мен қыздары. Намысқой, әлі ешкімге иілуді білмейтін өр тұлғалар. Осының өзі саяси мінбеге қазақ халқының жаңа толқынының көтерілгенін көрсетіп, осы алаңнан алдағы кездесетін ақыреттік күрестерге баталарын алып тұрғандай көрінеді. Әлі мына беймәлім заманның шәрбатынан еркін сусындап үлгермеген, жәудіреген қап-қара көздерден қайсарлықтың, өжеттіктің лебі есіп тұрды. Осылардың бәрін үнсіз бақылап, замандастарына сүйсініп келе жатқан Мыңжасар жанында өзін қолтықтап келе жатқан Ақмаралдың сөздерін де естір емес.

Осылай алаңда қанша жүргенін, уақыттың неше болғанын білмейді, бір кезде алаңның солтүстік бөлігі дүр сілкініп, айқайшудан төңірек азан-қазан болды да кетті. Осы бір дүрлігуді пайдаланып, солдаттар да лап қойды. Араларында біреулері, тіпті,

«уралап» та қояды. Мыңжасар қасындағы Ақмаралдың қолынан қыса ұстап, елдің екпінмен у-шу болған жаққа қарай жүрді. Сол жақ шеттен қыстың ызғарлы түнін қақ жара тілгілеген машиналар жарығы көрінді. Сапырылысқан халық алаңның биік үйлер тұрған жағына қарай ойысты. Көпшілікпен қым-қиғаш араласып кеткен ол Ақмаралдың қолын қалай жіберіп алғанын да сезбей қалды. Бір-екі рет айқайлап көріп еді, дүрліккен дауыстан өз дауысын өзі әрең естіді. Кенет аяғы тайып кетіп, шалқасынан түсті. Құлап бара жатып, жарықтар бұны таптап өтердей, тіке келе жатқанын көріп қалды. Құлағына еміс-еміс «ана жігітті құтқарыңдар», «А-а-а!.. Машина басатын болды!», «Мыңжасар!!!» деп шынғыра айқайлаған ұлдар мен қыздар дауысы келді. Өзімен-өзі жансыз аяғын көтере алмай жатқан ол «Ақмарал ғой. Маған қарай жүгірем деп машина астына түсер ме екен?» деп жанталаса көтерілгенде, өзінің алаңда жалғыз қалғанын, жарықтар бұған тіпті жақындап келгенін, топ жақтан өзіне қарай жанұшыра жүгіріп келе жатқан екі-үш жігітті көрді. Келе, оның екеуі екі жағынан көтеріп, жарықтан жүгіріп өткенде, арттарынан ұрған судың екпінінен үшеуі де етпетінен түсті. Сонда ғана «Жаңағы жарықтар су шашатын машиналар екен-ау» деген ой санасында жүгіріп өтті. Одан әрі Ақмарал жылап жүріп, Сырым екеуі жатақханаға әкелді. Тізесі күп болып ісіп кетіпті, аяқтың бәрі мұз боп қатқан қан...

Желтоқсанның 17-сі оған өміріндегі ең ауыр күн болды. Осы күні өмірінде тұңғыш рет «шындық», «бостандық», «теңдік» деп тыным таппай сарнап жататындардың сандырағы құр әншейін далбаса сөздер екеніне көзі анық жетті. Жұбататын, пана болатын, қорған болар ешкімі жоқ жетімектердей бастары салбырап, ыза-күйіктен жарылып кетердей болған бөлмелестер үнсіз тарай бастады. Тек, қасына келген Сырым ғана қолын иығына қойып, іштей егіле ауыр күрсінді.

Мыңжасар бұл күні көпке дейін ұйқы көрмей, төбеге қарады да жатты. Қатар тұрған төсекте жатқан Сырым да, қайта-қайта дөңбекшіп, қатты күрсіне берді. Оны мазаламайын деп, қабырғаға қарай аунап, тағы да қалың ойдың тұманында адасып кетті...

...Сөйтіп жатып, көзі ілініп кетіпті. Жарты сағаттай ғана ұйықтапты. Дөңбекшіп бірталай жатты да жолдастарына еріп далаға шықты...

Айнала бозамықтанып, адамдардың бет-жүзі көріне бастаған таңғы әлетте бірлескен ұйымшыл топ ұлы акын атаның көшесімен көтеріле келіп, екі үйдің ортасымен алаңға келіп иық тіреді. Алдарынан қарауытқан тағы бір үлкен топты көрді. Олар да бұларды көріп, қиын-қыстауда келген көмектей қуана қарсы алды. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Жастардың көбейіп бара жатқанынан сезіктеніп, алаңға жібермей тұрған милиция жасақтары қарусыз жастарға лап қойды. Түрлері адам шошитын жаналғыштай өзеуреп алған. Қолдарында ұзын-ұзын ағаш кесінділері, жас баланың білегіндей жуан темірлер. Жаңа ғана тып-тыныш, ұйқысын аша алмай жатқан Бәйсейітов көшесі лезде астаң-кестең болды да кетті. Кімнің не істеп, не қойып жатқанын адам білмейді. Қарусыз, қорғансыз жастар кейін қарай дүрліге қашуда. Мыңжасар да жол шетімен артына жалтақ-жалтақ қарап жүгіріп келе жатқанда, біреулерге сүріне құлады. Орнынан жылдам тұрып қараса, жолды кесе-көлденең өңшең қыздар қуғыншылардың жолын бөгемек болып, қатарласа отыра қалыпты. Шамасы, қыздарды ұрмайды деп ойласа керек. Мыңжасар қыздардың мына батылдықтарына риза болып, олардың қатарына отыра кетті.

Әй, ақкөңіл қаракөздерім-ай! Сендердің мына жәудіреген көздерінді қиып, қай иттің қолы көтерілер екен. Жо-жоқ... Көздері қанталаған жандайшаптар қыздарға жете жемтігін көрген қасқырдай бас салды. Жан-жақтан сілтеген сойылдар бас-көз демей ұра берді, ұра берді. Мыңжасардың мына сұмдықтан денесі тітіркеніп, көзі қарауытып кетті. Арашалай алға ұмтылғанда, оңды-солды сермеген сойылдың бірі қабағын жырып өтті. Бірақ, бұл оны өзі де сезбеді. Өйткені, дәл осы кезде қос жанары тумысында көрмеген зұлымдыққа куә болып, шарасынан шығып бара жатқан еді. Өйткені, басындағы жаулығы сыпырылып иығына түскен, әлденені айтып түсіндірмек болған бейтаныс қызды тура шекеден келіп тиген ауыр соққы бетаузын қанға бояп, ұшырып түсірген болатын. Әлгі дүлей онсыз да құлап бара жатқан қыз-

ды екінші рет салып жіберді. Жап-жас жауқазын ғұмыр жолдың шетіндегі жиек тасқа шалқалай құлады. Бұл пәниден өз несібесін татып үлгермеген аяулы қарындас қызыл қанға боялып қыбырсыз қалды. Мыңжасар одан әрі ештеңені ойлап жатпай, қызға қарай жандәрмен тұра ұмтылды. Дәл осы сәтте алдындағы арманын ашқан ажал да мұның алдында дәрменсіз еді...

Өз туған жеріне өздері өгей болған иін тірескен қалың топ қырғыннан қашып, үлкен Абай даңғылына қайтадан жиналды. Айнала жылап-сықтау. Жігіттер қыздарды жұбатып шыр-пыр етіп жүрсе де, өз іштері алай-дүлей. Мына қорлыққа шыдамаған кейбір намысқойлары көздерінің жасы төгіле, «Бұдан да өлгенім артық» деп жолдың шетіндегі ағаштарды сындыра бастады. Мыңжасар жаңағы қақтығыстан әлі де есін жия алмай жүр. Көз алдында әлгі мерт болған қарындастың жансыз бейнесі. Бері алып шыққанда екі-үш құрбысы келіп шыңғыра бас салғанда Мыңжасардың да көзінен жас шығып кетіп еді...

Қабағына қатқан қанды қармен ысқылап жатқан оның көзіне, осылай қарай алып-ұшып келе жатқан Ақмарал шалынды. Келе құшақтай алған қыз, мандайын жігіт кеудесіне басып жылап жіберді. Бірақ, бұл қорқыныштың жасы емес, ешкімге сөзі өтпеген қорғансыздықтың жасы еді. Мыңжасар бұл жолы жұбатпады. «Жыласын» – деді іштей. Өзінің қайда өмір сүріп жүргенін, қандай адамдардың арасында тұратынын көрсін деді. Кімнің кім екенін айыра білсін деп ойлады. Мұңын шағып, шерін тарқатқан Ақмарал жігітке барлай қарап, қабағындағы жараны ыстық алақанымен аялай сипады. «Қайтайық» – демеді. Бұның ойын көзқарасынан түсінді. Өзі де жігітпен бірге қайда болса да баратынын білдіргендей, оң қолын екі қолымен тас қылып ұстап алды.

Жастар жағы талап-тілектерін айтып, ымыраға шақырса да «өкімет» тарапы оларды «баласынып», көкіректерін көтерумен болды. Тіпті, арасында Мыңжасар бар төрт-бес жігіт қоршаудан өтіп, әскер басшыларымен сөйлесуге ниет еткенде, «Коммунист емессіңдер. Ойға алған бағыты жоқ, бұзықсындар» деген кінәлаудан соң, беттері қайтып кері оралды. Ал енді осыдан кейін сөйлесіп көр олармен! Кейде солдаттардың артында тұрған

офицерлер бұларға мысқылмен қарап, күліп те қояды. Олардың күлкісі, бұларға түрпідей тиіп жатқанын қайдан білсін!

...Бір-бірімен көзбен арбасқан екі жақ бір жарым – екі сағаттай осылай тұрып алды. Ақыры өз күшіне сенген солдаттар мен милиция жасақтары қарсы шабуылға көшті. Жастар жағы кейін қашты. Тағы да небір жайсаң жігіттердің, қаракөз қарындастардың үстінде жандайшаптардың шоқпары ойнады. Әсіресе, арт жақтағылар алдындағылардан өте алмай, таяқты көп жеп жатыр. Құлағандарын айыздары қанатындай әбден тепкілеп, шеруші жастардың шалажансар денелерін дайын тұрған машиналарға малша лақтырып тастауда. Өз жолдастарының қандай қатыгез қолдарға түскенін көрген жастар, бірін-бірі итере қанды тырнаққа ілінгісі келмей жанталасуда. Бірақ бақайшығына дейін қаруланған әскер қойсын ба, бұларды тықсырып барады.

Әлгінде ғана екі-үш құрбысымен қалған Ақмаралды іздеп Мыңжасар топтың шетінде жүгіріп жүр. Кейін қарай лықсыған жастар бұны алдыға қарай жүргізер емес. Тек, қашқандардың қатары селдіреген соң, жан-жағын жіті барлай алға жүрді. Осы кезде сонау алаң жақтан екі-үш қыздың жанұшыра шыңғырған дауыстары құлақтарын жаңғыртып жіберді. Өзінен-өзі сабырсызданып, «Ақмарал» деп айкай салды. Бәрібір өзінің даусын Ақмаралдың естімесін сезіп, бар пәрменімен өтіп жатқандарды қағып-соға алаң ортасына қарай жүгірді. Аяғының ауырғанын да елең қылмады. Әрең дегенде дүрліге қашқан жұрттың соңынан шығып, алаңға қарағаны сол еді төбе құйқасы шымырлап, қалшылдап кетті...

...Алаңда көпшіліктен бөлініп қалған екі-үш қызды бірнеше солдат қоршап алып, ұрып жатқан еді. Бейшара қыздар аяусыз сілтенген сойылдардан жасқанып бір-біріне тығыла түседі. Жан дауыстары әлгі жандайшаптардың қаперіне кіріп-шығар емес. Мінбер жақта тұрған төрт-бес үлкен басшы көздерін шел басқандай қыбырсыз шіреніп тұр. Бір кезде тура бастан тиген соққыдан қыздардың екеуі сол жерде құлап түсіп, бір қыз бері қарай шыңғыра жүгірді. Бірақ, жолында тұрған ұзын бойлы офицер аяғын тосып қалғанда, қыз шалынып барып жерге омақаса



құлады. Артынан жүгіріп келген еңгезердей солдат қолындағы сойылымен құлаштап тұрып екі ұрғанда, басын көтеріп тұра берген қыз сұлқ түсті. Өз ісіне риза болғандай офицерге жағымпаздана қараған солдат қыбырсыз жатқан қыздың шашынан шап беріп, машинаға қарай сүйрей жөнелді. Бұл аяушылық сезімнен жұрдай қаныпезердің қолында сүйретіліп бара жатқан, ес-түссіз Ақмаралдың бейкүнә денесі болатын.

...Бірақ, діттеген жерге жетпей, артына сезіктене қараған солдат өзіне қарай арыстанша ақырып ұшып келе жатқан ұзын бойлы, бұйра шашты, қапсағай денелі жігіттің жанкешті түрін көріп шошып кетті.

...Бұл көкірегін кек кернеген, тұла бойындағы дүлей күшке ерік берген, ендігі көретін болашағынан мүлде күдерін үзген Мыңжасар еді. Бір сәт мына дүлейден сескеніп қалған солдат Ақмаралды тастай тұра қашпақшы еді... Бірақ, жан-жағынан өзіне қарай көмекке ұмтылған жолдастарын көріп, қолындағы сойылын ыңғайлай берді. Шектен шыққан қатыгездікті өз көзімен көріп, аяулысының құлындағы даусы құлағын бітеп тастаған Мыңжасар бар қаһарына мініп, қолына түскенді пәрше-пәршесін шығарардай, қарулы солдаттардан тайсалмай, қарсы жалғыз өзі жүгіріп келеді. Алдынан қарама-қарсы жүгірген солдаттың сілтеген сойылын қағып жіберіп, қолынан шап беріп ұстай алды да, жамбасқа алып лақтырып кеп жіберді. Ендіге жеткен басқалары бұны ауыр соққылардың астына алса да, бірін де елең қылмастан жанталасып, біраз жерге барды. Тек, кенеттен шекеге қатар тиген қос сойылдың салмағынан көзінің оты жарқ етіп, екі адымдай жерге ұшып түсті. Құлап бара жатып «жауыздар-ай» деуге шамасы келген Мыңжасардың басынан қан бұрқ етіп, бетін жауып кетті. Одан әрі солдаттардың тастабан етігімен аяусыз тепкілеп жатқанын сезген де жоқ. Көз алдынан Ақмаралдың сүйкімді жүзі, біртіндеп ұзап бара жатты...

## *Темір торда тыпырлаған... «арман-мақсат»*

...Баяғыда біреу мына сағым дүниеде ойға алғанына қарай жүре-жүре, ақыры түбіне жете алмапты. Содан әбден қартайған шағында «Е-е, өмір дегенің бітпейтін қам-қаракет екен-ау. Менің ұмтылғаным жан тыныштығы екен ғой!» деп, соңғы демін шығарыпты. Сол айтпақшы, шын мәніндегі өмір – ойға алған армандарға, алға қойған мақсаттарға ұмтылудан, оларға жетуден және кейін сол өткеніңді еске түсіруден тұрса керек. Осы орайда «Алдымызда уақыт, артымызда уақыт, бірақ ол біздің жанымызда жоқ» деген сөз мың есе дұрыс қой дейсің...

Міне, біз де сонау бала кезден оқу оқып, бір мамандықтың иесі болуды қиялдап өстік. Сөйтіп, арман алға жетелеп, Алматы деген ару қаладан бір-ақ шығарды. Бірақ, өмір шіркін алдыға кедергісін көп қояды екен. Бұл ретте «Өмір – бұл күрес» деп «әлем пролетариатының ақылшысы» Карл Маркс әбден дұрыс айтыпты. Содан болар, алға қойған мақсатымызға қайтсек те жетеміз деп ұмтылдық. Оқуға түсе алмағанымыз әліптің артын бағып, осында жұмыс істеп қалдық. Алайда, тағдыр дегенге дауа жоқ көрінеді. Кенеттен «Желтоқсан желі» үйіре соғып, ойлағанымызды шашыратып жіберді. Сөйтіп, үмітіміз үзіліп, сеніміміз сергелдеңге түскендей күй кешіп қалдық...

...Әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Желтоқсанда алаңға шықты деген желеумен 5 жылға сотталған күн. Үкім шығып, далаға алып шыққанша ештеңенің байыбына бара алмадым. Тек түрме машинасының торлы терезесінен сыртқа қарағанда ғана көңіл-күй алай-дүлей болды. Әсіресе, ақпанның ақ ұлпа жамылған әсерлі сәтінде қар атысып жүрген қыз-жігіттерді көргенде... жүрегім қан жылап қоя берді. Өйткені, осы Алматыға алып келген арман-мақсатымның енді ешқашан орындалмайтыны түйсікті жаңа түрткілей бастаған еді. Тіпті, нағыз жігіт жасы 25-ке енді келетін өзімнің бүкіл жас ғұмырым темір торда телміретінін жаңа ғана сезінгендеймін. Соны ойлағанда 30-дан ары қарай өмір жоқ секілді көрініп кететін...

Әрине, жан-дүнием жылап жатқанымен, сол жолы алаңға шыққаным үшін өкіне қойғаным жоқ. Тіпті, Төлеген Айбер-

геновтің «Жиырма бесін желпінбей айтатындар, өмірге босқа келіп қайтатындар!...» деген өлең жолын қайта-қайта күбірлей қайталап, өзімді қайрай бердім, қайрай бердім...

...Түрмеге әкеліп, артымнен темір есік сарт жабылды. Бұрын кең дүниеге сыймай жүрген асау жүрек, тар қапаста қысылып тулады-ай келіп... Үкімі шығып келгендердің қандай халде болатынын білетін камерадағы сотталғандар үн-түнсіз келіп, алдыма бір дорба темекіні тастай салды. Шамасы, бұл – «Өзінді өзің жұбат, сабаңа түсір» дегені болар. Содан ішті жеген жалмауыз ойларды улап өлтіретіндей шылымды ал кеп шегейін...

Қиналған кезде адамның басына қай-қайдағы ойлар келеді екен. Неге екенін қайдам, сонда көк түтінге көмілген тар камерада отырып, маған анам жиі-жиі айта беретін мына бір жағдай есіме түсе берді...

...Менің дүние есігін жаңа ашқан кезім екен. Шамасы, екі-үш айлық болсам керек. Атам, әкем, анам көршілердің үйіне асарға кетіпті. Аға-әпкелерім де ойын соңынан жүрсе керек. Маған қарап үйде жалғыз әжем қалған. Бір кезде тыныш отыра алмайтын әжем менің ұйықтап жатқанымды пайдаланып, есік алдындағы сай ішіндегі бақшаға жүгіріп кетеді. Содан етегін жүгеріге толтырып қайта келсе... Мәссаған, бір адамның өзі эзер айналатын қуықтай асхана ортасында құндақтаулы жатқан менің үстімде өзіміздің дәу көк есегіміз тұр дейді. Шамасы ол үстел үстіндегі қауын қабықтарын қаршылдатып жеп жатса керек. Оны көріп, әжем қорыққанынан бақырып жіберіпті. Сонда бұрылатын жер жоқтығын сезген ақылды жануар, тура астында жатқан мені басып кетпейін дегендей есікке қарай ақырын артпен шегініпті. Тіпті, алдыңғы аяқтарының алдымен біреуін, сосын екіншісін менің үстімнен аттатқыза қойып, есік алдында бақырып-шақырып тұрған әжемді елең етпей кейін қарай артымен шығып кетіпті. Ал егер де көк есек әжемнің даусынан үркіп, асхана ішінде бұрылуға әрекет жасаса бар ғой, онда қызылшақа мені мыжып тастағандай екен. Бірақ, жаратылысы арам болса да, ісі адал көк есек керемет бір салқынқандылық танытып, аядай асханадан маған бір түйір зақым келтірместен аспай-саспай шығып кеткен...

...Міне, осылай сонау нәресте күніндегі «бастан өткен» осы оқиғаны ойлай отырып, мен дәл сол сәтте өзімді ана көк есектің астында жатқан қорғансыз «қызылшақадай» сезіндім. Өйткені, ол кезде мені қамаған алып та қуатты Кеңестер империясының «Желтоқсан тұтқындарын» таптап, жоқ етуге дәрмені толық жетіп-артылатын. Сондықтан да әзірге «сотталып қана кеткен» «65-тердің» немесе «желтоқсандықтардың» алдағы күндері бұлыңғыр еді. Тіпті, кез-келген заматта олардың өмірі ана Қайрат Рысқұлбеков секілді ортасынан бір-ақ сызылып тас-талуы мүмкін болатын. Сондықтан да мен «жаза мерзімін» алғаннан соң бірер күн бойы ауыр ойлардың тұтқынынан босана алмадым. Тіпті, одан кейін де «бала күнгі армандарымның, одан бергі алдыма қойған мақсаттарымның ешқашан орындалмай-тынына» көндіге бастағандай едім. Дегенмен, жиі-жиі «Ендігі жерде алдымда тұрған арман-мақсаттарым үшін емес, өз өмірім үшін күресетінімді» ойлап қоятынмын...

*P.S. Әрине, ол кезде мен өзімді мұндай ойлардан енді 5 жылдан кейін ататын Тәуелсіздік таңы құтқаратынын сезген де, білген де жоқ едім!..*

*7 желтоқсан, 1987 жыл.*

## **ЖАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛАР ЕМЕС**

Уақыт – ұстаз, өмірдегі барлық жараны жазады, ұмыттырады дейді. Бос сөз ғой. Тәнге түскен жара бірте-бірте жазылар. Ал жүрекке түскен жара жазылар ма екен. Міне, менің өмірімді жүз градусқа өзгертіп, түрмеге әкеп тоғытқан сол бір күндерден бері де тұп-тура екі жыл өтіпті. Содан бері мына темір тордың ішінде отырып-ақ, кешегі «советтік шындыққа» деген көзқарасымның күлі көкке ұшты. Өйткені, тоталитарлық биліктің ұлтымыздың тізгінін өзіне бермей, отарлау саясатының жаңа бір тәсілін ойлап тапқаны – менің осылай ой тұжырымдауға үйретті. Осыны кейбір қандастарымның түсінбейтініне жыным келеді...

...Әлі есімде, бүгінгі 17 желтоқсан күнгі көрген қорлыққа шыдай алар емеспін. Ызадан қалш-қалш етемін. Бөлме тұрмақ, жатақхананың өзіне сыймай барамын. Денеме түскен тән жарасы ештеңе емес-ау, бәрінен де жүрегіме түскен жан жарасы қатты батып барады...

Осы кезде жаныма келген достарымның бірі:

– Қайсысымызға оңай тиіп жатыр дейсің, Құттыбек. Жүр, одан да бөлмеге барып, шәй ішіп, таң атқанша бір-екі сағат қалды ғой, біраз тынығып алайық! – деді.

Біз, Нұрлан, Тұрсын және Сағадат төртеуіміз үнсіз отырып шәй іштік. Бір-бірімізге тіктеп қарай алар емеспіз. Әрине, бүгінгі болған оқиға қай-қайсымызды-ақ іштей жегідей жеп жатқанын түсінемін. Сондықтан да, тамаққа тірелген ащы запыран аузымызды ашсақ, лақ етіп ақтарылып кетердей әзер шыдап отырымыз...

Бір кезде үстімізге жау қуып келе жатқандай есікті жұлқи ашып, бізбен араласып жүрген Байсынбай деген таныс жігіт кіріп келді. Бәріміз:

– Алаң жаққа бардың ба? Не болып жатыр? – деп, орындарымыздан өре түрегелдік. Бірақ, студент досымыз бізге көзін аларта бір қарап өтті де, ләм-лим деместен дастарқандағы пирожкидің біреуін алып, қомағайлана асап-асап жіберді. Бір кезде:

– Осы сендер-ақ демонстрацияларыңмен жұрттың тынышын алып бітірдіңдер ғой, түге. Кімнің секретарь болатынында не шаруаларың бар. Арттарыңды қысып, жұмыстарыңды істеп жүрмейсіңдер ме?.. «Алаңға бардың ба?» дейді ғой, көрмегенім алаң болсын! – деді, аузындағыға шашала сөйлеп.

Біз студент-досымыздың мына сөзіне сенер-сенбесімізді білмей, есеңгіреп отырып қалдық. Шынымызды айтсақ, жанымыздағы «Нархозда» оқитын одан мұндай сөздерді күтпеп едік. Ал ол үндемей қалған бізді байқап, одан әрі тұқырта түспек болып:

– Қазақ бола ма, шүршіт бола ма, онда менің не қатысым бар. Кеше қалай жүрсем, ертең де солай өмір сүрем, білдіңдер ме?! – деді, сөзін жалғап. Сәл ес жиған біздер Байсынбайдың намысын оятпақ болып едік, ол сөзімізді тыңдағысы да келмеді.

– Мен үшін бір-ақ намыс бар. Ол – аман-есем оқуымды бітіру, қара жұмыс істемейтін қызметке тұру. Болды, бітті. Қалғанына түкірмеймін де...

Отырған жігіттер оны осы айтқандары үшін-ақ түтіп жіберуге шақ қалдық. Тұрсын да, Сағадат та орнынан атып тұрды. Бірақ, ол да дайын тұр екен, ыршып есікке бір-ақ жетті де:

– Қазақ, қазақ деп өңештеріңді жыртасындар кеп, осының бәрі кімнің арқасы? Ертең орыстар кетсе көреміз, бір-біріңмен қырқысып, аштан бұратылып өлерсіңдер! – деп, қаша жөнелді.

Сол Байсынбек жиі-жиі ойға орала береді. Әрине, қазір ол оқуын оқып жатқан шығар. Келер жылы бітіреді. Сосын, одан қандай маман шығады?.. Әрине, ол өлмейді. Ондай өз қарақан басын ойлайтын пасық қулар алысқа барады... Ал мен болсам «оқуға түсемін» деген арнамымды «жерлеп», міне, абақтыда жатырмы...

*14 желтоқсан, 1988 жыл.*

### **«АДАЛ БОЛҒАНЫМ ҮШІН ЖЕРГЕ ҚАЙТҚАН ШЫҒАРМЫН...»**

...Бәрі дінді «апиын» етіп санаға шабақтап тастаған кеңестік тәрбиенің кесірі ғой. Мен ес білгеннен адамды жаратушы әлдебір құдіреттің бар екеніне сенбейтін нағыз «атеист» болып өстім. Содан болар, мына жұмбақ әлемде кездесетін тылсым сырларға онша мән бере бермейтінмін. Тіпті, кейде кеңестік тәрбиенің «өтіп кеткені» соншалық, отырып алып атам мен әжеме «құдайдың жоқтығын» айтып, дәлелдейтінмін білгішсініп. Ондайда атам жарықтық шоқ басқандай селк етіп, «тәйт» дейтін. Сосын менің күнәм үшін Жаратқаннан жалбарына кешірім сұрап, күн ұзаққа күбірлеп жүретін...

Несін жасырайын, сол бір солақай тәрбие менің бүкіл өміріме кесірін тигізіп-ақ келеді. Өйткені, қасымдағы жолдастарымның көпшілігі баяғыда-ақ дін жолына түсіп, бастарын сәждеге қойып жатыр. Ал мен болсам, сол бала кездегі санаға сіңіп қалған



«оқулардан» арыла алмай-ақ келемін. Осындайда есіме түседі. Анам соңғы кездері бұрын маған мұғалім болған, бүгінде бес намазын қаза етпейтін қайынысына әзілдеп «Әй, баяғыда менің баламды «Кұдай жоқ» деп оқытып, енді өзің «молда» болып жүрсің бе?!» деп «ұрсып» қоятын болып жүр. Ондайда менің ағайым төмен қарап, «заман солай болды ғой» деп күбірлей ақталатын.

...Дегенмен де, кейіннен мен мына жарық дүниеде әлдеқандай көзге көрінбейтін құдіреттің бар екенін сезетін болып жүрмін. Тіпті, сондай жұмбақ жағдайлар менің мына пендешіліктен шыр айналған басымды да шырқобелек үйіріп қоятыны бар. Оларды дәл қазір басқа біреулер айтса бар ғой, оллаһи, өз басым өлсем де сенбейтін едім. Бірақ, олар мына бастан өтіп жатқан соң амалым да жоқ...

...Әлі есімде, Желтоқсанның сол бір үскірігінен кейін «жазықты» болып, алыс та, жақын да емес жерде жазамды өтеп жатқанмын. Мен отырған еңбекпен түзеу колонниясы неше түрлі жиһаздар жасауға машықтанған-ды. Ал мен болсам сол жиһаз тақтайларының бетіне әр беретін жапырақтай жұқа ағаштарды жасайтын цехта істейтінмін. Қарапайым тілмен айтқанда, жиһаздың «көйлегін тігушіміз». Жұмысымыз түнгі кезекте, кешкі сағат 20.00-ден таңғы 08-ге дейін болатын. Сол күні мен таңғы сағат 4-терде қағаздай жұқа ағаш тілімдерін сүргілеу үшін ортадағы үлкен цехқа шыққанмын. Ол станок үлкен цехтың бір бұрышында еді. Менен басқа айналада қыбырлаған бір пенде жоқ. Түнгі кезекте істейтін біздің жалғыз бригаданың жігіттері шәй қамына кірісіп жатқан. Мен соған үлгерейін деп асығулымын. Содан болар, ағаш сүретін станокқа (фуговка) жүгіре жеттім. Ойымда ештеңе жоқ. Жұп-жұқа ағаш тілімдерін ауыр белтемірдің астына қаттап қойдым. Қолым-қолыма жұғыспайды. Содан, оң қолыммен қатталған жұқа ағаштарды құлап кетпесін деп ұстадым да, өзім солға бір аттап, созылып барып үш тетіктің (кнопка) арғы екеуін қатар басып қалдым. Әбден үйреніп кеткендіктен ғой. Сосын қайта орныма тұрып, қатталған ағаш жапырақтарын түзей беріп едім, ауыр белтемір сылқ етіп оң қолым мен ағашты қатар қысты. Саусақтарым арғы бетке шығып тұр. Сол-ақ екен, ағаш сүретін дөңгелек ара ша-

рылдай орнынан қозғалды. Сөйтсем, мен үйреншікті әдетіммен белтемірді төмен түсіретін және әлгі араны жүргізетін қос қара тетікті қатар басыппын.

Бәрі асығыстық қой. Енді араны токтатып, белтемірді көтерейін десем, сол қолым қызыл тетікке жетер емес. Ал ауыр белтемір қолымды жаныштай езгілеп, дөңгелек ара саусықтарыма қарай шарылдай жақындап келеді. Өне-міне.. бес саусағымды қырқып өтпек. Жандалбасалап бұлқынып жатырмын. Айқайлап көмек шақырайын десем, даусым шықпайды. Бәрібір даусымды еститін жақын арада жан баласы жоқ та... Міне, ара қолыма жақындап қалды. Саусақтарымды қалай кескенін көрмейін дегендей көздерім қарауытып, есімнен танып бара жаттым...

...Одан арғысының бәрі әдемі бір түске айналды да кетті. Мені әлдебір нәрсе аялай көтерді де, сонау жұлдыздар жарқырап тұрған көкке қарай алып ұша жөнелді. Жоғары көтерілген сайын ауа саф күйге айналып, бетімді жұпар иісті самал леп аймалайтын тәрізді...

...Тұла бойым жеп-жеңіл секілді. Содан, әлгі жұмбақ бейне мені ғарыштық жылдамдықпен ұшып отырып, мап-мамық бірдененің үстіне мәпелей әкеліп жатқызғандай болды. Шама-сы, ол бұлт қой деймін. Сол сәттегі менің жағдайымды айтсайшы... Тап бір жұмақтың төрінде жатқандаймын. Айналамның бәрі аппақ әлем... Ауасына дейін жан сарайымды рахатқа бөлеп барады. Сол сәттегі жан күйімді суреттеуге, әсте тіл жетпейді. Тіптен, ғажап. Мен мұндай сезімді байқамақ тұрмақ, естіп те көрмеппін. Бірдеңе жайлап тербетіп тұрғандай ма, қалай?.. Бас жағымнан біреулердің күбірлескен даусы естілгендей... Содан, әлден уақытта әлгі жұмбақ нәрсе мені тағы да аялай көтеріп, төмен қарай құлдырай жөнелді. Көзім түсіп кеткені... Жер сонау жоғарыдан қап-қара болып, сондай қорқынышты көрінеді екен. Тұңғыыққа құлап келе жатқандай зәрем ұшты... Одан арғысын тағы білмеймін...

...Көзімді ашсам, жерде жатыр екенмін. Тәтті түс көргендей есімді күліп жидым. Тіпті, езуімдегі күлкі де тарқап үлгермепті. Жалма-жан қолыма қарадым. Саусықтарымның бәрі орнында. Ештеңе болмаған. Тек, белтемір қысқан жер ғана көнектей бо-

лып ісіп кетіпті. Ақырын басымды көтердім. Белтемір жоғары көтеріліп, сүргіш ара менің қолым тұрған жерге сәл-ақ жетпей тоқтапты. Шамасы, қаттай жиналған ағаштар көп алға жылжып, ара соған шашала тоқтаған болуы керек. Әйтпесе, айналада тірі пенде жоқ еді...

Міне, мен осы жағдайды кейін көп адамға айттым. Ешқайсысы сенбейді. Ойыңнан құрастырып тұрсың дейді. Ал менің сонау алты қат аспан әлеміне, бұлттар арасына «барып қайтқаным» ақиқаттың ақиқаты еді... Дегенмен, қазір ойлаймын, «жұмақ дегеніміз сол шығар!» деп...

*17 желтоқсан, 1989 жыл.*

### **«МЕН СЕНІ ІЗДЕП ЖҮРМІН, ҚАЙРАТ...»**

...Бүгін тағы да түсімде Сені көрдім. Сол баяғы жап-жас, күлімсіреп қараған, аңқылдаған ақжарқын қалпың... Екеуіміз тағы да сол күндердегідей ұзақ әңгімелестік. Көз алдымыздан өткен күндер жыртылған парақтай ұшып жатты, ұшып жатты...

...Қапырық, қараңғы КПЗ-ның тар камерасы, күн сәулесі өлімсірей түскен кішкене торлы терезе, жүректі тілгілеген төрт қабырға, сонда тағдырдың дәм-тұзын бірге татқан мазасыз күндер біртіндеп ұзап бара жатса да, бірдене ұмыт қалғандай артыма жалтақ- жалтақ қарайтын болдым. Тіпті, кейде сол бір күндердің жүрекке қатты батыра салған терең жарасының орны шым... етіп ауырып, олардың бәрін ұмыттырмай келеді. Менің мынау кішкене жүрегім дүрсілдей соғып тұрғанда сол бір арыма тиісе, жер-жебіріме жете қорлаған сөздерді қалай ұмытармын? Қалай ұмытылар... екеуіміздің тар қапаста бір жапырақ қара нан мен ыстық суды бөліскен күндеріміз, түнімен дөңбекшіп, жамбасқа батқан сұр еденде өткізген түндеріміз.

Қайрат! Екеуімізді екі жаққа жөнелтер соңғы күні тергеуге кетіп бара жатып, артыңа қараған бейкүнә жанарың, мына ыңырсыған қатыгез дүниеден шындық тілеген күнәсіз көзқарасың менің санамда мәңгілікке орын алыпты. Сол күннен соң мен сені

көре алмадым. Бір көрсем деп тіледім. Сені асау сезімдеріміздің аптығын басқан түрмелерден, көңілдерді күйзелткен колониялардан іздей бердім, іздей бердім...

Сөйтсем, содан бері сені іздеумен келеді екенмін. Тіпті, сол бір маусым айындағы газет сөзіне сенбедім, сенгім де келмеді. Сен біздің жанымызда жүргендейсің, Қайрат! Неге үндемейсің?.. Алғаш рет сол сен туралы қатал да, қатыгез, әділетсіз шешімді оқығанда төбемнен жай түскендей есеңгіреп қалып, қолымдағы газетті мыжғылай беріппін... Аз ғана күн бірге болсақ та туған інімдей бауыр басып кеткен сені ондай жамандыққа қимадым. Дәл сол сәтте өз өксігіме тұншығып тұрып, сенің тұнығыңды лайлаған, аппақ жүрегіңе қара күйе жағып, өміріңе қол сұққан қайырымсыз, тасжүрек жандарға қарғыс айттым. Дәл сол сәттен бастап мен мына жыртқыш заманда шындық дегеннің бар екеніне сенуден қалдым...

Есінде ме? Сол бір желтоқсанның 16-сы күні бүкіл қазақ халқының жанды жерін кенеттен басталған пленум шешімі қамшымен осып-осып өткені. Үлкендеріміз тағы қамшыға мойынұсынып, жауырындарын төседі. Ал, жастардың енді мұндай қорлыққа шыдағысы келмеді. Өз ойын айтуға, шындығына жетуге алаңға келмеді ме? Сонда кім түсініп, кім тыңдады бізді? Қайта «халықты қорғайтын» армиясын төккен жоқ па? Ақ қар, көк мұзда тастай су шашып, қыздарымызды ұрып, итке талатқаны да намысқа тимейді ме? Ұясынан құлап түскен балапандай жаутандап, алақандай Алматының көшелерінде көмек сұрап, сергелденге түспедік пе?

Сол күні шындық іздеп сергелденге түскен жастардың үлкен бір бөлігі Жазушылар одағына барғанда, екінші қабаттағы терезеден егіле жылап тұрған орта жастағы қазақ әйелін байқап қалғаным бар. Бүкіл жан-дүниесімен бізді түсінген ананың көз жасы, дәл сонда ұясына қарай жылжыған сұр жыланнан қорқып, безілдей шырылдаған бозторғайды көз алдыма әкелгендей болды. Бірақ, оның қорғансыз шырылы кімге жетуші еді? Тіпті, үміттенген үлкендеріміздің өздері іштей аласұрғанымен, жетпіс жылдай әбден бойына сіңіп қалған жалтақтық желкелерінен тұқыртып тұрғызбай қойған жоқ па? Кейбір «белсенділер» көзге

түсіп қалу үшін бізді «ұлтшыл», «бұзақы», «нашақор» атандырып жібергені де рас, әрбір қадамымызға шөгірдей қадалған жоқ па? Осындай кезеңде алдына жан салмай «аттандаған» кейбір ағаларға шынымен-ақ ашынасың ғой. Ана отырған «жылы орындары» халқының қасіретінен артық болғаны да, оларға!

Содан кейін «алаңға шыққан бұзықтарды» жаппай аулау бас-талды емес пе? Бұл сорақылық фашистердің коммунистерді қудалауынан асып түспесе, кем түспеген сияқты. Мені сенен сәл ертерек, желтоқсанның 24-інде-ақ жұмыстан желкелеп әкетті. Ары қарай өмірі естімеген, ар-намысқа тиіскен қорлаулар, қолыңды шырқырата қысқан кісендер, шындыққа сенбеген қатыгез адамдар... Екеуіміздің бір-бірімізді жұбата, көңілімізді көтеруге тырысқан сөздеріміз, күніміз бен түніміз бірдей қап-қараңғы түнектеріміз, ...бәрі-бәрі дәл қазіргідей жадымда. Тіпті, соттағы: «...кім шақырды сендерді. Тып-тыныш, бейқам жатқан қаланы дүрліктіріп...» деген ызалы дауыс та құлағымда әлі ызындап жүр. Сол «тып-тыныш қалада» қазақтардың дәл бүгінде 22-ақ пайыз болатынын, қазақ жастарының баспана іздеп, «жетім бұрышты» жағалап жүргенін білмейді дейсің бе? Тіпті, өздерінің «мәңгірттеніп» бара жатқаны да, жергілікті қазақ жастарының қазақшаға мүлдем мақұрым екені де сол «тыныштықтың» арқасы шығар. Сонда қарулы солдаттардың күзетуімен темір қорапта келе жатып, торлы терезеден аппақ қарға бөленген түнгі Алматыға, мұң-мұқтажы жоқ адамдарға қарап, шындығы жоқ мына өмірден қатты түңілдім. Соттағы: «...айыпталушы Аймаханов Құттыбек Әуелбекұлы, бес жыл бас бостандығынан айырылып, өтеу мерзімі қатаң тәртіпті еңбекпен түзеу колониясына жіберілсін» деген қатал дауыс жүрегімде мәңгі қатып қалғандай.

Сөйтіп, кеше ғана арманға толы ойларым быт-шыт болып, темір торда бұлқынды да қалды. Міне, солай жағаға толқын лақтырған балықтай ешкімге керексіз болып қалдық. Мұның бәрі онсыз да жаралы жүректі мазалай берді, мазалай берді... Тіпті, Жамбылға түскенде: «Сен бе Совет өкіметіне қол көтерген. Сендер түгілі 100 есе күшті немістерің де тас-талқан болған. Маған ерік берсе, қабырғаға көзінді бақырайта тұрғызып қойып атып

тастар едім» деп кіжіне айқайлаған совет офицерін де көрдік қой. Сол қазір кездесе көзіме тура қарай алар ма екен? Мықты деген Одағының қабырғасы шытынап жатқан жоқ па?

Қайрат! Бүгін түнде сен тағы түсіме кіріпсің. «Рысқұлбеков» деген ызғарлы дауысқа дір еткендей, орныңнан ақырын тұрдың. Темір есікке жете артыңа қараған жүзіңнен шаршағандықты, салқындықты көрдім. Тағдырдың қатты ағынына қарсы жүзіп келе жатсаң да, бір сәт миығыңа күлкі үйіріліп, «біз әлі таллай кездесеміз» дедің де, иегіңді көтеріп қалдың. Қара есік сенің бейненді мәңгілікке жұтқандай. Бірақ, күні бүгінге дейін күлімсіреп шыға келетіндей, жан-жағыма елегізі, іздей қараймын...

«Айта берсе көңіл тазарар» дегендей, содан алақандай жерде күндер итшілеп өтіп жатты. Барлығына төзеді екенсің! Осылай кезенген автомат пен темір тордың аржағында жабығу мен жалығуға, торығу мен сарылуға толы жылдың көктей бастаған көктеміндей жастық өмірімнің біраз кезеңі өте шығыпты. Қазір ойлап қарасам, соның бәрі бір сәттік қана түс тәрізді. Бірақ оның салған жарасы әлі де сыздап ауырып, мұның бәрі мына бастан өткендігін мойындатуда.

Содан бері түп-тура төрт жыл уақыт өтіпті. Өмір өтіп, заман өзгеріп жатыр. Екеуміз сызды камерада армандаған күндеріміз ақырындап шуағын шашып, қатып қалған бойымызды жылытпақшы болады. Бірақ, тура бүгіндері сенің арамызда жоқтығың есіме түссе, бұла сезімдерім өткенге қарай сүйрелей жөнеледі. Сол бір күндері қатыгез тағдырдың қақпанына түскен «желтоқсандықтар» түгелдей дерлік темір тұғырды талқандай, еркіндікке атыла ұшқан қыран құстай ашық аспан астында еркін самғап жүр. Лайым қанаттары талмасын делік! Тек қана өзіңмен бірге сотталған, жаланың ауырын алған Түгелбай Тәшенов қана темір торда сарылып, бір жақсылықтың келерінен дәмепіп, тағатсыздана күтуде...

Осы жақында өткен желтоқсанның төрт жылдығында, сол баяғы алаңда, сол оқиғаға қатысушылар, «желтоқсандықтар», өз қолымызбен ескерткіш тақтаны ілдік. Өмір осылай өзгертінін сол кезде ойладық па? Ертеңіне, 17 желтоқсан күні осы бір



халқымызға алғаш рет дем берген қаралы күнге арналған қаралы жиын болды. Рас, онда ана Бакудегі қаралы күнге жиналғандай қарақұрым халық болмады. Тек, онда жүрегінде намыс оты бар, халқымыздың қайғысына қабырғасы қайысып, желтоқсан оқиғасына қатысушыларға бір сәт бас иіп, тағзым ету үшін жүз қаралы саналы азаматтар бас құрады.

Сол күні кешке күндізгі болған жиыннан алған әсерлерімді, төрт жыл бұрынғы желтоқсан оқиғасын ой тізібегінен өткізіп, троллейбуста ойланып келе жатқанда, кенеттен шыққан бір топ қазақ жастарының масаңдау дауыстары ойларымды шашыратып жіберді. Бәрі біз секілді жас. Орысша өлеңдерді барқыратып, бүкіл троллейбусты басына көтерді. Мына дүниеде, өздерінің шуылдап жүрген Алматысында не болып жатқанынан мүлде бейхабар сияқты.

Міне, елінің ертеңін көркейтер замандастарымыздың түрі. Тіпті, былтырғы мамыр айында бостандыққа жаутаңдап көмек күтіп отырған бауырларымызды шығарып алу үшін аштыққа отырғанда, бір қазақ жігіттерінің: «...қайдағы біреулер үшін өз өмірлерімен коштаспақ болған ақымақтар» деген кекесінді сөздері жүрекке бойлата ұрған пышақтан әрмен тиді. Оларға не дерсің? Халқына деген титтей сезім болса, осылай айтар ма еді? Кешегі ана Мәскеуде өзін-өзі өртеген литовецтің жандүниесін түсіну қайда, ондайларға? Өйткені, оларда өз еліне деген, өз халқына деген үлкен махаббат бар екенін сезінбейтін де шығар. Олар үшін мұның бәрі құр ақымақтық. Әйтседе «...біздің қазақтың басы өмірі бірікпейді. Болмайтын нәрсеге алаөкпе болып», дегендей тып- тыныш «ұшып келер бақ құсын» күтіп жата береміз-ау деймін.

Сен ол кезде небәрі 21 жаста ғана едің-ау. Егер күні бүгінге дейін арамызда жүргенде алдағы наурыздың 13-інде 25 жасқа толғаныңды атап өтер ме едік. Әттең... сонау шығыстан жарқырай шыққан күн көзіне үміттене, күлімсірей караған жауқазын ғұмыр қыршынынан қиылып түсті. Біреулер жері кеңіп қалғандай отырған орнында қуаныштан қопаң-қопаң етіп қозғалып қойса, біреулер қайғыдан қан жұтып, зар иледі де қалды... Әсіресе, түн ұйысын төрт бөлген Ананы айтсайшы... Тыңдашы, ұзақ

сергелдеңнен кейін елге оралғандағы Анаммен алғаш қауышқан сәтімді айтып берейін...

...Ол күні менің ойымда ештеңе жоқ, алаңсыз жүргенмін. Кенеттен жеткен хабар жүрегімдегі бір тылсым күшті лықсытып жібергендей болды. Өз құлағыма өзім сенбедім. Шынымен-ақ бәрі де өте шыққаны ма? Шынымен-ақ менің екі жарым жылым мына қоршаудың аржағында өткені ме? Бәрі түс тәрізді. Бірақ сол сәтте менің бойымда қуаныштың бір түйірі де болған жоқ. Тура солай болуы керек сияқты көрінген. Жол-жөнекей де мен өзіме-өзім келе алмадым. Тіпті, Алматыда қарсы алған достарыммен де сондай салқын амандастым. Артымда ұмыт қалған бірдеңе бардай ұйқылы-ояу қал кештім. Осы бір сананы жеген ойлардан ауылға барғанша құтыла алсамшы. Міне, мектеп пен үйдің арасын талай-талай тоздырған көшем... азып, кішірейіп кеткендей. Міне, біздің үй, әне менің үш жыл бойы жете алмаған жан Анам. Менің үйді айналдыра қоршаған шарбақты ашқанымды да сезген жоқ. Бірдеңелерді істеп, күйбеңдеп жүр. Менің дауыстай жөткірінген дауысымды естіді-ау ақыры, жалт қарады. Бірақ, арамыз алшақ болғандықтан онша тани да алмаған сияқты. Өзінше күбірлей сөйлеп, бері қарай жүрді. Тек, жақындағанда ғана «эй, бұның шашын алдырып тастағаны несі?» деген сөзін естіп күліп жібердім. Осы кезде ғана таныды-ау, анам егіле келіп бас салды...

Қайрат! Өзіңмен сөйлесемін деп отырып барлық ішкі мұңымды ақтарып салған сияқтымын. Қанша дегенмен бастан өткен соң, саған ғана айтып отырмын. Ал, сен болсаң үндемейсің! Тура, сол баяғы қалпың... Күлімсіреп қойып, ақырын тыңдап жатырсың. Тындасаң тыңдай берші, тек енді қайтып менің көз алдымнан кете көрмеші. Жан бауырым, Асыл інім, Қайратым!

*22-желтоқсан, 1990 жыл.*

## ***ШЫНДЫҒЫМНЫҢ ШЫЛДЫРЛАҒАН ШЫНЖЫРЫ...***

Осы ғасырдың басында болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін, кеңес үкіметі жылдарында-ақ бар қасіретке куәгер болған ұлы қазақ даласы араға жетпіс жыл салып, 1986 жылы желтоқсан айында тағы бір рет дүр сілкінді. Сол, бүкіл әлемге үлкен өзгеріс әкелген атақты Желтоқсан оқиғасы көптеген адамның көз жасын арқалап тарих қойнауына көшіп кетіп барды. Ал, біздер әлі күнге дейін соның шындығына түгел жетіп, ақ-қарасын анықтай алмай келеміз...

Иә, соңғы жылдары ол күндер туралы көп айтылып та, жазылып та жатыр. Бірақ, одан ешқандай қорытынды шығып та жатқан жоқ. Әйтеуір, газет бетіне жазғанымызға мән болып, «Желтоқсан» сөзін төрткүл дүниеге жайған, кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған ұл-қыздарымызға ешқандай да көмек көрсете алмай басылып қалдық. Керісінше, соған тікелей қатысы барлар – жазықсыз қыз-жігіттерді жазалап, Желтоқсанның ыстық қанына қолдары былғанған «нағыз қылмыскерлер» қайтадан бас көтеріп, сайран салып жүр. Өткеніміздің жоқтаушысы бола алмасақ, болашағымыздың бізді кешірімесі анық. Тіпті, азаматтарымызды ақтай алмай, Түгелбай Тәшеновтей жазықсыз сотталған бауырымызды түрмеден шығара алмай жатқанда – Желтоқсан оқиғасын ақтадық деуіміз, құр әншейін, бос сөз. Басталмай жатып жайбарақаттыққа салынуымыз қайбір жетіскендік дейсің! Кезінде бүкіл әлемге жар салып, тұтас бір халықты «ұлтшыл» деп байбаламдаған Мәскеудегі «көсемдер», оны үн-түнсіз сыза салғаны жүрегімізді тағы бір тіліп өтті. Өз қателігін дер кезінде мойнына алып, кешірім сұраудың өзі үлкен ерлік екен-ау. Сонда қазақ халқынан кешірім сұрауды да өздеріне ар санағаны ма?.. Шынымен-ақ, біздің құлақ кесті құл болғанымыз ба?..

Сонда да намысы жоқ, жан-жағына жалтақтап жаман үйренген кейбір ағайындар орнынан қозғалар емес. Тіпті, «Алматы қаласындағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18 інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1990 жылы

24-қыркүйекте шыққан белгілі қаулысының өзі түкке аспай, әркімнің аяғының астында жатса, қалғанымызға не жорық. Заң дегенің орындалу үшін шықпай ма? Әлде, бұл тағы да қазақ халқын кезекті алдау ма?..

Оған имандай сенген үкіметіміз жалпақ мөрін басып, желтоқсан мәселесін біттіге санап, жылы жауып үлгерген сыңайлы. Ал, халық болса жазықтылардың жазасын алып, жазықсыз зардап шегіп, қуғын-сүргінге ұшырағандардың әділетті түрде ақталуын күтіп, «екі көздері төрт болуда». Әрине, кезінде «ұлтшыл» атанған тұтас бір халық бұған көз жұмып қарамаса керек. «Тіріге тірі күнінде құрмет көрсете алмасақ, өлгенде тұрғызған алтын сарайымыздың құны көк тиын» демекші, бүгінгі күніміз үшін бүгін күресейік, ертең сол күндердің елесін қуып, тентіреп кетпейік дегіміз келеді. Тек осындай сәтте, өкінішке қарай, елдің арқа сүйер «игі жақсылары» шөпке түскен инедей ізім-қайым жоғалып кететіні бар-ау...

Ғасырлар бойы тұла бойына сіңген дарқандығымен, қонақжайлығымен, кенпейілдігімен өмір сүрген ақкөңіл де момын қазақ – үш-ақ күнде Мәскеудің шұғыл ұйғарымымен «ұлтшыл» атанып шыға келгені бәрімізге белгілі. «Жуас түйе – жүндеуге жақсы» дегендей сол бір желтоқсанның ызғарынан кейін «ұлтшылдардың» көзін құрту басталды. Алдымен «нағыз ұлтшылдарды тәрбиелеп жатыр», – деп астанамыздағы жалғыз қазақ балабақшасына тиісті, «қаптап кеткен» ұлттық кадрларды қудалай бастады. Құдай атқанда, осының бәрін басқа біреуге емес, өзімізге жасаттырды ғой. Сөйтіп, Мәскеуден шығатын, бүкіл әлем оқитын үлкен басылымдарға өз ұлтшылдығымызды сынап өзіміз жаза бастадық.

Ал, осының бәрінің басты себепкері Г.В. Колбин жайлап өз саясатын жүргізіп жатты. Желтоқсандағы қандарын жуып-шайғысы келді ме, сөрелерді етке толтырып, елді костілділікке баулап, «ұлтшыл қазақтарды» «интернационалист» етіп «тәрбиелей» бастады. Тіпті, жылдам «тәрбиеленген» кейбір қорқақтарымыз суырылып алға шығып, өз халқына көз аларта қарады. Міне, тура осындай кездері сол бір желтоқсан күндері кездейсоқ алаңда болып қалған таныс бір ағаның мына бір сөздері есімнен кетпейді.

«...Мені ұстап алып темір қорапқа кіргізгенде Дауытов деген арсыз қазақ (қазақ атынан садаға кетсін) милиционер «қолға түскен» қаракөз қазақ қыздарының кеуделеріне, етегінің астына қолын тығып мәз болып жатыр екен. Адам болып жаратылғалы мұндай айуандықты көрмеген мен «ей хайуан, тоқтатсаңшы» деп айқай салғанымда, жемтігін көрген қорқау қасқырдай өзіме бас салып, есімнен тандырып тастады».

Міне, құлақ естімеген мұндай сұмдықтың қаншасы әлі де іште айтылмай жатыр екен. Ал, әлгі Дауытов сияқты ар-ожданнан ада болған арсыздарды қара жер қалай көтеретініне, ондайлардың қазір арамызда ұялмай-қызармай қалай жүргеніне миым жетпей-ақ қойды. Ал, біздің осындай қандыбалақтардың қылмыстарын жасырып, әлі күнге үн-түнсіз жатуымыз – олардың одан да бетер жауыздықтарға баруына үлкен себеп боларын неге түсінбейтіндігімізге таңым бар.

Осы жақында Кино үйінде «Жарияланбаған демонстрацияның хроникасы» деген фильм өз тұсауын кесті. Сол фильмді көріп отырып тағы бір нәрсе көңілге көлеңке түсірді. Фильмде сұрақтарға жауап берген көптеген қазақ азаматтары «...қайтеміз, бұйрық солай берілді» деген жаттанды сөздерін қайталай берді. Ау, сонда бұйрық болса туған анасын атып тастар ма еді? Осындайда кейбір биік мінбелерден сөйлеген екінші бір ағайындар «ол кезде бүйттім, сол кезде сөйттім» деп өзінің «ерліктерін» мақтанышпен айтып, қанды оқиғадан енді бедел жинағысы келетіндері ойға оралады. Ұлтқа деген, халқына деген кішкене бір ыстық сезімі бар адам бұлай айтпаса керек қой!

Бүгінде Желтоқсан оқиғасы толығымен ақталды деп даурығып жүрміз. Ал, дәл осы мезетте сол оқиғаға тікелей қатысы бар азаматымыз Түгелбай Тәшенов темір торда «өз жазасын» өтеп жатқаны қаперімізге де кірмейді. Кезінде қатыгездікпен, қаталдықпен жүргізілген үстірт айыптаудың салдарынан Қайрат Рысқұлбековпен бірге 15 жылға сотталған сол азаматымыздың бар өмірін ойран етіп, ата-анасын өксіткен қаралы күндердің ауыр жүгі бәріміздің мойнымызда екенін ұмытпайық! Желтоқсан оқиғасына дейін «Алмаатаотделстрой» тресінде балташы болып істеген Түгелбай ешкімге қақ-соғы жоқ, өзімен-өзі жүрген мо-

мын жігіт болатын. Бәріміздің жүрегімізді шарпып, намысымызды қоздырған сол оқиға таза жүректі Түгелбайды да алаңға сүйрегені рас. Ол да бәріміз сияқты өзіміздің дәрменсіздігімізге, шарасыздығымызға ызалана жылаған еді. Енді келіп бүтіндей бір халық болып жаламен кеткен «жалғызымызды» арашалай алмағанымыз бетімізге дақ болмай ма? Өзгелер өгейсіткен бауырымызды өзіміз өзекке тепкеніміз бе? Сонау, Қарақалпақстаннан жерім, елім деп келгенде, ата-бабасының туған топырағында тағдыр тәлкегіне түскені жанымызға батады-ақ.

«Көре-көре көсем боласың» дегендей, көрген-білгеніміз көп болса да, әлі күнге шындықтың бетіне тура қарай алмай келеміз. Әйтпесе, жоғарыда жазылған қаулыдай заңымыз шығып жатса да, шын-ақиқаттың қайда жатқанын іздеп сабылар ма едік. Осы жақында жол түсіп «Желтоқсанның құрбаны» Қайрат Рысқұлбековтың ауылында болып қайттық. Қайраттай балапанын үлкен өмірге аттандырған ауыл, сол қасіретті көтере алмай, үнсіз мұнайып, жоқтап жатқандай. Жап-жас болса да мына қатыгез өмірден өз бақытын таба алмай, рақымсыз адамдардың қанды қолынан құрбан болған бала Қайрат талай асыр салған көше де, сол бір әділетсіздіктен басын көтере алмай бұйығы қал кешіп, бізді көңілсіз қарсы алғандай. Өткенде республикалық баспасөз беттерінен Қайраттың туған ауылындағы мектепке Қайрат есімін беру туралы мақаланы оқып қуанып қалып едік. Алайда, оның бәрі сөз жүзінде ғана болып шықты. Ауыл басшылары істі созбалап, сонау Алматыдан «рұқсат» күтіп жалтақтап отыр екен. Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының талаптілектеріне жүрдім-бардым қарап келген ауылдық Кеңестің төрағасынан «Мектепке Қайрат есімін беруді неге кешеуілдетіп жатқанын» сұрағанымызда: «Алдымен Рысқұлбеков ақталсын, әйтпесе, халық әлі қылмысы толық ашылмаған адамның атын қойды деп сөз шығарып, баланың есіміне дақ түсіреді» деп, тартыншақтап отыр. Міне, осылай бүкіл республика біліп, аты дүние жүзіне шарлап кеткен Қайрат есімінен өз жерлестері «сезіктеніп» отыр.

Иә, «қайта құрудың» алғашқы дүмпі – Желтоқсан оқиғасы күн өткен сайын бізден ұзап барады. Бірақ көз алдымда сол күнгі



жасты жанарлар, сұсты жүздер... Елес қуып сол баяғы алаңға қайта-қайта баратын болдым. Ештеңе өзгермеген. Тек, айнала жап-жасыл. Биік үйдің бұрышында орнатылған ескерткіш-тақта өзіне қарай шақырғандай көрінді. Кенет сол тақтадан жүздеген, мыңдаған адамның айқайлаған, шырқыраған, жылаған дауыстары естілгендей болды. Үнсіз тағы оқыдым:

**«1986 жылғы 17 желтоқсанда осы алаңда әкімшілдік – әміршілдік жүйенің өктемдігіне қарсы демократиялық наразылық білдіру болды. Бұл оқиға туралы естелік халықтарды бірлікке және ынтымаққа шақырсын!»**

...Біреулер тақтаның бетіне бояу шашып кетіпті. Сірә, Желтоқсан оқиғасының шындығын жасырғысы келетіндердің ісі болар. Бірақ, бүкіл дүние жүзі танып, қолдаған, қазақ халқының Мәскеу отаршылдығына қарсы бас көтеріп, империя қабырғасын қақыратуға ұмтылған аруақты бас көтеруді өз елімізде жасыру – еш жүзеге аспайтынын түсінер уақыт жетті емес пе?!

*9-желтоқсан, 1991 жыл.*

## **261 ЖЫЛДАН КЕЙІН ЖЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДІК!**

***Ақсарбас! Кеше, 1991 жылы 16 желтоқсан күні сағат 18-ден 14 минут өткенде Қазақстан Парламенті аса маңызды тарихи құжат – Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болғаны жөніндегі Конституциялық заңды қабылдады.***

...Жүрек шіркін жарылып кетер ме екен?! Өйткені, соңғы кезде бұлай қатты қуанбап едім... Әй, бірақ осындай ақ түйенің қарны жарылған күні жарылған жүректе де арман жоқ қой! Олай дейтінім, бұл – қазаққа бақандай 261 жылдан кейін жеткен Тәуелсіздік қой! Елі, жері үшін шыбын жанын шүберекке түйген бабалар күрескен Тәуелсіздік бұл. Алаштың азаттығын аңсаған кешегі аяулыларымыз көре алмай кеткен Тәуелсіздік бұл. 86-ның желтоқсанында талай боздақтың арманы болған Тәуелсіздік бұл...

...Ендеше, қуан, қуана бер, тәуелсіз Қазақ елі! Шаттан, шаттана бер, еркін де азат алаш жұрты! Бұл – сенің қуанатын күнің Қазақ! Сен оған толық құқылысың!..

Ертесіне, яғни, 17 желтоқсан күні Жаңа алаңда үлкен де салтанатты митингі өтті. Қазақ елінің, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жариялағаны туралы сүйінші хабарды осы алаңда, осыдан 5 жыл бұрын жастардың қаны тамған алаңда Қазақстанның Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл елге жариялады. Сосын Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов, Салық Зиманов және басқалар сөйледі...

...Япыр-ай, қатты қуану да адамды естен айырады екен-ау. Содан кейін не болғаны есімде жоқ. Тек, біздер, желтоқсандықтар, арқа қағысып, бір-бірімізді құттықтағанмыз, алаңдағы тас белгі жанында құран оқытып, суретке түскеніміз ғана еміс-еміс есімде қалыпты. Сосын, кілең отырып шыққан «65-тер» – Желтоқсан дүмпуіне қатысып, сотты болған, бүгінде «Зоветтің» бесінші курсында оқитын Ерлан Бисенбаевтың жатақханасына барып, қуанышымызды тойладық. Рас, алғашында Қали «Бүгін – сол бір желтоқсанның басталған күні, қаралы күн ғой, өткенді еске алып отырайық!» деп еді, Расылхан «Жоқ, 17 желтоқсан жаңа күнге бет бұрған жастар көтерілісінің күні. Тәуелсіздік күні!» деп, әлгі ұсынысты қабылдап тастады. Сөйтіп, біздер – Расылхан, Ермұхан, Құрманғазы, Үсіпхан – Гүлнар, Нұрман, Ерлан, Қали, Қасым және Елубай бәріміз ел Тәуелсіздігінің алғашқы күнін өте көңілді өткіздік.

Жалпы, 16, 17, 18 желтоқсан күндері біз алғаш рет, иә-иә, өмірімізде алғаш рет халқымыздың ерен құрметіне бөлендік. Оны сезіну барысында, шынымды айтқанда, біз аспанда қалықтап жүргендей әсерде болдық. Атап айтқанда, бүгін, яғни, 18-желтоқсан күні Орталық концерт залында Желтоқсан қаһармандарына арнап үлкен концерттік кеш өтті. Оның барысында залда отырған «желтоқсандықтардың» әрқайсысының аты-жөнін атап-атап, сахнаға, жұрт алдына шығарды. Мұндайды күтпеген біз аздап ыңғайсыз күй кештік...

Одан шыға біз – Расылхан, Ермахан, Ерлан төртеуіміз арнайы шақырған Жастар театрына келдік. Кіре берістегі апай билетімізді сұрады. Арамыздағы сөзге шешеніміз Расылхан «Кешелі бері бізге бәрі тегін, апай! Өйткені, біз – желтоқсанның жігіттеріміз!» деді. Сол-ақ екен әлгі апамыз «Үйбүй, айналай-

ын! Кіріңдер, кіріндер!» деп, бәйек болды да қалды. Онымен қоймай, артымыздан «Желтоқсан болған аттарыңнан айналайын!» деп сөйлеумен болды. Неге екенін қайдам, сол сәтте мен осыдан 5 жыл бұрынғы «Нашақор», «маскүнем», «бұзақы» деп, кіжіне, жек көре қараған адамдарды есіме алдым...

...Айта кетейін, осыдан тоғыз күн бұрын жазған естелігімді мен «Шындығымның шылдырлаған шынжыры...» деп күйзеле отырып «жылап» отырып жазыппын. Әрине, бұл өзімнің егемен елімнің мемлекеттік саясатына қарсы шығуым емес еді. Тек, биліктегі кейбір чиновниктердің «тірлігіне» көңіл толмағандықтан шыққан жолдар еді, олар. Әйтпесе, тәуелсіздігін жаңа алған жас мемлекетімді жамандағанша өліп кеткенім жақсы емес пе! Бұл ретте, осы жақында ғана бір газеттен оқыған «Күнделіктегі сөздер жеккөрушілік не болмаса мақтаншақтық емес, олар – сол күнгі көңіл-күйің!» деген сөзге әбден қосыламын. Әйтпесе, ылғи жақсы сөйлегенге не жетсін!..

*18 желтоқсан 1991 жыл.*

### **«ҚЫЗЫЛ ТІЛ, ҚОЛЫМ ЕМЕС КІСЕНДЕУЛ...»**

Уақыт шіркін тізгінге тоқтаған ба, ауыздығын қарш-қарш шайнап, зымырап барады. Тек артында тастабан тұяғынан көтерілген дауылдай түйдектеліп, біздің өткендеріміз – тарихымыз болып қалып жатыр. Тіпті, кеше ғана өтті деген Желтоқсан оқиғаларының өзі алты қырдан асып кетті. «Халықтардың мызғымас Одағына» айналған империялық одақтың тамырына балта шауып, ең алғаш қазақ жастары көтерген азаттықтың Ұлы дүбірі әлі талай шылбырды кесіп тастап, ғасырлар қойнауын жаңғырттары анық. Иә, тарихымызды пәршелеген, алдымен патшалық Ресейдің қанымызды судай ағызған отарлау саясаты, одан бергі «коммунизмге жеткіземіз!» деп «мақтамен» бауыздап, халқымыздың жартысынан астамын қырып салған кешегі Кеңес өкіметінің күлі көкке ұшып, желкесі қиылды. Осының бәрінің соңғы нүктесін қойып, халқымыздың өміріне жаңа

бет ашқан желтоқсан айындағы ызғарлы күндер санамызды қанша сілкілесе де, бірте-бірте көмескіленіп ұмытылуға айналып бара жатқан секілді. Өзімізше, «ол күндердің ақ-қарасын анықтап, кінәлілерді жазалап, жазықсыздарды ақтап алдық» деп даурығып-даурығып, бәрін де жылы жауып, «архивке» аттандырып жіберген сыңайымыз бар. Ал, бірақ сол күндердің ыстығына күйіп, суығына тоңып, тікелей қатысқан жастарымыздың күні бүгінге дейін өмірден теперіш көріп, әр түрлі күй кешіп жүргенін біреу білсе, көпшілік біле де бермейді.

Сол бір келмекке кетсе де, артында мәңгілік дүмпуін қалдырған Желтоқсан оқиғасы біздердің өмірімізді әртүрлі «аурулармен» ауыртып жүргендері де ащы шындық. Біреулер – жылы-жұмсақ орындарында шірене отырып сол күндерді көз алдына әкелуге қорқып, қанға боялған қолдарын жасырып бақса, екіншілер – сондағы басынан кешкен зорлық-зомбылықтары жиі-жиі есіне түсіп, түн ұйқысынан шошып оянып, сол күндердің елестерімен өмір сүріп жүр. Олар үшін Желтоқсанда түскен жан жарасы тірі тұрғанда жазылмақ емес. Қым-қуыт тіршіліктің қарекетімен енді араласа бергенде ...сол алаң жақтан, сол дауыстар естілгендей, екі аяғын дедектетіп солай тарта жөнеледі. Өздерімен-өздері оңаша жүргенде де, жатса-тұрса да ойлайтындары сол үш күнгі аласапыран. Осындайда ойға:

*Жүрегіммен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі  
Сондықтан жаным күйіп, жанады да.  
Қу өмір қызығы жоқ, қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол, баяғыға...–*

деп заманымыз бөлек болғанымен, мұңымыз бір, ойымыз бір аяулы Мағжан ағамыз айтқан жолдар келіп, олардың барлығы өткен өмірін еске алған сайын жандары күйіп-жанып жүр.

Адам баласын қысқа ғұмырында кездесетін бір тосын оқиға мүлде өзгертіп, басқа арнаға түсіріп жіберетіні бар. Сол бір күндердің қиямет-қайымынан шыққан бір досым айтады: «Менің

енді-енді «советтік шындықтан» көздерім әбден «қызарып» бара жатқанда, осы Желтоқсан оқиғасы шайдай ашты. Одан кейін айналама зерделей қарап, әр нәрсенің паркына жету үшін ойланатын болдым. Сондықтан Желтоқсанды жүрегіме өте терең қабылдадым. Мен үшін Желтоқсан – өткенім, бүгінім және болашағым, менің қалған бүкіл ғұмырым!!!»

Соңғы кездері Желтоқсанда қуғын-сүргінге түсіп, сотталып келген жастарымызды «Желтоқсанда алаңда солар ғана болды ма, керек болса біздер де сотталар едік» деген секілді кекеткен, мұқатқан сөздер жиі естіліп қалып жүр. Менің алты жыл алып, оның үш жылдайын еңбекпен түзеу колониясында отырған бауырым айтады: «Егер мен сол күндері сотталмай қалсам, өзімнің сүйген қызыма үйленіп, қазіргідей отыздан асқанда тіземді құшақтамай, түтін түтетіп, бақытты өмір сүрген болар едім. Бетін ары қылсын, сотталғанның несі жақсы?!» деп...

Төрткүл дүниені дүр сілкіндірген, аты аңызға айналып бара жатқан Желтоқсан оқиғасының қозғаушы күші, қазір айтылып та, жазылып та жүрген демократияның алғашқы қарлығаштары – жастар екені жаналық емес. Олар туралы том-том кітап жазбасақ та, шет жағасын «түртіп» жатырмыз. Бірақ, сол күндердің ызғарында қалып, тәніне жара түскен жастарымыздың бүгінгі өмірлеріне назар аудармай, тағы да жайбасарлығымызға салып жатырмыз. Әсіресе, сол 86-дан кейін құрылған қақпанға түсіп, балауса өмірлерін тордың арғы жағында өткізіп, заң қызметкерлерінің жәбірін көріп, маңдайларын тасқа соққан «99 Желтоқсан тұтқындары» туралы, олардың бүгінгі тағдыры, бостандыққа шықса да көріп жүрген тауқыметтерінің айтылмай жатқаны біздің қоғамның немқұрайдылығы емес пе екен? Әрине, бұл жерде алаңға шыққан басқа замандастарымның ерлігіне көлеңке түсіруден аулақпын. Бәрімізді алаңға жетелеген туған жеріміздің болашақ тағдыры, халқымыздың ертеңі болатын. Бәріміз де ар-намысымыздың, жүрегімізді тепкілеген ызалы сезімдердің әсерімен шындығымызды шырқырай көтердік. Міне сондықтан да бұл жолы Желтоқсан оқиғасы үш күнге емес, үш-төрт жылға (бес-алты жыл отырып шыққандары да бар) созылған тағдырлас бауырларымның, кешегі «65-тердің»

(Желтоқсандықтар 65-статьямен сотталғандықтан, осылай аталып кеткен) бүгінгі көріп жүрген ауыртпалықтары бізді бей-жай қалдыра алмайды.

... Оны кездейсоқ автобуста кездестірдім. Адам көп болса да құшақтаса кеттік. Аты Елубай болатын. Сөйлеген сөздері, жалын атқан көздері сол баяғы қалпы болғанымен, түрі қуарған шүберектей боп-боз болып, екі ұрты суалып азып кетіпті. Сөйлесе келе білдім, ауруханадан шыққалы екі-үш-ақ күн болыпты. Сол баяғы сызды камералар мен темір төсектердің салған ылаңы – өкпе ауруы екен. Қапастан шыққалы күндерін ауруханаларда өткізіп келе жатыр екен. Бір сәт жөтеліп еді, көкпеңбек болып демін эзер басты. Қолдан келер дәрмен жоқ, іштей жаның ашыса да, тезірек сауығуына тілек айтып, амалсыз қоштастым. Ал, осы жақында Кенжебек Отарбаевты көрдім. Ол тіпті асқындырып алыпты. Еш жерде жұмыс істей алмай, сенделіп жүрген көрінеді. Міне, осындай аурулармен 65-тердің (сотталғандардың) жартысынан көбі ауырады. Бәрінің де жүйкелері жұқарып, тап осылай эзер жүргендерін байқау қиын емес. Бұның бәрі өткен күндердің жазылмайтын белгілері. Қазбалай берсең шыға береді...

1991 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18 індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылғандарды ақтау туралы» Жарлығы шықты. Әрине, оған біздер қатты қуандық. Өйткені, қадалған жерінен қан алатын кешегі Орталықтың ұлы шовинистік саясатының арқасында өмірлеріне сызат түскен желтоқсандықтарға арналған ең болмаса емделу үшін санаторий, курорттарға тегін жолдамалар сияқты жеңілдіктер болса, онда олардың шемең болып қатқан жүректерін сәл-пәл жібітуге септігі тиер ме еді, кім білсін? Бірақ, қашан болса да мұндайда біздердің кешігіп жүретін жаман әдетіміз қалмайтыны бар. Әйтпесе, кешегі тамыз көтерілісінде қаза тапқан үш жігітке мәскеуліктердің көрсеткен құрметі біздің өкіметіміз тарапынан неге Қайратымыз бен Ерболдарымызға дарымағанын ойлағанда түңіліп кетеді екенсің. Тіпті, сол оқиғаның құрбаны Қайраттың өзін алты жыл өткізіп, бүкіл халық болып былтыр ғана әрең ақтап алғанымыздың өзі айтуға келгенде ұят. Ұлттық батырларын

алақанында аялаған айналайын халқымның тамаша мінездері біздерге жетпегені ме?

Көздеген мақсаты бар, арманы бар адам деген жаратылыстың өмірі кейде оқыс быт-шыт болып жоғалады екен де, тағдыры замана иіріміне түсіп кете барады екен. Міне, сондай заманының иіріміне түсіп, өмірлері әркімнің қолында қақпақыл болған желтоқсандықтар әлі күнге естерін жинай алар емес. Олай дейтінім, түрмедегі ұлын бір көруге зар болған Шора Қарабаевтың анасы баласының артынан Құсмұрынға барып, елге келісімен көз жұмса, жалғыз қызын көз алдында шырылдатып алып кеткенін көрген Қайыпхан Иманбаеваның анасы да мұндай қорлыққа шыдай алмай үзіліп кетті. Одан қалды сүйген қызынан сол аласапыран кезде айырылған жас жігіт отыздан асқанша үйлене алмай әлі жүр. Сондықтан да «Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі...» деп айтуға біздердің толық хақымыз бар. Ал осының бәріне кім кінәлі? Кімдер кінәлі?! Жоқ, желтоқсандықтар басына түскен қара бұлттың өтемің емес, жүрегіне салынған жараның өтеуін сұрайды. Әйтпесе, ертең сотталарын, қуғын-сүргінге түсерін сезсе де азаматтық ары жібермей алаңға шыққан ұл-қыздарымыздың әлі күнге теперіш көріп, республикамыз Тәуелсіздік алып, өз алдына «қазан-ошағы» бөлек ел болса да өз жерінде өгей болып, шетқақпай қалып жүргені басқа бір әңгіме...

Тағдырымыз бір болған соң, түрме нанын бірге жеген соң желтоқсандықтар туыстан әрмен болып араласып кеттік. Соңғы кездегі сол әдетіміз бойынша Қайратпен бірге сотталып, он төрт жылға айдалып кеткен Қайыргелді Күзембаевтың үйіне де жиі барамыз. Жатақхананың кіп-кішкентай бөлмесінде әйелімен, екі баласымен тұрып жатыр. Бөлменің «қуықтай» екендігі сол, тіпті, бұрылатын жер жоқ. «Үйлерінің» тарлығынан олар бізден қысылса, олардың осы тіршілігіне кінәлі адамдай біз олардан ұяламыз. Сонау 86-ға дейін де осындай бір бөлмеде сығылысып тұрыпты, әлі де сол тап-тар бөлме. Өзгерген ештеңесі жоқ. Жуық арада өзгереді деп те ойламайды. Осы Қайыргелді секілді астанада тұрып, жатақханаларда ұлдары есейіп, қыздары бойжетіп келе жатқан желтоқсандықтар қаншама! Бұл тізімге Үсіпхан Сейтімбетов, Қадыр Есімбаев, Ерлан Декелбаев, Ерлан Бисенбаевтарды да ...және басқаларды қосуға болады.



Осы жерде, өткен жылы 5 қыркүйекте «Ар-намысым, мақтанышым, қасиетім – Желтоқсан» деген қырғыз-қазақ жастарының кездесуінде Президентіміз Н. Назарбаевтың: «Желтоқсанда сотталғандарға тегін пәтер беруге үкіметке нұсқау бердім» деген сөзіне қатты сеніп, тағатсыздана күтіп жүргенімізді несіне жасырайын...

Жетпіс жылдан астам уақытта бетіне тірі пенде тіке қарай алмаған, өзінің суық демімен бүкіл әлемді тітіркендірген Кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсы шыққан қазақ жастарының бұл ерлігі болашақта (бүгінде өз ерлігімізді өзіміз елемей, бағаламай келеміз ғой) «XX ғасырдың Ұлы Оқиғасы» атанары сөзсіз.

*24 желтоқсан 1992 жыл.*

### ***КЕУДЕМЕ АВТОМАТ ТІРЕГЕН ОФИЦЕР АСТАМ СӨЙЛЕП ЕДІ, СОНДА ...***

...Әдетте, біздің қазақ сөз құдіретін жоғары қойған. Өйткені, ауыздан шыққан сөздің артында құдайы бар деп ұққан. «Айтылған сөз, атылған оқ» деп санаған. Сондықтан да байқап сөйлеген. Бір елі ауызға, бес елі қақпақ қоя білген...

Осындай қанға сіңген қасиеттен болар, менің өзім жастайымнан ауызға ие болып сөйлеуді миыма мықтап құйып өстім. Оның үстіне Айшоңық апам да үнемі «Сөздің де киесі болады. Ауыз өзімдікі деп не болса соны сөйлей бермендер. Өтірік айтпаңдар!» деп отыратын. Содан кейін аз-кем ойланып қалатын да «Марқұм әкең көп сөйлемейтін, жуас адам болатын. Бірақ, кейде сөйлеген кезде тауып кететін. Бірде, әкең әскерге кетіп бара жатқан әкеңнің артынан түү сонау Тәшкенге іздеп барыпты. Содан эне-міне жолға шығайын деп отырған ығы-жығы әскерге шақырылғандар арасынан баласын әзер тауып алып, «Жалғзыым-ау, мұнша адамның арасында қалай күн көріп жүрсің?!» деп, маңдайынан сүйе берсе керек. Сонда Әуелбек марқұм еш алаңсыз, «Өй, апа! Уайымдай бермесеніңші. Мұнда

менен де жаман балалар бар екен!» – дейтін көрінеді. Міне, сол момын әкең сұрапыл соғысқа аттанып бара жатқанда бір атаң тыныш жүрмей, «Әй, дүние-ай! Менің үш ұлымның ең болмаса біреуі қан майданнан аман қайтар, ал Аймаханның жалғыз осы кеткеннен оралмайды ғой» дей беріпті. Астам сөйлеу әбүйір әпермейді. Ақыры не болды?... Аймаханның жалғыз ұлы қан майданды шылқылдатаып кешіп жүріп, сегіз жылдан соң елге аман-есен оралды ғой. Айтқан жерде бәле жоқ, ал әлгі астам сөйлеген атаңның үш ұлы да сол соғыста жоқ болып кетті. Көрдің бе, балам, не болса да ойланып барып сөйлеген дұрыс!» деп, қайдағы-жайдағыны еске алып кететін.

Әрине, мен апамның сөзіне сонша көп мән бермейтінмін де. Тіпті, айтылған әңгімелердің көбін сол заматта-ақ ұмытып кететінмін. Бірақ, кейін жылдар өте келе апам айтқан осы ұлағатты сөздердің мәнін терең түсінетінімді қайдан білейін, ол кезде. Керек десеңіз, осыған ұқсас жағдайларға өзім де тап болатынымды сездім бе, десеңізші...

...Сол бір желтоқсан дүрмегінен кейінгі беймаза жыл болатын. Мен Алматы қалалық сотының үкімімен бес жылға бас еркімнен айырылып, Маңғыстаудағы еңбекпен түзеу колониясына жіберіліп, ол жаққа да қабылданбай кейін қайтып келе жатқан-тұғынмын. Жол-жөнекей біздерді Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласындағы түрмеге түсірген еді. Осында мен бірнеше «65-термен» бірге (Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың барлығын дерлік Қазақ КСР-і Қылмыстық кодексінің 65-бабымен (жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру) және 60-бабымен (нәсілдік және ұлт араздықты қоздыру мақсатымен үгіт-насихат жүргізу) соттағандықтан түрмелерде солай атап кеткен) 25 жасқа толған туған күнімді атап өттім.

Арада бірнеше күн өткенде мені суыт орнымнан қозғап, далаға алып шықты. Онда оншақты сотталғандар тізіліп тұр екен. Мен өзімнің тағы да «этаппен» (пойызбен) басқа еңбекпен түзеу мекемесіне жөнелтілетінімді сездім де, қатарға барып тұра қалдым. Бір офицер (ұмытпасам «майор» шенінде) сотталғандардан қандай баппен, қанша жылға сотталғанын жағалай сұрап келеді. Кезек маған келгенде жаттанды әдетпен:

– Аймаханов Құттыбек Әуелбекұлы, 60, 65-бап, жаза өтеу мерзімі –5 жыл! – деп, такылдап қоя бердім...

...Сол-ақ екен әлгі «аға» халықтан шыққан офицердің түрі өзгеріп сала берді. Көкшіл көздері ежірейіп, өңменімнен өтіп барады. Сосын тістене кіжінеп:

– ...Сендер ме, алаңға шығып, ұлы Кеңестер Одағына қарсы көтерілмек болған? Ей, білесің бе, біздің «совет» өкіметі есірткіге елірген бірнеше жүз сендер түгілі, жүз есе күшті фашистердің өзін тас-талқан еткен! Кімдеріне сеніп, нелеріңе есірдіндер! ... Ей жауыз, түсініп тұрсың ба, сен менің Отаныма қарсы шықтың ғой?! Ендеше, сен біздің жауымызсың!.. Әттең, маған ерік берсе, осы қазір сені ешбір аяусыз атып тастар едім!.. – деді де, жанындағы солдаттың автоматын жұлып алып, кеудеме тірмесі бар емес пе...

...Білмеймін, сол кезде мен қорықтым ба, қорықпадым ба?.. Бірақ, іштей «Мынау не деп тұр» дегендей бедірейіп, міз бақпастан тұра бергенім есімде...

Мұндағы айтайын дегенім, сол офицердің айтқан «Ұлы Кеңестер Одағы» қазір қайда кетті... Бізді «жау» санап, өзінше қорғамақ болған «советтер өкіметінің» арада 4 жыл өтпей жатып аяғы аспаннан келетінін сезді ме екен, ол шіркін. Дегенмен, «фашистердің өзін тас-талқан еткен» алып империяның түбіне қазақ жастары жеткенін ұққан шығар, ол кейін... Ал егер сол офицер қазір кездессе, менің бетіме қалай қарар еді...

...Міне, астам сөйлеудің ақыры осы секілді жақсылықпен аяқталмайтынын түсінгендеймін, кейін. «Сөздің киесі» дегеніміз осы шығар!

*5-желтоқсан, 1993 жыл.*

## ***ЕРБОЛЫМЫЗДЫ НЕГЕ ҰМЫТТЫҚ?..***

...Мен оны көргенім де, сол бір жайсыз күндерге дейін білгенім де жоқ. Менің өз жолым, оның өз соқпағы болды. Тек қана екеуіміздің заманымыз ұлтымыз, тағдырымыз, тартқан мұңымыз бір болыпты. Сондықтан да біздер намысты тасқа қашап, үмітіміз бен сенімімізді желбегей жамылып, шындығы бықсыған сол кездегі соқыр саясаттың былық-шылығына, Мәскеудің қолдан жасаған Желтоқсан ызғарына бейкүнә, балғын кеудемізді тосып едік. Бірақ алаңда көрген қорлық-зорлығымыз, зобалаң-дүрбелеңіміз бір болды да, тағдырымыздың татырған тәлкегі тағы да қақ айырылды. Мені қолыма кісен салып түрмесіне тықса, оның көрер жарығын көп көріп – қыршынынан бір-ақ қиды. Тағы да ұқсас өмір. Бірақ екіге бөлінген қос тағдыр. Кешегі төрткүл дүниені дүңкілдеткен желтоқсан жайсаңдарының тағдыры – бар қазаққа тән тағдыр!

Содан бері алаңда төгілген қанымызды жуып-шаймақ болып жаңбырын селдетіп тоғыз көктем, ақ ұлпасы өткен күндердің елестерін сүйретіп тоғызыншы желтоқсан жетті. Ол – сол Барыс жылы-ақ өзінің аяқ асты еткізбеген аппақ ар-намысын алып қашып, тек қар барыстары ғана мекендейтін Алатаудың қарлы шыңдарына барып мәңгілікке қоныс тапса, мен – қайғысы мен қасіреті түнерген сол бір Желтоқсанның аласапыран күндері мен түндерінде жоғалған бауырларымды жоқтаумен ақ қағаздың аппақ бетін аяусыз айғыздаумен келемін.

Ол – деп отырғаным халқы үшін шыбын жанын құрбандыққа салып, біздің санамызда ғана тіршілік кешіп, Желтоқсанның дүрмегінде көз жазып қалған аяулы ұлымыз Ербол Сыпатаев болатын. Сүйір тұмсық қу тағдырдың машақатты сүйменін сүйретіп соңымыздан қалмай қойған, тынымсыз тіршіліктің қақпағылына айналған біздей пенделер «өмірден өтсе де, көңілден кетпеген» Ерболымызды естен шығармай көз алдымызға «шегелеп» тастағандаймыз. Бірақ осы бір көгермей жатып қиылған (халқы көгерсін де), қазақтың намысы үшін балғын өмірін балтаның астына тастаған Ерболымыздың есімін жұртымыз қастерлеп жатыр ма? Қайда жүрсек те есімдерін егіз қозыдай бірге атап жүрген Қайратымыздың қатарына көтере алды ма?

Иә, Қайраттың өлімі азапты жағдайда, аянышты да қайғылы аяқталды дейтіндерді де есітіп жүрміз. Бірақ, өлімді бөле-жаруға болмайды ғой. Осындай зиянкес пікірлердің арқасында Желтоқсан құрбандарының арасына сына қағылғанын қалай түсінбейміз? Соның салдарынан Желтоқсанның аты аталған жерде Қайратымыз жалғызсырап жүрген жоқ па? Рас оның есімін елі дер кезінде көкке көтеріп, бар қазаққа белгілі етті. Туған жеріне ескерткіш қойылып, есімімен көшелер, мектептер, парктер аталды, түрлі қорлар құрылды. Бұл үшін Қайраттың жерлестеріне, атсалысып жүрген азаматтарға рақмет, әрине!

Ал енді, осындай құрмет неге Ерболдың әруағына көрсетілмейді? Әлде, Ерболымыз қазақтың намысын жыртқан жоқ па? Немесе елі, жері үшін абайсызда алаңға шығып, қапыда кеткеніне кінәлі ме? Батыр болу үшін, ел жүрегінде сақталу үшін түрмеге түсіп сонда азаппен өлуі керек пе? Қыршынымыздың аруақтарынан қорықсақ қайтеді?..

Міне, дәл осындай сұрақтар былтыр, 1993 жылы желтоқсанның 12-сінде осы Алматыдағы энергетикалық институттың жатақханасында Ерболға бағышталып берілген аста бізге қарша борады. Әсіресе, Ерболдың студент кезіндегі ұстазы, сол асты ұйымдастыруға ұйытқы болған Клара Омарова апайдың шын жүрегімен шырылдап айтқан ащы сөздері шымбайымызға қатты батып, осындай сұрақтар жүрегімізге кептеліп қалды.

Әрине, Қайратымыз бен Ерболдарымыздың қасіреттері бәрімізге ортақ емес пе? Олардың есімдерін келешек ұрпақтың ұмытып кетпеуі – Желтоқсанды өз көзімен көрген біздердің мойнымызда ғой. Бұл ретте Қайраттың ел аузына ерте ілігуіне онымен түрмеде бірге отырғандар, бірге сотталғандар, тергеу-сот қағаздары берген мәліметтер аздап болса да ықпал етті деуге болады. Ал Ерболды кім таныды? Оның сол сұрапыл күндері алаңда қайтыс болғаны жөніндегі қысқаша дәрігерлік анықтамадан басқа не білеміз? Бұрын онымен Энергетика институтында бірге оқып, бірге жүрген достары, жолдас-жоралары үн-түнсіз жатып алғандықтан, аяулы азаматтың есімін ауызға алғаннан басқа әлі күнге ештеңе істей алмай келеміз. Ал егерде кезінде Ерболды танитын дос-жарандары, ұстаздары іліп

әкеткенде, бүгінгі келеңсіз жағдайлар болмас па еді. Неге оның жерлестері үн-түнсіз жатыр? Ерінің атын шығарар елі неге тым-тырыс? Бір малы жоғалса жабыла іздейтін қазақтың апталдай азаматын жоқтамайтын күйге жеткені ме? Болашағымызда Отанын сүюде үлгі болатын осындай ұл-қыздарымыз сұраусыз қала бере ме?

Тіпті, 1990 жылы «Парасат» журналының 11-ші санына шыққан Б. Сәлімбайқызының «Атаусыз қала бере ме?!» деген мақаласынан басқа баспасөз беттерінен де Ерболдың өліміне байланысты соңғы кездері жазылған бірде-бір мақаланы оқымаппыз. Ал сол мақалаға жауап берген Қазақ КСР Бас Прокурорының орынбасары Л. В. Константиновтың айтқанына сенсек, Ерболдың өліміне байланысты істі КСРО прокуратурасы өзіне алдырып, тексеруді Бас тергеу басқармасына тапсырған көрінеді. Оны сол кездегі Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т. Қ. Айтмұхамбетов те «...Е. Сыпатаевтың өліміне байланысты қылмыстық іс республика соттарында қаралмаған...» деп мақұлдаған. Сонда Ерболды қалай, кімдер өлтіргені жөніндегі мәліметтер басқа елде қалғаны ма? Егер өзімізге алдырсақ осы күнге дейін неге жарияланбаған? Оны желтоқсан кезінде жабылған жаладан арашалап, есімін көкке көтерер кез келген жоқ па? Бүгінгі үш жүз жылдай күткен Тәуелсіздігімізге осы Ерболымыз бен Қайраттарымыздың кандарын төгіп барып жеткенімізді неге естен шығарамыз?

Қазақта «Өлі разы болмай тірі байымайды» деген тіліп түсер сөз бар. Ол дәл қазір біздерге арналып айтылғандай. Ендеше, Ерболдарымыздың аруағын разы етпей, әр азаматын жүздеген жылдар бойы жоқтайтын өркениетті елдердің қатарына қосылуымыз да екіталай. Сондықтан да Ерболдың есімін көшелерге, мектептерге қойып, туған жеріне ескерткіш, оқыған институты мен басына белгі орнатсақ, аяулы ұлымыздың алдындағы күнәмізден аздап болсақ та арылар едік-ау.

Әр заманның өзіне лайық ерлері болады. Елінің елдігі осындай ерлерімен ғана көтеріледі. Ал Ербол осындай құрметке әбден лайық!

*Ербол, Ербол атыңды,  
Ер болсын деп қойдым ба?  
Қыршынынан қиылып  
Жер болсын деп қойдым ба?  
Байғұс анаң күні-түн  
Зарласын деп қойдым ба?  
Құлыным-ай қайтейін,  
Қайғы шерін заманның  
Қозғасын да деп қойдым ба?  
Жиырма жасы қарғамның  
Озбасын ба деп қойдым ба? –*

деп анасымен бірге егіле отырып, езіле отырып Ерболды жоқтаған Заида Елғондинованың аналық сезімін неге түсінбейміз? Ерболдар тек ата-анасының ғана емес, халқының да перзенті емес пе?

«Тас түскен жеріне ауыр» болса да, Ерболдың әкесі Бейсен ақсақалдың «...Ерболым қазақтың бостандығы жолында шейіт кеткен соңғы құрбаны болсын! Енді құдайым елімді жазықсыз құрбандардан, қан төгулерден сақтасын!» деген тамырлы сөздері құлағымнан әлі кетпей жүр. Иә, ол небәрі 22 жыл ғана ғұмыр кешіп, қуанышынан көрі күйініші, ақиқатынан көрі арамдығы басым жататын мына сұрқия заманға сыймай кетті. Бірақ өз арманына, өз ойлағанына жете алмаса да, ата-анасының, халқының алдындағы перзенттік парызын өтеді деп батыл айта аламыз.

Ол өлген мен тірімін... Оның жете алмаған күндеріне мен жеттім. Күн сайын оның қаны төгілген алаңды таптап, арлы-берлі өте шығамын. Артыма қарамаймын да... Егер қарасам – Ерболдың шындық тілеген үндерін есітіп, бір мейірім күтіп жаутандаған бейнелерін көрер ме едім... Жоқ мен артыма бұрылмадым да. Ерболдардың шашылған қанын шылқ-шылқ басып алға қарай асыға адымдап бара жаттым...

...Біздің бәріміз де осындаймыз ғой, тірілер!

*11-желтоқсан, 1994 жыл.*



## **ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАРАСЫНА СЕБІЛГЕН ТҰЗ**

Амалымыз не... Кейде өткенімізге топырақ шашып, санамыздан сызып тастауға бейім тұратынымыз бар. Әйтпесе, алаңға шыққаны үшін қудаланып, қара киім киіп, қолдарын кісен қиған аяулы ұл-қыздарымызды әлі күнге дейін «халық жауындай» көріп, сергелдеңге салар ма едік? Халықты «үкімет желтоқсандықтарды жарылқап, өз қамқорлығына алып жатыр» деп бір алдап, сол бір желтоқсан тепкісінен өткен ұл-қыздарымыздың жанайқайын білдіре айта-айта кезерген еріндерін қу шүберекпен сүртіп, екі алданғанымызды қазір кімге айтып сендірерсің? Сондықтан болар, көпшілік «Үкіметтің Желтоқсан оқиғасына, ондағы зардап шеккендерге көзқарасы түзу» деп жаңсақ ойлап жүр. «Желтоқсан» төңірегіндегі кез келген бір кішкентай мәселені шешу үшін, оған қатысып, «қылмыскер» атанған әрбір жігітті ақтау үшін, қанша айқай-шу, қажыр-қайрат жұмсалып, тер төгілмеді деңізші! Тіпті, сол оқиғаның өзін атап өту үшін жоғары жақтың есігін тоздырып жүріп, рұқсатты әрең алатынымызды кім біледі? Әрине, желтоқсандықтарға да қол ұшын беріп, көмектескісі келгендер жоқ емес, бар... Бірақ, олар «Желтоқсан» десе тісін қышырлата қайрайтын көкжал бастықтардың тасасында қалып жатыр ғой. Міне, сондықтан да желтоқсанның қырғынында қайралған ұл-қыздарымыз демократия шеңберінен шықпай, өз құқықтарын қорғау мақсатында тоғыз жыл бойғы мазасыз күресін тоқтатпай келеді. Сөзіміз дәлелді бол болу үшін сол тоғыз жылдың сенделістеріне ой жүгіртіп көрсем деймін.

Шыны керек, Желтоқсан оқиғасы туралы ең алғашқы ашық пікір сонау 1990 жылдың 12 қаңтарында Алматы мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайында, қала жастарының республика басшысы Н.Назарбаевпен кездесуінде айтылып еді. Сонда Желтоқсанда жазықсыз жалаға ұшыраған жастар өздеріне деген көзқарастың өзгергеніне қуанып, ертеңіне сеніп, үйлеріне қуана қайтқан-ды.

Бірақ, Қазақстанның бірінші хатшысының айтқандарын іс жүзіне асыруға төмендегілер онша құлшыныс таныта қоймады. Олар Желтоқсан оқиғасына қатысты кез-келген бастамаға кедергі

келтіруге тырысып бақты. Тіпті, ақынымыз М.Шаханов бастаған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жанынан құрылған комиссияның өзін қудалап, олардың еркін жұмыс жасауына мұрша бермей, қайта-қайта аяқтан шалды. Сөйтіп, сол комиссияның 1990 жылғы 24 қыркүйекте «Алматы қаласында 1986 жылы желтоқсанның 17-18 інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары туралы қорытындысына» орай шыққан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысының өзі ештеңеге жарамай, айдалада қалған жоқ па? Нәтижесінде, сол қаулыда көрсетілген жалақорлар бұрынғысынша мұртынан күліп, жаламен жазықсыз сотталғандар өз құқықтарын қорғай алмай сенделумен болды. Ақыры ары шапқылап, бері шапқылап, күдерлерін үзген олар 1990 жылы 15 мамырда Қазақстанда тұңғыш рет саяси аштық жариялап, 15 жылға сотталған екі жігітін түрмеден суырып алды. Сонда ғана желтоқсандықтар күрессіз ешқандай да жеңіске жете алмастарын сезіп, бұрынғыдан бетер топтасып, өз құқықтарын қорғау үшін білектерін түрді.

Міне, осы бір әрекеттен соң Желтоқсан жігіттерінің қайтпасын сезген Үкімет басшылары, содан бері заң күші бар бес бірдей құжат қабылдапты. Амал не, тағы да Желтоқсан десе түлен түртетіндер барынша кедергі болып, өз мақсаттарын орындауға шыққан желтоқсандықтар алдына ұзынынан түсіп сұлап жатып алды. Соған қарамастан 1991 жылы 12 желтоқсанда республика Президентінің «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» №540-шы Жарлығы шықты. Қазақ елін дүр сілкіндірген бұл Жарлықтың орындалуы арада төрт жыл өтсе де ащы ішектей созылып, сол оқиғаға байланысты сотталғандар әлі күнге дейін ақтала алмай отыр. Республика басшысының жарлығы орындалмаса, қалғандарының сөздерінен не үміт, не қайыр?..

Ал, келесі 1992 жылы 5 қыркүйекте Жамбыл ауданында өткен қырғыз-қазақ жастарының кездесуінде Елбасымыз Н. Назарбаевтың өзі «...Желтоқсан оқиғасына қатысқандары үшін негізсіз жазаланған азаматтар ақталып, арамызға қайта орал-

ды. Сол азаматтарға менің нұсқауым бойынша пәтерлер тегін берілсін деп үкіметке тапсырма берілді» деген сөзі («Егемен Қазақстан». 1992 ж. 9 қыркүйек) сөне бастаған үмітіміздің отын жақты. Алайда оның орындалуы да сағыздай созылып кетті. Қағылмаған есік, бармаған басшы қалмады. Тағы да сол баяғы алдаулар, өтірік айтып шығарып салулар жалғаса берді. Ақыры 1993 жылы 17 желтоқсанда әбден сарсаңға түскен желтоқсандықтардың үміттері үзіліп, соңғы тәуекелге бел буды. Бірақ мұны үкіметіміз бен солардың ығында жүретін басылымдарымыз халыққа басқаша жеткізіп, Желтоқсан жігіттерін кіналауға көшті. Сондықтан болар, көпшілік желтоқсандықтардың мынадай басты үш талаппен төрт жыл бойы сергелдеңге түсіп жүргенін білмеді:

1. Желтоқсан оқиғасына саяси баға беру;
2. Оқиғаға байланысты сотталғандарды ақтап, оған кінәлілерін жазалау;
3. Құғын-сүргінге түскендерге әлеуметтік-материалдық көмек көрсету.

Үкіметіміз бұл талаптарды білсе де, білмеген ыңғай танытты. Тіпті, 1993 жылы 14 желтоқсанда Үкімет пен қала басшыларының арнайы жіберген өкілдерімен кездесуде бір дөкейдің: «Сендердің бұл талаптарың орындалмайды, білгендерінді істендер» деген сөзінен соң, жеті жыл бойы сенделіске түсірген үміттерінің үзілгеніне шыдамай, күйіп кеткен төрт жігіт өз тамырларын өздері қиып жіберген еді. Әрине, өзіне қол салу дұрыс емес. Бірақ шыдамның да шегі болады ғой.

Осы келеңсіз жәйттар желтоқсандықтарды қатты ашындырып, өз талаптары үш күннің ішінде орындалмаса, соңғы әрекетке баратындықтарын мәлім етті. Ақыры, бұл қимыл ойына дәнеңе де кіріп-шықпайтын өкіметтің «қолын қалтасынан шығарып», премьер-министр Сергей Терещенконың өзіне 1993 жылы 17 желтоқсанда желтоқсандықтардың барлық әлеуметтік және құқықтық мәселелерін бір айдың ішінде шешіп беретін № 21–1/73 сенім хатқа қол қоюға мәжбүр етті. Артынша-ақ, сол жылдың 28 желтоқсанында С. Терещенконың «Арнайы комиссиясының құрылуы туралы» N2591 өкімі шықты. Бұл

жолы «алдамайтынына» желтоқсандықтардың көзін жеткізіп, сеніміне кіріп алғысы келді ме, ә дегеннен-ақ Жоғарғы соттың төрағасы Т. Айтмұханбетовты орнынан алып, қолдарын ысқылап, іске де кірісіп кеткендей болған. Ал, әлгі комиссия құрылуын құрылғанымен, бірде-бір іс бітірмей, әлгі өкім сол күйінде жылы жабылып қалды.

Өздерінің тағы да алданғанын сезген желтоқсандықтар ызадан бұрқ-сарқ қайнап, амалдары құрды да 1994 жылы 16-мамырда өз талаптарын алып, Жоғарғы Кеңестің алдында аштыққа құлады. Осы жолы жоғарғы жаққа желтоқсандықтардың бұл «еркелігі» ұнамаған болуы керек, аштыққа жатқандарды түгелдей 15 тәулікке қамап тастады. Бірақ, жігіттер аштықтарын сонда да тоқтатпады. Бұл саяси қарсылық 32 күнге созылып, аштық жариялағандардың жартысына жуығы ауруханадан бір-ақ шықты. Әсіресе, түрме тозақтарында бауырына операция жасатып шыққан Сәбит Исабеков пен өкпе ауруына ұшыраған Кенжебай Отарбаевтардың жағдайлары өте ауыр болып, өлім аузынан қайтты.

Жалпы, желтоқсандықтардың дені сауы жоқ екені былтырғы жылдың жазында диагностикалық орталықтан өткен дәрігерлік бақылауда анық байқалды. Сол дәрігерлік бақылаудан өткен 25 адамның барлығы да ауру деп табылады. Әсіресе, темір торлар, Желтоқсан оқиғасы кезіндегі ұрып-соғулар мен адам төзгісіз қорлаулардан барлығы дерлік бүйрек, бауыр, өкпе ауруларына ұшырап, қабырғалары сынып, миларына зақым келген-ді. Тіпті, осы дәрігерлік бақылаудан соң аурулары асқынып кеткен он бір желтоқсандық жедел түрде ауруханаларға жатқызылған болатын.

Міне, осындай ауыр жағдайда жүріп, өз денсаулықтарын күтуге жағдайлары келмей, әлі күнге сергелдеңге түсіп жүрген желтоқсандықтарды көріп, Желтоқсан оқиғасына деген көзқарастың күні бүгінге дейін түзу еместігін байқау қиын емес. Аштық жариялауға байланысты мәселеге қазір тарап кеткен депутаттарымыз араласып, Жоғарғы Кеңестің 1994 жылғы 29 маусымында «Аштық жариялағандардың талабы бойынша» деген N103 шешімін шығарып, желтоқсандықтардың тоқтап қалған

талабын орнынан жылжытып берді. Содан болар, премьер-министрдің жоғарыдағы өкімін негізге ала отырып, Қаржы министрлігі қалалық әкімшілікке бар болғаны 500 шаршы метр пәтерге ғана жететін ақша бөліп, қалғанын осы 1995 жылдың ішінде беретін болып, «уәде» етті. Көріп отырсыздар, бұл жыл да аяқталып келеді. Қаржы министрлігі былтырғы уағдасын әлі орындамай отыр. Парламентіміз тарамай тұрғанда Желтоқсан оқиғасын арнайы қарап, оған саяси баға беру үшін парламенттік комиссия құрылған еді. Бірақ, «қырсық – қырық ағайынды» дегендей, парламентіміздің күні батып, енді шыққалы тұрған Желтоқсан оқиғасы жөніндегі қаулы мен заңдар шықпай, аяқсыз қалды. Ал, қалалық әкімшілікке бөлінген әлгі сегіз пәтерді Олжас Сүлейменов ағамыздың араласуымен 10 пәтер етіп осы жақында ғана эзер алдық. Бірақ ол пәтерлер әлі күнге дейін бітпей, жігіттер үйлеріне кіре алмай, сабылып жүр.

Қысқасы, Желтоқсан оқиғасының «тірі құрбандары» осы күнге дейін барлық жағынан қысым көріп, үнемі тықсырылып келеді. Бірақ, алған бетінен қайтпайтын «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігі қуғын көріп жүрсе де, Желтоқсан оқиғасында зардап шеккендерді емдеу және әлеуметтік-материалдық көмектер көрсету мақсатында мемлекеттік бюджеттен арнайы қаржы бөлуін сұраған еді. Обалы не, қаржы бөлінетін боп, оны 1995 жылы 15 наурызда республика Президенті Н. Назарбаев 23-баптың «г» тармағымен бекітіп те берді. Бірақ, бұл қаржыны да желтоқсандықтар естігені болмаса, әлі көре алмай жүр. Қалалық әкімшілікке барса, ондағылар мұндай ақшаның әлі бөлінбегенін айтып, шығарып салады..

Сөйтіп, жан жарасы мен тән жарасын қатар тартқан кешегі желтоқсанның ержүрек ұл-қыздары өз жерінде өгейлік көріп, туған жерге сыймай жүр. Қазақ халқының ертеңі үшін жанын салған осындай ұл-қыздарымыздың бүгінгі тағдыры бәрімізге ортақ емес пе еді?..

*19-желтоқсан, 1995 жыл.*

## **МӘСКЕУ КОЛБИННЕН КЕЙІН ДЕ БӨТЕН БІРЕУДІ ҚОЙМАҚ БОЛЫПТЫ**

Әрбір ұлт, ұлыс, халық, ел өзінің өткенін қастерлейді. Мейлі ол еске алуға қанша қайғылы да, азапты болсын. Бәрібір қасиетті. Сондықтан да ешқашан ұмытылмайды, санадан ағып кетуі мүмкін емес. Өйткені, өткеннің бәрі сол халықтың жүріп өткен жолы, ата-бабаларының қанмен боялған өмірі, бүгінгі жадымызда алтын әріппен жазылып қалған тарихы.

Сол сияқты біздің қазақтың тынышсыз да тынымсыз, қасиетті де қайғылы, өмірі өшпейтін бай тарихы бар. Ол түп-тамыры сонау ғасырлар тұңғығында жатқан қазақ деген халықтың ұрпағы барда жазыла бермек. Жаралы барыстай шексіз уақыт сілемдерін асып өткен оның жолдарында дірдектей аққан қандары қатқан. Соншалықты ауыр, сондықтан да қасиетті тарих. Аспанда күн тұтылған шапқыншылықтар мен аласапыран соғыстар, ұлы даланы ыңырсытқан нәубеттер мен зұлматтар... Айта берсең жаның түршігеді. Бірақ жаны сірі қазақ халқы осылардың біріне де жаншылмай тағы бір ғасырдың асуынан өткелі отыр. Тек соңғы ғана, басқа елдің торлы терезесінен қаратқан үш ғасырдың өзінде үш жүзден астам ұлт-азаттық көтерілістерін басынан кешіріпті... Исатай – Махамбет, Сырым Датұлы, Есет Көтібарұлы, Кенесары бастаған, одан кейінгі «Асан», «Созақ» және тағы басқа көтерілістер... Осылардың бәрінің, қазақтардың тәуелсіздік жолындағы мәңгілік күресінің соңғы нүктесі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін қойылды. Үш жүз жылдай аяқ-қолымызды қиып келген темір кісендер әбден шірігені соншалық, бытырлап тұрып үзіліп түсті. Бұл ұлы тарих. Бұл тек қана ұлы халықтар, жанкешті халықтар жүріп өтетін жол.

...Қазақ момын емес. Қазақ шыдамды. Ол қорқақ емес, қонақжай. Бірақ, *көп* жағдайда оның осындай «ғажап мінездері» өзіне қарсы атылған тас болып тиді. Тарихты зорлықпен өзгертуге болмайды. Алайда, ол түбі қайта соқпай қоймайды. Қазақтың да тарихы солай. Ұлы далада бұрқ еткен кез-келген көтерілістің ақыры ұлы өзгерістерге сүйреді. 16 жылғы ұлт-азаттық көтерілістерінің екпіні – бұрмалап айтсақ «социализмнің» топан-

суына лақтырса, 86 жылғы Желтоқсан оқиғасының ызғары қайтадан кейін алып шықты. Екі заманды алып, екі түрлі айтылса да мақсат-мүддесі бір. Бірақ бұл оқиғалардың арасындағы жетпіс жыл қазақ даласын ойрандап, қан қақсатып кетті. Қазір кейбір «білгіштеріміз» «фашистерді жеңіп, елімізді гүлдендірді» деген сылтаумен қандықол Сталинді мақтап, «көп қатыгездігін» кешіргендей болып жүр. Жоқ! Сонау 1916 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы айтқан 6 миллион қазақтың тең жартысынан астамының түбіне жеткен Сталинді, басқаларда жұмысым жоқ, қазақ халқы ешқашан да кешіруге тиіс емес. Содан кейін «Кеңес үкіметі болмаса, сол баяғы қой баққан күйімізде қаламыз» дейді құл болуға көнген екіншілеріміз бастарын шұлғып. Күлкілі емес пе? Қазақтың ежелден-ақ бай мәдениеті бар өркениетті ел болғаны тарихты қазбаласаң-ақ қаптап шыға келмей ме?!

Тіпті Кеңестер Одағына қосылмаған басқа ұлттар да ешкімнен кем болмай өмір сүріп жатқан жоқ па?! Айналасының бәрі дамып, дәуірлеп жылжып келе жатқанда баяғы «феодалдық жабайы» заманында қалып қоятын, қазақ біткен жарымжан ба екен соншалық?!

Міне, сондықтан да 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысы әлі «көзін ашпаған» қазақтың сарыауыз балапандарының жасаған «бұзақылықтары» емес, жүздеген жылдар бойы сыздатып келіп жарылып кеткен жарасы. Ол еркіндікке ұмтылған талпыныстан, тоталитарлық жүйеге қарсы жүрегімізді тепкілеген ашу-ызаның буырқанысынан туды. Оған тек республика басына Колбиннің келуі ғана себеп болды.

Тарихты да адам жасайды. Жылдар көшіне ілескенімен іздері әлі күнге дейін сайрап жатқан Желтоқсан да «кішігірім оқиға» болғанымен – тарих. Иә, оның қозғаушы күші – жасырын үйірмелер құрып, ұзақ жылдар бойы дайындалып келген «саясаткерлер немесе революционерлер» емес, өз халқының болашағына немқұрайлы қарай алмаған, жерінің азып-тозып бара жатқанын көре тұра шыдай алмаған қазақтың қайсар көгенкөздері ғана. Бірақ бұлқыныстан дауыл тұрып, айналаның астан-кестенін шығаратынын да ұмытпалық. Мына зұлымдық пен жауыздыққа әбден тойып, жарылғалы тұрған Жер – Ана-



мызда небары бірер шумақ өлеңге бола бір мемлекеттің екіге қак бөлінгенін тарих біледі. Сондықтан, шоктан өрт шығады. 86-жылы да солай болды. Ал тарих шындықты сүйеді. Қазақ халқының еркіндік алып, бостандыққа шығуы – соның ақиқатын айтып, әділ шешім шығарғанының айқын дәлелі.

Содан бері аз да емес, көп те емес – он жыл өтіпті. Ғасырға бергісіз – он жыл. Бұл жылдар тәуелсіздігін алған қазақтың бір қуанышын бір қуанышқа ұластырып Елтанбасын, Әнұранын, Жалауын, төл Теңгесін алып бергізді. Бұл өз алдына басы бүтін ел болды деген сөз. Бірақ жеткенімізді желпілдетіп, тарихымызды әлі түгендей алмай, кастерлей алмай келеміз! Оған Желтоқсанды да қосуға болады. Кеше ғана ақ қар көк мұзда жас жүректерін үсітіп, жаңадан көгеріп келе жатқан жас шыбықтай балауса ғұмырларын ауыр шокпарлардың астына салып, миллиондаған адамдар, тұтас бір ұлттар қыңқ ете алмаған Кеңестер империясының әділетсіздігіне жалаң қолымен, сенгіштеу, аңғал, балаң ойымен қарсы тұрған өрендеріміз – «бұзақы, нашақор» атанса, бүгінде сол қайсарлықты ерлікке қимай – «тентектікке» балайтын болдық. Тіпті, Желтоқсан қозғалысына арналған концерт, еске түсіру шараларын «тентектердің ісі» деп санап, ондай жерлерге баруға «жүрегіміз дауаламайтын» болды. Иә, ол күндері тентек қимылдар болса болған шығар. Бірақ олардың бәрі есерлік емес, ессіздік емес, естіліктен туған жоқ па еді?! Елім деген, жерім деген таза ойдан тамырланып, тасты тесіп шықты ғой.

Адам деген қызық. Елі, жері тозып, жан қиналып, басына бұлт үйірілгенде ғана мына жанкешті дүниеде азаттық, теңдік дегеннің бар екенін есіне түсіріп, соған қарай жанкештене ұмтылады. Ал соның бәріне қолы жеткенде баяғы аңсағандарының барлығы аспаннан түскендей тез арада-ақ ұмытып кетуге дейін барады. Мұның қатарына Желтоқсанды да қосуға болады. Оны да айналасы он жылдың ішінде сан сакқа жүгіртіп, өрісін ашпай-ақ қойдық. Тіпті, кейбір пысықайлар Желтоқсан оқиғасын тарих бетінде қалдыруға қарсы шығып, сызып тастауға дейін барып жүр. Мен осы күнге дейін Желтоқсан деп жанын салып жүрген бір адамды білемін. Ол – Мұхтар Шаханов.

...Тағдырдың бұл бір-бірімен сабақтасуын қойсаңшы. Со-  
нау 1987 жылдың қаңтарында марқұм Қайрат Рысқұлбеков  
екеуіміз уақытша оқшаулау орнының тар камерасында осы ақын  
ағамыздың өршіл өлеңдерін кезек-кезек жатқа айтып, өзімізді-  
өзіміз жігерлендіріп жатушы едік. Сонда Мұханның арада бір-екі  
жыл өткен соң-ақ әлі базары тарқамаған Кеңестер империясының  
биік мінбесінен әділдік сұрап үш минут сөйлейтінін, содан кейін  
шыр-пыр болып Желтоқсан оқиғасына жалғыз өзі ара түсетінін  
сезіп пе едік?!

Міне, Мұхаң сол кездері түскен Желтоқсанның тайғақ  
сүрлеуінен осы күнге дейін шықпай келеді. Әрине, ол – ақын.  
Ақын болғанда күшті, өз айтары бар, өзгеше ақын. Кейбіреулер  
сияқты үйінде өлеңін жазып, саясатқа араласпай тып-тыныш  
жата берсе де ешкімнен кем болмай, «ұпайы түгелденіп» өмір  
сүре берер еді. Бірақ кез-келген оқиғаны жүрегіне терең бойла-  
тып қабылдайтын оның ақын жүрегі – мұндай «тыныштықты»  
қаламады. Желтоқсанның шындығына жетемін, Аралдың  
қасіретін азайтамын деп жүгіртті. Тіпті, өз халқының қазанын  
жуамын деген ақпейілдігінің арқасында өзіне «жау» да тауып  
алғандай болды. Әсіресе, Желтоқсан оқиғасына араласамын деп  
өзіне күшті қарсыластар тауып, түрлі дау-дамайдың астында  
қалды. Ақыры бұрынырақта, қиын заманда қырғыз жұртының  
дәм-тұзы бұйырған, өзі дүниеге келгенде есімін алған Мұхтар  
Әуезов ағасы сияқты қырғыз жұртынан бір-ақ шықты. Халқы  
үшін күресетін адам, оның жан дүниесін түсінетін адам, сол  
халқымен барлық азапты да, қиыншылықты да бірге тартса ке-  
рек. Мен бір адамды білемін. Тәуелсіздігімізді алған алғашқы  
жылдарда ол түрлі жиындардан қалмай, «халқым» дегенде жүрегі  
«қарс» айырылатын еді. Соны жақында көрдім. Шетелдің су  
жаңа жүйірінде шіреніп отыр. Осы күйіне жеткізген «халқына»  
жоғарыдан менсінбей қарайды. Ал Мұхаң сол баяғы қалпында  
қалған. Қарапайымдылығы да, кішіпейілдігі де, мейірімділігі де  
– сол қалпы. Қырғыз жеріне кетсе де «желтоқсандықтарынан»  
қол үзген емес. Тіпті, көпшілігіне туған әкесіндей болып кетті.

Міне, осы айтқанымыздың жарқын айғағы ретінде осы  
жақында Бішкек қаласындағы елшілік ғимаратында заманы-

мыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовпен Желтоқсан оқиғасына қатысып, түрмелерде отырып шыққан бір топ жастар мен осы оқиғаны көз алдына әкелетін «Аллажар» көркем-публицистикалық фильмінің түсіруші тобы арасында кездесу өткізді. Ұлылықтың тұла-бойы қарапайымдылықтан тұрады. Шыңғыс ағамыз қазақ жұртынан ат сабылтып жеткен жас замандастарын жарқын жүзбен, жылы қарсы алды. Тағдырдың талай тәлкегін көрсе де есімі шартарапты шарлап кеткен ұлы жазушымен бір үстел басында отырамыз деп ойламаған «желтоқсандықтардың» кенеттен тілдері «байланса», «...мына балаларды бүкіл әлемді жұдырығында ұстаған империяға қарсы шығарған қандай өжеттік, қайсарлық екен?!» деп Шыңғыс аға да таңдана қарағандай болады. Бірақ екі елдің екі түрлі болашақ «тарихтары» бір-біріне құрметпен қарап, көмейден шықпай, көптен бері көңілде жүрген ойлардың көбесі сөгіліп, әңгімелері ағытылды. Өзінің қашанғы ұстамды қалпынан бір танбайтын Шыңғыс Айтматовтың байсалды да салиқалы сөздері біздердің «қомағайлау» санамыздан мәңгілікке орын тапқандай жұтылып жатты, жұтылып жатты...

– Естен шығып кететін тарих болады. Оларды жадына қанша байласаң да тұрмайды. Өйткені, ондайлардың берері де, әсері де жоқ. Ал Желтоқсан – ХХ ғасырдағы біздің халықтардың өмірін күрт өзгерткен терең тамырлы оқиға болды. Әр халық өз тамыр тартқан жерінде көгеріп, гүлдеуі керек. Қазақ халқы да талай қиындықтарды көріп, сол запырандар көкіректеріне жинала берді. Ақыры оның жарылуына Колбиннің келуі себеп болды. Міне, сөйтіп, қазақтың ақ ниеті ақтарыла жарылып, ақ түйенің қарнын жарды. Жалпы алғанда Желтоқсан оқиғасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл ТМД елдерінің тарихында қалатын өзіндік орны бар елеулі оқиға. Өйткені, желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерінде бүгінде жеп отырған тәуелсіздік жемісінің алғашқы дәндері шашылған болатын. Сондықтан да Желтоқсан оқиғасынан сабақ алып, оған әділ бағасын беруіміз керек. Әйтпесе, Колбиннен кейін де Қазақстанның басына тағы да басқа жақтан біреуді әкеліп қоймақ болғанын біреу білсе, көпшілік біле бермейді. Ал шындығында бұл рас сөз. Қайта-

қайта айтып жүріп әзер дегенде бетін қайтардық. Тіпті, менің өзім барып «енді 1986 жылғы қателіктерді қайта жіберсе, одан өткен қырғын болатынын» ескерткенім бар.

Қазір Мұхтар екеуіміз диалог ретінде кітап жазып жатырмыз. Ол кітапта Желтоқсан оқиғасы туралы да сөз болады. Мұхтар сол бір ызғарлы күндер туралы ой қозғаса, мен де оны білгенімше кеңейтіп, сол төңіректе біраз тарата сөйлеуге тырыстым. Жалпы, кітап қазіргі замандастар жайында. Осы кітапты жазу барысында мен Мұхтардың өз халқына соншалықты берілген адал екеніне көзімді әбден жеткіздім. Ол – ойшыл. Болашақта болатын оқиғаны жүрегімен сезе біледі. Сондықтан болар, өз халқына байланысты болатын кез-келген жағдайға үңіле, мазасыздана қарайды. Мұндай адамды қадірлеп, биікке көтере білу керек. Ол ұлттың мақтанышы. Қазақ пен қырғыз ежелден көршілес қоныстанған салт-санасы, әдет ғұрпы, тілі мен діні бір-біріне ұқсас ағайындас, бауыр халық. Тіпті, былай қараған адам екі халықты ажырата да алмай қалады. Бірде грузиннің бір жазушысының «...сіздер қандай бақытты халықсыздар. Көршілес қазақ, өзбектермен тілмашсыз-ақ емін-еркін сөйлесе бересіздер» деп қызыққаны бар. Түсіне білген адамға мұның артында қаншама ой жатыр.

Шыңғыс аға қысқа сөйлесе де нұсқа сөйледі. Кейде сөйлей білетін адамның аузынан шыққан аз сөздің астарында көп ойлардың кені жатады. Бұл жолы да естігеніміз аз болғанымен, түйгеніміз көп болды. Қырғыз әдебиетінің алыбы ғана емес «адамзаттың Айтматовы» атанған ұлы тұлғаның ойлы сөздері биіктеген сайын кеңейе түсетін мына сиқырлы дүниенің сырлы сезімдеріне жетеледі.

Иә, қойлары қоралас, аяқ-табақтары аралас жатқан қырғыз-қазақтың бауырластығына ешқаша сызат түспек емес. Бір анандан туған қос егіздей бір-біріне әбден бауыр басып кеткені соншалық, бірі қиналса екіншісі сүйеу болуға әзір. Тіпті, кешегі Желтоқсан оқиғасы кезінде Алматыда әскери борышын өтеп жүргенде өзіне берілген мақтау қағаздан «Мен бұл бұйымды өздеріңе қайтарамын. Себебі, ол менің үйімде сақталатындай құнды емес. Мен өзімді фашист, не мәңгүрт сезінгім келмейді»

деп бас тартып, кері қайтарған Талайбек Ылаевтың әрекетін азаматтыққа жорысақ, Алматыдағы қанды қырғынды естіген қырғыз жастарының ашу-ызаға булығып, атқа отырғанының өзі неге тұрады! Мұнымен қоймай, кейбір бейпілауыздар Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысқа жармасқанда, тағы да қырғыз туғандардың «аттандап», қазақ бауырларымен иықтасып тұра қалғанына қалай ішің жылымасын. Ондайда өзіңнің жалғыз емес екенінді көріп, еңсең көтеріліп сала береді екен.

...Қас қарая Бішкекті артқа тастаған темір тұлпарымыз жүйткіп келеді. Екі халықтың деміндей алды-артымыздан ұрған тентек самал біздің бетімізді аймалай өбіп, екі елдің ортасында еркелей тербетеді...

*4-желтоқсан, 1996 жыл.*

### **ҚАЗАҚТЫҢ ҚАН ҚАТҚАН ҚАСІРЕТТІ ТАРИХЫ БАР**

Иә, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған адам баласын айыптаудың, жазғырудың, жазалау мен қуғын-сүргінге ұшыратудың ең биік шыңы болған – 1937 жылғы репрессияға биыл 60 жыл болды... Өткенді ой елегінен өткізу қашан да ауыр. Әсіресе, үш ғасырға жуық уақыт бойы Ресей империясының теперішінде тепкі көріп келген қазақ халқы үшін соңғы өткен 73 жыл сондай қасіретті де запыранды, зұлматтар мен нәубеттер кезеңі болды. Сондықтан тарихының әр беті қанға боялған бұл зобаландарды тәуелсіздік туын желбіреткен қазақтың бүгінгі ұрпағының ұмытуға ешқандай қақысы жоқ!

Үстіміздегі жыл бұрынғы «көп ұлтты» Кеңестер Одағындағы жалғыз Қазақстанда ғана – «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып ресми түрде жарияланып отыр. Неге жалғыз Қазақстанда...?! Сонда 30-жылдардағы сталиндік геноцид тек қазақ даласында болғаны ма? Олай болса, 1993 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен алынған «1930–1940 жылдары және 50-жылдардың бас кезінде бұрынғы Кеңестер Одағында 3 млн. 778 мың 234 адам сотталып, олардың 786

098-і атылған» деп «тайға таңба басқандай» анық келтірілген деректерді қайда қоямыз?

...Сөйтсек, қырып-жоюдың ең сұмдығы осы ұлы далада, қазақ жерінде болған екен. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік комитеті берген мәліметтер бойынша осы жылдары Қазақстандағы қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны 101000 адамға жетіп, оның 28-30 мыңдайы ату жазасына кесілген екен. Ал бұл қатып-семген қаралы сандарды басына түсірген ұлттарға шақсақ, қазақ халқының маңдайына ең көбін жазғанын байқау әсте қиын емес. Оған 30-31 жылдардағы ашаршылықты, қуғын-сүргіндерді, қазақ даласына айдалған ұлттарды, «КАРЛАГ», «АЛЖИР» сияқты «Халықтар түрмелерін», ядролық сынақтар полигондарын, жерінің ойран-ботқасын шығарған «тың және тынайған жерлерді игеруді», Арал қасіретін, 1986 жылғы жастар қозғалысын қоссаңыз ...небір зар замандарды көрген тарихтың өзі теңселіп кетері даусыз.

1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шықты. Онда 1917 жылдан 1991 жыл аралығында қудалауға түскендердің барлығы да «саяси қуғын-сүргін құрбандары» болып саналған. Ал негізінде, Қазақстандағы зорлық пен зомбылық 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен басталып, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісімен сабақтасып жатыр. Міне, осы аралықтағы алпыс жыл қазақ халқының, елінің, жерінің ең бір азапты да қасіретті жылдары болды десе де болады. Мұндай қиын-қыстау күндерді қазақ халқы жан-жағынан анталаған жаугершілік замандарда да көрмеген еді.

Сонымен нағыз апокалипсис (ақырзаман) кезеңі қазақ жеріне 1916 жылы келді. Сол жылы патша үкіметі «қазақтан солдатқа адам алмаймын» деген келісімін бұзып, 19-31 жас аралығындағы қазақ жігіттерін майданға окоп қазуға алу жөнінде жарлық береді. Оған қазақ халқы түгелдей наразылық білдіріп, ұлт-азаттық көтерілісіне шығады. Бірақ, бақайшағына дейін қаруланған патша әскеріне төтеп бере алмай, ұрыс даласында 30 мыңдай жігітін қалдырып, Орта Азия мен Қазақстаннан майдан жұмыстарына 250–300 мыңдай (көбісі қазақтар) адам айдалады. Ондағы ұрып-

соғудың, аштық-жалаңаштықтың, ауру-сырқаудың салдарынан он мыңдаған қазақ туған жеріне қайтып оралмады. Ал олардың бос жатқан жерлерін орыс кулактары мен казактар келіп басып ала бастады.

Міне, қазақ жері осындай қысталаң жылды басынан кешіріп жатқанда қан қызыл жалауын желбіретіп Кеңестер үкіметі орнады. Халықтар достығын жырлап, кедей-шаруалардың намысын жыртамыз деп келген оларға халқымыз алғашында сенгендей де болды. Соның өзінде қызылдар мен ақтардың кезек-кезек шауып, тонауынан 1916–21 жылдары шетке 350 мыңдай қазақ үдере көшіп кетті. Азамат соғысынан кейін және төңкеріс жылдарындағы шаруашылықтардың күйзелуі салдарынан, сол 1916–21 жылдардағы ашаршылықтан 800 мыңдай қазақ қырғынға ұшырады. Осылай Кеңестер үкіметінің келуі қазақтар үшін қырғынмен басталды.

Бұдан кейінгі қазақ жеріндегі өзгерістер 20–30 жылдардағы қалыптасқан тоталитарлық жүйелердің қыспағымен, Мәскеудің айтқанымен жүргізіліп, халқымыздың бір бөлігін құрбан етумен жүзеге асырылды. Бұл, әсіресе, малын бағып тып-тыныш жатқан қазақтарды күштеп ұжымдастыру кезінде, 20 жылдардың екінші жартысында анық көрінді. Тіпті, бар билік қолдарына тиіп дандайсыған «белсенділер» 1928 жылдың 27 тамызындағы үкімет қаулысы бойынша байларды тәркілеу кезінде мал мен астық жоспарын асыра орындау мақсатында халықтың қолындағы малын сыпыра тартып алу науқанын аса қаталдықпен жүргізді. Халық санасында «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөздермен қалған бұл қолдан жасалған зорлықтан кейін 1926 жылдарда республикадағы 44 млн. 723 мың 200 бас малдан 1932 жылдары 4,5 млн. бас мал ғана қалды. Халыққа жасалып жатқан бұл зорлық елдің наразылығын тудырып, 1929 жылы – Тақтакөпір, Бостандық, Бетпаққара, Наурызым, Торғай; 1930 жылы – Ырғыз, Шалқар, Қарақұм, Қызылқұм, Шоқпар, Сарқант, Созақ, Ақсу, Шұбар, Талас, Сарысу, Қордай, Өскемен және т. б.; 1931 жылы – Абай, Табын, Қарқаралы, Абралы, Қу, Шыңғыстау, Шұбартау және тағы басқа (барлығы 372) көтерілістерге ұласты. Бірақ халықтың бұл бой көтерулерін қарудың күшімен қан жоса



етіп аямай басқан «қызылдар», тірі қалғандарын «итжеккенге» айдады.

Міне, осылай аз ғана уақыт ішінде күнкөріс малынан, азын-аулақ азық- түлігінен айырылған халық жаппай аштан қырыла бастады. Елімізге орны толмас апат әкелген 1931-1933 жылдардағы аласапыран ашаршылық бүгінгі демографтарымыздың деректері бойынша (әртүрлі мәліметтер келтіріліп жүрсе де) 1,6 млн. қазақтың өмірін жалмаған екен. Ал шетке көшіп кеткені (қайтып оралмай қалғандары 615 мың адам) бар, қуғын-сүргінге ұшырағаны бар 1,5 млн. қазақ атамекенін тастап, босып кеткен. Бұның бәрі қосылып сол ашаршылық алдында 5 млн. 873 адамы бар Қазақстан халқын 70 процентке кеміткен. Тіпті, сол ашаршылық жылдары емшектегі сәбилердің 72 проценті, 7 жасқа дейінгі балалардың 60 проценті қырылып қалған. 1932 жылы тек 68617 жетім балалар үйіне әкелінсе, 1933 жылы 1 қаңтарға дейін 45100 бала панасыз қалып, оның 1682-сі аштан өлген.

Мұндай өте қысқа мерзімде, осыншалықты шығынға ұшыраған халық оған дейін де, одан кейін де адамзат тарихында болған емес. Ал екі қолы білегіне дейін қызыл қанға боялған «қызылдар империясы» өзінің қитұрқы, зымиян саясатын одан әрі жалғастырып, «босап» жатқан қазақ жеріне жан-жақтан басқа ұлттарды қуып әкеліп тоғытумен болды. Мысалы, 1930 жылдары бір ғана Балқаш пен Қарағандыға 190 мың жұмысшы әкелінсе, жаңадан бой көтеріп жатқан құрылыстарға, индустрия ошақтарына 1 млн-ға жуық қоныс аударушылар келіпті. Яғни, қазақ халқы өз жерінде аштан қырылып жатқанда, басқа республикалардан келген адамдар есебінен Қазақстан халқы «толықтырылып» отырған екен.

Одан кейін бұл қырғынды аз көргендей қылышын сүйретіп 37-жылдың қуғын-сүргіні де жетті. Жаңа ғана есін жия бастағандай болған елге бұл соққы да қатты тиді. Қазақтың қамын жейтін нағыз марқасқалары мен жайсандары «халық жауы» болып қаралы тізімге ілікті. Бұл зобалаң Ә.Бөкейханов, Т. Рысқұлов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Асфендияров, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, Б. Майлин, І. Жансүгіров, О. Жандосов сияқты халқымыздың сүт бетіне шығар қаймағындай мыңдаған ұл-

қыздарының өмірін қиды. Екі қырғынды басынан кешіріп әбден тоза бастаған қазақ жері енді «халықтар түрмесіне» айналып, ҚАРЛАГ пен АЛЖИР-да (Акмолинский лагерь жөн ізменников родины) бүкіл Кеңестер Одағынан жиналған «халық жаулары» азап шекті. Бұл Сталин бастаған, Голощекин қолдаған Қазақстандағы «ұлы» қуғын-сүргін 53 жылдарға дейін жалғасты. Сонда да бұл террор жаны сірі халқымызды құртып жібере алмады.

Тіпті, ел басына күн туса барлық қайғысын ұмытып кететін халқымыз кешегі Ұлы Отан соғысында да өшпес ерлік көрсетіп, қан майданда 350 мың ұл-қызын тастап оралды. Ал бұл кезде қазақ жері жан-жақтан келіп жатқан халықтарды бауырына басып, бірігіп еңбек етіп жатқан еді. Атап айтқанда, 1937 жылы сонау Қиыр Шығыстан 95 мың кәріс Сыр мен Жетісу өлкесіне күшпен жер аударылса, 1940–41 жылдары Батыс шекарадан 10,5 мың поляктар, соғыс басталысымен Еділ бойындағы бір миллионнан астам немістің 400 мыңы, 1943 жылы 2 мыңнан астам қалмақ, 30 мыңдай қарашай, 1944 жылы 18 мыңнан аса қырым татарлары мен балқарлар, 310 мың чешендер мен 79 мың ингуштар ата мекендерін суытып, кешіп келуге мәжбүр болады. Оларға қоса гректер, курдтар, түрк-месхеттер, түріктер де мың-мыңдап айдалып әкелінді. Тіпті, ол аздай 1948–56 жылдары «бұрынғы басмашылар мен власовшылар» да осы Қазақстанға жіберілді ғой. Сонымен қазақ жеріне зорлықпен көшірілген халықтар саны бұл кезеңде 974 мыңға жетті. Оның үстіне соғыс кезінде жау қолында қалған қалалар мен елді мекендерден 1,5 млн. адам Қазақстанға жан сақтауға тағы көшірілді.

Міне, осылай қазақ даласы он-он бес жылдың айналасында қуғын-сүргінге ұшыраған ондаған ұлттар мен ұлыстардың «құтты мекеніне» айналып шыға келді.

Бірақ, Кеңестер империясындағы қуғын-сүргін, халықтарды жылы орындарынан күштеп көшіру – «халықтар көсемі» И. Сталин өлген соң да тоқтай қойған жоқ. Коммунистік партияның саясаты ұнамаған, оған қарсы сөйлеген оқымысты азаматтардың көпшілігі қудалауға түсіп, «жындыханаларға» жабылып жатты. Кезінде халқымыздың біртуар ұлдары М. Әуезов, Қ. Сәтпаевтар

да осылай Кремльдің қаһарына ұшырағаны бар. Дегенмен де миллиондаған халықтарды қан-қасқатқан большевиктер империясы өсіп-өркендей берді. Бірақ, «халықтар лабораториясына» айналған Қазақстан олардың көзінен ешқашан тасада қалмады. Соның дәлелі етіп 1949 жылы Семей жерінде ең алғашқы атом бомбасын сынаса, 1954 жылы «тың және тыңайған жерлерді игереміз» деп, елімізде тілгіленбеген жер қалдырмады. Сөйтіп, ұлан байтақ қазақ даласында 20 млн. гектар жер әскери мекемелердің қарауына көшіп, 25 млн. гектар жер жыртылып, егіс алқаптарына айналды. Бұл жылдары Қазақстанға «тың игеруге» келіп қоныстанып қалған басқа ұлттардың саны 2 миллионға жақындап қалды. Оның үстіне Қазақстан Магниткасына – 26 мың, Соколов–Сарыбай комбинатына – 30 мың адам сырттан тағы әкелінді.

Осының бәрі жинала келіп, қазақ халқы өз атамекенінде азшылыққа ұшырап, тілі, діні, әдет-ғұрпы құрып кетуге аз қалғанда, тартқан мекнаттары шегіне жетіп, 1986 жылғы Желтоқсанда бұрқ етіп жарылып кеткен еді. Қазақ халқының үш ғасырлық елі, жері үшін толассыз күресіп келген ұлт-азаттық көтерілістерінің ең соңғысы болған бұл жастардың қозғалысы кеңестік темір құрсауды қақырата жыртып, оның тар қапасында тұншығып жатқан ондаған халықтарды оятып, бостандықтың, тәуелсіздіктің нұрын септі. Алайда осы жерде, өткен жылы ғана 10 жылдығын атап өткен Желтоқсан көтерілісінде қудаланған қазақ жастарын бүгінде кейбіреулер «жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының» қатарына жатқызғысы келмей жүргенін айтпай кетуге де болмайды.

Қазір сол бір қиын-қыстау күндері тағдыр айдап келіп, кең байтақ даламызда табыстырған бірнеше ондаған халықтар, ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бірақ олар өткен күндердің қуғын-сүргіндерін, сталиндік террор мен геноцидтің зардаптарын, азып-тозып келгенде жылы құшағын ашқан қазақтың бауырмалдығын ұмытуға тиіс емес. Сонда ғана қазіргі тұрып жатқан жас мемлекетімізде татулық, тыныштық, бақытты өмір орнайды.

*13 желтоқсан, 1997 жыл.*

## **ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ – «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ» ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖАРАМАЙ МА?**

Қазақстан қазір жаңа қоғам құрып жатыр. Әрине, жаңа қоғамға жаңа идеология қажет. Бұрынғы «социалистік идеологияны» керексіз етіп, келмеске кеткен Кеңестер империясының құйрығына байлап жібердік. Сонда біз дәл қазір қандай «идеяны» қорек етудеміз? Бүгінгі біздер іргесін қалап, қалыптастырған мемлекетіміздің ертеңгі иелерін отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерге тәрбиелеу барысы, олардың рухын көтеру мақсатында көрсетіп жатқан үлгі-өнегеміз қандай дәрежеде? Отанды сүюдің, оған деген құрметтің насихатталуы қалай? Осы бір өзекжарды өткір сауалдар Қазақстанның болашағына алаңайтын әрбір адал азаматты жиі мазалайтыны сөзсіз. Сондықтан да соңғы жылдары жастарды патриотизмге тәрбиелеуде Желтоқсан көтерілісіне байланысты көптен бері көкейде жүрген ойларымды ортаға салғанды жөн көрдім.

Өмір деген жалтыр мұз! Құдай ешкімді құлатпасын. Егер қалт-құлт етіп келе жатқанда сүрініп, не тайып жығылсаң... айналандағы нөпірдің өзі таптап өте шығады. Кешегі 1986 жылдың желтоқсанында дәл солай болған. Сонда Мәскеудің кезекті басынуына қорланып, балапан кеуделерін дүлей күштің алдына тосып, пәк жүректерімен шырылдаған жастарды кім түсініп еді? Көбіміз түсіндік, бірақ іштей жылап, сыртқа шығара алмадық. Кейбіреуіміз түсінбедік, сондықтан да көзіміз қанға толып, онсыз да жандары жаралы жастарды «қылмыскер» деп қаралап, қандарын суша ағызып, ұрып-соғып түрмелерге тықтық. Ал бүгінде барлығымыз да ол күндерді есімізге түсіргіміз келмей, «заман, солай болды ғой» дейміз ақталып.

Иә, ол кезде заман басқа болды... Ал қазір ше?! Сол Желтоқсандағы жастардың әрекеттеріне деген көзқарасымыз өзгерді ме?! Әрине, өзгерген «сияқты»... Бәріміз жабылып оларға жағылған қара күйені жуып жатырмыз. Жазықсыз камалғандарды мерзімінен бұрын түрмелерден шығардық, ақтадық. Желтоқсанның өзін де «оқиға» деген тар қапастан шығарып, «көтеріліс» деген кең мағына бердік. Қаптатып кітап-

тар, мақалалар жазып, фильмдер түсіріп, жас ұрпақтың елін, жерін сүйіуіне үлгі ете бастадық. Бәрі дұрыс. Түптің-түбінде ұлт болып ұйып, болашағына еміренетін халық өткеніне тағзым ете білсе керек. Бірақ кейде біздер сол бір қастерлі күндерімізді насихаттаймыз деп «байқамай» күйе жағып алғанымызды сезбей қалудамыз.

Мысалы, арғы жылы бүкіл ел болып Желтоқсанның 10 жылдығын атап өтіп, жас ұрпақтың санасына оның рухын, тарихи маңызын құя алмай жанталасып жатқанымызда, бір журналист ағайынымыз әр жерден естігендерін өсіріп, «Желтоқсандықтар бірін-бірі орденге ұсынып жатыр екен. Сонда олар алаңға орден алу үшін шыққаны ма?» деп бүкіл республикаға жайып жібергенде, не дерімізді білмей амалсыз бас шайқаған едік (Ал шындығына келгенде, біздің Қайрат пен Ерболды «Халық қаһарманына» ұсынғанымыз рас еді. Бірақ оның несі айып?!). Дегенмен де бұл «хабар» өсіп келе жатқан болашағымыздың жүрегіне «дық» ете қалыпты. Өйткені, кездесуге барған мектептердің көпшілігінде желтоқсандықтардың алдынан «алаңға не үшін шықтыңыздар?» деген сұрақтар шығыпты. Сөйтіп, оқушылардың қасиетті желтоқсанға деген көзқарастары екіге бөліне бастағанға құсайды. Ойланбай жазылған жоғарыдағы сөздерден кейін «ұлттық намыс, ата-баба рухы алып шықты» деп айту қандай қиын!

Шынымен-ақ, сонда алаңған үшін шықтық?! Бұл сұрақтардың жауабы он екі жыл бойы жазыла-жазыла жауыр болған жоқ па? Тағы да әлгі оқушылар алдында «ақталғанымыздай», «халық, ел қасіретіне тосқауыл қойғымыз келді» деп қақсаймыз ба?! Дүниеде өзінің істегенін айтып, «өйттік, бүйттік» деп мақтанғаннан өткен ауыр нәрсе жоқ екен. Ал ақиқатына келсек, ол күндері жастарды алаңға шығарған, кішкене болса да жүректерін тырнаған, ұлттық сезім мен намыстарын көтерген – ата-баба рухы екенінде дау болмаса керек. Өйткені, жастар алаңға кездейсоқ немесе «қызық көру» үшін барған болса, онда неге жиырма градустық аязда дірдектемей, жазалаушылардың таяғын жеп екі күн ызғырық атқан далада жүрмей, «жып-жылы жатақтарына» қайтып кетпеді?! Оның үстіне олардың ойлары

адал болғанымен, алды бұлыңғыр, болашағы күңгірт болатын. Тіпті, сол ызғарлы шақтың өзінде жазатайым қолға түссе – қудаланып, сотталып, құрып кететіндерін барлығы да сезген еді. Сөйте тұра, ертеңгі тартар қиындықтарын, аяусыз жазаланатындарын біле тұра, ел намысын өздерінің қарақан бастарынан биік қойып, ештеңеден қаймықпай алаңға шыққан жоқ па? Олай болса, әлі күнге жазылмаған жарамызға «алаңға не үшін шықтындар?» деп тұз себе берудің жөні қайсы?! Егер сол бір ауыр күндерден кейін жылымық кезең келіп, еліміз Тәуелсіздігін алмағанда – ол жастарымыз әлі күнге түрмеде шіріп немесе біржолата құрып кетер ме еді, кім білсін?! «Аққа құдай жақ» деген осы да.

...Шүкір, қазір егеменді ел болдық. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатыр. Желтоқсан қозғалысының да ақ-қарасы ажыратылып, Тәуелсіздік жолындағы үш ғасырлық күресіміздің алтын әріппен жазылған бір бетіне айналды. Осыдан екі жыл бұрын Президентіміздің өзі «Желтоқсан» қозғалысының бір топ өкілімен кездесуде «Желтоқсан көтерілісін жас ұрпақты Отанды сүйеге, патриотизмге тәрбиелеуде үлгі-өнеге етіп көрсету керек» деп еді. Міне осылай, оны Президентіміз бар, бүкіл халқымыз бар, бәріміз жабылып жүріп өсіп келе жатқан ізбасарларымызды ұлттық рухта тәрбиелеуге пайдалана бастадық. Бірақ кейде сол қасіретті күндерімізді қолдаймыз, қорғаймыз деп жүріп, жоғарыда келтіргендей кейінгі жастардың бойына екі ұдайы ой, басқа көзқарас қалыптастырып, Желтоқсанды көкпарға сала бастадық.

Үстіміздегі жылы жастарымыз сүйіп оқитын бір газетте «Саусақ санар кез бола ма?» деген кішкене ғана хабар жарияланды. Онда Иран Ислам республикасында ұрлық істегендердің қолдарын кескендерін хабарлапты. Дұрыс-ақ, делік. Қылмыскерге аяушылық болмауы керек. Бірақ... Хабардың үстінде, тақырыптың астында Желтоқсан көтерілісі жайында түсірілген «Аллажар» фильміндегі бас кейіпкер Азаттың қылмыскерлерді таситын машинадан (автозак) түсіп келе жатқан суреті басылғанын көргенде, «эттеген-ай, байқамай қалған-ау» деп өкініп қалдық. Өйткені, Азат дегеніміз желтоқсанға қатысушы жастардың жиынтық бейнесі, кеше ғана «Халық қаһарманын» алған

Қайратымыздың көркем образы еді ғой. Оның ана кәнігі ұрыларға қандай қатысы бар?! Одан басқа сурет табылмағаны ма?! Газеттің сол санын алып келген мектеп оқушылары «Мына суреттегі Қайрат аға емес пе?! Ол неге қылмыскер?! Оның неге қолын шабу керек?!» деп, аңғал да пәк жанарларымен фильмді қоюшы-режиссер Қалдыбай Әбеневке қарағанда, ол не деп жауап берерін білмей қалыпты.

Міне, кішкентай бір қателіктің өзі қаншама көзқарас тудырып, жасөспірімдердің санасын қалай шатастырып тастаған! Жарайды, оны да «абайсызда кетіп қалған ғой» деп ұмыта бастағандай болып едік, тағы да сол газетте «Тондырды мені желтоқсан желі ызғарлы...» деген мақала жарқ ете қалды. Айдарын «ойтүрткі» қойған соң, оқырман тастап кетпейтіні белгілі. Оның авторы Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін сотталып келген бір жігітті «мысалға» ала отырып, бүкіл желтоқсандықтарға реніш білдіріпті. Әрине, ол «сенсация» іздеп, осыдан екі жыл бұрын ғана желтоқсанның 10 жылдығында «жер көкке сиғызбай мақтаған» жігіттерді, енді – «желтоқсан науқаны өтіп кеткен соң, неге жамандамасқа» деп ойлаған да шығар. Сондықтан да мақаласын тап бір «ұлттық қасіретке» кездескендей таусыла отырып жазыпты. Ал, желтоқсанда алаңға шығып, түрме тозағын тартып, аяусыз соққылардың астынан келген бір адамның күйкі тіршіліктің ықпалымен жасаған пендешілігін бүкіл елге жайдық. Одан не ұттық?! «86-ның ызғарлы желтоқсан желіне тоңғандардың арасында ұлт намысы үшін емес, өз қарақан басы үшін шыққандар да бар екен» дегеніміз бе, бұл?! Онда неге әлгі «қуәлігін көрсетіп, ежірейген жігіттің» басынан соққы алып, миына зақым келгенін, қазір ми-сүйек жаракатымен (черепно-мозговая травма) ауыратынын жазбаған.

Көрдіңіз бе, осылай бір ғана мақаламен Желтоқсан көтерілісінің (автордың жазып отырғанындай «ұлы оқиға» емес. Оқиғаның «ұлысы» болушы ма еді?!) ашылып келе жатқан аспанына қара бұлтты қайта төндіріп жібергенімізді байқамай да қалдық. Оны оқыған жастарымыз Желтоқсанның мәні мен маңызын қайтсін, «оқиғаға» қатысқандардың барлығы да жоғарыдағы мақалада жазылғандай «...қанға боялған, елдігін қорға-



ған жастардың намысын қара базарға салып жатса...». Осыдан кейін Желтоқсанды, оған қатысқандарды ертенгі ұрпаққа қалай үлгі-өнеге етеміз?! Әрине, мақалада жазылған жігіттің іс-әрекетін ешкім де қолдамайды. Бірақ бір адаммен бүкіл Желтоқсанға көлеңке түсіруге болмайды ғой. Атамыз қазақ та «Жаманыңды жасыр, жақсыңды асыр» деген жоқ па?! Бір-бірімізді жамандай берсек, күллі халықтан жақсы адам таба аламыз ба?!

Одан әрі әлгі «ойтүрткінің» авторы Қайраттың анасының «Алматыға эзер жеткенін де» (Президент қолынан ұлына берілген «Халық қаһарманы» атағын алуға келгенде) желтоқсандықтардан көріпті. Ал ол бұл жігіттердің Қайраттың әлі ақталмай тұрған кезінде оның ауылына, сонау Мойынқұмға жылына екі-үш барып-қайтып тұрғанын, оның артында қалған ата-анасы мен бауырларына рухани демеу болғанын, Қайраттың ақталуына, одан кейін «Халық қаһарманы» атануына өз үлестерін қосқанын біле ме екен?! Оның үстіне сол жылдары бірен-саран азаматтардан басқа Қайраттың жанұясының хал-жағдайын кім ойлапты?! Тіпті, Қайрат «желтоқсандықтарға» ғана тиесілі ме?! Ол енді елдің, халықтың ортақ ұлына айналған жоқ па?! Онда неге батырдың анасын Алматыға әкелу ауылдастарының, жоғарыдағы аудан, облыс басшыларының басына келмеген?! Әлде «желтоқсандықтарды шетінен ақшасы қалтасына сыймай жүрген байлар» деп ойлай ма екен?! Онда қателескен. Олардың барлығы түрмеде тартқан азаптарынан тапқан ауыруларымен есепте тұратынын, емделуге ақша таба алмай жүргенін несіне жасырамыз. Тіпті, төрт-бесеуінің қанша ғұмыры қалғаны қазірдің өзінде белгілі болып отыр. Ал алған пәтерлері жоғалтқан денсаулықтарының, заңсыз сотталғандарының, рухани зардап шеккендерінің заңды өтемі болатын. Оны да әріптесіміз «Желтоқсанда алаңда болғанын алдыға тартып, жеке басының мүддесіне пайдалануда» деп қате түсінген.

Сондықтан қандай тақырып болмасын жазғысы келген адам әр нәрсенің байыбына барып, зерттеп- зерделеп барып қаламды қолына алуы керек-ау. Әйтпесе, кейбір журналистер өзінің алдына қойылған міндеттерін түсінбей, ойына келгенін жаза салатын болып жүр. Мысалы, орталық басылымдарда Желтоқсан

тақырыбын жиі-жиі көтеріп жүрген белгілі қаламдасымыз арғы жылы «Жалын» журналына 86-ның ызғарлы күндерін тебірене жазып, оның тарихи маңызына жоғары баға бере келіп, аяқ жағында «Жаңа қоғам жаңа қажеттілікті туындатады. Осыған орай еліміздің идеологиясында «Қазақстан патриотизмін қалыптастыру» идеясы өмірге келді. Бірақ, қазір осының өзі мимырт тірліктің көлеңкесінде қалып қойды. Кешегі елім деп шыққан желтоқсандық жастардың жаңа патриотизммен үндестігі жарасым таппады. Сонда «қазақстандық патриотизмді» іс жүзіне асыратын түпкі діңгегіміз қайсы? Бұл жағы да жұмбақ әлі» деп қойып қалады да, осыған дейін бүкіл қазақ журналистері әзер дегенде жуып-тазартқан, өзі де насихаттап жүрген желтоқсанның мән-мағынасына өзі қарсы шығады. Сөйтіп, ұрпақ тәрбиесінің өзегіне айналатын «діңгекті» тас қараңғылықтан іздейді. Мұның өзі журналистке кешірілмейтін саяси сауатсыздық емес пе?

Қысқасы, баспасөз – жаңалықтар жаршысы ғана емес, жастарымызға ұлттық рухты сіңіретін, болашақта елін, жерін қорғау үшін ештеңеден тайынбайтын қасиетке баулитын тәрбиешісі, саяси мінбері болуы қажет. «Бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы» деген сөзіміз де түптің-түбінде осы қазақ деген елдің қамы мен болашағына келіп тіреледі. Сондықтан да кешегі Желтоқсан көтерілісі кезінде ұлтымыздың рухын көтерген аға-апаларына қарап бой түзейтін іні-қарындастарымыз да ертең-ақ елінің қамын жейтін болады. «Болатын ел бірін-бірі батыр дейді» деген ата-баба қағидасын естен шығармайық!

*1-желтоқсан, 1998 жыл.*

## «ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ ЕШҚАШАН ӨЛМЕУІ ТИІС...»

... Көз алдымнан сағымданып, буылдыр тартқан қыстың ызғарлы сәттері біртіндеп өтіп жатыр. Өтіп жатқан жоқ, сол күндердің елестерінің ішіне түсіп кеткендеймін. Айналаның бәрі айқай-шу, қандары басына шапшыған жас-тар, шаштарынан сүйретіліп, шыңғырып бара жатқан қыздар, арпылдаған қабаған иттер, өткір жүздері жиі-жиі аспанда жарқылдаған сапер күректері... бәрі-бәрі мені қайтадан өткен күндердің иіріміне тартып әкеткендей. Қаниша бұлқынып, жан-талассам да шыға алар емеспін. Санамды сағымдап, кеудемді қысқан көріністердің босататын түрі жоқ. Осылай өзімнен-өзім қалшылдап, дірілдеп, сонау көз ұшында қалған күндердің құрсауынан шыға алмай отырғанымда... төбедегі шамдар жарқ ете қалды. Сонда ғана өткеніне бар болғаны он үш жыл толған сол бір қысталаң күндерге байланысты түсірілген фильмді көріп отырғанымды сездім. Бар сезімдерім сол жақта қалғандай, құр сұлдерімді игере алмай, санам сандырақтап өзіме-өзім келе алсамшы. Онсыз да күнделікті күйкі тірліктен әбден запы болған басымды жалмауыз ойлар жабыла жеп жатыр. Көзімнен тарамдала аққан жасты қаниша сұртсем де құрғайтын емес, он үш жыл жиналған көңілдің қара бұлтындай төгіліп жатыр, төгіп жатыр...

...Бұл біздер, тез ұмытқан Желтоқсан қасіретін көз алдынан кетіре алмай сегіз жылдай арпалысқан кинорежиссер Қалдыбай Әбеновтың армандарымен бірге қашқан, ыстығына күйдіріп, суығына тондырған «Аллажар» атты көркемсуретті-публистикалық фильмі болатын. Алла-жар... Иә, сол күндері бәріміз де бір құдайға сыйынып, алла жар болсын деп алаңға шықпап па едік?! Ғасырлар бойы жабысқан тағдыр тәлкегіне жұлқына ұмтылып, тастай қараңғы айналамызды әлі сөне қоймаған ұлттық рухымыздың шоғымен көсеулеп жап-жарық етпек болып, балапан үмітімізді қатыгез заманның тырнағына апарып іліп едік. Сондықтан болар, бұл дүние біздің жүрегіміздің сонау түкпірінде шайқаусыз жатқан сезімдерімізді тербетіп көз алдымызға көлкілдетіп әкелгендей, он үш жыл бойы сыртқа

шығара алмай жүрген запыран ойларымызды «Аллажар» боп ақтарып тастағандай...

Кейде біздер өткен күнде белгілі болатынын, ерте ме, кеш пе көз алдыға келетініне онша көп мән бере бермейміз. Міне, осы жаман қағидаға берілгеніміз соншалық, Желтоқсан «оқиғасын» да аз жылда құрдымға итеріп жібере жаздадық. Алғашында 1986 жылдан қалған жан жарамыз сыздап, біраз жылдай ашына айқайлатып барып басылды. Тіпті, әншейінде абайлап сөйлейтін телерадиомыз – «желтоқсанды» жақтары талғанша айтып, су шыққан жерді сөзбен одан әрі қазып шөлге айналдыратын баспасөзіміз олардан асып түсіп, желтоқсанның жыртық шекпенін сау-тамтығы қалмағанша қаққылап «айыздары» қанды. Сөйтіп, қасиетті желтоқсанның өзімізге керегін сүліктей сорып алып, қалғанын өткеніміздің күл-қоқысына лақтырып жібердік. Ана ызғарлы күндер туралы жазылған кітаптарымыз бен түсірген фильмдеріміздің дені кезекті науқанға айналдырып жіберген сол «алғашқы бесжылдықтың» шикі жемістері болатын. Ал соңғы алты-жеті жылда бұл күндерді еске алғанымыз былай тұрсын, жылына бір келетін 17 желтоқсанның өзін «жетім баланың тойындай» етіп өткізіп жүргенімізді кімнен жасырамыз?

Осылай аптығымыз басылып, қызуымыз қайтқан кезде, осыдан үш жыл бұрын сол бір қайсар мінезімізді есімізге қайта түсіріп, өткен күндердің ызғарына батырып алған «Аллажар» фильмінің Желтоқсан бұлқынысын қайта баяндаған дауысы естілді. Рас, бұған дейін ызғары жүрегімізден өшпеген, таңбасы сүйегімізден кетпеген 86-ның қытымыр Желтоқсанына тікелей арналған көркем дүние жарыққа шықпағаны белгілі-тін. Кино-режиссер Т. Теменовтың түсірген «Қызғыш құсы» ол оқиғаны жанамалай ғана айтып, оқиғаның өңін ашып, бояуын қанық етіп көрсете алмап еді. Ал сегіз жыл бойы тынбаған ізденістер мен толғаныстардан туған «Аллажар» 1986-ның қанды сойқанын көз алдыға келтіріп қана қоймай, шала бықсыған ұлттық сезімімізді қайта тұтатқандай, ескі жараның орнын сыздатып, жылдар өтінде қалып қойған Желтоқсанның ызғарына қарай лақтырып тастағандай болды.

Өнер – әрқашан да өз халқына қызмет етуі керек. Сол өнер туындысы арқылы оның жасаушысы ұлтының асыл қасиеттерінің

мәлдір бастауын ашу арқылы көрсете білуі қажет сияқты. Бұл, әсіресе, XX ғасырдағы адам санасын тұтқынға алған кино әлемінде таптырмайтын қасиет. Ал қазіргі біздің кино-режиссерлеріміздің көпшілігі ұлтының тарихына терең бойламай, тек жағасында шалпылдатып өтеді де кино түсірген болып жүр. Содан барып кейінгі қазақ көркем дүниелері қазақты халықтың қоры, ақымақтау, жатыпішер жалқау етіп көрсетуді «әдетке» айналдыра бастағандай. Осыдан болар Сочиде өткен кинофестивальда «жеңімпаз» атанған бір қазақ фильміне құнына түк те келмейтін қалайы қуыршақты тапсырып тұрған қазылар алқасының төрағасы «...қазақ болып тумағаным қандай жақсы болған» деп мысқылдай күлгені. Сөйтіп, қазақ киносы арқылы – қазақ халқына топырақ шашылып, рухы аяққа басылды... Бабаларымыздың «жақсы жерімізді асырып, жаман тұстарымызды жасырып» ұстайтын ерекше қасиетін елемедік. Содан барып, өзіміздің өзіміз абыройымызды төгіп, басқа жұрттарға мазақ еттік...

Тіпті, халқымыздың беделін көтеретін фильмдерге өзіміз қарсы шығып, алдына сұлап жатып алдық. Арыға бармай-ақ, осы «Аллажарды» түсіру барысында Қалдыбай Әбеновтің өзі қаншама қиындықтарға кезігіп, қорлықтарды көрмеді десеңші... Қазақтың ата жауларын мақтаған фильмдер түсіріліп жатса, мұндай аяқтан шалулар мен тасада тұрып тас атулар болмайтын шығар. Әйтеуір өзімізді аяқтан тартуды қоймайтын болдық қой. Желтоқсанға жасап жатқан қысастықтарымыз аздай, енді бар «жазығы» сол қасіретті күндерді кино тілінде сөйлетпек болған Қалдыбайдың соңынан шырақ ала түстік-ау. Неге екенін қайдам, Желтоқсанды «өгей баладай» көріп, өшігіп алдық. Әйтпесе бір фильмді түсіру үшін сегіз жылдай уақыт кеткенін естіп көріп пе едіңіз? Ең қасіреттісі – осының бәрін жасап жүрген басқалар емес, өз қазағымыз болды ғой. Ұлтымыздың кірлеген қазанын өзі де жумайтын, басқаларға да жудырмайтын жоғарыдағы «қамқоршыларымыз» сүрініп-қабынып келе жатқан «Аллажарды» сүйемелдеудің орнына, кеудесінен итеріп төрт рет жауып тас-таса, өнеріміздің, мәдениетіміздің көзін ашатын әртістеріміздің кейбіреулері ұлтымыздың рухани байлығынан ақшаны жоғары

койды. «Аллажарға» үкіметтен бір тиын түспегенін, оны Қалдыбай Әбенов халықтан тиындап жинап, әр түрлі фирмалардан қайыр сұрағандай болып жүріп алғанын біле тұра, ауыздарын ашса болды ақша сұрап, жағасына жармасты-ау. Титімдей бір ұлттық сезім, «эй, Желтоқсан оқиғасы туралы фильм екен ғой» деген жанашырлық болсашы. Тіпті, оны айтпағанның өзінде алған ақшаларына арақ ішіп, кино түсіруге уақытында келмей, ақылары төленіп қойған техникалар мен адамдарды күттіріп, бар жұмыстың быт-шытын шығарып, алтын уақытты айырып тастағандарды көргенде көзіне құм толып, құлағыңа тас кіргендей болады екен. Әрине, мұндайды басқа біреу айтса сенбес те едім, егер дыбыс жазу кезінде қазақтың дыбыс операторы болып істейтін бір жігітінің қайта-қайта ішіп келіп, алдында ғана жап-жақсы жазылған дүниенің үстіне басқа сөздерді жазып қаншама ақшаны желге ұшырғанын көрмесем. Бұның бәрін қайта орнына келе қоятын кемшілік емес, күннен-күнге белең алып бара жатқан қасірет. Ұлттық өнеріміздің дамуына қарсы сілтенген қастандық!

Кейде ойлаймын, осының бәріне сегіз жыл бойы шыдап жүрген Қалдыбайдың төзімі не деген сірі еді деп?! Әйелі, кішкене қызы үшеуі пәтер жалдап жүрсе де, кино үшін қалтасындағы соңғы тиынын беруге дайын екенін көргенде таң қаламын. Басқа режиссерлер астарына машина мініп шырт түкіріп зырлап бара жатса, бұл сол баяғы үстінен тастамайтын көне костюм мен шалбарын сүйретіп жүгіріп жүргені. Мұндай халқына, еліне деген шексіз махаббат, өз ісіне деген берілушілік екінің бірінде бола бермейтін қасиет қой! Ендеше неге осындай азаматтарымыздың абыройын аспандатпасқа, алақанға салмасқа?!

...Адамға мұндай қасиет жол-жөнекей жабыспаса керек. Бірақ жүрегі қалаған өнерді әркім өзі іздейді. Сондықтан болар, бірнеше рет жолы болмаса да, алған бетінен қайтпаған Қалдыбай Әбенов арманын алға тосып, 1981 жылы Москвадағы Бүкілодақтық Мемлекеттік киномотография институтына түседі. Онда атақты кинорежиссер Юрий Николаевич Озеровтың («Азаттық», «Бостандық солдаттары», «Москва үшін шайқас» т. б. фильмдердің қоюшысы) класында сабақ алып, 1986 жылы

ойдағыдай бітіріп шығады. Оның айқын дәлелі ретінде, курстық фильмдері 1984–85 жылдардағы Москва мен Чехословакияның Карлово-Вары қалаларында өткен халықаралық студенттік фестивальдерге қатысқанын айтса да жеткілікті. Шәкіртінің алғырлығы мен білімділігін байқаған Ю. Н. Озеровтың өзі бірнеше рет оны Москвада алып қалуға тырысты. Бірақ, өз халқына деген адал махаббаты «...қазақ киносын көгертемін» дегізіп, туған жерге сүйреді.

Әлі есінде, ұстазы Ю. Н. Озеров «Москва үшін шайқас» фильмін түсіріп жатқанда қаптап келе жатқан неміс танкілерін көрсетіп, солдат киімінде тұрған Қалдыбайға «...ана танкілерден қорқып қаш!» дегенде, жүрегінде кептелген намыстары жарылып кетіп «...киноға мыңдаған адам түсіп жатыр. Ішіндегі жалғыз қазағы мен екенмін. Оның үстіне қорқақтық көрсететіндей біздің қазақтың қандай жазығы бар. Москваны қорғаушылардың ең бастылары, нағыз батырлары қазақтар болмады ма?» деп айқайға басыпты. Ақыры не керек, сол фильмде үстінен шырқобелек айналған неміс танкісінің соңынан гранатасын лақтырып «ерлік» жасаған эпизодты шығарған осы Қалдыбай болатын. Еліңе, халқыңа деген шын махаббат – сөзіңнен ғана емес, осындай көп ескерілер ісіңнен жинақталады.

Осылай барлық үйренген өнерін, күш-қайратын еліне бермек болып, «алақанына түкіріп келген» Қалдыбайды туған-жерінде ешкім елеп-ескере қоймады. Бірақ әрқашан тынбайтын, өз ісінен шаршамайтын ол да қарап жатпады. 1987 жылы «Байқоңыр» атты балалар киностудиясын ашып еді, ол қаржы бөлінбеудің салдарынан тоқтап қалды да, сол жылдың аяғында «Алтын бесік» (кейіннен ол «Мирас» аталып кетті) киностудиясын ашты. 1988–89 жылдары «Шәкәрім» атты 27 минуттық деректі фильм жасап шығарды. Осы жылдары Шәкәрім атаның ауылы Қарауылдан келсе, үйінде «Аллажар» фильмінің сценарий жазушысы екен. Бірақ онда жастарды қылмыскер етіп көрсеткендіктен, қайта жазуға мәжбүр болады. Ол үшін Желтоқсан қырғыны мен түрме торларынан өткен қыз-жігіттерді іздеп табу керек еді. Міне, сөйтіп осы «Аллажар» фильмін бастау барысында, 1989 жылы «Желтоқсан» ұйымы дүниеге келді.



Желтоқсан оқиғасының басталуы да, оның ақталуы да өте ауыр болды. Тіпті, осы күнге дейін бұл тақырып жөнінде әртүрлі алып-қашпа пікірлер айтылып жүр. Сондықтан болар, Желтоқсан оқиғасына тікелей арналғандықтан «Аллажардың» да жолында кедір-бұдырлар көп кездесті. 1990 жылға дейін-ақ оны жоғарғы жақтан үш рет тоқтатқан соң, Қалдыбай Әбенев «Барыс» деген киностудиясын ашып, аяқсыз қалған фильмін түсіруді қайта бастады. Сол кезде оған ең алғаш қолдау көрсетіп, көмектескен Еділжан Құлсартов, Нәсімолла Құрманбаев, Бекболат Хамзин, Ерболат Төлегенов, Болат Байғабатов, Арғын Рахиманов және Жетібай Әбенев сияқты қазақтың қызу қанды жігіттері болатын. Бірақ, 1992 жылдың аяғында «сом аймағының» тоқырауы кесірінен және «Қазақфильм» киностудиясының басшыларының кедергі жасауының арқасында барлық жұмыстар қайтадан тоқтайды. Тағы да көрген қорлықтар, етектен тартқан ерсі қылықтар... Айтуға, тіпті, тіл-аузың бармайды екен. Сөйтіп жүргенде 1994 жылы «Матай» корпорациясының президенті Жанат Дүзбаевтың азаматтық қолдауының арқасында «Аллажардың» екінші демі ашылып, 1995 жылдың желтоқсанында көп қиыншылықтармен ақыры толық түсіріліп бітеді.

Міне, осылай өзінің алған бетінен қайтпаған, өз халқының өткеніне немқұрайлы қарай алмаған ойлы азамат сегіз жылға созылған өнер соқпағында талай рет бөгелсе де, ойлағанына жетіп, өткенімізді киноөнерімен сабақтастырып, үзілгелі тұрған Желтоқсан жаңғырығын қайта жалғастырып әкеткендей. Фильмде өткен күндеріміз көз алдымыздан көрініс болып өткенімен, ондағы қым-қуыт оқиғалар санамызды сілкіндіріп, көңілімізді қопарып тастайды. Осы жасалған дүниесі арқылы-ақ Қалдыбайдың қазақтың терең тарихы мен салт-дәстүрлеріне барынша үніліп, Желтоқсан көтерілісі төңірегінде көптеген құнды деректер жинағанын байқайсың. Әсіресе, фильмнің желісі шыбын жаныңды арамен шымырлата кескендей тіксіндіре отырып өз құрсауынан босатпайды. Қоюшы-режиссердің шеберлігінің арқасында ондағы араласа берілген деректі материалдар мен көркем дүниелер бір-бірімен жымы білінбей астасып, көрермендеріне ажырата алмайтындай етіп тастаған.

Сондықтан болар «Аллажар» басталғаннан-ақ сені 86-ның ызғарына топ еткізіп лақтырып тастайды да, аяғына дейін дірілдеп отырғаның...

Әрине, 235 минуттық 23 бөлімнен тұратын қазақ басына түскен ауыр күндерді бір деммен көріп шығу өте қиын. Бірақ, фильмнің өн бойында өрілген оқиғалар өз басыңнан өтіп жатқандай сезініп, кейіпкерлерімен бірге алаңда да, қала сыртындағы қоқысқа «төгілгендей» әсер алып, булыққан ашуынды эзер басып отырасың. Әсіресе, басты кейіпкері Азат (актер Ақан Сатаев) бейнесі арқылы сіз де «Брежнев» алаңындағы барлық қырғынды көріп, тұтқында, тергеуде, түрмеде болып, Желтоқсанның барлық тамұқ жолдарынан «өтесіз». Алайда, Азат образы – Желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұлбековтың тағдырына ұқсас болғанымен, фильм 86-ның ызғарында жазықсыз жазалы болған жастардың жинақталған бейнесі ретінде берілген. Сондықтан да «Аллажар» осы жағынан құнды да. Және ол мағынасы әсерленіп Желтоқсан қырғындарын дәл көрсете алған. Ондағы жан дүниесі таза жастардың іс-әрекеті мен қимылдарынан, ойлары мен үміттерінен – қатыгездік пен адамгершілікті, айуандық пен адалдықты, жауыздық пен сүйіспеншілікті таразыға тартқандай пайымдауға болады. Әрине, бүкіл фильмнің өн бойын жазып шығу тіпті мүмкін емес. Одан алған әсеріңді аз сөзбен де жеткізе алмайсың, тілің бұратылып айта алмайсың.

*...Қабырғасы қатпарланған түрме камерасы. Жаңа ғана тамаққа қосылған удан дөңбекшіп жатқан Азат. Басында осының бәрін алдын-ала білсе де, өзінің де адам екенін ойлап, кез-келген сәтте Азаттың орнында болатынын сезгендей Влас тұр. Бірақ, бәрін де қайта бастауға болмайды... Өйткені, көз алдында қайта-қайта өліммен алысып жатқан Азат... жан тәсілім берді. Сонда ғана өзінің бар күнәсін сезінгендей (6 рет сотталған қылмыскер болса да) Влас та жаратқаннан кешірім сұрап жалбарынууда. Кенет... Азаттың қолы қимылдап, қайта тірілгендей белгі білдірді...*

*«Азат бейнесі – жүздеген жылдар бойы жойылмай келе жатқан қазақтың рухы. Ал қазақтың рухы ешқашан*

*өлмеуі керек», – дейді өзі түсірген фильміне ойлана қараған Қалдыбай.*

*Иә, Жұбан ағамыз айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың рухы өлмеуі тиіс қой!*

*3-желтоқсан, 1999 жыл.*

## **ТӘУЕЛСІЗ ҰРПАҚ ЖЕЛТОҚСАННАН РУХ АЛАР**

Кез-келген бұқара толқуын ұлттық рухты қамшылаған намыс тудырады. Бірақ, өкінішке қарай, біз соңғы жылдары рухымызды көтерген сол бір намыс толқынын жадымыздан шығара бастағандаймыз. Содан болар, қазір желтоқсанның ызғарлы күндері жастарды алаңға «еріккеннен» немесе «қызық көру» үшін барды деген қате түсінік қалыптасуда. Тіпті, бүгіндері бізге «...алаңға не үшін шықтыңдар?» деген сауалдар жиі қойылатын болып жүр. Әрине, КСРО-ны құлатып, тәуелсіз қазақ елін құру ол кезде ешкімнің де ойына келген жоқ болатын. Бірақ, алаңға шыққан жастардың көпшілігі Орталықтың кезекті озбырлығына, басынуына шыдай алмай, кеудесін намыс оты күйдірген соң ашу-ызамен барды. Ендеше, жетпіс жылдай уақыт бойы ешбір халықты «мен» дегізіп бетіне қаратып көрмеген кенестер империясының шешіміне қарсы шыққан жастарда намыс жоқ деп айтуға қалай ғана ауыз барады? Мейлі, олардың дені «басшылыққа басқа ұлт өкілін әкеліп, тағайындағанға» наразы болып шықты делік, соның өзі олардың кеуделерінде кішкене болса да ұлттық сезімнің бар екендігін байқатпай ма? Мысалы, мен сол күндері өз жеке басының қамын ойлап немесе «оқудан шығып қалармын» деп қашып-пысқандарды жақсы білемін. Міне, соларда жоғарыдағыдай қасиет бар деп айта аламыз ба? Жоқ! Өйткені, ұлтына жаны ашымаған ондайлар ертең қаракан басын ойлап, мемлекет мүддесіне де жандары ашымайды ғой...

Соңғы елу жылдағы қазақ тарихында халқымызға үлкен рух берген осы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі мен 1991 жылғы Тәуелсіздігіміз екенінде дау жоқ. Оның үстіне бұл екі

тарихи оқиғаны бір-бірінен бөліп тастау – тіптен мүмкін емес. Өйткені, 1986 жылғы желтоқсан мен 1991 жылғы желтоқсан аралығындағы бес жылда біз қуғындауды да, айыптауды да, жазалауды да көп көрдік және оң-солымызды таныдық. Бұрындары айта алмай жүрген іштегі запыран ойларды сыртқа шығарып, өз ар-абыройымызды қорғауға көштік. Бұл – жетпіс жыл бойы аузы «буылып» келген халық үшін үлкен өрлеу болатын. Бірақ, өкінішке қарай, ұлттық рухқа қамшы бастырған ол күндердің ғұмыры ұзаққа созылмады. Себебі, өзімізге-өзімізді жаңаша қарататын, әсіресе, жас ұрпаққа күш-жігер беретін шаралар қатары сиреп кетті. Әйтпесе, Тәуелсіздік алдында ұлт рухын көтерген Желтоқсан көтерілісі қазір кімнің есінде қалды? Тек жыл сайын 17 желтоқсанда ұзап кеткен сол бір ызғарлы күндер туралы ауыз жыбырлатып атап өткеніміз болмаса...

Иә, өмір керуені тоқтамай жүрген сайын қайғы-қуаныштардың салмағының бәсеңситіні рас. Бірақ, ол халық өміріндегі айтулы оқиғаларды жуып тастай алмаса керек. Өйткені, оның барлығы ол жұрттың өткені, болашақпен жалғастырыр жолы. Ал оларды ұмыту, алдағы күндердегі бағыт-бағдардан айырылу деген сөз. Мысалы, сол 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі ұлттық санамызды оятып қана қойған жоқ, ол сонымен қатар көптеген қандастарымыздың бойына бауырмашылдық, өз халқына деген жанашырлық сезім қалыптастырды. Осы орайда менің есіме осыдан 15 жыл бұрын өткен мына бір «өмір үзінділері» жиі келетін болып жүр.

...1986 жылдың желтоқсанындағы ызғырық атқан күндердің бірі болатын. Біз жұмысты тастап, күндіз-түні алаңда жүрміз. 17 желтоқсан күні кешке қарай алаңдағы жастарға қарай шашылған судың астынан малмандай су болып шығып, жатақханаға қарай киімімді ауыстыруға ақсаңдай басып келе жатқанымда жолай жүзі таныс үш жігітке ұшырастым. Олар «Нұрлан» жатақханасындағы менімен көршілес 46-бөлмеде тұратын еді. Жөн сұраса келе, алаңға бара жатқандарын естіп таңданып қалдым. Өйткені, үшеуі де милицияда қызмет ететін. Сөйтсем, олар күндіз қызметтерін атқарып, кешке киімдерін ауыстырып алаңға бара жатқан беттері екен. Мен қатал жазаға тартылаты-

нын біле тұра намыстарын таптатуға жол бермеуге тырысқан «көршілеріме» шын көңіліммен риза болдым.

...Содан кейін, мені алаңда түсіріп алған суреттер арқылы ұстап, түрмеге жапты. Үкім шығарылып, «жазамды» өтеуге еңбекпен түзеу колониясына әкеткелі жатқанда, Алматы түрмесінде жұмыс істейтін бір қою мұртты жігіт ағасы жасындағы капитан «Қарағым, еңселерің түспесін. Әлі-ақ сендерді халқымыз гүлмен қарсы алатын болады» деп іштей қиналса да, жігерлендіре шығарып салып еді. Шынымды айтсам, осы бір ауыз сөз темір тордың арғы жағында өткізген екі жарым жылымда бойыма керемет күш-қуат беріп жүрді. Сондай-ақ, осыдан кейін өзімнің «қылмыс» емес, «адал, әділетті іс» жасағанымды сезініп, ұлттық сенімдерім ұлғая берді. Тіпті, алаңдағы «оқиғаларды» ашық ақтай сөйлегендердің жазасының үстіне жаза қосатынын біле тұра, Жамбыл қаласының түрмесіне түскенімде бір бөлмеге жиналып алып, «Алматы оқиғалары» жайлы сұраған бір топ қазақ офицерлеріне іштегі запыран ойларымды қалай ақтарып салғанымды сезбей қалдым. Мүмкін, бүкіл «қоғам» қылмыскер санап жатқанда олардың оңаша сыр тартуынан батылдандым ба, жоқ әлде өз қандастарым болған соң жақын тарттым ба, қайдам, әйтеуір алаңдағы жастардың әрекетін ақтап, өкіметті айыптай әңгімелей жөнелгенім есімде.

Әрине, сол кезде желтоқсан көтерілісін «үлкендердің» көпшілігі кінәлағанымен, халықтың оны іштей қолдағаны белгілі. Тіпті, бұл оқиға бұрын-соңды өз жағдайынан басқаны ойламай, ел-халық тағдырына бас ауыртып көрмеген адамдардың кеуделерін түрткілейді деп кім ойлаған. Әлі есімде, сол жылдары этаппен (пойызбен) кетіп бара жатып, Астана қаласындағы (ол кезде Целиноград болатын) түрмеге түскенім бар. Сонда түрмеге «бунтовщиктің» келгенін естіген әлденеше рет сотталып, бар саналы ғұмырын темір тордың арғы жағында өткізіп келе жатқан бір «рецидивист» қазақ түрме күзетшілерімен келісіп, менімен оңаша камерада таң атқанша сөйлесіп еді. Менің Алматыдағы жағдайдың саяси өктемдіктер бұлтын қоюлата баяндаған сөзімді үнсіз тыңдаған оның жүзінен әлдеқандай бір ашу-ызаның табын байқадым. Оның алғаш рет өз қандастарына қарай бүйрегі

бұрыла бастағанын таңертең менімен қоштасып тұрып жолға деп берген азықтары мен «тыныш жүр» деген ақыл- ескертуінен анық сездім.

Міне, осылай барша қазақ халқының өміріне үлкен өзгерістер әкеліп, мінез-құлқына қатты әсер еткен Желтоқсан көтерілісі арада көп уақыт өтпей жатып-ақ санадан өше бастағандай көрінеді. Әйтпесе, биыл Тәуелсіздіктің 10 жылдығын атап өтіп жатқанымызда дүниені дүр сілкіндіргеніне 15 жыл болатын сол бір намыс туы жығылмаған күндер туралы неліктен бір ауыз сөз айтылмайды? Неге ол көтеріліске Тәуелсіздіктің 10 жылдығын өткізуге арналған мереке аясында лайықты бағасы беріліп, аталып өтпейді? Бүйте берсе ертең еліміздің тізгінін ұстайтын жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттер біз ойлағандай көрініс табады деп өзімізді алдамай-ақ қоялық!

*12-желтоқсан, 2001 жыл.*

### ***ЕСКЕРТКІШ – ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ***

...Пойыздың темір доңғалақтары шойын жолды тарс-тұрс ұрғылаған сайын мені де әлдебір сезімдер тыным таптырмай селкілдетіп келеді. Онсыз да санамды шықырлата қысқан тойымсыз ойлардан құтыла алмай аласұрып отырған мен бұдан кейін, тіптен, бір орнымда байыз таба алмай, тастай қараңғылық құшағындағы далаға қайта- қайта үңіле қарай бердім...

Әлі желтоқсанның ызғарына бой алдыра қоймаған Алма-тыдан солтүстікке қарай ұзаған сайын қар да қалындап, аяз да қытымырлана түскендей. Бірақ, табиғаттың мұндай алай-дүлей құбылыстарымен бірге жасасып келе жатқан ұлы дала бар сырын ішіне бүге керіліп жатыр. Сондықтан болар, өзінді шетсіз-шексіз мәңгілікте сапар шегіп келе жатқандай сезінесің. Тек үілдей соққан ақ боран патшалығының арасынан анда-санда жылт ете қалған ауыл шамдарына көңілің жылынып, туған далаңның кеңдігіне сүйсінгенің соншалық, кең құлашы «жабайы» табиғаттың өзін әлденеше «мінезге» бөліп тастаған осын-

шама үлкен аумақтың әрбір сүйемін шашау шығармай қорғаған бабалар ерлігіне таңдай қағасың. Сірә, бұл дала өзінің қатал мінезімен құсы мен ағындай еркін халықты батыл да қайсар, намысқой да ержүрек етіп тәрбиелеген болуы керек. Осыдан шығар, ұлан-байтақ даланың шетіне жау тигенде ата-баба рухына сиына бас көтерген қазақтың сүйегінің туған ошағынан жүздеген шақырымдар жерде қалатыны. Өйткені, қорғаусыз қалып, жетімдік көрген жер қай кезде болмасын өгейлік танытады. Ендеше, ата-бабамыз шыбын жанын шүберекке түйе қорғаған бұл дала барша қазақ баласын аялай тербейтін алтын бесігі болып мәңгі қала береді.

«Ер жігіт үйде туып, түзде өледі». Бес қаруын жастанып ұйықтаған біздің қазақ осыны қанына сіңірген. Туған жерге төгілген қан әманда қасиетті. Сондықтан да елі, жері үшін шейт болған жандардың қазасын біздің қазақ «ақ өлімге» балап, ана дүниенің қызығын көреді деп санаған. Олай болса, Мойынқұм даласына кіндік қаны тамып, Семей өңірінің топырағы бұйырған, кешегі ызғарлы желтоқсанда ұлт намысын аяқ асты еткізбеген қайсар ұл – Қайрат Рысқұлбековтің аруағы туған жер төсінде әлдиленіп жатыр деп айта аламыз. Әрине, жаратқанның маңдайға жазғанына қылар еш шара жоқ. Ол өзі береді, өзі алады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел мұңын шырылдай қорғап, перзенттік парызын адал атқарып кеткен аяулы ұлын күрсіне құшағына қысып – ұлы даласы жоқтайды, есімін ардақтай атап – ел-жұрты құрметтейді.

Міне, соның тағы бір жарқын бейнесі ретінде Семей жұртшылығы Желтоқсан көтерілісінің 16 жылдығы қарсаңында Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың басына мәрмәр тастан белгі тұрғызып, қаладағы орталық көшелердің біріне еңселі ескерткішін орнатты. Тас қашанда түскен жеріне ауыр. Ескерткіштің ашылуына Қайраттың қазасынан жүректерін мәңгі жаралатып алған анасы Дәметкен Асанбайқызы мен бауырлары арнайы шақырылды.

Биыл сол бір желтоқсанның ызғарлы суығында Мәскеудің озбырлығына балғын жүрегімен қасқая қарсы шығып, 1988 жылы 21 мамырда Семей түрмесінде сол үстемшіл саясаттың кесірінен



қапыда көз жұмған Қайраттың қара жер құшағына оранғанына 15 жыл болады екен. Қайран зымырап өтіп бара жатқан уақыт-ай, десеңші. «Уақытша ұстау орнының» 20-камерасында алғаш жүздескенімізге де енді тоғыз күннен кейін түп-тура 15 жыл толады екен-ау...

...Әлі есімде, көтерілістен кейін-ақ, 24 желтоқсанда «ұсталған» мен «изоляциятордың» подвалындағы ең соңғы 20-камерада жалғыз өзім сарылып жатқан-тұғынмын. 1987 жылдың 7 қаңтарында шамамен түс әлетінде, камераға сақал-мұрты өсіп кеткен (мен де «жетісіп» жатқан жоқ едім), ортадан жоғарылау бойлы, тығыршық денелі қараторы жігітті кіргізді. Алғашында бір-бірімізбен бас изесіп амандасқан екеуміз біршама уақыт тіл қатыса алмадық. Дегенмен де арадағы үнсіздік көпке созыла қоймады. Танысуымыз ақырындап сыр тартысудан басталды. Өйткені, ол күндері құқық қорғау органдары «желтоқсандықтарға» жағылған жаланы қоюлату үшін олардың араларына өз «жансыздарын» жіберіп тұратын. Біз содан секемдендік. Дегенмен де екеуміз бір-біріміздің «алаңға шыққанымыз» үшін қамауға алынғанымызды естіген бойда-ақ жақын досымызбен кездескендей бірден ашыла сөйлесіп кеттік. Қайратты жаңа жылда ауылына барғанда 1 қаңтарда ұстапты.

Қиындық адамды тез жақындастыра түседі екен. Бір күннің ішінде-ақ екеуміз туған бауырлардай бауыр басысып кеттік. Бір-бірімізге сырымызды шертіп, мұңымызды ақтарамыз. Өткен-кеткенді еске түсіріп, болашағымыздың қандай болатынын армандайтынбыз. Қайрат үнемі «ары кетсе бізді 4-5 жылға соттар...» деп, шыққан соң қалай кездесетінімізді жоспарлап отыратын. Қазір сол күнге ой салсам, біздер іштей қаншалықты қиналсақ та еңсемізді түсіріп көрмеппіз. Тіпті, екеуміздің де «алаңға шыққанымызға» өкініп, салымыз суға кетіп көрген жоқ. Керісінше, Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасының, Мұхтар Шахановтың отты өлеңдерінің өзіміз білетін жолдарын жатқа айтып,

*Ей, тәкаппар дүние  
Маған да бір қарашы.*

*Танимысың сен мені  
Мен қазақтың баласы... –*

деп рухымызды камшылайтын жолдармен бір-бірімізді жігерлендіре, қайраттандыра түсетінбіз. Тіпті, кей-кездері өзіміз де «Явка с повинной» жазуға берген ақ қағаз бен саусаққа әзер ілігетін қаламды қолымызға алып, «өлең» жазып тастайтынбыз. Өйткені, осыған дейін кең дүниеге сыймай, жастықтың жалынына масайраған періште көңіл тар қапаста тыпырлап қалған соң, жалмауыз ойлар жаныңды жүндей түтеді екен. Сосын жүрек азабын басу үшін, ішкі запыранды ақтарып жеңілдеу үшін мұндасымызға айнала бастаған қағаз бен қаламға жармасатынбыз. Оның үстіне «өлеңдеріміздің» барлығы да, «Бірге қуанып, бірге тартар азабын, Жан жолдасым, арым менің қазағым...» деген сияқты кілең патриоттық сезімде болатын еді. Өйткені, бұл кездері біздердің пәк жанарларымыз күштілердің ығына жығыла кететін жалтақтауға, бақырайтып қойып өтірікті бетіңе былш еткізетін арамзальққа, қитұрқы заманның қақпақылына айналған кәззаптыққа әбден тойынып біткен еді.

Қайрат екеуіміз 20-камерада бірге отыз күндей болдық. Осы аралықта екеуіміздің бір-бірімізге бауыр басып кеткеніміз соншалық, қара нанды қақ бөлісіп, оған тергеуге барғанда берген жемпірді басымызға жастанып, ағаш тақтайда иықтаса ұйықтайтынбыз. Оның үстіне бұл күндер бізді шыдамдылыққа, адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеп, отансүйгіштік сезімді жүрегімізге күйдіре басып еді. Әлі есімде, 5 ақпан күні Қайратты кезекті тергеуге алып бара жатқанда ол неге екенін қайдам маған карап иегін көтеріп қалды. Шамасы, бұдан кейін бір-бірімізбен мәңгі кездеспейтінімізді сезген болуы керек. Темір есік оның бейнесін жұтып әкеткен соң, екі сағаттан астам уақытқа созылған мағынасыз тергеуден шаршаған мен жата беріп едім, кенет есік шақыр-шұқыр ашылып, кезекші милиционер керек-жарағымды алып сыртқа шығуға бұйырды. Мен өзімді түрмеге апаратынын сезіп, Қайратпен қоштаса алмай қалғанымға өкіндім. Тек арада алты айдай уақыт өткен соң Құсмұрындағы еңбекпен түзеу колониясында «жазамды» өтеп жатып газеттен Қайраттың

ату жазасына кесілгенін оқып, төбемнен жай түскендей есеңгіреп қалдым...

Қазақ – азаматтықтың сынын ерлікпен өлшеген. Ал, ерлік дегеніміз қауіп-қатерді күшпен жеңу емес, оны тайсалмай қарсы ала білуде болса керек. Оның үстіне оны тек елін, жерін сүйетіндер ғана жасай алады. Осы орайда Қайраттың сотта айтқан «Еркек тоқты құрбандық, Атам десең атыңдар» деген жалғыз ауыз сөзінің өзі нағыз ерлікпен пара-пар емес пе? Бұл арқылы ол халқының намысын жалаулатты, рухын көтерді.

Әрине, ерін қастерлеген халық мәңгі жасайды. Осы қағидаға берік Семей жұртшылығы батыр боздақтың аруағын аялап, есімін асқақтатуды өздерінің азаматтық парызы санайды. Нәтижесінде, қаладағы Қазақстан халықтары кіші ассамблеясының алдына сұрқия заманды бұзып-жарып келе жатқан Қайраттың қайсар бейнесін барша әлемге паш ететін ескерткіш орнатылды. Осы жерде ескерткішті жасауға мұрындық болып, оған қолдау білдірген қаланың бұрынғы әкімі Қайрат Тұрлыхановтың азаматтығын, тас бейнені жұрт көңілінен шығарлықтай етіп сомдаған мүсінші Мұратбек Жанболатовтың еңбегін бөле жара айтқым келеді.

Ескерткіш – ерліктің ғана емес, елдіктің де белгісі. Тәуелсіздіктің жемісі. Мұны ескерткіштің ашылу салтанатында анық байқадық. Сөйлеушілер Қайраттың ерлігіне тағзым ете отырып, елімізге тыныштық пен береке-бірлік тіледі. Әсіресе, қала әкімі Амангелді Қажыбаевтың, ҚР еңбек сіңірген мұғалім Мәрзия Айтбайқызының тебіреністі сөздері Қайраттың аруағын бір аунатып тастағандай болды. Қайрат бүгінде халықтың ұлына айналса да ол алдымен Анадан туды, Ноғайбай отбасында қалыптасты. Осы орайда ұлының қазасына он бес жылдан бері жүрегі қарс айрылып келе жатқан Дәметкен Асанбайқызы – қиналғанда демеген, жылағанда жұбатқан халқына рақыметін айтып, ескерткішті орнатуда басы-қасында болғандарға аналық алғысын білдірді. Салтанатты жиыннан кейін оған қатысушылар Қайраттың зиратына барып гүл шоқтарын қойды, Семей қаласының әкімшілігі ас беріп, Қайраттың рухына құран бағыштады.

...Иә, Тәуелсіздік – қазаққа оңайшылықпен келген жоқ. Үш ғасыр бойы күрестік, жанымыздың жартысын жыртып бердік (әйтпесе, қазақ бүгінде 30-40 млн. болып отырар еді ғой). Осы орайда «Тәуекелі тұратындардың қолы жетпесе Тәуелсіздік бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе Азаттық бола ма? Оңайлықпен келсе оның қадыры бола ма? Қадыры жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ма?» – деген Елбасы сөзінде терең ой жатыр. Ендеше бізге қазір он екі жылға ауып бара жатқан азаттығымызды сақтап қалу үшін – өткенімізге құрмет, бірлік, түсіністік, ұлттық сезім, ұлтшылық қасиет әбден қажет секілді...

*29-желтоқсан, 2002 жыл.*

### ***ЕЛІҢДІ СҮЙГЕН НЕГЕ ҚАУІПТІ?..***

Ойды ой қозғайды деген сөз мың ойласаң да дұрыс. Әнеукүні бір журналды оқып жатып, «Нені де болса жан-тәнімен сүйіп, берілу – адам үшін аса қауіпті» деген жолдарға кезім түскені сол-ақ екен, санамдағы сайтандарым сапырылысты да қалды. Әңгімені ары қарай қанша оқысам да ойларым әлгі жерге байланып қалғандай... жүрер емес. Жүрегім де әлденеден жүрексіңгендей қайта-қайта тамағыма қарай лықси берді...

Сөйтсем, өзімнен-өзім қорқып жатыр екенмін. Аяқ астынан маған не болды бұл?.. Неге әлгі «Нені де болса жан-тәнімен сүйіп, берілу – адам үшін қауіпті» деген сөздер санама кіріп алып, ойларымды сабалай береді?.. Неге ол ойларым менің айтуға «ұялатын», иә, иә «қатты ұялатын» сезімдерімді сыртқа шығаруға құмар?.. Оны адам құр сөзімен емес, ісімен, еңбегімен, қабілетімен дәлелдемеуші ме еді? Бірақ та «... сүйіп, берілу» неліктен «қауіпті...»? Әсіресе, еліңді, жеріңді, халқыңды жан-тәнімен сүю, оның жолына «берілу» қалайша «қауіпті» болады? Дегенмен де елін, жерін, халқын сүйген Абай, Мағжан, Ахмет, Тұрар, Әлихан, тағы басқа алаш аяулыларының өмірлері... япырай, шынымен солай болғаны ма? Мен де сол бірігіп «Отан» деген сөзді құрайтын елімді, жерімді, халқымды сүйемін... тіпті шексіз сүймеймін бе?! Бірақ, сыртқа шығаруды біртүрлі... ыңғайсыз, ұяттау көремін. Оның себебі де бар.

Осыдан оншақты жыл бұрын болатын. «Желтоқсанның» жігіттері өз жолдастарын абақтыдан шығарып алмақ болып Алматыдағы Парламент үйінің алдында «аштық» жариялап жатқан. Мен де күндіз-түні сол жерден шықпай жүргенмін. Бірде қал-жағдайымызды білуге келген бір ағамыз мені көріп:

– Құттыбек-ау, не болып кеткенсің? Екі ұртың суалып, көзің шүңірейіп, азып кетіпсің ғой. Көңіл-күйіңде де бір кірбің бар секілді ме, қалай? – деді, жанашырлығын білдіре. Сол кезде жанымда тұрған бір таныс жігіт:

– Оған тиіспеңіз. Біздің Құттыбек жалғыз өзі бүкіл Қазақстанның бар қайғысын көтеріп тұр, – деді мысқылмен. Мен оның неге бұлай кекетіп тұрғанын бірден сездім. Өйткені, соның алдында ғана «бізде болашақ жоқ» деп көкіген (Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында ел жағдайы шынымен-ақ қиын еді ғой) онымен қызылкенірдек болып айтысып, ақыры өзімдікінің дұрыс екенін дәлелдей алмай қойған едім... Қазір оның үй-жайы, мәшине-жағдайы бар, күйлі-қуатты өмір сүріп жатыр. Ал, мен...

Баяғыда «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп Мағжан ақын қалай тауып айтқан. Осы орайда өзім оқыған бір естеліктегі мынадай әңгіме есіме түседі. Біреу «Жәке, өзіңмен бірге институтта оқыған, өзіңмен бірге қызмет істеген Тәкең әлдеқашан байып алды. Ішкені – алдында, ішпегені – артыңда. Машина, саяжай, ақша – бәрі бар. Ал, сен болсаң әлі тақыр кедейсің. Мұны қалай түсінуге болады?» деген сауалға «Түсінбейтін несі бар, ол қара басының қамын, мен елдің қамын ойлаймын. Елдің қамын ойлаған адамның жарығанын қашан көрдің?» деп жауап берген екен. Әрине, маған ол кісіге жету қайда? Бірақ, елімді, жерімді, халқымды бір адамдай сүйетінім... имандай шыным. Ал, соны сыртқа шығарып айтуға біртүрлі ыңғайсызданамын. Айтсам, жұрт кекететін, күлетін секілді көрінеді. Тіпті, осы сездерді оқыған көпшілік «Біз не, өз Отанымызды сүймейді ме екенбіз?» деп те қағытып өтері сөзсіз. Әрине, мен ешкімді «мен секілді сүйе алмайсындар» деп жазғыра алмаймын. Және өзімнің Қазақстанда «осындай жалғыз» емес екенімді, өте көп екенімізді жақсы сеземін. Алайда, біз неге сол ішкі сезімімізді сыртқа шығарып айтуға ұяламыз? Міне, мәселе қайда?..

Соңғы кездері Алматыдағы мектептер, жоғары оқу орындары біздермен «Желтоқсан көтерілісіне» байланысты жиі кездесулер өткізетін болды. Міне, сонда біз жастарға көргенімізді боямасыз тілге тиек етіп, менің өзім кәсібіме қарай теледидарларға сұхбат беріп, газеттерге «сол бір үш күн» жайлы ойларымды жазумен жүргем. Мұндағы ойым – бізден кейінгілер «Желтоқсанның ақиқатын» білсін дегенім еді. Бірақ, менің бұл адал ниетім кейбіреулерге «атақ», «бедел» жинау үшін жасап жүрген «қулық» болып көрініпті. Керек десеңіз «өзі журналист болған соң газет, теледидарлардағы таныстары арқылы өзін жарнамалап жүр» деген де пендешілік пікірлерді құлағым жиі шала бастады. Тіпті, ол ол ма, ту сыртымнан табалай айтылған «Қойшы соны. Алаңға қай бір елім деп езіліп барды дейсің!..» деген сөздерге дейін естідім ғой...

Иә, алаңға «елім деп езіліп» баратындай нақ сол кезде менде ұлтшыл қасиет жоқ та болатын. Оған әлі «ерте» еді. Алматыға жаңа келген ауыл баласы «отаршылдық, үстемшілдік саясатты» қайдан білсін? Кеңес елінде тәрбиеленіп, білім алған біздердің әлі көп нәрседен «мақұрым» екеніміз де шылқыған шындық болатын. Дегенмен де, астанаға білім іздеп келген мен секілді мындаған жастарды «су қараңғы» деп ешкім айта алмаса керек. Өйткені, «перестройканың» еркіндігі сезіле бастаған сол кезеңдердегі басылым беттерінде ұлттық қасиеттер туралы мақалалар жиі жазыла бастаған еді. Мысалы, «Білім және еңбек» журналында қазақ халқының шежіресі нөмір сайын шығып тұрғаны әлі күнге дейін есімде. Сол секілді менің осындағы ғалым жездем Нұралы Өсеровтың да (қазір ғылым докторы, профессор) «көзімнің ашылуына» ықпалы зор болды десем, артық айтпағандық болар. Орайы келгенде айта кетейін, ол кісі «қазақ» десе елжіреп қоя беретін шын ұлтжанды азамат болатын. Оған сол бір желтоқсан күндері тағы да анық көзім жетті.

Алаңға Фурманов көшесімен «Менің Қазақстанымды» айтып келе жатқанбыз. Кенет... артымнан «қазақ», «қазақ» деген қарлығыңқы таныс дауыс естілді. Мен жалт қарасам, жездем... Білдей бір жоғары оқу орнында оқытушы болып істейтін адамға бұлайша айқайлау, әрине, бүкіл болашағына қырсығын тигізер

еді. Міне, сол жездем «аланда болдым» деп осы күнге дейін ешкімге мақтанып айтқан емес.

...Сананда аздап болса да ұлтқа деген әлдеқандай сезім сәуле шаша бастағанда «алаңға» бармай қоюға дәтің қалай барады? Әрине, іштей қорқынышты болды. Өйткені, «өкіметке» қарсы шығу оңай ма? Бірақ, ішті мазалай тырнаған намыс атты сезім еркіңе қоймайды екен. Қорықсақ та алға бастық... Үш күн сонда «дуылдадық»... Су шашты, сабады... Жиырма градус аязда малмандай су болсақ та, басымызға «шоқпар» тисе де алаңнан кетпедік... Ал, бізге осы не үшін керек болды? Сонда біз кімнің жыртысын жыртық... Жұртымыздың дәрменсіздігін алғаш рет сезініп, жүрегімізді неге қан жылаттық...

Рухыңды, еліңнің, халқыңның намысын күйттегеніңді айтып ақталу қандай қиын еді? Мұның басты себебі, қазір бізде сол күндердегідей рухымыздың жоғалып бара жатқанынан болар. Сондықтан, ешкім де жаныңды түсінбейді. Көз көрген соң айтайын десең – мазақ етіп, күлетін секілді көрінеді айналам. Содан барып, еліңді, жеріңді сүйгеніңді айтуға ұялып, өткен күндердің сағым елестерін ішіне бүгіп, ақыр соңында өзіңмен бірге ана жакқа ала кетесің. Кім ұтты, кім ұтылды?..

Солай, осы себептен де соңғы жылдары мен «Желтоқсанға» байланысты өтетін кездесулерге баруды да қойдым. Барғанда еститінім мынадай сөздер... Олай жанымды тілгілеткенше, іштен тынғаным жақсы емес пе? Өне, алдағы Желтоқсанның 17 жылдығы қарсаңында мені тағы да кездесуге шақырды... Кеше бір телеарнаға сұхбат беруден «қаштым»... Иә, иә, Желтоқсанды айтудан, «елімді, жерімді, халқымды сүйетінімді» айтудан қаштым. Бірақ та өз-өзімнен қашып қайда барамын?..

Осының бәрі де әлгі «Нені де болса жан тәніңмен сүйіп, берілу – адам үшін қауіпті» деген сөзден шықты-ау. Япыр-ай, ойды ой қозғайды деген осы екен ғой. Ал, жоғарыдағы мені осыншама ойландырған сөздің аяғы «Өмірде де қасіреттің көбі осы өте қатты сүйюден болып жатады емес пе? Тіпті, өз ұлтын осылай сүйюде де... Махаббатта да...» деп аяқталады екен. Шын болмаса нетті...

*14-желтоқсан, 2003 жыл.*



## **ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫНДА – «АЛТЫН АДАМ»**

Қай кезде де Отан деген ұлы ұғымның қабырғасын қалау, одан кейін оны құлатпай ұстап тұру... оңай болған емес. Тіпті, қазіргі күннің өзінде бір сүйем жер үшін қан-жоса болып жатқан халықтарды, тарихи Отанына ие бола алмай етегі жасқа толған ұлттарды көріп-біліп жүрміз. Соларға қарап, мандайының бес елі бағы бар өзіміздің бүгінгі ұрпақ «шүкіршілік» етіп, мына иен байлықты сыйлаған ата-бабаларына тағзым етсе дейсің. Бірақ, оның орнына бүгінгі жастар өткеніне мән бермейтіндей, Азаттықтың, Еркіндіктің парқын түсінбейтіндей көрінеді. Осыны ойлағанда ертеңгі күннен, болашағыңнан қорқады екенсің...

Әлі есімде... 1996 жылдың желтоқсан айының бір күні Республика алаңына жиналған жүз қаралы жан батыс жаққа қарап, тағатсызданып тұрғанбыз. Сол жақтан, әне-міне Тәуелсіздігіміздің алтын бейнесі көрініп қалуы керек-тұғын. Осы орайда, мына дүниеде өз алдына ел болғаныңды сезініп, бостандығыңның асқақ белгісін көргеннен өткен бақыт жоқ екен. Сондықтан болар, бәріміз қобалжулымыз.

Сөйткенше болған жоқ, үлкен трактор ыңырана сүйреген алып мүсін алаңға да кірді. Адам өмірінде бір-ақ рет болатын осы бір әсерлі сәтте керемет бір қуаныш сезімі кеудемізді кернеп, бақыт белгісіне бөленгендей бәріміздің тұла-бойымыз шымырлап тұрған еді. Және сол әсерде тұрып кейбіреулер бір-бірін құттықтап мәз болуда. Әсіресе, 6 метрлік «Алтын Адам» орнынан тұрғызылып, мәңгілік тұғырына қарай көтеріліп бара жатқандағы көкірек лүпілі, атқақтай соққан жүрек дүрсілін айтсаңшы... Кенет, арқа жағымыздан «Қазір ана байлаған сымдар үзіліп, құлап түссе не болар еді?! Талай ақша желге ұшар еді-ау!» деген дауыс естілді. Өлгі сөзді естігендеріміз төбемізден жай түскендей болып, артқы жаққа жалт қарастық. Қазақтың үш жап-жас жігіті жайбарақат тұр. Тіпті, жүздерінен «керемет бір сөз айтқандай» белгінің табы да байқалады. Жастықтың лебіне есіріп, шіренісіп тұр.

Мен соларға қарап бірдеңе демекке оқтала бергенде, бірағамыз алдымды орай «Әй, бала! Не көкіп тұрсың!? Бұл мемлекетіміздің,

еліміздің қасиетті белгісі емес пе?! Жаман ырымды шақырып, Тәуелсіздігімізді қайта құртпақсындар ма, көргенсіздер...» деді, селкілдеген ашудан сөйлей алмай. Ал біздің әлгінде ғана лапылдап тұрған қуанышты сезімдеріміз сол-ақ екен, су сепкендей басылды. Енді біз мәңгілік тұғырына қонғалы бара жатқан Тәуелсіздігіміздің айшықты бейнесіне «бірдеңе болып қала ма?» дегендей, шошына, үрке қарадық...

Отан және Тәуелсіздік. Адамзат үшін баға жетпес қасиетті ұғымдар бұлар. Бірақ, Отансыз Тәуелсіздік болмайды. Және Тәуелсіздіксіз Отанның да тынысы ашылмайды. Құдайға шүкір, қазір бізде екеуі де бар. Соған «тәубе» деуіміз керек. «Азаттық пен Махаббат, керегі маған екеуі-ақ. Азаттық үшін махаббат. Құрбан етем сені де...» деп, венгр ақыны Шандор Петефи айтқандай, Азаттығымызды алдық, ендігі бізге керегі – Тыныштық пен Татулық!!!

*6-желтоқсан, 2004 жыл.*

### **«№3 МОМЫШҰЛЫН» АЛАҢҒА ШЫҒАРҒАН НЕ НӘРСЕ?..**

Әсілі, күшті ұлттық рухты – халықтың мықты салт-дәстүрі тудырса керек. Бұл ретте қазақтың тұрмысы – қатал салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделген ғой. Сол себептен де оның рухы биік болған шығар. Мысалы, қазақта «Малға теріс қарап мінбе! Киімді теріс киме!» деген тыйым бар. Оның мәнісі – ертеде кімде-кім өзінен үлкенге тіл тигізсе, сол адамға қатал жаза қолданған. Яғни, оны қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне қара күйе жағып, киімін теріс айналдырып, ауылдарды тегіс аралатқан, әбден ұялтқан. Масқаралап, бетіне түкіріп, рухани қатал жазалаған. Бұл қорлыққа шыдай алмай өліп кеткендер де болған. Ал тірі қалса, өмірде тиісті қорытынды шығарған.

Міне, қатал болғанымен, әділ ғұрып. Осындай тәрбиенің арқасында емес пе, біздің қазақтың екі жағындағы алып империяларға дес бермей, әлемдегі тоғызыншы жер көлеміне ие болып отырғаны. Осындай тәрбиенің жұрнағы емес пе, кешегі

жастарды жарты әлемді айбарымен ықтырған Кеңестер империясына қарсы бас көтерткен. Біле білсек, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сыйлаған ұрпақ өз намысын ешкімге таптатпайды, биік ұлттық рухына дақ түсірмейді. Бұдан 25 жылғы Желтоқсан көтерілісі соның жарқын дәлелі. Өйткені, онда ұлттық тәрбиенің, салт-дәстүрдің қаймағын жұтқан кіл ауыл жастары алаңға шықты. Намысты тасқа қашады, жұтаң тартып бара жатқан рухты, қазақ рухын ту етіп көтерді...

...Әрине, қала жастары да алаңда болды. Бірақ, олар некен-саяқ еді. Ал осы некен-саяқтар ата салтын, дәстүрін, қазақтың әдет-ғұрпын берік ұстанған отбасылардан шыққанын несін жасырамыз. Мысалы, даңқты батырымыз, ұлттық салт-дәстүріміздің нағыз білгірі – Бауыржан Момышұлының немересі Ержанның 1986 жылы сол бір желтоқсанда алаңда болғанын кім біледі? Менің өзім оны батырдың ұлы Бақытжан ағамен 1999 жылы желтоқсанда үйінде болған әңгімеде естіген едім:

– Ержан 1969 жылы дүниеге келді. Оның қазақ балабақшасына, кейін қаладағы жалғыз №12 қазақ орта мектебіне баруын тікелей атасы қолына алды. Әлі есімде, әкем бір күні үйге көңілсіздеу келді. Сөйтсем, ол сол күні қалалық партия комитетіне барып, «немереме қазақ бала бақшасын тауып беріңдер» деп талап қойыпты. Өйткені, ол кезде қалада қазақ бала бақшасы жоқтың қасы еді. Міне, осы ретте шенеуніктердің алдына барғаны әкеме қатты тиіпті.

Әрине, біздің бұл әрекетімізді құптамаған жора-жолдастар көп болды. Сосын Ержанды мектепке бергенде маған келіп, «Қазақ мектептерінің білім деңгейі төмен және онда білім алғандар қызметте өспейді» дегендер де шықты. Ондайларды «Бастық болмаса болмасын, қазақ болсын» деп, беттерін қайтарып отырдым. Сөйтіп, Ержан да сенімімізді ақтап, мектепті алтын медальға, ҚазМУ-дің журналистика факультетінің қазақ бөлімін жақсы бағаға бітірді. Қазір өз мамандығы бойынша жұмыс істейді, жазғандары жарық көріп жүр.

Бізді қуантатыны, Ержанның бойында ұлттық рухтың барлығы. Ол 1986 жылы желтоқсанда алаңға шығып, университеттегі кара тізімге ілініп қалыпты. Оны көрген Козменко деген деканы

«белгілі адамның баласы» деп, тізімнен сызып тастапты. Соған Ержан көпке дейін ренжіп жүрді. Тіпті, қамалып қалған достарына тамақ та апарыпты – деп, еске алған еді.

Міне, сонда «бәрі жеткілікті, атақты Момышұлының немересі» алаңға не іздеп барды?.. Әрине, «№3 Момышұлын» ұлттық тәрбиеден, ұлттық салт-дәстүрден туындаған ұлттық намыс, ұлттық рух емес пе, алаңға шығарған!

*17 желтоқсан, 2005 жыл.*

### **ҰЛТТЫҚ ТОЛҚУДЫ РУХ ҚАМШЫЛАҒАН НАМЫС ТУДЫРАДЫ**

*Әлі есімде, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқаным үшін сот процесі жүріп жатқанда «қызып» кеткен мен «... қазаққа Мирзояннан басқа республика басқарған өзге бірде-бір ұлт өкілі жақсылық жасаған жоқ» деп қалдым. Сол-ақ екен, сот залының сонау артқы жағында сот барысын бақылап, қаннен-қаперсіз отырған үш адам (Қауіпсіздік комитетінің өкілдері) селт етіп, мен жаққа жалт қарады. Соны сезген сот төрайымы да осы бір ауыз сөзге қатты шүйлігіп «кім, кім дейсің?..» деп қайта-қайта шүйліге сұрай бастады. Сонда ғана өзімнің «тым артық» кеткенімді, бұл сөзім жазамды ауырлатып жіберетінін түсіне қойып, «...білмеймін, Микоян шығар...» деп өтірік аңқаулана жалтарып кеттім. Бірақ, протоколға түсіп кеткен сол сөз себеп болды-ау деймін, сот маған берілген жақсы мінездемелерді, әскерде, жұмыста марапаттаған оншақты мақтау қағаздарын (грамота) көзіне ілмей, бес жылға соттады да жіберді.*

Кез-келген бұқара толқуын ұлттық рухты қамшылаған намыс тудырады. Бірақ біз соңғы жылдары рухымызды көтерген сол бір намыс толқынын жадымыздан шығара бастағандаймыз. Содан болар, қазір Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндері жастарды алаңға «еріккеннен» немесе «қызық көру» үшін барды деген қате түсініктер қалыптасуда. Тіпті бүгіндері бізге «...алаңға не үшін

шықтыңдар?» деген сауалдар жиі қойылатын болып жүр. Әрине, КСРО-ны құлатып, тәуелсіз қазақ елін құру ол кезде ешкімнің де ойына келген жоқ. Бірақ, жастардың көпшілігінің алаңға Орталықтың кезекті озбырлығына, басынуына шыдай алмай, кеудесін намыс оты күйдірген соң ашу-ызамен барғаны ақиқат еді. Олай болса, жетпіс жылдай уақыт бойы ешбір халықты «мен» деп бетіне қаратып көрмеген кеңестер империясының шешіміне қарсы шыққан жастарда «намыс жоқ» деп айтуға қалай ғана ауыз барады? Мейлі, олардың дені «басшылыққа басқа ұлт өкілін әкеліп тағайындағанға» наразы болып шықты делік, соның өзі олардың кеуделерінде кішкене болса да ұлттық сезімнің бар екендігін байқатпай ма? Мысалы, сол күндері өз жеке басының қамын ойлап, немесе «оқудан шығып қалармын» деп қашып-пысқандарды жақсы білемін. Міне, соларда жоғарыдағыдай қасиет бар деп айта аламыз ба? Жоқ! Өйткені, ұлтына жаны ашымаған ондайлар ертең қарақан басын ойлап, мемлекет мүддесіне де жандары ашымайды ғой.

Соңғы елу жылдағы қазақ тарихында халқымызға үлкен рух берген осы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі мен 1991 жылғы Тәуелсіздігіміз екенінде дау жоқ. Оның үстіне бұл екі тарихи оқиғаларды бір-бірінен бөліп тастау, тіптен мүмкін емес. Өйткені, 1986 жылғы желтоқсаннан 1991 жылғы желтоқсан аралығындағы бес жылда біз қуғындауды да, айыптауды да, жазалауды да көп көрдік және оң-солымызды таныдық. Бұрындары айта алмай жүрген іштегі запыран ойларды сыртқа шығарып, өз абыройымызды қорғауға көштік. Бұл – жетпіс жыл бойы аузы «буылып» келген халық үшін үлкен өрлеу болатын. Бірақ, өкінішке қарай, ұлттық рухқа қамшы бастырған ол күндердің ғұмыры ұзаққа созылмады. Себебі, содан кейін өзімізге-өзіміз, әсіресе, жас ұрпаққа күш-жігер беретін шаралар қатары сиреп кетті. Әйтпесе, Тәуелсіздік алдында ұлт рухын көтерген Желтоқсан көтерілісі қазір кімнің есінде қалды?

Тек жыл сайын 17 желтоқсанда ұзап кеткен сол бір ызғарлы күндер туралы ауыз жыбырлатып атап өткеніміз болмаса... Тіпті Президентіміз Н.Назарбаевтың 1996 жылы бір топ желтоқсандықтармен кездескенде айтқан «...енді Желтоқсан

көтерілісін жас ұрпақты тәрбиелеуге, олардың бойына патриоттық, отан-сүйгіш сезімдер құюға пайдалануымыз керек» деген сөздерін де ешқайсысымыз іліп әкете қоймадық.

Иә, өмір керуені тоқтамай жүрген сайын қайғы-қуаныштардың салмағының бәсеңсі түсетіні рас. Бірақ, ол халық өміріндегі айтулы оқиғаларды жуып тастай алмаса керек. Өйткені, оның барлығы осы жұрттың өткені, болашақпен жалғастыратын жолы. Ал оларды ұмыту, елемей – алдағы күндердегі рух оятатын бағыт-бағдардан айрылу деген сөз. Мысалы, сол 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі ұлттық санамызды оятып қана қойған жоқ, ол сонымен қатар көптеген қандастарымыздың бойына бауырмашылдық, өз халқына деген жанашырлық сезімін қалыптастырды. Осы орайда менің есіме осыдан 20 жыл бұрын өткен мына бір «өмір үзінділері» жиі келеді.

...1986 жылдың желтоқсанындағы ызғырық атқан күндердің бірі болатын. Біз жұмысты тастап, күндіз-түні алаңда жүрміз. 18 желтоқсан күні кешке қарай 20 градусық аязда алаңдағы жастарға қарай шашылған судың астынан малмандай болып, жатақханаға киімімді ауыстыруға келе жатқанымда жолдай жүзі таныс үш жігітке ұшыраса кеттім. Олар «Нұрлан» жатақханасындағы менімен көршілес 46-бөлмеде тұратын жігіттер болатын. Жөн сұраса келе, олардың да алаңға бара жатқандарын естіп таңданып қалдым. Өйткені, үшеуі де милицияда қызмет істейтін. Сөйтсем, олар күндіз қызметтерін атқарып, ал кешке киімдерін ауыстырып алаңға шығып жүр екен. Мен катал жазаға тартылатынын біле тұра намыстарын таптатуға жол бермеуге тырысқан «көршілеріме» шын риза болдым.

...Содан кейін, мені алаңда түсіріп алған суреттер арқылы ұстап, түрмеге жапты. Үкім шығарылып, «жазамды» өтеуге қатаң тәртіптегі еңбекпен түзеу колониясына әкеткелі жатқанда, сол түрмеде істейтін қою мұртты, жігіт ағасы жасындағы милиция капитаны «Қарағым, еңселерің түспесін. Әлі-ақ сендерді халқымыз гүлмен қарсы алатын болады» деп іштей қиналса да, жігерлендіре шығарып салып еді. Шынымды айтсам, осы бір ауыз сөз темір тордың арғы жағында өткізген екі жарым жылымда бойыма ерен күш-қуат берген болатын және осыдан

кейін өзімнің «қылмыс» емес, «адал, әділетті іс» жасағанымға сеніммен қарап, ұлттық сезімдерім ұлғая берді. Тіпті, алаңдағы «оқиғаларды» ашық ақтай сөйлегендердің жазасының үстіне жаза қосылатынын біле тұра, Жамбыл қаласының түрмесіне түскенімде, бір бөлмеге жиналып алып «Алматы оқиғалары» жайлы сұраған бір топ қазақ офицеріне қалай ақтарылып салғанымды сезбей қалдым. Мүмкін, бүкіл «қоғам» қылмыскер санап жатқанда, олардың оңаша сыр тартуынан батылдандым ба, жоқ әлде өз қандастарым болған соң жақын тарттым ба, қайдам, әйтеуір алаңдағы жастардың әрекетін ақтап, ресми билікті айыптай сөйлей беріппін, сөйлей беріппін...

Әрине, сол кезде Желтоқсан көтерілісін биліктегі «үлкендердің» көпшілігі кінәлағанымен, қарапайым халықтың оны іштей қолдағаны белгілі. Тіпті, бұл «оқиға» бұрын-соңды өз жағдайынан, қарақан басынан басқаны ойламай, ел-халық тағдырына бас ауыртып көрмеген адамдардың кеуделерін де түрткілейді деп кім ойлаған. Әлі есімде, сол жылдары этаппен кетіп бара жатып, Астана қаласындағы (ол кезде Целиноград болатын) түрмеге түскенім бар. Сонда түрмеге «бунтовщиктің» келгенін естіген әлденеше рет сотталып, бар саналы ғұмырын темір тордың арғы жағында өткізіп келе жатқан бір «рецидивист» түрме күзетшілерімен келісіп, менімен оңаша камерада таң атқанша сөйлескен еді. Менің Алматыдағы жағдайдың саяси өктемдіктер бұлтын қоюлата баяндаған сөзімізді үнсіз тыңдаған оның жүзінен әлдеқандай бір күрт өзгерістерді, әсіресе, ашу-ызаның табын анық байқадым. Сосын оның алғаш рет өз қандастарына бүйрегі бұрыла бастағанын таңертең менімен қоштасып тұрып жолға деп берген азықтары мен «тыныш жүр» деген ақыл-кеңесінен анық сездім.

Міне, осылай барша қазақ халқының өміріне үлкен өзгерістер әкеліп, мінез-құлқына қатты әсер еткен Желтоқсан көтерілісі арада көп уақыт өтпей жатып-ақ санадан өше бастағандай көрінеді. Әйтпесе, биыл Тәуелсіздіктің 15 жылдығын атап өтіп жатқанымызда дүниені дүр сілкіндіргеніне 20 жыл толатын сол бір намыс туы жығылмаған күндер туралы неліктен аз айтылатын болып жүр? Өткенде Желтоқсан көтерілісіне арналған



ескерткіштің ашылуында ғана бір дүрлігіп, одан кейін неге басыла қалдық? Желтоқсан тақырыбын қалалық әкімдіктен басқа ешкімнің қозғамауына не себеп? Бүкіл әлем бетіне тік қарай алмаған кешегі Кеңестер империясының құлауына бірден-бір ықпал еткен қазақтың мықты рухы қайда? Сонау Оңтүстік-Азиядағы теңіз дауылынан болған табиғат апатына және басқа жағдайларға байланысты қор құрып, жаны қалмай шырылдайтын зиялы қауымымыз не ойлап жатыр? Неге бұл көтеріліс Тәуелсіздіктің 15 жылдығын өткізуге арналған мереке аясында лайықты бағасы беріліп, төрткүл дүниеге дауысы жететіндей етіп аталып өгілмейді? Біздер бұлай өткен тарихымызға самарқау қарай беретін болсақ, ертең еліміздің тізгінін ұстайтын жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттер біз ойлағандай көрініс табады деп өзімізді алдамай-ақ қоялық та!

*1-желтоқсан, 2006 жыл.*

### **РЕСПУБЛИКА АЛАҢЫ «МІНӘЖАТ ОРНЫ» ЕМЕС ҚОЙ!**

Әдетте қай мемлекетте болмасын ірі қалалар жетекші орын алады. Әрі олар ел дамуының қозғаушы күші саналады. Себебі, мемлекеттегі саяси-экономикалық дамудың көрігін осындай қалалар қыздырады. Өйткені, бұл қалаларда мықты әлеует қалыптасқан. Мұнда елдің зиялы қауымы, саяси элитасы топтасқан. Сосын, түрлі қоғамдық топтар белсенді әрекет етеді. Сондықтан да небір тың бастамалар, жаңашыл іс-әрекеттер осындай мегополистерде тұсау кеседі. Және белгілі бір қоғамдық пікірлер де естіліп жатады.

Бұл ретте Қазақстанның ең ірі мегаполисі – Алматы екені даусыз. Осыдан болар республикамызда таңсықтау батыл жаңалықтар, соны жобалар осы қалада алғаш өмірге келіп жатыр. Дегенмен, Алматының да әлемдегі ірі қалаларға ұқсас өзіндік ерекшелігі бар. Соның ең бастысы – қалада әртүрлі пікірдегі қоғамдық-саяси ұйымдар көп кездеседі. Содан да мұнда қандай да бір бастама ел назарын өзіне аударатындай әжептәуір қоғамдық пікірлер туғызып қалады.

Әрине, еліміздің бетке ұстар шаһары болғандықтан Алматы әрқашан назардан түспейді. Тіпті, кейбір жағдайда бұл қаладағы жергілікті іс-әрекеттердің өзі республика аумағына таралып, жалпы жұрттың талқысына ұшырап жатады. Оған басты себеп – қаламызда саясат алаңын шиырлайтындардың көптеп шоғырлануы болса керек. Осы орайда байқалып қалып жүр, олардың көбі негізінен сайлау секілді саяси электорат кезінде асқан белсенділік танытып қояды. Ал басқа кездері үндері шықпай, тас бүркеніп жатып алады. Және олардың «ұсақталып» қалатын кездері де осындай уақыттарға дөп келетін секілді. Өйткені, осындай саяси науқандар демін ішіне тартқан күндері тиісерге қара таппаған олардың баққаны жергілікті биліктің іс-әрекеті болады. Оған мысал ретінде «АПК» компаниясы төңірегіндегі жалған жанашырлықты келтірген жөн сияқты. Сондай-ақ кешегі «Бақай», «Шаңырақ» оқиғалары барысындағы дау-дамайлар да әлі жұрттың есінде.

Әрине, бұл жерде көпшіліктің ешбір жазығы жоқ. Бар кінә болмашы нәрсені індетіп, қоздатып жүргендерде десек еш қателеспейміз. Және осыған байланысты биылғы жылдың басында өткен есептік кездесуінде қала Әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың «Сұрақтардың осылай қойылуы, саясаткерлерге, саяси партия басшыларына мынадай қарсы сұрақ қоюға құқық береді. Олар Алматы үшін не істеді? Қалаға нақты қандай көмектер көрсетті?..» деген сөздері еске түседі. Шынында да қайсыбір саяси ұйымдар қалада қандай да бір мәселелер туындағанда «құйысқанға қыстырылғаннан», «дайын асқа тік қасық» болғаннан басқа жергілікті билікке қандай қолдау білдірді. Сол себептен де осындай сәттерде Гете шалдың «Қарама-қарсы екі пікірдің арасында ақиқат жатады дейді. Бос сөз. Олардың арасында проблема жатады» деген сөздері амалсыз ойға оралады екен...

Қазір бәсекелестіктің, өлермендене алға ұмтылудың заманы. Бұл уақыт заман көшінен қалуды әсте көтермейді. Осыны Алматы бұрын түсінді. Бірақ, оған қаладағы шешімін күткен мәселелер қолбайлау болды. Және оларды шешіп тастаймын деп те заман көшінен қалуға болмайтын еді. Сондықтан да қала

әкімдігі қалыптасқан проблемаларды жоя отырып, өз алдына ба-  
тыл мақсаттар қоюды да ұмытпады. Осы ретте қазір қалада көп  
өзгерістер жүзеге асырылуда. Заманауи жаңа бастамалар өмірге  
келуде. Соның бірі – Республика алаңының астына салынатын  
«Алмалы» көпсалалы қоғамдық орталығының жобасы еді.

Бірақ, осы бір бастама қайсыбіреулер тарапынан қолдау тап-  
пады. Өйткені, олар «Бұл алаңда 1986 жылы қазақ жастарының  
қаны төгілді. Сондықтан да бұл – киелі, қасиетті алаң» дегенді  
алға тартты. Жасыратыны жоқ, қазір «Желтоқсан» ұғымы бар  
қазақтың жанды жеріне айналған. Оның үстіне «адам құлақтан  
азады» дегендей, кейбіреулер әлгі сөздің жетегіне ергендей  
болды. Сол себептен де бұл пікірлерден сол қанды көтерілістің  
шын қатысушылары сырт қала алмады. Өзара кездесіп,  
мәселенің мән-жайын талқыға салды. Сосын, жағдайға терең  
қанықтыруды сұрап қала Әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың  
тіке өзіне өтінішпен шықты. Өз кезегінде Иманғали Нұрғалиұлы  
да өтініштен бас тартпады. Сөйтіп, биылғы жылдың ақпанында  
желтоқсандықтардың отыз шақты өкілін қабылдап, егжей-  
тегжейлі әңгіме өткізді.

Әлі есте, кездесу ә дегеннен Республика алаңы астына салы-  
натын «Алмалы» көпсалалы қоғамдық кешені төңірегінде өрбіді.  
Иманғали Тасмағамбетов желтоқсандықтарға аталған жобаның  
жай-жапсарын тәптіштей түсіндірді. Алаңның зират немесе  
мұражай еместігін тағы қайталады. Қазіргі заман қалаларында  
адамдар мұндай жерлерде бос уақыттарын мәнді өткізетінін,  
серуендеп қайтатынын келтірді. Осы орайда біздің ойымызға  
Иманғали Нұрғалиұлының үстіміздегі жылғы есептік кездесу-  
де айтқан «Алматылықтар үшін алаң сырт келбетін өзгертпейді.  
Дәп осылай алдағы уақытта да бұл алаңда түрлі шаралар өткізе  
беретін боламыз. Бірақ сонымен қатар, бұл алаңның астында –  
жақсы сипаттағы көпсалалы кешен орналасатын болады. Бұл  
– өмір. Дүкенге бару – өмір. Мейрамханада отыру – өмір. Бізді  
бұдан ешкім бас тартқыза алмайды» деген сөздері келді. Осы  
жолы да қала Әкімі сол көзқарасын, ұстанымын білдіре сөйледі.  
Алаңның өз өмірімен тіршілік кешуі қажеттілігін тағы да атап  
көрсетті.

Жалпы, осы кездесу барысында алаң туралы да, ондағы салынатын құрылыс жайында да желтоқсандықтар көп жайға қаныққандай болды. Атап айтқанда, Алматы қаласындағы Республика алаңы – ТМД аумағындағы ең үлкен алаңдардың бірі екен. Тіпті, бұл алаң Ресей астанасы Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңнан да бірнеше есе ауқымды көрінеді. Өйткені, бұл алаңның ұзындығы 580 метрге, ені 210 метрге керіліп жатыр. Бірақ та осындай кең алаң күнделікті қарбалас күндері автомобиль жолы ретінде ғана қолданылып келеді. Ал онда жалпықалалық шаралар жылына тек бірнеше рет қана өткізіліп жатыр. Демек, бұл алаң жыл бойына бос тұрады деген сөз. Соған орай қала тұрғындары арасында «Алаң неге қала жұртшылығының жыл бойына қыдырып, серуендейтін орнына айналмайды?» деген пікірлер қалыптаса бастапты.

Шынында да қазіргі алаңдар көпшіліктің құжынай жиналатын сүйікті орнына айналып жатқан жоқ па? Мысалы, Мәскеудегі Манеж алаңындағы «Охотный рядты» алайық. Тіпті, осы қаладағы бүкіл орыс халқының ең қасиетті орнына айналған Қызыл алаңды алайық. Мәскеуліктер оның атағына нұқсан келтірмей, дәл Кремль жанынан орталық ашып алды. Киевтегі Крещатик те қазір осындай мақсаттарға пайдаланылады. Сол секілді Канаданың Квебек қаласындағы көне алаң да, Париждегі Королева алаңы да жаңа заман талабына қарай бет бұрған. Ендеше неге Алматының бас алаңын осындай шын мәніндегі көпшілік орынға айналдырмасқа?..

Иә, 1986 жылы желтоқсан айында бұл алаңда жастардың бас көтеруі болды. Жазықсыз қан төгілді. Бірақ, солай екен деп үлкен қаланың үлкен алаңын «Мінәжат алаңына», «Тағзым ету алаңына» айналдырудың жөні бар ма? Одан да ол жер халықтың қарасы үзілмейтін көпшілік орынға айналса несі бар? Сонда алаңға келушілер құрбан болған желтоқсандықтарды, жалпы Желтоқсан көтерілісін бір сәт те болса да еске түсірер еді ғой. Және сонымен бірге алаңның рухани тәлім-тәрбиесі де артар еді-ау. Кейінгі ұрпақ алаңның тарихын, қазақ өмірінде алатын орнын біліп жүрер еді.

Алаңды көпшілік орынға айналдыру мәселесі қала басшылығының ойына бір күнде келе салған жоқ, әрине. Ол ұзақ

пысықталыпты. Әлемнің ірі қалаларындағы басты алаңдар жете зерттеліпті. Міне, содан кейін барып Республика алаңы астына көпсалалы қоғамдық кешен салу мәселесі пісіп-жетілген. Осы орайда, алдымен атап өтерлігі, Республика алаңы астында салынатын «Алмалы» көпсалалы қоғамдық орталығы – әлемдегі осындай ірі кешендердің бірі және еліміздегі жалғыз кешен болады екен. Ол жер асты кеңістігінде 100 шаршы метр аумақты алып орналасады. Онда қазіргі заманға сай кинотеатрлар, кафелер, боулинг, фитнес орталықтары, бильярд клубы, балалар аттракциондары, мұз айдыны, сауда алаңдары мен мың автомобильге арналған паркингтер салынатын болады. Атап өтерлігі, қазірдің өзінде осы жер асты кешенінен орын алып қоюға ұмтылғандар саны күн санап өсіп келе жатыр екен. Олардың ішінде әлемдік ауқымда бедел жинап үлгерген өнім иелері бар. Нәтижесі сол, бұл кешен болашақта екі мыңнан астам алматылықты жұмыспен қамтамасыз етіп, қала бюджетіне жылына 2 млрд. теңге пайда әкеледі деп күтілуде.

Міне, осындай нысандар Алматыға, алматылықтарға керек емес пе? Әбден қажет. Өйткені, өткен жылы Розыбакиев – әл-Фараби даңғылы аумағында пайдалануға берілген қаладағы ең ірі «Мега-Алматы» сауда ойын-сауық кешені қазірдің өзінде тарлық ете бастаған. Ендеше, қала орталығынан одан да ірі кешен салу – өмірлік қажеттілік. Осы ретте Республика алаңының айналасы да адам танымастай өзгеріске ұшырап, жаңа келбетке ие болады. Алаң – айналасындағы ғимараттармен біртұтас сәулеттік ансамбль құрайды. Сөйтіп, әлемдегі атақты алаңдар секілді Республика алаңы да бірте-бірте өзіне шетелдік туристерді көптеп тартатын болады.

Осының бәрін алаң картасы мен болашақ кешен жобасы алдында тұрып тәптіштей әңгімелеген Иманғали Нұрғалиұлы «желтоқсандықтардың» ішіндегі қайсыбір сөзуарларын сабағына түсірді. Ал жалпы алғанда, алаң үстімен көлік өткізбеу мәселесі жоспарда бар екен. Ол үшін алдымен қазіргі көлік ағынын Президент резиденциясының арғы жағындағы көшеге бұру мәселесі шешіліп жатқан көрінеді. Осы ретте ол көше кеңейтіліп, Фурманов көшесіндегі көлік тасқыны сол көшемен

Желтоқсан көшесіне түсіп кете алады екен. Сондай-ақ әл-Фараби даңғылы мен Фурманов көшесі қиылысындағы жол айырығы іске қосылғанда көліктердің біраз бөлігі әл-Фараби даңғылы мен Достық даңғылын кесіп өтіп, Көктөбенің етегімен Құлжа тас жолына бірден шығатын болады. Және жоба бойынша кешегі кеңестер заманының мұрасындай болған «трибуна» да алып тасталынады екен. Әсіресе, қазір кейбіреулердің қарсылығына себеп болған мәселе – алаң үстінде арақ-шарап сатылатын, көңіл көтеретін орындар, көлік тұрақтары атымен болмайды. Демек, қаланың Бас алаңы болашақта қала тұрғындары мен қонақтары емін-еркін демалатын аймаққа айналады.

Дегенмен, бұл жобаның нақты іске асуы үшін әлі бірнеше жыл уақыт керек. Өйткені, алдымен көлік ағынын бұратын қосымша көше дайындалып алынады. Сондай-ақ қазіргі таңда алаң астымен үлкен көлемде инженерлік коммуникациялар өтіп жатыр екен. Бүгінде соларды басқа жаққа ауыстырудың дайындық жұмыстары басталып кеткен. Ал кешеннің өзі екі жылда екі кезек бойынша салынбақ. Бұл ретте құрылыс жұмыстары ғимараттың төбесін жабу және алаңды көріктендіру бойынша бір жарым жыл бойы жүреді. Сосын қалған жарты жылда нысан ішіндегі сырлау-жөндеу жұмыстары жүзеге асады. Сөйтіп, жаңа мәнге ие болған алаң жұртшылық игілігіне пайдалануға беріледі.

Желтоқсандықтар қала Әкімінің бұл сөздерін мұқият тыңдады. Алаңның қалай өзгеретініне және жақсы жағына қарай дамитындығына көз жеткізді. Бұл ретте олардың бәрі Иманғали Нұрғалиұлының сөзіне және ол кісінің айтқанын орындайтынына күмәнсіз сенді. Әрине, осы 2007 жылдың басында қала тұрғындары алдында есеп беруінде И.Тасмағамбетовтың өзі «Иә, біз өткенді ұмытқан жоқпыз. Және Желтоқсанның не екенін де білеміз. Басқа-басқа емес, маған «желтоқсандықтардың» мәселесін айтудың қажеті жоқ. Мен осы соңғы 15 жылда солардың жанындамын. Және 15 жыл бойына соған қатысты көптеген өзекті мәселелерді шешуге тырысудамын. Оның ішінде саяси жақтары да бар» деп бекер айтқан жоқ. Желтоқсанның төңірегінде болып жатқан барлық жағдайлардан хабардар екенін жеткізіп айтты. Сондықтан да соңғы кездері

қайсыбіреулердің құр даурығу тақырыбына айналған мәселеге қала Әкімі де, желтоқсандықтар да түсіністікпен қарап, емен-жарқын әңгімелесті.

Әрине, сөзден сөз шығады дегендей, алаң төңірегіндегі әңгіме осындай бағыт алған соң, «Желтоқсан» республикалық халықтық патриоттар қозғалысының өкілдері үнсіз қала алмады. Бас алаң иеленген «Республика» атауының мемлекет орталығына лайықты екенін айтты. Сондықтан да 1986 жылы әлемді дүр сілкіндірген тарихи алаңға «Желтоқсан» деген бәрімізге қасиетті де рух көтерер атауды беруді ұсынды. Содан кейін осы алаң маңайынан «Желтоқсан көтерілісіне» арналған мұражай ашып беруді сұрады. Өз кезегінде Иманғали Нұрғалиұлы желтоқсандықтардың бұл қойып отырған ұсыныс-тілектерінің орынды екенін айта келіп, олардың орындалу жағын ойланып көретінін байқатты.

Шынында да, алаңға «Желтоқсан» атын қою – сол бір желтоқсан айында тоталитарлық үстемдікке қарсы бас көтерген қазақ жастарына көрсетілген құрметтің ең үлкені болар еді. Өйткені, осы арқылы өсіп келе жатқан болашақ ұрпақ «Желтоқсан» сөзін ұдайы қолданып қана қоймай, оның мән-маңызын, қасиеті мен рухын бойына сіңіріп өсер еді. Өйткені, «Желтоқсан» алаңына бара жатырмыз» немесе «Желтоқсан алаңында кездесейік» деген сөздердің өзі бұл атаудың болашақ мәңгілік парқын, терең мағынасын жеткізіп тұрған жоқ па?..

*15 желтоқсан, 2007 жыл.*

### **ҚЫМБАТ МАҒАН – ӨЗ ЕЛІМНІҢ ҚҰРМЕТІ, БӘРІНЕН ДЕ ...**

...Отанды сүю дегініміз не? Әрине, оны сездіру үшін үлкен эмоция қажет емес. Кеудені ұрғылап мақтанудың да керегі жоқ. Бар болғаны өз еліңе, өз халқыңа деген адалдығыңды сақтау. Оның жетістіктеріне іштей болса да қуана білу. Салт-дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктерін құрмет тұту. Сосын, өз елің үшін тер төге еңбек ету...

Осыдан 25 жыл бұрын алаңға шыққанда, одан кейін темір торларда жан-дүниеміз жаман қатты торыққанда – біз алғаш рет өзіміздің отар ел екенімізді, бас еркіндігі жоқ халық екенімізді түсіндік. Сөйтіп, жүрегіміз қан жылап, «Шіркін-ай, қазақ елі қашан өз бостандығын алар екен?.. Біз қашан тәуелсіз елде өмір сүріп, басқа жұрттармен терезесі тең ғұмыр кешеді екенбіз?» деп армандаушы едік. Енді, міне, сол Тәуелсіздік келген соң, қуанышымыз қойнымызға сыймай жүр. Бұл ретте, тіпті, егемендіктің дәміне әлі де жете тояттанып үлгермеген халқымыз күні бүгінде де «тәубасын» айтып, Қазақстанды гүлдендіру үшін қолдан келген күш-жігерін жұмсап жатыр...

Желтоқсанда алаңға шығып, абақтының кермек дәмін татып келген соң мен бірден «журналист боламын» деп өз алдыма мақсат қойдым. Өйткені, мен енді бұрынғы бодан елімді емес, азат Отанымның жетістігін, оның дамуындағы биік көрсеткіштерді жазатынымды бек түсіндім. Сөйтіп, ҚазМУ-дің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і) журналистика факультетіне сырттай оқуға түстім. Екінші курсқа өткенде баяғы түрмеде жатқанда ерекше қуандырып, төсегімнің басында жапсырып қойған «Алматы Ақшамы» газетіне журналист болып жұмысқа орналастым. Сөйтіп, өзімнің сүйікті Алматыдағы, одан әрі Қазақстандағы толағай жетістіктер мен табыстарды жалықпай жаза бердім, жаза бердім. Әрине, бұл ретте мен керемет жұмыс істедім деп мақтанбай-ақ қояйын, бірақ ел қатарлы еңбек еттім дей аламын...

Осы орайда адам баласына еңбегі елініп, өз елінің құрметіне бөленгеннен артық бақыт жоқ екен. Оны мен 2005 жылы сезіндім. Сол жылы еліміздің Ата Заңының 10 жылдығы мерекесі қарсаңында мен ойламаған қуанышқа кенелдім. Қалалық әкімдікте алматылықтардың үлкен тобы қатарында маған да «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі табыс етілді. Басқаны қайдам, маған осы бір үлкен құрмет өте қатты әсер етті.

...Барлығы іштегі қуанышты сыртқа шығара білмеуімнен шығар. Тіпті, сол жан-дүниемді керемет бір сезімге бөлеген қуаныштың әсерінен сіркірей жауған жаңбырды да елең етпей,



бірнеше аялдаманы жаяу жүріп өткенім естен кетпейді. Оған себеп, мен тұңғыш рет өз Отанымның құрметіне бөленіп отырмын. Мейлі, ол біреулер ойлағандай «мерекелік медаль» ғана болсын. Бірақ, мен үшін оның бағасы бәрінен де жоғары еді. Өйткені, күні кеше ғана желтоқсанның сықырлаған аязында бордай езіліп тұрып, түрме-абактыларда жанымыз жабырқап жүріп – осындай ақ түйенің қарны жарылған күнді көреміз деп ойлап па едік?! Тіпті, оның наградасын аламыз деген ойдың өзі қол жеткісіз армандай болған еді ғой. Енді, міне, менің сол арманым орындалып, азат Қазақ мемлекетінің ардақты белгісіне ие болып отырмын.

Жалпы, біздің қазақ Тәуелсіздігін 300 жылдай армандаған халық. Ендеше, мен сол әбден армандаған, әбден аңсаған азат та асыл елімнің құрметіне неге қуанбаймын! Тіпті, мен ары-беріден соң, орыстың не оймауыттың, әйтпесе, басқаның емес, өз елімнің наградасын алып отырмын ғой, түсіне білсек осыны...

...Өткенде бір балаң жігіт жерде жатқан бір тиынды көтеріп алды. Сосын «Қазақстанның Елтаңбасы бар ғой, аяқ астында жатқаны жарамас» деп қалтасына салып қойды... Ана бір жылы Қазақстанның футбол құрамасы Грузия командасынан оңбай жеңіліп қалғанда бір бозбала солқылдап жылап бара жатты...

Міне, нағыз отансүйгіштік деген осы болар. Өйткені, ертең олардың өз Отаны үшін еселей жұмыс істейтініне, елінің марапат белгісіне ие болғанда шексіз қуана алатынына мен еш күмәнсіз сенемін!!!

*15-желтоқсан, 2008 жыл*

## **ЖЕЛТОҚСАН КЕЗІНДЕ ЖУРНАЛИСТЕР «ЖАНТАҚ ЖЕДІ»**

Атам қазақ ықылым замандардан бері жауынгер халық болған. Тіпті, кешегі жаугершілік кездері «аттан» деген ұран шыққанда үйде отырып қалу – ол үшін өліммен тең саналған. Бір қызығы, елге шапқан жауды атамекеннен түріп тастаған соң, жауынгер ер-азаматтар бірден бейбіт өмірге араласып, мамыражай

күй кешетін. Керек десеніз, кешегі жасаған ерлігін де ұмытып кететін. Мұны олар ел алдындағы азаматтық міндеті санайтын.

Неге екенін қайдам, қазір мен осы қайсар мінезді қазақтарға өзіміздің журналистерді ұқсататын болып жүрмін. Өйткені, олар да ел басына қиындық төңгенде «аттандап» шыға келеді. Болған жағдайдың бар салмақ-жүгін жүрегімен көтереді. Сөйтіп, өз халқына арашашы болады. Бірақ, кейін бұл мәселе оң шешілсе, оны жылы жауап қоя салады. Бұл тұрғыда ары кетпей, кешегі Желтоқсанды алсақ та жетеді. Оның бар ыстық-суығын журналистерден артық сезінген адам кемде-кем шығар. Және сол журналистер Желтоқсан ақиқатына жетуде көп еңбек сіңірді десе де болғандай. Тіпті бұл ретте, Талғат Айтбайұлы, Қайым-Мұнар Табей, Армиял Тасымбеков секілді «желтоқсантанушы» жазушы-журналистердің де шыққанын жақсы білеміз. Демек, журналистердің Желтоқсан тақырыбын көтерудегі орны ерен. Бірақ сол қалам ұстаған қандастарымыз соңғы кезде Желтоқсан тақырыбын қозғауға сирек баратын болып жүр. Тек қыстың осы бір желтоқсан айында ғана аздап еске алғандай болып қана өткені болмаса...

*...Бір отырыста бейтаныс жігіт ағасы «Өзің сол желтоқсандағы тентектердің арасында болғаннан соң шығар, ол тақырыпты дабырайта жазатының» деп қалды ...*

*... Менің «Ақшамға» жұмысқа тұрғанымды естіген әлдебір кісі «Енді Желтоқсанды жылап жаза беремін дегі» деп тыржың етті ...*

*... Жақсы көретін бір газеттен «Желтоқсанда алаңда болғанын алдына тартып, жеке басының мүддесі үшін қызмет етіп жүргендерді де естіп қаламыз» – деген жолдарды оқып, ойланyp-ақ қалдым ...*

*... Ауыз шіркінге қақпақ қойылған ба? «Желтоқсан деген даңғазаны қояр уақыт жеткен жоқ па?» деп жазған газетті де көрдік қой ...*

Иә, қазір қайсыбір ақпарат құралдарында осындай Желтоқсанның бағасын түсіретін сыпсың сөздер қылаң беріп қалып жүр. Соған байланысты «Ау, мұндай сөздер – Желтоқсанның бар қадір-қасиетін елге жайып, оның қазақ тарихында алатын рөлін ойып тұрып көрсеткен журналистер

беделіне нұқсан келтірмей ме?» деп терең ойға беріледі екенсің. Дегенмен, «Қоғамның қозғаушы күші – журналистер. Бірақ оны ешкім бағалап отырған жоқ. Яғни, «журналистің арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» деген әріптес сөзі еске түседі.

Шынында да, журналистер қауымының Желтоқсан көтерілісінің мән-маңызын ашуда еңбегі ерен ғой. Міне, сол еңбек орынды бағаланса дейсің. Себебі, Желтоқсан туралы түсінік-көзқарастардың қазіргі деңгейге жетуі – сол журналистердің арқасы. Тіпті, журналистер қауымы бел шеше кіріспесе, Желтоқсан тақырыбы осылай айдай әлемге жайылар ма еді? Немесе оның рөлі бағаланбай, қатардағы бір оқиға ретінде көмескі тартар ма еді?. Қайдам, олай болуы да мүмкін-ау дейсің. Өйткені, қазір бұл тақырыптың сирек қозғалуы (тек желтоқсан айында ғана) сол бір жастар бұлқынысын ұмыттырып бара жатқан сияқты көрінеді.

Алдымен, Желтоқсан көтерілісінің әлемдік аренада алатын рөлі туралы бір ауыз. Шыны сол, 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында бұрқ еткен бұл көтеріліс – батысында Еуропаны жастанып, шығысында Тынық мұхиттың бұйра толқындарына жотасын ұрғызған, сол жамбасын солтүстіктегі Арктиканың үскірік аязына қарытып, оң жамбасын оңтүстіктің аптап ыстығына күйдірген алып Кеңестер империясының оң бүйірін солк еткізген еді. Сөйтіп, жамбасына жүздеген ұлттар мен ұлыстарды тыпыр еткізбей тұншықтыра басып, ақиланған айбарымен дүние жүзін қаймықтыра ықтырған «қызылдар мемлекетінің» қабырғасы сөгіліп сала берген болатын. Бір қызығы сонда сұсты жанарына «тірі пенде» тіктеп қарай алмайтын КСРО-ға қарсы ашық наразылық басқа емес, өз ішінде «тып-тыныш жатқан» қазақ жұртынан шығады деп ешкім ойламаған екен. Әрине, бұл «тосын жаңалық» сол күндерде барлық БАҚ-тың шағын болса да негізгі тақырыбына айналды. Және олардың дені «Алматыдағы оқиғаны», «тәртіпсіздік», «бұзақылық» ретінде көрсетуге тырысты. Атап айтқанда, сол күндері «Комсомольская правда» газеті «Кеше кешқұрым және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтердің айдап салуымен оқушы жастар тобы таяуда болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының

шешімін қолдамайтынын білдіріп, көшеге шықты. Қалыптасқан жағдайды пайдаланған бұзақылар, арамтамақтар және тағы басқа да қоғамға қарсы адамдар тәртіп сақтау өкілдеріне қарсы заңға сыйыспайтын әрекеттер жасады. Сондай-ақ азық-түлік дүкенін, жекеменшік автокөліктерді өртеді, қала азаматтарын жәбірлейтін әрекеттерге жол берді» деп жазды.

Заман солай, қоғам солай болды. Сол себепті орысша жазылған осы шылғи өтірікті қазақ басылымдары күштеумен қазақшаға аударып отырды. Сөйтіп, сол кездегі КСРО Конституциясындағы «Халық мүдделеріне сәйкес және социалистік құрылысты нығайтып, дамыту мақсатында КСРО азаматтарының: сөз, баспасөз бостандығына, жиналыстар, митингілер өткізу, көшедегі шерулер мен демонстрациялар бостандығына кепілдік беріледі» деген құқықтар айдала да қалды. Сондықтан да, көпшілік халық алғаш рет журналистер сөзіне секемдене қарады. Ал, бұл ақпарат шетел қоғамында сенімсіздікпен қатар қатты таңданыс та тудырыпты. Бұл жөнінде кейіннен АҚШ-тың Джорджия штатындағы мемлекеттік университеттің докторы С.Сейбол «...Алматыдағы наразылықтар мен тәртіпсіздіктер жөніндегі ең алғашқы жел сөздер батысқа жеткенде, ондағылар естігендеріне сенімсіздікпен қарады. Неге Алматы?.. Неге Қазақстан?.. Зерттеушілердің барлығы да мұндай шерулер Рига мен Бакуде, тіпті Ташкентте болуы мүмкін, тек қана Алматы емес деген нық сенімде болатын» деп еске алады. Өйткені, бұл кезде Ресей империясының бодандығындағы 300 жылдай уақытта 300-ден астам рет ұлт-азаттық көтерілістеріне шыққан қазақ халқының биік рухы, асқақ намысы, жауынгерлік қасиеті шет елдер халықтарына мүлдем беймәлім болған еді.

Жасырып қайтеміз, журналист өмірінде жазғысы келмейтін тақырыпты амалсыз жазуға тура келетін кездер жиі кездеседі. Әсіресе, өз ұлтына қарсы бағытталған материалдарды жариялаудан өткен қорлық жоқ екен. 1986 жылы дәл осылай болды. Көптеген журналистер шеруге шыққан жастарды кінәлап, жала жауып жазудан үзілді-кесілді бас тартты. Сөйтіп, олар да қуғынға ұшырады.

Дегенмен, ол кездебүкілақпаратқұралдары мемлекет иелігінде болғандықтан олардың барлығы империялық зымиян саясатқа қарсы келе алмады. Бұл ретте, әсіресе, орталық (мәскеулік) және республикалық басылымдар мен радио-теледидар белсенділік танытты. Бірақ, олардың өздері бұл мәселені айыптауға келгенде тым еркін сілтей алмады. Сондықтан да «Социалистік Қазақстан» газеті 1987 жылғы 17 ақпандағы санында Қазақстан Журналистерінің VII съезі материалдары бойынша дайындалған «Өткен жылдың декабрінде Алматыда болған белгілі оқиғалар барысында бұқаралық информация құралдары ұлтшылдық пиғылдағы элементтердің жастарға тигізген жағымсыз ықпалына пәрменді тойтарыс беруге қабілетсіздігін көрсетті. Тіпті, қазірдің өзінде де республика баспасөзі бұл жөнінде түсініксіз енжарлық танытуда. Мұндай жағдайдың себептерінің бірі мынада: даңғаз материалдар жазуға бейімделіп алған кейбір журналистер тап жауларымызға қарсы айтысқа шығуда, қатарымызды бүлдіретін желіні большевиктерше өткір көре білуде, социализм мұраттарын батыл да ымырасыз қорғай білуде дәрменсіздік танытуда» деген жолдарды аударып басуға мәжбүр болды.

Дегенмен, Желтоқсан көтерілісі нәтижесінде 70 жылдай уақыт бойы «интернационализм», «халықтар достығы» деген ұрандарды көпшілік санасына сіңіріп келген коммунистік жүйенің өтірігі шығып, екіжүзділігі айдай әлемге паш етілді. Осы орайда көпшілікке мәлім, Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды жазалаудың ең соңғысы, әрі ең қасіреттісі – 1987 жылы 16 маусымда болып еді. Сонда ең қатал үкім шығарған Жоғарғы Сот мәжілісінен кейін бүкіл қазақ даласы күңіреніп, қара жамылып қалғандай болды. Бар-жоғы 6-7 айда жүздеген қазақ азаматтарын соттатып, мыңдаған жастарды оқудан шығарған мұндай жазалаудан жұрт еңсесі езіліп, жігері жасып, қатты күйзеліске түсті.

Бірақ, сол жылы 19 маусымдағы «Жетісу», «Огни Алатау», «Коммунизм туғи» газеттеріне шыққан сот процесі мен бес жігіттің фотосуреті халқымыздың мүжіліп бара жатқан рухын қайта аспандатып жіберді. Өйткені, алды ату жазасына, қалғандары 15-14 жылға сотталған жігіттердің «үкімді»

қаһармандықпен қасқайып тұрып қарсы алуы – олардың ешқандай жазығы жоқтығын білдіріп, қазақ жастарының бойындағы қайсарлық пен жүректілікті, елі үшін басын бәйгеге тігетін ерлікті көрсетіп тұр еді. Осы орайда, Желтоқсандағы көтерілістен кейін ақиқатты ашық айта алмай сыбыр-күбірге көшіп, пұшайман күй кешкен қалың көпшілік әлгі суретке қарап қайта қайраттанғандай болды. Бұл жөнінде Ә.Қайырбеков «Боздақтарым-ай, күндердің не болар екен! Жазықсыздан жазықсыз жас өмірлерің қор болды-ау» деп сақалынан тарам-тарам жас аққан қарияны өз көзіммен көрдім. «Нағыз ер жігіттер екен» деді жанашыр жандар сүйсініп. «Әлі-ақ ақталасындар!» дедік біз» деп жазды да. Осылай, үкім оқылған соң тізерлеп кешірім сұрайды, еңіреп тұрып істегендеріне өкінеді, аһ ұрады деп ойлағандар қатты қателесіп, бесеудің суреті халыққа қайрат пен жігер берді және намыстарын жанып, рухтарын көтерді. Міне, баспасөздің құдіреттілігі осында ғой...

Көпшілікке мәлім, Желтоқсан көтерілісіне дейін Қазақстан «интернационализмнің», «халықтар достығының» ең жоғарғы үлгісі болып саналатын. Жылдар бойы қалыптасып, санаға берік орналасқан осы жалған ұғымды Желтоқсан көтерілісі күл-талқанын шығаруы сол-ақ еді, Мәскеудегі үстемшіл билік қазақтардың «ұлтшыл» екенін дәлелдеуде жандарын салып бақты. Сосын, қаралаудың неше түрлі әдіс-тәсілдері қолданылып, тырнақ астынан кір іздеу жаппай науқанға айналып сала берді. Әсіресе, қазақ мамандарын, жоғарғы оқу орындары мен басшы қызметтегі қандастарымызды жіпке тізген атышулы «процентомания» адам құлағы естімеген жағдайда өрбіді. Осы қазақ халқына қарсы бағышталған идеологиялық «соғыс» – түсінігі төмен, саяси мәдениеттен мақұрым, авантюристік пиғылдағы адамдарға қолшоқпар болып, жұртымыздың сана-сезімі мен ар-ожданына ойран салды. Бұл жолы да Желтоқсан қозғалысында «ақысы қалған» одақтық басылымдар – «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», республикалық «Қазақстанская правда», «Ленинская смена» газеттері алақандарына түкіріп, «қазақ ұлтшылдығын» барынша қалыңдатып көрсетуге құлшына кірісті. Тіпті, осы орайда қазақ ұлтының «Социалистік

құрылысқа» сіңірген еңбегінің өзі ескерілмей, жөн-жосықсыз кінә тағу көбейіп, оны тілшілер даурыға жазып, баспа орындары ойланбастан жариялап отырды. Өкініштісі сол, мұндай сұмдыққа, өзінің туған халқына топырақ шашуға кейбір қазақ ұлты өкілдері де белсене ат салысты. Дегенмен де басқа-басқа, өз қандастарының мұндай екіжүзділігі қазақ халқының ашу-ызасын тудырды, ұлттың ой-санасын оятып, бойларына намысты сезімдер ұялата бастады.

Желтоқсан дүрмегінің барлық қасіретін көлегейлеп, жұмбақтарын жасырған 1986 жыл тарих қойнауына сапар шегіп, қазақ халқы көңілсіз атап өткен 1987 жыл келді. Екі күннің ызғары жүрегін сырқыратқан жұртымыз, бұл жылға сеніммен қарағысы келіп табалдырығынан аттай бергенде, белгілі жазушымыздың «Алматыда не болды?» – деген мақаласы одақтық «Литературная газетінде» жарқ ете қалды (Ол кезде Алматыдан барған кезкелген хат КОКП ОК-ның насихат бөлімінде редакцияланатын). Бір қарағанда өз халқынан бар кінәні шайып тастауға тырысқан бұл материал бейкүнә секілді көрінеді. Бірақ, оны Мәскеу басқаша бұрмалап жіберді. Өйткені, араға екі апта салып шыққан А.Самойленко деген «Шындық сабақтары» атты мақаласында «Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды, арандатушыларды іздестіруді табанды түрде жүргізу керек» – деп «отқа май тамыза» түседі. Осылай алғашқы кездері олар бірден «ұлтшылдық» жаласын жабуға тайсақтап, алаңға шыққан жастарды біреулер айдап салды деген тұжырыммен ғана шектеліп жүрді. Бірақ, бірте-бірте Алматыдағы «оқиғаның» басты себептері «идеологиялық жұмыстардағы елеулі кемшіліктерде, патриоттық, интернационалдық тәрбиенің әлсіреуінде жатыр» деген «байбаламдарға» ауыса бастайды. Атап айтқанда, «Комсомольская правданың» тілшісі А.Лапин Желтоқсан көтерілісінің шығуын жоғарыдағы жіберілген қателіктерден көре келіп: «Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында уақтымен отамаса, қаулап өсетін арам шөп сияқты өскен болатын» – дейді де, одан әрі республикада жүзден астам ұлт пен ұлыстың адамдары тұратынына қарамастан, Алматының жоғары оқу орындары мен

техникумдарында оқитындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері екеніне назар аударады. Жатақханаларда студенттердің ұлттық белгісіне қарай орналасуын «ұсақ-түйек деп санады» деп өршітіп-өрбітіп әкетеді. Міне, осыдан кейін «процент қуу» науқаны басталып та кетеді. Сөйтіп, жастарды алаңға «айдап салушыларды» іздестіру бірте-бірте «интернационалдық тәрбиенің ақсауына» ұласып, ақыр аяғында жоғарғы оқу орындары мен мамандардың «барлығы» қазақтар болып шыққан соң, «ұлтшылдыққа» келіп тіреледі де, қазақтарды пайыздық көрсеткішіне қарай шектеп-реттеуге ойысады.

Бұл орайда қазақтардың жоғары оқу орындары мен басшы қызметтерде «өсіп кеткен процентіне» қарсы алғашқы соққы В.Шепоткиннің «Шырмауық» атты мақаласында сілтенеді. Қазақ жастарының оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, Алматының зауыт-фабрикаларында жалақысы ең аз, ауыр жұмыстарға қолдары әзер ілігетіні, қазақ балабақшалары мен мектептерінің жоғалып бара жатқандығы, ұлт, тіл тағдырларының ауыр жағдайлары, республикада шовинистік пиғылдардың кең етек жая түскендігі жөнінде бір ауыз айтылмаған бұл мақалада, керісінше, қазақ азаматтары қатты сынға алынып, 20-дан астам адамға жала жабылып жаппай түйреледі. Олардың ішінде Д.Қонаевтан бастап, Ө.Жолдасбеков, А.Асқаров, Т.Қожакеев сияқты республикамызға кеңінен танымал, озық ойлы азаматтарымыздың есімдері аталады. Бұл мақала сонымен бірге Г.В.Колбиннің зымиян саясатына айқара жол ашып береді және кадр іріктеу мен орналастыруда ұлтына қараушылық осыдан барып етек алды. Өйткені, 1987 жылдың 27 қаңтарында КОКП Орталық Комитетінің осы материалға орай өткізген кезекті пленумы «Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы» мәселе қарап, ұлттық белгілеріне қарай кадрларды судай сапыру, бірін алып, бірін қою науқанына жол ашады.

Әрине, бұл кездері республикалық газеттердің барлығы да одақтық басылымдардың, яғни, Мәскеудің аузына қарады. Желтоқсан жайында, «қазақ ұлтшылдығы» жөнінде жұмыла жазып жатқан Орталық газеттерге шыққан мақалаларды көшіре басу үрдіске айналды. Бұл ретте белгілі азаматтарымыз іш-



терінен тынып, тіпті, үн шығаруға дәрмені жетпеді. Мысалы, республикада қазақ тілінде шығатын басылымдарда интернационалдық тәрбиенің аздығын, онда тек қазақ фамилиялары аталып, жергілікті ұлттардың ғана суреттері берілетіндігін, тіпті, Алматыда алғаш рет «Ертөстік» балабақшасы ашылғанда берілген репортаждан «ұлтшылдықты» көрген, «Лениншіл жастың» оны қолдап, «қазақ балалар бақшасы мен мектептерін көбірек салуды ұсынатындығын», «Қазақ әдебиеті», «Білім және еңбек» басылымдарында – «1962 жылы Қазақстанның жергілікті халқының үлес салмағы 29 процент болса, 2000 жылға қарай 50 процентке жетеді» деген және рулар мен жүздердің пайда болуы туралы мақалалардың «тым еркінсіп» кеткенін ашына отырып жазған Т.Есілбаевтың «Мардамсудың зардабы» атты мақаласы «Правдаға» шыққанда, қазақ басылымдары шарасыз жағдайда қалды. Өйткені, бүгін-ертең оны өздеріне көшіріп басуға тура келетін еді. Сол кездегі қазақ газеттерінің қиналысын кейінірек Ж.Оңғарұлы былай еске алады:

«...Сәлден кейін сол кезде ҚазТАГ-тың аударма жөніндегі бас редакторының орынбасары болып істейтін жазушы Жақсылық Түменбаевпен мақаланың қашан аударылып біткенін білмек болып хабарластық. Ар жақтан жазушының шаршаулы үні естілді. Аса бір кейісте отыр екен.

– Орталық газеттердің бұл тақырыптағы бұрынғы мақалаларының да оңған біреуі жоқ еді. Мынау тіпті сорақы екен. Осынау көпе-көрнеу нашар материалды «Правданың» жариялағанына таңым бар, – деді.

– Ренжудің көкесі ертең өзіміздің газеттерге шыққанда болатын шығар...

– Амал жоқ, бірақ кінәнің бізде емес екенін жұрт түсінсе...»

Иә, ол кездердегі басылымдардың бәрі Коммунистік партияның темірдей саясатының құрсауында жүргендігін халық жақсы білетін. Бірақ әлгі «Мардамсудың зардабы» қазақ тіліне аударылып, газеттерге басылғанда редакциялардың барлығы қап-қап реніштің астында қалды. «Енді сонда тілімізді қадірлегеніміз, мектептер мен балабақшалар ашқымыз келгені қате болғаны ма? Не, халық болудан қалғанымыз ба?», «Балаларымыз өз

тілінде тәрбиеленсін деп бір балабақша ашқан екенбіз, ол да көзге күйік болды-ау. Дәл сондай талай орыс балабақшасы бар емес пе? Бұл мақаланы газеттеріңе шығарып, неменесіне қазақ болып жүрсіндер» – деп жүректі тілгілеген айыптаулар бүкіл республикадан жаңбырша жауады. Міне, бір ғана мақаланың өзі халқымызға қаншалықты ұлттық сезім әкеліп, қоғамдық ой-сананың өзгеруіне, қазақ зиялыларының қалыптасқан үнсіздіктен құтылуына септігін тигізді.

Рас, қазақ халқы «қатты ашу-ызаға» берілді деп, Орталық өзінің бастаған үстемшіл әрекетін тоқтата қойған жоқ. Қайта, «жығылғанға жұдырық» деп 1987 жылы маусымда КОКП Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» деген атышулы Қаулысы шықты. Онда «Қазақстандағы ұлт саясатын жүзеге асыруда кеткен кемшіліктер, интернационалдық тәрбиенің нашарлауы, ұлтшылдыққа қарсы күрестің тоқтатылуы, ұлттық табыстың «елімізде» (КСРО-да) ең төмен болуы, оқшаулану мен масылдық көріністердің күшеюі, жоспардың орындалмауы, паракорлықтың өсуі, ұлттық өзімшілдік пен тоқмейілсушілік сезімінің пайда болуы, училищелер мен орта оқу орындарына қазақ жастарының түсуі азайып, керісінше жоғарғы оқу орындарында көбейуі, онда қазақтарға артықшылықтың берілуі, тамыр-таныстықтың күшеюі, әдебиет пен өнер шығармаларында қазақ халқының өткендегісі дәріптеліп, буржуазиялық ұлтшылдарды ақтау әрекеттері жасалғаны, байшылдық, рушылдық, салт-дәстүрге қарсы күрестің тоқтатылуы, қызмет бабын дүниеқоңыздық мақсатта пайдалануы, ағайыншылдықтың етек алуы және өткен жылы декабрьде Алматы қаласында болған тәріпсіздіктер қазақ ұлтшылдығының көрінісі болды. Ал мұндайға біз – халықтардың туысқандық достығына, совет қоғамының интернационалдық бірлігіне қастандық деп қараймыз» деп бір-ақ кесіп, қазақ халқына «ұлтшыл» деген жалалы атақ жапсырды. Бұл КСРО-дағы жүздеген ұлттардың көз алдында қазақ халқының ар-ожданын таптау, абыройын төгу еді.

Талай ғасырлар бойы жүздеген халыққа «аға» болып, ұлтшылдықтан әбден есіріп, қарамағындағы ұлттарға үстемдік етіп жаман үйренген империялық шовинистер «екінші сорттағы» қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің жедел өсуін көре алмай, өз құқын жаттанды түрде талап етуін кешіргісі келмеді. Сондықтан да олар баспасөзде жұртымызды қаралап, күйе жағуын 1990 жылға дейін тоқтатпай келді. Мысалы, қазақ жерінде туып-өскен Н.Кузьмин деген «Позорные события в Алма-Ате, как известно, произошли 17 декабря 1986 года. В тот день на улицах бывшего казачьего поселения Верного пролилась кровь правнуков тех, кто его когда-то основал. Русские ребята впервые своими глазами увидели зверинный оскал национализма» – деп қазақтармен ымыраласқысы келмейтін пиғыл танытты. Міне, сол кездегі осындай шовинистік көзқарастағы материалдарды тізбелей берсек, бірнеше томдық кітап болып шығатын еді.

Дегенмен, Желтоқсан тақырыбының бірте-бірте баспасөзде ашық айтылуы – қоғамымыздағы басқа да әлеуметтік-экономикалық қордаланған мәселелердің бетін ашуға, шешімін күткен көптеген проблемаларды көтеруге ықпал етті. Оның ішінде, әсіресе, халқымыздың жан-дүниесін мазасыздандырып келген қазақ тілінің Мемлекеттік тілге айналуы, Семей полигонының қасіреті, Арал тақсіреті сыртқа шыға бастады. Сөйтіп, Желтоқсан көтерілісінің толқыны шымырлата келіп, ұлтымыздың көкейінде жатқан көптеген мәселелерге қозғау салды. Сөйтіп, 1986 жылы Желтоқсанда жастардың намысын камшылап, рухын аспандатқан ұлттық қасиетті сезімдер енді бүкіл қазақ халқының ақыл-ойына орныға бастады.

Бұл ретте, әсіресе, журналистердің белсенділігі тым ерекше болды. Желтоқсан көтерілісі барысында және одан кейінгі жылдардан үлкен сабақ алған олар қай мәселені болса да бадырайтып бетке айтуды үйренді. Желтоқсан кезінде тамаққа өксік тіреткен ашу-ызаны енді лақылдата шығарып, қазақ халқының ұлттық сезімінің асқақтауына даңғыл жол салды. Сөйтіп, Желтоқсан көтерілісі – журналистердің намысы мен рухын қайрады, қазақтық қалпын қалыптастырды. Ал өз кезегінде журналистер – қазақ халқының жетпіс жылдық тоқырауда қалғып кеткен са-

насын дүр сілкіндірді. Тіпті, шындығын айтқанда, Желтоқсан көтерілісі – қазақ журналистикасының мәселені қорықпай-үрікпей айтатын және жазатын жаңа толқынын баптап шығарды. Бұл, әрине, ұлтымыздың ашықтығына, жариялылығына серпін беріп, Тәуелсіздігімізді жариялауға өзіндік күшті ықпал еткені сөзсіз.

Міне, 1991 жылдың табалдырығын осындай өзгерістермен аттаған қазақ елі сол жеткен жерінде тұрып қалғысы келмеді. Олар бұрынғысынан да белсене әрекеттеніп, туыскандық, ауызбіршілік, бауырмашылдық қасиеттерінің айналасына топтаса бастады. Бұл жолы да Желтоқсан тақырыбы журналистердің басты ұранына айналып, нәтижесінде 1986 жылғы жастар қозғалысы ұлтымыздың бірлігінің, ерлігінің, намысқойлылығының, ойсанасының биік дәрежеге жеткен кезеңі ретінде тарихқа енді. Бұл ретте, әрине, бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде баспасөздің, әсіресе, қазақ газеттерінің ең басты тақырыбы да осы Желтоқсан қозғалысы болды. Тіпті, бұл тақырып қазақ басылымдарының әр санының өзегіне айналды. Мысалы, 1991 жылы тек Алматыда шығып, елге тарайтын «Егеменді Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Халық кеңесі», «Лениншіл жас», «Алматы ақшамы» газеттерінде Желтоқсан тақыбырына арналып, оның қоғамдық сананы көтерудегі алатын орнына тоқталған мыңнан астам астам оқырман хаттары мен сүбелі мақалалар жарияланыпты. Өз кезегінде бұл журналист еңбегінің рөлін тіпті зорайтып көрсететін құбылыс болды.

*27 желтоқсан, 2009 жыл.*

### ***НАМЫСТЫ ҚАЙРАҒАН... «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»***

...Негізінде, адам өмірінің көп күні бір сарынды өтеді. Мысалы, сонау бала кезде бақандай он жылың мектеп пен туып-өскен шаңырағың арасында өтіп береді. Ал үлкейгенде – таңертең жұмысқа, кешке үйге асығасың. Міне, сөйтіп, апталар асыға, жылдар жүйіткіп өте шығады. Былай қарасаң, оның көбі бір-

біріне сойып-қаптап қойғандай ұқсас күндер. Дегенмен, сол егіз күндер ішінде өмірі ұмыта алмайтын сәттер де болды. Тіпті, осыдан 13 жыл бұрын өткен күндердің де ойдан кетпейтін белгісі бар...

...Осы күнге дейін жадымда жатталып қалыпты. 1992 жылдың жанға жайлы маусым айының 7-жұлдызы-тұғын. Күн жексенбі болған соң, жатақхананың аядай бөлмесіне сияр емеспін. Әлгінде ғана осы өткен аптада жиналып қалған газет-журналдарды оқып тастағанмын. Сондағы бір оқиға естен кетпей-ақ қойғаны. Соған байланысты өз ойымды күнделігіме жазып тастамақ болып қағаз-қаламды қолыма алдым. Әйтпесе, ол ойдан әсте құтыла алар емеспін...

...Нақтылай айтсам, осы 1992 жылдың 4 маусымы күні мен үшін ғана емес, барша қазақ үшін тарихи маңызы бар тағы бір оқиға өтті. Ол – республика Жоғарғы Кеңесінің нақ осы бейсенбіде (4 маусым) өткен YII сессиясында жас Тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік Туының, Елтаңбасы мен Әнұранының қабылдануы еді. Міне, сөйтіп біздер осы күні көк аспан аясында жарқырай сәулесін шашқан Алтын Күн астында емін-еркін самғаған Қыран Құс бейнеленген – Мемлекеттік Туды, Көк Аспан бедеріндегі шаңыраққа шаншыла қадалған 72 уық пен көне аңыздардағы қос мүйізді, құс қанатты қос пырақтың бейнесі көмкерілген – Мемлекеттік Елтаңбаны көру бақытына кенелдік. Ал, Мемлекеттік Әнұранның сол бұрынғы музыкалық жобасы қалдырылып, сөзі келесі сессияда бекітілетін болып келісілді.

Міне, осылай еркін, егемен, тәуелсіз Қазақ мемлекеті – өткені, бүгіні мен ертеңін сабақтастыратын, оның ерекшеліктерін, мүдделері мен қағидаларын жаңғыртатын өзінің қасиетті белгілерін айқындап алды. Оларды көзімізбен көріп, жүрегімізге қуана қабыл алған біз қандай бақытты ұрпақпыз десеңші!... Әсіресе, ертесіне Абай атындағы опера және балет театрында Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы көк байрағы – Мемлекеттік Туды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бір тізерлей тағзым ете сүюі қандай әсерлі, тебіреністі болғанын сөзбен айтып жеткізу, мүмкін емес-ау...

...Содан 6 маусым, сенбі күні мен қалған ақшамды алуға «Орбита» ықшамауданындағы жинақ кассасына барған едім. Бірақ, ол сағат 10.00-де ашылатын болып, біраз уақыт күтуге тура келді. Уақыт босқа өтпесін деп, сол маңдайдағы дүңгіршектен газеттер сатып алдым. Оқып қарасам, мәссаған!.. Мемлекеттік Тулар бүгін ауыстырылады екен. Мен күтіп тұрған істерімді былай ысырып тастадым да, Республика алаңына тура тарттым. Алайда, сонша асығып жеткенімді қайтейін, Президент үйі (қазіргі Алматы қалалық әкімшілігінің ғимараты) төбесінде бәзбаяғынша бодандықтың белгісіндей болып көк жолақты қызыл жалау сүмірейіп тұр екен. Оған қарап «Қаншама қазақтың қанын арқалап бара жатырсың. Алды-артыңа бір уыс топырақ!» – деп, күбірлеп сөйлей бергенімді өзім де сезбей қалдым...

Дегенмен, әрі-бері күтіп, Тулар ауыстырыла қоймаған соң, өз шаруаларыммен жүгіріп кеттім. Содан кешкі сағат жетілерде қайта айналып соқсам, қазақтың Көк Байрағы көк аспанда ақырын тербеліп тұр екен. Оған қарап тұрып көңілім бұзылып, көздерім қуаныш жасына толып кетті. «Шіркін-ай, осындай өмірде бір-ақ рет кездесетін сәтте жаныма емен-жарқын сыр шертісетін бір адамды ертпегенім-ай...» деп ойлай бердім, сол сәтте.

Осыдан көп ұзамай Қазақстанның жаңа Мемлекеттік Әнұраны қабылданғанының куәсі болдық. Бірақ, шынымды айтқанда, бұл әннің сөзі де, әні де айтуға қиын тиді. Өйткені, осыдан кейін мектептерде, жоғары оқу орындарында өткен түрлі кездесулерде жаңа Әнұранды ешкім айта алмағанын байқап жүрдім. Тіпті, менің өзім оның сөзін қанша жаттасам да көп ұзамай ұмыта берген соң, жұмыс үстелімдегі алдымда тұрған қалам-қарындаш салғышқа жапсырып тастағаным есімде. Осы орайда, көңіл түкпірінде әлдебір ойдың болғанын несін жасырайын.

Әлі есімде... Сол бір желтоқсанның 18-і күні солдаттар мен милиция қызметкерлерінен қанша таяқ жесе де, шеруге шыққан жастар алған беттерінен қайтпай Фурманов көшесімен «Менің Қазақстаным» әнін айтып алаңға қарай жүрген еді. Сонда бұл ән барлығымыздың жүрегімізге рух беріп, намысымызды қайрай түскен болатын. Тіпті, осыдан көп өтпей дәл осы көшеден де

күшпен қуып шығарылғанда да жастар еңсесін түсірмеген-тұғын. Тек, арамыздағы қамкөңіл қайсыбіреулеріміздің көңілдері босап, сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретінен қалған «Елім-айды» айтып, ботадай боздай бастаған еді. Оған басқалардың жүректері ауырып, қыздарымыз қолдарын көздеріне апара бергенде... шерудің алдыңғы жағында кетіп бара жатқан бір өжет қыз «Зарламаңдаршы» деп тиып тастаған-ды.

Міне, осы «Менің Қазақстаным» әні содан кейін де қиналғанда күш беретін ұранға айналып кетіп еді. Тіпті, бұл ән еліміз Тәуелсіздігін жариялаған қуанышты сәтте де төбемізде қалықтаған-тұғын. Өйткені, оны елімізде тұратын өзге ұлт өкілдері де жатқа білетін. Сол себептен де «Менің Қазақстаным» әні еліміздің Әнұраны болуға сұранып-ақ тұрды. Осыны аңғарған халық та Әнұранды өзгертуді жиі-жиі айтып та, жазып та жүрді.

...Сөйтіп, ақыры бұл мәселеге Елбасының өзі мән беріп, Парламенттің қарауына қойды. Бұл ретте, Нұрсұлтан Әбішұлының өзі тікелей кезінде Жүмекен Нәжімеденов жазған әннің мәтініне заман талабына қарай аздап өзгертулер енгізді. Содан 2005 жылдың 29 желтоқсанында ҚР Үкіметінің ұсынысымен әнін – Шәмші Қалдаяқов, сөзін – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев жазған «Менің Қазақстаным» әні ҚР Парламенті Мәжілісіне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранның жобасы ретінде келіп түсті. Ал жаңа 2006 жылы 6-қаңтарда ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» ҚР Президентінің конституциялық күші бар Жарлығына өзгертулер енгізу туралы» Заң жобасы екі оқылымда талқыланып, қабылданды.

Демек, 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында жастардың намысын қайраған «Менің Қазақстаным» әні енді бұдан былай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны ретінде шырқалатын болды. Бұл ретте айта кететіні, Мәжіліс депутаты Михаил Трошихин ұсынғандай жаңа Әнұран шырқалғанда Қазақстан азаматтары орындарынан тұрып, оң қолын жүрегінің тұсына қойып айтуы тиіс боп келісілді:

Олай болса:

...Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой! – деп мақтана шырқайтын ұрпағымыз өз елінің «гүлі болып егілетініне, жыры болып төгілетініне» сенімі мол!

*28 желтоқсан, 2010 жыл.*

### ***АЛМАТЫ. ЖЕЛТОҚСАН – 25 ЖЫЛ ӨТКЕНДЕ***

...Міне, сол бір 86-ның желтоқсанынан кейінгі тағы бір желтоқсан айы жақындап келеді. Жиырма бесінші желтоқсан. Ойларым тағы да сонау өткенге қарай сүйреледі. Олардан құтылу үшін баяғы күнделікті қолыма алдым. Мына бір жері 1985 жылы дәл 31 желтоқсан күні жазылыпты. Үнсіз оқи бастадым. Онда... «...Радиодан Михаил Горбачев Совет халқына жанажылдық құттықтау хатын оқып тұр. Өне, Кремель куранттары түңгі сағат 24.00-ді ұрды. Сөйтіп, 1985 жылды да артқа тастадық. 1986 жыл басталды. Аман болсақ, бұл 86-ның берген жемісін үзіп жерміз. Оның қандай қуаныштар, қайғылар әкелетіні, әрине, әзірге белгісіз...» деп жазып қойыппын.

Ал мына бір жолдары 1986 жылы 7 желтоқсанда жазыппын. «Дала аппақ қар. Түнімен жауған-ау шамасы. Оған қарап, көңіл көтеріліп қалды. Әрі кешегі оқиға есіме түсе береді. Өйткені, кешегі сенбіде біздің «Нұрлан» жетақханасының жанындағы «Көкжиек» клубына Жастар театрының Рахметбай Телебаев, Кенжеғали Қожахметов, Әсел Мәмбетова секілді бір топ әртісі қонаққа келді. Кеш өте қызықты өтті. Рахаң ұзын бойлы, ірі кісі екен, бізге көп әңгіме айтты. Оның ішінде өзінің қалай «Өкіреш» атанғанын да тәптіштей айтып берді. Ал Кенжеғали «Ойлан, балам», «Толағай», «Қаракемпір», «Ақсақ киік» секілді әндерді нәшіне келтіре орындады. Жастар оған мәз болдық. Орнымыздан тұрып, дүркірете шапалақ ұрумен болдық.

Міне, ән күдіреті. Орындаушыға деген құрмет. Осы орайда қазір жастар туралы көп айтылады. «Олар халық өнерінен гөрі,



шет ел әуеніне елітіп кеткен» деп жатады. Ол рас. Менің өзім батыс әуенін магнитофонына жазып алып, бар даусымен қойып, көше кезіп жүрген замандастарымды талай көргем. Тіпті, осы кездесу басталар алдында көптеген жастар «Өй, дискотека болмайды екен. Оның орнына қайдағы бір әртістермен кездесу болады екен» деген ренішті сөздерді өз құлағыммен естідім.

...Тіпті, қазір кейбір жастар қазақша сөйлеуге ұялатын да болды. Бұл сұмдық қой!» деп, тіліміздің тағдырына алаңдаған екем.

Енді 1986 жылғы 12 желтоқсанда жазғандарымды оқиықшы. Өйткені, онда «Бүгін жұмыстан ерте келдім. Қазір сағат 16.30. Далада күн суық, үш күн бойы жауған қар жер бетін қалың етіп ақ көрпеге орап тастаған. Тіпті, ағаштар да қардың салмағын көтере алмай майысып кетіпті. Бірақ, тіршілік тоқтар емес. Кеше біздерге М. Әуезов атындағы драма театрдың әртістері Әнуар Боранбаев, Құман Тастанбеков, Мейірман Нұрекеев, Шолпан Байғабылова және басқалар қонаққа келді. «Көкжиектегі» бұл кездесуде адам өте көп болды» – деп қысқа қайырыппын.

Қазір осы ескі жолдарға, осыдан 25 жыл бұрын жазылған күнделікке қарап отырып «Япыр-ай, әртістер бірер күнде қазақтың басына келетін қара түнді сезгендей, жастар арасына жиі барыпты-ау» деп ойлап қоямын. Себебі, осыдан төрт күн өткен соң атақты «Желтоқсан көтерілісі» басталғаны тарихтан белгілі ғой. Осыны ойлағанда сол бір 86-ның желтоқсаны кезіндегі ару Алматы көз алдыма келе береді...

Әрине, ол кездегі Алматының табиғаты тамылжып тұратын. Жауған қар көпке дейін сол аппақ күйінде күнге шағылысып жататын. Және шыңылтыр сары аяз беті-қолды шымшылап, қарып жіберетін. Өйткені, ол кезде Алматы қаласында қазіргідей 550 мыңдай емес, 27-30 мыңға жетер жетпес автокөлік болыпты. Сондықтан да болар, 1986 жылы Алматы атмосферасы қазіргіден әлдеқайда таза болатын. Тіпті, жаз кезінің өзінде шөкімдей бұлттың өзі нөсерлетіп өтіп, айналаны жұпар иіске аңқытып қоя беретін, шіркін...

Бірақ, ол кезде Алматыда қазақ тілінің жағдайы өте нашар болатын. Өйткені, ауыл қазақтарының «алматылық» болуы тым

киын еді. Ол үшін алдымен 5 жыл уақытша тіркеуде тұрып, тек содан кейін ғана тұрақты тіркеуге алынып, пәтер кезегіне тұра алатынбыз. Және соның өзінде қазақтар біреудің үйін жалдап, пәтерден-пәтерге көшіп жүріп 15-20 жылдай үй кезегін күтетін. Сондықтан да Алматыда 1986 жылға дейін ең шыдамдылар ғана тұрақтап қалатын.

Міне, осындай қитұрқы зәлім саясаттың арқасында 1986 жылы қазақ халқы өз астанасы – Алматы қаласы тұрғындарының бар болғаны 2 пайызын-ақ құрады. Яғни, 1982 жылы халық саны 1 млн. адамды құраған Алматыда Желтоқсан көтерілісі қарсаңында 200 мыңдай ғана жергілікті ұлт өкілі тұрғаны енді ғана айтылып жатыр. Осының салдарынан республика астанасындағы 16 жоғары оқу орындарында қазақ тілі аяққа тапталып, 100 мыңдай студенттің барлығы дерлігі тек орыс тілінде білім алғанын несіне жасырамыз. Одан қалды сол жылдары қаладағы 184 жалпы білім беретін мектептің тек 7-уі ғана қазақ тілінде дәріс беріпті. Ал енді 1989 жылғы санақ бойынша Алматы қаласында 370 балабақша болса, соның тек біреуі ғана («Ертөстік») таза қазақ тілінде тәрбие берген екен...

«Елу жылда ел жаңа» дейді біздің қазақ. Содан бергі 25 жылда Алматы қаласы қарқындап өсті. Әсіресе, еліміз Тәуелсіздігінен кейінгі 20 жылда шаһар, тіпті, қатты дамыды. Басқасын айтпағанда, осы соңғы халық санағы нәтижесінде, яғни, 2009 жылы Алматы қаласы халқының саны 1 млн. 365 мың адамды құраса, соның 724,9 мыңы немесе қала халқының 53,0 пайызы қазақтар болған. Осындай оң өзгерістер нәтижесінде, осыдан 25 жыл бұрын 7-еу-ақ болған қазақ мектептерінің саны 50-ге жетіп, қала бойынша 216 балабақшаның 81-і таза қазақ тілінде, 82-сі аралас тәрбие беретін жағдайға жетті. Бұл, әрине, үлкен өрлеу. Тәуелсіздік әкелген ғаламат жетістік. Осыдан 25 жыл бұрын біздер мұндайды ойламақ түгілі, түсімізге кіріп те көрген емес еді. Сондықтан да мен осыған «шүкіршілік» етемін.

Ал енді, сол бір желтоқсанның ызғарынан кейін Алматының өзі қаншалықты дамығанына келсек, таңданғаннан басқа амал жоқ. Атап айтқанда, бүгінде Алматы – еліміздің қуатты экономикалық, инновациялық және қаржылық орталығы сана-

лады. Өйткені, қазіргі таңда Алматы 21,6 млрд. АҚШ долларына пара-пар экономикасының көлемі жөнінен Қазақстанның ЖІӨ-нің 18,7 пайызын құрайды. Және осы көрсеткіші бойынша, Алматы–Испания, Армения, Молдова, Түркіменстан, Қызғызстан, Моңғолия, Черногория секілді әлемнің 71 мемлекетін артта қалдырады. Сондай-ақ, осы күні жан басына шаққандағы Алматы тұрғындарының ЖІӨ-і 15,6 мың АҚШ долларын құрайды екен де, тұтынушылық қабілеті бойынша, тіптен – 18,7-22,4 мың АҚШ долларына ие көрінеді. Демек, Дүниежүзілік банк пен БҰҰ-ның жіктеуі бойынша, жоғарыдағы көрсеткішпен алматылықтар өмір сүру деңгейі жоғары халыққа жатады дейді.

...Қазір Қазақстан мен Алматының бүгінгі осы жетістіктерін көзбен көріп отырған баяғы, 1986 жылы 17 желтоқсан түні «Ертең орыстар кетсе көреміз, бір-біріңмен қырқысып, аштан бұратылып өлесіндер!» дейтін Байсынбай қайтып жер басып жүр екен деп жиі ойлайтын болып жүрмін.

Жалпы, Алматының қаншалықты дамығанын сол 1986 жылдың 17-18-желтоқсаны күні жастар көтерілісі өткен алаңдағы өзгерістерден де байқауға болады. Мысалы, осыдан 25 жыл бұрын Брежнев алаңында «көзге шыққан сүйелдей болып» жалғыз мінбер ғана тұратын. Қазір сол Республика алаңында Тәуелсіздік монументі, еркін өмір қарлығаштарына арналған «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші алыстан мен мұндалайды. Одан қалды алаң астына екі-үш қабатты алып «Алмалы» қоғамдық-сауда орталығы салынып жатыр.

Демек, баяғы алаң, жастардың наразылығына куә болып, алып империяның тамырына балта шапқан алаң – жаңа заманға қарап жаңғыра бермек. Бірақ, ондағы 1986 жылы болған Желтоқсан көтерілісі мәңгі ұмытылмақ емес!

*24 қараша, 2011 жыл.*

## ***III БӨЛІМ***

### **ЖЕЛТОҚСАН МЕНЕН ЖУРНАЛИСТ ЖАСАДЫ**

*Иә, желтоқсан менен журналист жасады. Қыстың сол бір күндері, түрменің темір торлары мені ойлануға, іштегіні сыртқа шығарып жазуға үйретті. Бостандыққа шыққан соң журналистің оқуын оқыдым. «Алматы ақшамы» газетіне жұмысқа орналастым. Мақсат – Қазақ Тәуелсіздігінің жетістігін, қуанышын жазу. Әттең, кейде оған заман мұрша бермейді...*

## **«АҚШАМ» – АБАҚТЫНЫ ДЫ АРАЙЛАНДЫРЫП ЕДІ**

*...Өмірімнің әрбір сәті, сағаты, күні өткен сайын өткеніңе жауаптай қарайды екенсің. Қуанышы мен қиындығы кезектесіп жататын кездерді сағына елегзиді екенсің. Кейде соның бәрі өз өмірің, өз тағдырың екендігі есіңе түскенде бір күрсініп, бір қуанады екенсің. Әсіресе, «Жиырма бесін желпінбей айтатындар, өмірге босқа келіп қайтатындар...» деп ақын Төлеген Айбергенов жырлаған шақтың сағым елестерін іздеп әуре болады екенсің. Содан кейін барып осыдан жиырма жыл бұрынғы жиырма бес жасың жастықтың жалындай жанған шағы – Желтоқсан көтерілісіне дөп келгенін сезеді екенсің. Алматы... Жиырма бес жас... Жиырма жыл... «Алматы ақшамы»... Көз алдымда осылардың бәрін бір-біріне сабақтастыра жыртықан өткен күндер парақтары бір-бірлеп ұшып жатыр... ұшып жатыр...*

...Көз ұшында сағымдана көрінетін арман шіркін адам баласына ешқашан жеткізбейтін алдамшы елес тәрізді-ау деймін. Бірақ, оның бізді алға жетелеп, әрқашан кеудемізге әлдебір үміт отын жағып отыратын құдіреті де бар екені рас. Өйткені алға қойған белгілі мақсаты жоқ адамға мына өмірдің мән-мағынасын түсіну де өте қиын болса керек. Сол секілді мен де онжылдықты бітірген соң қиял пырағына мініп, арманымның тәтті елестерінің соңына ілесіп, осы ару қала – Алматыдан бірақ шыққан едім. Сонда қарлы шыңдары ала бұлттарға шаншыла қадалған айбатты да асқақ Алатауды алғаш көргенде көкірегімді бір керемет қуаныш кернегені әлі күнге есімде. Сонау тік құздардың қалқасынан күлімсірей сығалаған алтын күннің таңғы арайлы шапағына сеніммен қарап, үлкен өмірдегі тәй-тәй қадамдарымды нық басқан болатынмын. Тіпті, жастықтың жалынына масайған періште көңіл тазалығы мен пәктігіне бусана, айналаның бәріне аңғалдана, әрі кіршіксіз сене қарайтынмын. Мына сұлу әлемдегі адамдардың бәрі де бір-біріне бауырмал, қайырымды, қарапайым болып көрінетін...

Бірақ мен қатты қателесіппін. Сырт келбеті жылтырап, тамылжып тұрған бұл өмірдің іші алай-дүлей екен. Адамдардың

барлығы адал бола бермейді екен. Әсіресе, әрқашанда әділетті, шыншыл деп имандай сенетін саясаттың, идеологияның мен білмейтін қалтарыстары тым көп болып шықты. Онда көбіне қатыгездіктер, қаталдықтар, езгілеулер үстемдік құрып алған екен. Соның салдарынан жерімнің бар байлығы тоналып, тамағы тоқ болса да халқым қаналып, ұлтымның рухани жан-дүниесі азып-тозып барады екен. Міне, Алматы маған осыны оқытты. Шындықтың шынжырлаулы екенін санама сіңірді. Заманның тереңіне бойлай үңілуге үйретті. Өмірге деген басқа көзімді ашты...

Осылай балалық көзқарастарды жаңадан көрген-түйгендерге алмастырып, санам қайта ояна бастағанда... 1986 жылдың атақты Желтоқсаны бұрқ ете қалды. Іштегі жиналып жатқан запыран ойлар, ыңырсыған қатыгез заманнан жиіркене бастаған аласапыран сезімдер ырықты билеп, алаңға қарай сүйреді. Сонда тұңғыш рет «қазағым» деп балапанша шырылдаған сарыауыз замандастарымды көріп, жанарыма жас тығылды. Қара ниетті жендеттердің жазықсыз жастарды қызыл ала қанға бояғанын көріп, алғаш рет бар түсінігім дар-дар айрылды. Тұңғыш рет бақытты өмірдің «жаршысы» болған Кеңестік жүйеге түңіле, тістене қарадым. Әрине, сондағы алаңға шыққан жастардың іздегені батырлық та, ерлік те емес еді. Олар империялық саясаттың қорлығына шыдай алмаған болатын. Өздері өмір сүретін халықтың ертеңіне алаңдаған еді. Алайда қызыл компартия қорқақ қана емес, сонымен бірге тасжүрек те болып шықты. Айналасының бәрін тап-тақыр етіп, қылтиғанды қағып тастап дағдыланған олар көк шыбықтай жаңа бой көтеріп келе жатқан қазақ жастарын да аямады. Ұрды, соқты, жала жауып, жазаға ұшыратты. Сөйтіп, бейбіт те аңғал мінез Алматы – сұрқия саясаттан тітіркеніп тұрды...

Асылы, заман мен тағдырды билейтін адам болар. Өйткені, заманға қарсы шықсаң, тағдырдың талауына түсесің. Сол сияқты мен де жағаға лақтырылған балық секілді бес жылды арқалап, «үлкен өмірден» шеттетілдім. Сөйтіп, бұрындары кең дүниеге сыймай жүрген аңғал басым, енді тар қапаста тыпырлады да қалды. Ондайда жалмауыз ойлардың жаныңды жүндей

түтетін әдеті. Өзімді қайда қоярымды білмеген соң, сананы шабақтаған сапалақ ойлардан құтыламын ба деп қолыма қалам алам. Бұрындары шимай-шатпақ күнделіктен басқа ештеңе жазып көрмеген жазған басым, енді бұрқыратып «өлең», іштегі шер-мұнды басар деп естелік жазатын болдым. Бірақ онымен де жан-дүниенің жабыққан жарасы жазыла қоймап еді. Тек олар бір жақсылық хабар жетіп қалар деп сыртқа қарай елендей беретін. Осы орайда өзім-ақ күн сайын ішімді ақтара хат жазып тұрайын десем.... міне, қырсық, абақтыда айына екеуден артық хат жазуға да болмайды екен. Сосын, амал жоқ, бірте-бірте күтуге де үйренгендей болдым...

Міне, сөйтіп алақандай жерде итшілеген күндер ақырындап өтіп жатты. Бір күні, ұмытпасам – 1988 жылдың шілде айының ортасында осылай сарыла күттірген хаттардың бірі қолыма тиді. Осы Алматыдағы Тұрсын және Нұрлан есімді достарым жазыпты. Асығыс-үсігіс оқи бастадым. Ешқандай жаңалықтары, көңіл жібітер хабарлары болмаса да құмарта оқып жатырмын. Өйткені, адам еркіндіктің қадірін тар қапасқа таңылғанда ғана біледі екен. Сондықтан да маған хаттағы әрбір әріп шөлден қаталағанда ішкен тамшы судай әсер етті. Осылай аптыға оқып отырып, кенет хаттың аяғында «Жақында қазақша бір газет шықты. Аты – «Алматы ақшамы». Бірінші сандағы оның атауын саған қиып салып отырмыз» деген жолдарға көзім түсті. Қуанғанымнан жалма-жан конвертті қарадым. Шынымен-ақ, ішінен «Алматы ақшамы» деген газет атауының қиындысы шықты. Бұл мен үшін үлкен қуаныш, әрі үлкен жаңалық болды. Өйткені, ол кезде Алматыда қазақша тек «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» және «Жетісу» газеттері ғана шығатын. Сондықтан болар, дәл сол сәтте «Ақшамның» жарыққа шығуы маған Желтоқсанның жеңісіндей көрініп кетті. Содан кейін оны бір аптадай бүктеп-бүктеп дәптерімнің арасында қастерлей ұстап жүрдім. Тіпті, күнде кешке жұмыстан келе ашып, әріпті жаңа үйреніп жүрген бірінші сынып оқушысындай «Алматы ақшамы» дегенді ежіктеп оқитынмын. Неге екенін қайдам, содан кейін көңілім біртүрлі жайланып қалатын. Рас, алғашында қазақша газет шыққанына менімен бірге қуанып қалған сондағы

«желтоқсандықтар» кейіннен менің «оғаш» мінезіме таңдана қарайтын болды. Сөйтіп мен газет атауын біраз уақыт киелі, қастерлі заттай ұстап жүрдім. Содан бір күні «Алматы ақшамы» көз алдымда тұрсын деп шконканың (темір төсек) бас жағына жапсырдым да тастадым. Сол-ақ екен, мен өзімді Алматыда жүргендей сезінетін болдым. Тіпті, ол түн уағында айналасына нұрын шашып, арайландырып тұрғандай да көрінетін. Сөйтіп, «Алматы ақшамы» жазуы мен еркіндікке шыққанша дәл солай бас жағымда жапсырулы тұрды. Өкінішке қарай, бостандыққа шығар кезімде оны өзіммен бірге ала кетпек болып едім, бірақ қатты жапсырылған қағаз темір төсектен оңайлықпен ажырай қоймады.

Енді бірнеше күннен соң Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл толады. Биылғы 1 шілдеде «Алматы ақшамы» 18 жасқа келді. Қазір ойлап отырсам – менің өмірім Желтоқсан көтерілісі арқылы қайта бұр жарып, «Ақшам» арқылы одан бері өріле берген екен. Өйткені, менің қолға қалам алып, журналист болуыма да, одан кейін он екі жылдай осы «Алматы ақшамында» қызмет етуімде де «Желтоқсан» мен «Ақшамның» ықпалы айрықша ғой деп ойлаймын. Содан кейін осы басылымның алғашқы санына деген адал ниетімді сезген «Ақшам» да жүрегі елжірей мені өзінің бауырына тартқан шығар деп те ойлаймын. Себебі, мен өз өмірімде ешқашан да алдыма «журналист боламын» деген мақсат қойған емес едім. Кім біледі, дәм осылай қарай тартқан шығар. Дегенмен, қалай болса да мен үшін «Алматы ақшамы» ең ыстық, жаныма жақын газет болып қала берері сөзсіз!

*7-желтоқсан, 2006 жыл.*



## ОТАН ҚАЙДАН БАСТАЛАДЫ...

*Отан... Шынында да қайдан басталады? Неге біздің осы бір жалғыз ауыз сөзді естісек болды тұла-бойымыз шымырлап, жүрегіміз лүпілдеп сала береді? Айтып жеткізе алмайсың. Бірақ «Отан» дегенде қай-қайсымыздың болмасын кеудеміздің сонау алыс түкпірінде бір күшті сезім лықсып көтеріліп, жан-дүниемізді жарып жібере жаздайды. Оның сыры неде?.. Жасыратыны жоқ бала күнімізде осы ұғым туралы ойласақ болды, көз алдымызға Мәскеу, Кремль... бақытты өмір кешіп жатқан «совет халқы» келетін. Алайда, неге екенін қайдам, қоршаған ортамыз, тұрмыс-тіршілігіміз мақтана жырылайтын сол өмірге мүлде ұқсамаса да, өзімізді басқа елде тұрып жатқандай сезінсек те – біз теледидардан тамсана қарап, оқулықтардан қызыға оқитын сол «Отанды» шексіз сүйіп келдік, ол үшін құрбан болуға әзір тұрдық. Өйткені бізді солай тәрбиеледі, санамызға солай сіңірді. Тек бұл ойлардан есейе келе арылғандай болып, өмірдің өзі нағыз Отанның қайдан бастала-тынын көкейімізге тықпалай бастады.*

Әлі есімде, екі жылдық «Отан алдындағы әскери борышымды» өтеп келе жатып, шетсіз-шексіз қазақ даласына кіргенімде бетіме бала күннен таныс өзгеше бір лептің аймалай соққаны, жүрегімдегі сағыныш табын еркелете тербеткені. Бұл – дүниенің төрт бұрышын мың айналсаң да кездестірмейтін, тек сонау Тәңіртау мен Каспий теңізі аралығындағы керілген ұлы далаға ғана, сонда ғұмыр кешіп жатқан қарапайым халыққа ғана тән күннің табы сіңген дала исі, жусан исі еді. Тап сол сәтте анамның ыстық құшағына кіріп, әкемнің тер сіңген шапанын оранғандай көз алдым жасаурай, тұла-бойым елжіреп, тіл жетпейтін әсерге бөлендім де қалдым...

Міне туған жердің қасиеті, атамекеннің құдіреті! Қалай ғана тамсанбай, тебіренбей, тағзым етпей тұрарсың! Дәл сол мезетте ғана анау беттерін күн қаққан адамдардың бәрі туған бауырымдай көрініп, кез-келген қазақ баласын жатырқамай төсіне қысатын мына дала бәріміздің Отанымыз екенін санама берік құйдым. Сонда ғана мен дүниеге келіп, тамырымызды тереңге

жайып, өсіп шыққан осы жерге мәңгі байланып қалғанымды ұқтым. Өйткені онда ата-бабамыздың іздері қалып, иістері сіңген, қаны төгіліп, сүйектері жатыр.

Жаратылыстың заңы ма, кез-келген халық өзінің кіндік кесіп, қаны тамған жеріне тартып туады дейді. Сол сияқты қазақ жерінің адамы мен даласының да тағдырлары бір-біріне өте ұқсас болып шығыпты. Әмісе әрбір халық өзінің тамыр жайған жерін қорғауы керек. Әйтпесе ол елдің де ғұмыры ұзақ болмайды. Осыны естерінде берік ұстаған ата-бабаларымыз ұлан-ғайыр даланы уысынан шығармай, өлермендікпен қорғап келіпті. Әрбір бетінде қызыл қан қатқан сұңғыла тарихымызға сұқтана қарасақ, ордалы жыланның ортасында аласұрған жаралы даламызды, оның ішінде ана шеті мен мына шетінен кезек-кезек шапқан жауларына ерсілі-қарсылы ұмтылған батыр ұлтымызды көрер едік. Қашанда керегесінде қару-жарағы мен сауыт-сайманы ілініп, есік алдында аты суытылып тұратын қазақтың «аттан» деген сөзді естісімен атқа отыра алатын ер-азаматтары қопарыла көтерілген екен. Мұндай кезде үйде бұғып қалу өлімге баланып, қазақ әдетіне мүлде жат болып қалыптасқан. Өйткені кең даланың әр түпкірінен үзілместен шығып тұрған әлгі суық сөз қазақ жерінің үстінде ондаған ғасырлар бойы ызындай естіліп ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Сондықтан да қазақ ұлының ең басты міндеті елі мен жерін қорғау болып, осыншама ұлан байтақ өңір біздің еншімізге беріліп, ұлтымыздың бірінші байлығы атанып келеді. Иә, қашан да Отан деген ұлы ұғымның қабырғасын қалау, одан кейін оны құлатпай ұстап тұру онай болған емес. Тіпті, қазіргі күннің өзінде бір сүйем жер үшін қан-жоса болып жатқан халықтарды, тарихи Отанын азат ете алмай етегі жасқа толған ұлттарды да көріп-біліп жүрміз. Соларға қарап маңдайының бес елі бақыты бар бүгінгі ұрпақ «шүкіршілік» етіп, иен байлықты сыйлаған ата-бабаларына тағзым етсе ғой дейміз. Бірақ өткенімізге онша мән бермейтін, ұлт тағдырына қабырғалары қайыса қоймайтын қазіргі жастарымыз Азаттықтың, Тәуелсіздіктің, Еркіндіктің парқына бара бермейді-ау деп қорқамын. Өйткені олардың

отансүйгіштіктен жүрдай ойлары, сол арқылы шыққан зәрлі сөздері осыған меззейді.

...Өткен жылдың желтоқсан айында Республика алаңына жиналған жүз қаралы кісі батыс жаққа тағатсыздана қарап тұрғанбыз. Сол жақтан эне-міне дегенше Тәуелсіздігіміздің алтын бейнесі көрініп қалуы керек-тұғын. Дүниеде өз алдыңа ел болғаныңды сезініп, еркіндігіңнің асқақ белгісін көргеннен өткен бақыт жоқ екен. Бәріміз қобалжулымыз. Сөйткенше болған жоқ, үлкен трактор эзер сүйреген алып мүсін алаңға да кірді. Адам өмірінде бір-ақ рет болатын мұндай эсерлі сәтке шыдай алмаған жанарымызға жас тығылып, керемет бір қуаныш кеудемізді керіп, тынысымызды тарылтып, бақыт бесігіне бөленгендей тұла бойымыз шымырлап барып тебірене тербетіліп кетті. Айналаның бәрі бір-бірін құттықтап мээ. Әсіресе алты метрлік «алтын адам» орнынан тұрғызылып, мәңгілік тұғырына қарай көтеріліп бара жатқандығы көкірек лүпілін, атқақтай соғылған жүрек дүрсілін айтсаңшы... Кенет артқы жағымыздан «Қазір ана байлаған сымдары үзіліп, құлап түссе не болар екен?! Талай ақша желге ұшады-ау» деген жас жігіттің бейқам даусы селк еткізіп, төбемізден жай түскендей есеңгіретіп жіберді. Өлгі сөздерді естігендеріміз кейін қарай жалт бұрылып, жайбарақат тұрған үш жап-жас қандасымызды көрдік. Олар айтқан сөздерінің түбіне бойлар емес. Жастықтың лебіне есіріп, шіренісіп тұр. Оны көрген бір ағамыз шыдай алмай морт кетіп: «Әй, бала! Не көкіп тұрсың?! Бұл мемлекеттігіміздің, елдігіміздің қасиетті белгісі емес пе?! Жаман ырымды шақырып, Тәуелсідігімізді қайта құртпақсыңдар ма, көргенсіздер...» деді селкілдеткен ашудан сөйлей алмай. Біздің де лапылдап жанған қуанышты сезімдеріміз су сепкендей басылып, мәңгілік тұғырына қонғалы бара жатқан Тәуелсіздігіміздің айшықты бейнесіне «бірдеңе болып қала ма?» дегендей шошына қарадық...

Отан және Тәуелсіздік. Адамзат үшін баға жетпейтін қасиетті ұғымдар. Бірақ Отансыз Тәуелсіздік те болмайды. Тәуелсіздіксіз Отанның да тынысы ашылмайды. Құдайға шүкір, қазір бізде екеуі де бар. Бірақ бойымыздан бұларды

сақтап, қорғап, күшейтіп әкететін намыс, рух, отансүйгіштік мінез, патриоттық сезім табыла қояр ма екен?

Дәл қазір «иә» деп жауап бере алмай «шығар» дейміз екі ұштылау. Шынымен-ақ, айналамызға қарасақ болды, туған жерімізді талан-таражға салып, арзан байлыққа бола шет ел асырып, ол жақтан өз күнін әзер көріп отырған халықтың көзін арбап түкке аспайтын бірденелерді үйіп-төгіп әкеліп жатқан қандастарымызды көреміз. Тіпті ақшасы асып-төгіліп жатса да өз ұлтынан аяп, шет елдердің әртістері мен бізге жат тілдерін «қамқорлыққа» алған «мырзалығымызды» қайдақоямыз?! Соның салдарынан қазір жас ұрпақты тәрбиелейтін білім ошақтары шатқаяктанып, мәдениетіміз мәңгіріп бара жатқандай... Әсіресе тіл мен ұлт мәселелері қақсай-қақсай әбден «жауыр» болған тақырыпқа айналды. Қанша айтсаң да көшелердегі түсініксіз жарнамалардан, басқа тілде «шүлдірлеген» теледидар хабарлары мен есепсіз жиналыстардан құтыла алмайтын болдық. Тіпті, осы жақында қазақша өлең айтып «халық әртісі» болған және басқа атақ-абырой жинаған әншілеріміздің теледидардан жақтары талмай біресе ағылшынша, біресе орысша, біресе өзбекше шырқағанын көргенде түңілгенімізден жерге түкірдік. Бұдан кейін, Отан, Ел, Жер сияқты қасиетті ұғымдарды қалай ауызға алмақпыз? Қазақ тіліне жанымыз ашымай, аясын өзіміз тарылтып жатқанда, ұлттық рух, намыс, отаншылдық сезімдер біздерге жолай қоюшы ма еді?!

Ашығын айту керек, қазақтың қамын қазақтан басқа ешкім де ойлаған емес, ойламайды да! Әйтпесе осы уақытқа дейін тілімізге араша сұрап немесе ұлтымыздың жағдайына «қабырғасы қайысқан» басқа ұлттың үндерін неге естімейміз? «Әркім өз қотырын өзі қасиды» демекші, тек олардан сұрайтынымыз, тұрып жатқан елінде татулық пен тыныштықты, ауызбіршілік пен бірлікті сақтаса болғаны. Оның үстіне қазір базбіреулер «Қазақстан – екінші Отаным» деген сөздерді жиі қолданып жүр. Бос сөз ғой. Өз-өзімізді алдап қайтеміз. Адамда қашаннан бері Ата да жалғыз, Ана да жалғыз болып келген. Сондықтан Отан да біреу ғана болуға тиіс. Өйткені қай жерде дүниеге келсек те түп-тамырымыз сол Отанда, Атамекенде басталып, сонда қалады.

Тіпті басқа ортада өлсең де, шыбын жаның түптің түбінде ата-баба жеріне қайта оралады дейді. Рас сөз. Мұны мен «...1941–1945 жылдардағы соғыста қаза тапқан аға-әкелерімнің рухтары дәл жанында ұшып жүргендей болады» деген үлкендердің сөздеріне сүйеніп айтып отырмын. Қысқасы. «Отан» деген ұлы ұғымның қасиетін «екінші, үшінші» деген тіркестермен түсіре бергеннен не табамыз?! Әрі ол сөздерді аузымыз айтқанымен, жүрегіміздің мойындамайтынын неге жасырамыз?!

«Азаттық пен Махаббат, Керегі маған екеуі-ақ. Азаттық үшін Махаббат, Құрбан етем сені де...» деп Шандор Фетефи деген дана айтқандай, Азаттығымызды алдық, ендігі бізге керегі Тыныштық пен Татулық. Бірақ Тәуелсіздіктің, Бостандықтың құдіретіне түсінбеген өтпелі кезеңнің уақытша қиындықтарына шыдағысы келмеген кейбір қандастарымыздың өткендегі «бұғаулы» күндерін аңсап, келмеске кеткен Кеңестер заманын көксегендері ұлттық сезімдеріміздің жұтаң тарта түскенін сездіргендей. Әйтпесе «жұмысшылар қозғалысы» сияқтылардың «Сталиннің кезінде жақсы болды» деп өзеуреулері халқымыздың үш ғасырлық арманын аяққа басқандық емес пе еді? Оның үстіне «демократия, жариялылық» деп қазақ жұртының тең жартысынан астамын ашаршылыққа түсіріп, қырып салған, қалғанын қуғын-сүргінге ұшыратып, босап қалған жерімізге басқа ұлттарды топырлатқан, елімізді «халықтар түрмесіне» айналдырып, даламызда алғашқы атом бомбасын сынатқан, сөйтіп ұлтымызға бір жақсылықтың орнына мың қайғы-қасірет әкелген Сталинді аңсағандары ұлтымыздың егемендігін көре алмаушылық дегенде не дейміз? Адамның жасаған қылмысына тарих пен халық қана төреші бола алады. Сондықтан да қазақ халқына ең сұмдық «геноцидті» жіберіп, миллиондаған бауырымызды шімірікпестен қырып салған Сталиннің қатігездігін басқа-басқа, қазақ елі ешқашан да ұмытып, кешіруге тиіс емес. Ал жаңа ғана ес жиып келе жатқан қазақстандықтардың арасына бүлік салып, тыныштығынан айырып жүрген жоғарыдағы «Жұмысшылар қозғалысы» сияқтылардың жұртты адастырмай, өз «жұмысшыларының» тағдырын ойлағаны дұрыс.

Отанға деген, Атамекенге деген махаббат... Адам жүрегінде қай кезде тұтанады? Адам баласын көзсіз ерліктерге көтерілуге мәжбүр ететін қандай сезімдер? Жауабы қиын. Бірақ біреуі анық. Ол – мұның барлығын айнала қоршаған ортаға сүйсініп, өз елінің салт-дәстүрі, тарихы, табиғаты, мәдениеті мен ерлік істеріне тандана қарағанда ғана жасауы мүмкін. Әсіресе балалық пен жастық кезеңдер ұрпақ санасында осындай патриоттық сезімдерді құюға әсер ететін ең бір ұрымтал шақ. Алайда, саяси, экономикалық, әлеуметтік қиындықтардан қалай шығарын білмей жанталасып жатқан еліміздің жастар тәрбиесіне көңіл бөлуі дәл қазіргі таңда көңіл көншітпейді. Отанымыздың ертеңгі иелері бақылаудан шығып, ойларына келгендерін істейтін болды. Мемлекет тарапынан оларға жете мән берілмеуі салдарынан жастар арасында қылмыстың көбейуі, әскерден қашу немесе бой тасалап қалу, ел ертеңін ойлаудан гөрі жеңіл өмір мен уақытша қызық қуып кетушілік кең етек алып келеді. Жастар мәселесімен айналысатын Қазақстан Жастар одағының жұмыстары босаңсып, аты ғана қалды. Тіпті олардың Тәуелсіздігімізді алған соңғы бес жылда қомақты істер атқарып, жастардың басын қосатын үлкен шаралар өткізгенін естімеппіз. Содан болар, жастарымыздың бәрі базар жағалап бет-бетімен кетті де, Отан жайын ойламақ тұрмақ өз қамдарын күйттеуден аса алмай жүр.

Сонда ертеңгі еліміздің тағдырын кімге сеніп қалдырамыз? Бүгінгі қалап жатқан мемлекеттігіміздің қабырғасын олар құлатып алмай ма?! Міне сондықтан да ұлт болып ұйыймыз десек, ұрпақ тәрбиесіне осы бастан айырықша назар аудару қажет. Ол үшін не істеу керек? Менінше, жас өскіндерді тәрбиелеудің екі қайнар бұлағы бар. Ол отбасы мен білім алатын ортасы. Алдымен отбасы тәрбиесін алатын болсақ, қазақ оған ежелден-ақ қатты көңіл бөлген халық. Әсіресе ол баланың бойына қарапайымдылықты, кішіпейілдікті, адамгершілікті құя білуімен қасиетті. Бір ғана үйге келген қонақтың қолына су құйып, кебісін алдына қойып, қызмет етуге үйретуінің өзі неге тұрады. Немесе «құлыным», «ботам» деп еркелете отырып өз дегенін ақырындап істетуге баулуы, одан соң барып «көп жаса», «таудай бол» деп батасын әдемі білдіре білуі қандай жарасым-

ды. Осының өзінде үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, сөз тыңдап үйрену секілді тәрбиенің ең бір қарапайым тәсілі жатқан жоқ па? Мұндай ұрпақтың есерлікке, қылмысқа баруы мүмкін бе? Міне, ұлттық тәрбиенің бастауы осылай отбасыдан мөлдіреп шықса, одан кейінгі мектептер мен жоғарғы білім беру ошақтарының балаға ықпалы қандай болуға тиіс?! Бұл жерде қанша ат тонымызды ала қашсақ та кешегі «кеңестік» жүйе берген тәсілді ұмытпағанымыз да жөн сияқты. Яғни, өз елімізді, жерімізді, тарихымызды, табиғатымызды, бір жақты болса да мақтай беру, мақтай беру керек. Сонда ғана ұрпағымыз өз еліне өз халқына шын ғашық болып, ол үшін бәріне дайын тұрады. Әрине, бұл жолда ұлттық салт-дәстүрден айырылмай, енді оған «кенеше» жабысып, қатып қалуымыз керек.

Баланы отансүйгіштік, патриоттық сезімдерге тәрбиелеудің тағы бір «ескі» түрі бар. Ол – елі үшін, адам үшін жақсылық жасаған жасөспірімнің әрекетін ерлікке балап, басқаларға үлгі етіп көрсету. Әйтпесе кешегі Павлик Морозов, Валя Котиктерді кеңес оқушыларының «символы» етіп көрсеткен жасанды образдар, сондайлар жайлы жазылған кітаптар мен түсірілген кинолар болмаса балаларды патриоттық сезімдерге жетелеу қиын болар еді ғой. Ал қазір Отансүйгіштікке дайындайтын сондай кинолар мен кітаптарды көріп жүрміз бе? Қайта жалаңаш қыздар, ұрып-соғу, төбелес, адам өлтіру сияқты тәрбиенің анайы түрі қоғамымызды әлдеқашан берік жаулап алған. Сондықтан отбасыларымыз бен мектептеріміз мың жерден үлгілі, өнегелі тәрбие берсе де, бос уақыттарында көріп, оқитын әлгіндей жүгенсіз туындылар баланың санасын біз ойлаған арнадан басқа жаққа қарай бұрып әкетуі сөзсіз.

Оның үстіне қазір көптеген басылымдар тарихымыздың қайғылы кезеңдерін қоюлата көрсетемін деп, жастардың санасына басқа ой туғызып жатқанын байқамай жүр. Мысалы, халқымыздың басынан кешірген ең қатыгез «геноцид» кезеңі – 1930–32 жылдардағы ашаршылықты қазір тарихшыларымыз бен сол күндердің көзі тірі куәлері тұла бойымызды түршіктіріп айтты та, жазып та жүр. Әрине, өткен тарихымыздың ең қасыретті беттерін болашақтың білгені де жақсы. Бірақ сол ашаршылықта

қазақтардың «...бақа, тышқан, жегені, бір-бірінің еттерін жегені, тіпті әкесі мен шешесінің өз баласына дейін жегені» сияқты сұмдықтарды ашық айтудың, қасіретімізді мұндай тәсілмен зорайтып көрсетудің не қажеті бар еді. Бұдан кейін өліп бара жатса да қайыр сұрамаған, тамағына бірдене түссе ұшынып өлетін халқымызды жас ұрпаққа қалай мақтаймыз, «ашаршылыққа шыдамай аузына түскенін жей беріпті» деп қалай айтамыз, «алдындағы адал малын ғана азық етіп үйренген жұртымыз, одан айырылған соң барып қырылған» деп қалай түсіндіреміз?! Түсінсе жақсы-ау. Әлгі сөздерден соң, өз халқына деген көзқарасы өзгеріп, қорынып, еңсесі түспей ме? Міне, сондықтан да қазіргідей әрі-сәрі кезеңде «жариялылық» деп ойымызға келгенін жаза бермей, ойлана сөйлеп, «жаманымызды жасырып, жақсымызды асыра» білейік дегім келеді. Сонда ғана Отанын шын сүйетін, Елі мен Жерін қорғауға жан-тәнімен әзір тұратын ұрпақты өсіре аламыз.

Қысқасы, Еліміз бен Жеріміздің өткен тарихы, ертеңгі болашағы, тылсым табиғаты, ғажайып салт-дәстүрлері, бүгінгі тыныс-тіршілігінің бәрі жиналып келіп Отан деген ұлы ұғымды құрайды екен. Ал осы Отан атты отбасымызды сақтау, қорғау, кейінгі келер ұрпаққа аман-есен тапсыру – біздердің төл міндетіміз, азаматтық парызымыз, ата-баба рухы алдындағы қасиетті борышымыз. Бірақ мұның бәрін орындау үшін алға адастырмай бастайтын сенімді жүрек төңкерісі, ар-намыс пен рухымыздың көтерілісі, ой-санамыздың сайысы, қазақ деген атымызды ұран салып әлемге жаятын ұлттық сезімдер ереуілі қажет. Ал ондай ұлы кезеңдердің кешікпей келетініне сенгендей біздің алып Отанымыздың жүрегі дүрс-дүрс оғып, дүрсілдеп жатыр...

*14 сәуір, 1997 жыл.*



## **БІЗДІ ҚОРҒАЙТЫН МИЛИЦИЯНЫҢ ҚҰРЫҒЫ ҰЗЫН БА?**

*Осыдан бірнеше жыл бұрын бір кітаптан «Адамды тек ауық-ауық аяусыз қан төгу арқылы ғана тыныштықта ұстауға болады. Бұл өмірге келген әрбір ұрпақ өз заманында бір соғысты, бір қырғынды көріп, құлқынын қанға толтырып тұруы керек. Сонда ғана сабасына түсетін ел ішінде біршама уақыт тыныштық орнайды» деген жантүршігерлік сөздерді оқып шошынған едім. Ал қазір қойын дәптеріме жазып алған осы жолдарға қарап ойланатынды шығардым. Жо-жоқ, соғысы, қантөгісі құрысын! Тек қана бізді алаңдататыны бүгінгі жастардың қылмысты әрекеттерге қарай бүйрегі бұрып тұратындығы, күн санап көздері қанталап, қатыгезденіп бара жатқандығы... Шектен шыққандары соншалық, адам өлтірудің өзі шыбын өлтіргенмен бірдей болып барады. Сонда не жетіспейді деймін-ау!*

Әрине, мұның бәрінің басты себебін уақытша етек алып тұрған бүгінгі экономикалық қиындықтарға, жұмыссыздықтарға байланыстыруымыз да дұрыс шығар. Бірақ олардың арасында тұрмыстары жайлы, күнкөрістері көпшілігімізден көш ілгері жігіттердің де кездесетінін қайда қоямыз? Осылардың кесірінен халық та түнде тұрмақ күндіздің өзінде көшеде емін-еркін жүруге қорқатын болды. Өйтпегенде ше, теледидарды қосып, газеттерді ашып қалсақ, бір-бірін тонаған адамдарды, қан-жоса болған өліктерді көріп жатсақ! Мейлі жетіспеушілік, мейлі тапшылық дейік! Бірақ құдайдың өзі берген адам өміріне қол салып, аяусыз қиюға қолдары қалай барады. Тек өткен жылы ғана республикада 162 мың қылмыс жасалып, 5 мыңнан астам адам қылмысты әрекеттерден өліпті. Бұл сұмдық қой! Өйткені Ауғанстандағы соғыста біздерден бір жылда мұнша адам қайтыс болмаған екен. Осыған қарап-ақ елде «үнсіз соғыс» жүріп жатыр деп айтуға болады ғой...

Басқа жақты қайдам, қазір Алматының жағдайы да жетісіп тұрған жоқ. Бір кездердегі алаңсыз қыдырып, таңды көзімен атыратын жастардың, ғашықтардың ару қаласы қазір қылмыскерлердің апанына айналды. Өйткені мұндағы қылмысты

әрекеттер, әсіресе, ауыр қылмыс жыл өткен сайын өсіп келеді. Атап айтқанда, бір ғана өткен жылдың өзінде әдейілеп кісі өлтіру – 0,8 процентке, тонау – 19,6 процентке, зорлау – 12,5 процентке, қарақшылық шабуыл – 4,34 процентке, (барлығы 4,34 процентке, ауыр дене жарақаты 1,0 процентке көбейген. Міне «момақан» мінезді аяулы қаламыздың бет-әлпеті көз алдымызда осылай сұрланып келеді. Тіпті, оларды ауыздықтауға милицияның шамасы келмей, барлық қылмыстың тек 19,6 процентін ғана аша алыпты. Осыдан барып қалада адам өліміне апарып соғатын тонаулар мен қарақшылық шабуылдар жүгенсіз күйге түсті. Әсіресе, қару қолдану арқылы жасалған қылмыстардың көбейгені соншалық, өткен жылдың өзінде оның саны 203-ке жеткен. Ал бұл 1996 жылмен салыстырғанда анағұрлым көп. Соған қарағанда шаңқай түсте бір-бірін баудай түсіріп жататын шетел «боевиктеріне» жетіп қалған сияқтымыз. Өйткені, біздегі ұйымдасқан қылмыстық топтар күн санап өздерінің қимылдарын ашық көрсете бастады. Және де құқық қорғау орындарынан сескенуді де қойып барады. Сөйтіп олар қаламыздың мазасын қашырып жүрген ең басты күшке айналып келеді. Ендігі жерде әбден еркінсіген бұлардың жолына тосқауыл қою оңайға түспейді. Себебі қолдары қанға бір боялған қылмыскерлердің артқа шегініп, адам қатарына қосыла қоюы неғайбыл нәрсе. Сондықтан да қылмыстық топқа кірген әрбір адам алдымен өзі құрымас үшін жолындағының бәрін жоюдан қайтпайды.

Өкінішке қарай, халықты осындай қылмыскерлерден қорғайтын милицияның өзі бұл күнде шарасыздық танытып, қаулап бара жатқан зиянды әрекеттерге жол беріп қоюда. Мысалы, өткен жылы Алматыда болған кісі өлтіру ісінің ашылуының өзі республикадағы ең төменгі көрсеткіштің бірін көрсетіп, бар жоғы 51,5 процентті құраған. Сөйтіп, 1997 жылдың қорытындысы бойынша, 53 адам өлтіру қылмысы ашылмай қалды. Оның ішінде бүкіл қаланы шулатқан, күні бүгінге дейін ауыздан түспей келе жатқан, адам жалдап өлтіру ісінің (барлығы сегіз) тек біреуі ғана ашылыпты. Осыдан кейін емін-еркін кәсіпкерлікпен айналысуға кім барады?! Бастаған жұмысың сәл ғана алға басып, өзінің алғашқы нәтижелерін бере бастаса болды, ұйымдасқан қыл-

мыстық топтардың денелі жігіттері келіп «Крыша» боламыз. Бізге салық төлеп тұрасың» деп апшыңды қуырып жібереді. Қасарысып, сұрағанын бергің-ақ келмейді. Бірақ жан тәтті ғой! Ал олардан қорғайтын милициямыз қылмыскерлерді қарапайым халықтың арасынан іздеп бас ауыртып жүр. Тіпті, бірдеңе сұрамақ болып милиция пункттеріне басыңды сұға қалсаң, сені қылмыскер сияқты суық қарсы алып, дікендеп есінді шығарады. Содан кейін оларды халық қалай жақсы көрсін.

Осы жақында редакциямызға келген бір кісі өзінің басынан өткен мына жәйтті айтып берді. Туған-туыстарына қонаққа барып қайтып келе жатқанда қараңғы түсіп қалып автовокзалға эзер жетеді. Түнгі бұзақылардан қорқып вокзалға жақындай бергенде оны екі милиционер тоқтатып, сол жердегі бөлімге алып кіреді де «беймізгіл уақытта қайдан жүрсің?» деп тергеуге алады. Тіпті қолындағы заттарын, үсті-басын тіміскілеп, білгенін істей бастайды. Сосын қолға ілігетін ештеңе таппаған соң «біз де бірдеңе алуымыз керек қой» деп ашық кетеді. Өзі түнге қалып эзер келе жатқан ағамыз ешқандай қылмыс жасамаса да әлгілерге 300 теңгесін тастап әрең құтылады да, такси жалдайды. Үйіне келген соң таксидің құнын төлемек болып қалтасындағы ақшасын қараса, жартысы жоқ болып шыққан. Сөйтсе мұның ақшасының біразын әлгі милиционер «сындырып» алып қалыпты. Құдай сақтап, бұл жағдай Талдықорғанда болған екен. Бірақ мұндайдың Алматыда кездепесіне кім кепілдік береді. Міне, халықты қорғайтын милициямыз. Осыдан кейін қылмыскерлер құтырмағанда қайтсын!

Тұрмысты сана билейтіні рас. Сондықтан да қылмыстардың көпшілігінің шығу төркіні ақшаға келіп тіреліп жатады. Өйткені тұрақты жұмыс таба алмай, әбден төзімдері таусылған, күн көрістері төмендеген жастар көп жағдайда қалталы адамдарды, іскерлерді төңіректеп, соларды тонау немесе өлтіріп, бар мүлкін иелену арқылы өз жағдайларын түзеп алғысы келеді. Керек десеңіз, осындай жолдармен байып алуды ойлайтындар да аз емес. Сондықтан да олар ештеңеден де тартынбайды. Тіпті соңғы жылдары жиілеп кеткен шет ел азаматтарына қарсы жасалған қылмысты әрекеттердің бәрі дерлік осы мақсатты көздейді. Мы-

салы, өткен жылы қаламызда шетелдіктерге қарсы 133 қылмыс, оның ішінде 5 адам өлтіру, 23 қарақшылық шабуыл, 15 тонау мен 44 ұрлық жасалған. Басқалардан бір ерекшелігі – мұндай қылмыстардың бәрі алдын-ала әбден ойластырылып барып істеледі екен. Сондықтан ондайларды ашу оңайға соқпайды. Оның үстіне көп жағдайларда оған шетелдіктердің өздері кінәлі болып жатады. Өйткені олар қаладағы мүліктері мен бағалы заттарды сақтауға жағдайлары жоқ жеке үйлер мен әртүрлі мекемелердің жатақханаларын жалдайды да, қылмыскерлердің көзіне бірден түседі.

Жасаратыны жоқ, бұрындары қылмыс жасаушыларды іздестіруде бүкіл милиция тік тұрып, олардан кінәлілердің құтылып кете қоюы екіталай болатын. Сондықтан да қылмыс жасаған адам «бәрібір ұстап алады» деп қашып кете қоймайтын. Осыған байланысты ел ішінде «милицияның құрығын ұзын, жерге кірсең де тауып алады» деген сөздің қалыптасуы да тегін емес болатын. Ал қазіргі іздестіру жұмыстарымен айналысатын криминалды полициямыз өз жолынан жаңыла бастады. Оған 1997 жылы қылмыскерлерді іздестіру 2,5 процентке (80,0 проценттен 77,5 процентке) кеміп кеткені айғақ болады. Тіпті ауыр қылмыс жасаған 349 адамды іздестіру жұмыстары ойдағыдай (бұлардың 54,2 проценті 1997 жылдың қалдығы) қолға алынбағандықтан 1993 жылдан 1996 жылдар аралығындағы іздестіру жарияланған (олардың 33 проценті) әлі күнге дейін бостандықта ойларына келгендерін істеп жүр. Тек жаңадан жасалған қылмыстарда қайта ұшырасып қалмаса ол қылмыскерлермен түбегейлі айналысып жүрген ешкім: де жоқ тәрізді.

Міне бұл айтылғандардың бәрі жинала келіп қаламыздың тыныштығын бұзып жатыр. Осы жерде бұл қылмыстардың бәрін жасап жүрген кімдер деген орынды сұрақ туындайды. Бұрынғыдай бір-екі рет қылмыс жасап, жазасын өтеп келгендерден күдіктенуге қазір негіз жоқ. Себебі олардың қайта қылмысқа баруы өткен жылы 33,7 процентке төмендепті. Бірақ бұған қуануға әлі ертерек. Өйткені ондайлардың көпшілігі қазір бақылаусыз, тіркеусіз, жұмыссыз жүр. Егер болашақта да солай бола берсе, қашанғы шыдайды дейсіз. Оның үстіне олардың

жасаған қылмыстары қалада қомақты орын алмайды екен. Сонда қалада көп қылмыс жасайтындар кімдер дейсіздер ғой! Олар Алматы қаласына республикамыздың басқа аумақтары мен ТМД мемлекеттерінен келушілер екен. Мысалы тек өткен жылы ғана қалада жасалған қылмыстардың 40 проценттен астамы солардың үлесіне тиіпті. Әрине олар Алматыға қылмыс жасаймын деп келмегені сөзсіз. Алғашқы кезде жұмыс іздеп, ақша табамын дегенімен бірте-бірте ол ойлары іске аспай өмір сүру мүмкіндіктері жойылады да қылмысты жолға түседі. Одан әрі жерлестік немесе туысқандық байланыстары бойынша қылмыстық топтарға бірігуге дейін барады. Көп жағдайларда Алматыға келуші мұндай адамдар пәтерлерді жалға алып немесе жатақханаларда тіркеусіз тұрады.

Қорыта айтқанда, Алматы қаласында қылмысты жағдайлар асқынып, шегінен шығып барады. Кескен сайы жаңадан қаулап шыға беретін шырмауық сияқты өз еңбегімен күн көріп жүрген адамдарға жармасып, ақырында түбіне жететін қылмыскерлер де дандайсып кетті. Бұрындар адам тұрмақ шыбын өлсе шу ете қалатын қала тұрғындары қазір бәріне өліп кеткендей. Сондықтан «Жаман әдет жұкқыш келеді» дегендей, адам өлтіру айналасына кең тарап, қанымызға сіңіп, күндердің-күнінде қалыпты жағдайға айнала ма деп қорқамыз. Ал тыныштық болмаған жерде берекелі тірлік, жайлы ғұмыр болмасы сөзсіз.

*25-қаңтар, 1998 жыл.*

### **ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ӘСКЕРІНЕ АЙНАЛЫП БАРАДЫ**

Адам баласы адам болып жаратылғалы бері өз отбасын, елі мен жерін қорғау – ең алдымен ер азаматтың мойнына артылып келген. Қанжығасына қан қатқан қатал замандар талабы ешқашан да ешкімді аяған емес. Өз шаңырағын, өз жұртын қорғай алмағандарды түп-түқиянымен тарих тұңғиығына жұтып әкетіп отырған. Сондықтан да атам замандардан бері ер

азамат Отан қорғау мәселесін өзінің тікелей жігіттік міндеті, ата-анасының алдындағы перзенттік парызы, ел-жұртының алдындағы азаматтық борышы санаған. Жау шапқанда жасырынып қалу немесе ел қорғау міндетінен сырғақтау қазақ топырағында ешқашан да болмаған жағдай. Ал егер ондайлар кездесе қалатын болса ол өліммен тең масқара таңба болған. Ондай адамдардың өздері тұрмақ ұрпағына дейін қорқақ аталып, табалаудан арылмаған. Тіпті, кешегі Кенестер заманының өзінде әскерден қашу «Отанын сатқанмен» бірдей, қашып-пысып бармай қалу «қатарынан төмен» деп есептелген.

Ал бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда ше? Отан қорғау деген қасиетті ұғым қай деңгейде тұр? Әрине, бір қарағанда күз, көктем айларында Президенттің жастарды республика Қарулы Күштерінің қатарына шақырған Жарлығы шығып, жер жерлердегі әскери комиссариаттар өздерінің «науқандық» жұмыстарына кірісіп кеткендей көрінеді. Бірақ оның соңғы нәтижесі көңіл көншітпейтінін жасыруға болмайды. Мысалы, Алматы сияқты миллионнан астам халқы бар үлкен қаланың бір ауданынан бар болғаны сексен-тоқсан адам әскерге аттанатынын естігенде еріксіз таң қаласың. Олардың өздерінің тең жартысы ауру-сырқаулы. Ал дендері саулардың бәрі әртүрлі қулықтармен Отан алдындағы борышынан қалып жатады. Өйткені, көшеге шықсаң болды, бір-біріне сендей соғылысып жол бермей жүрген жастарды көресің. Әгарки, олардың жас шамаларын сұрай қалсаң, бәрі де әскер қатарында жүруге тиістілер болып шығады. Одан кейін азаматтық міндетін атқаруға неге бармай жүргенін суыртпақтап, Отан қорғау, әскери борыш деген біз үшін қай кезде болмасын қасиетті болып келген сөздермен сезімдерін түрткілесек бетіне, бажырайа қарап, өзінді ақымақ етіп шығарады. Соған қарап қазіргі жастарда ұлттық намыс, патриоттық сезім мүлде жоқ па деп те сезіктенесің. Бір өкініштісі, әскерден жалтару қазір қалада ғана емес ауылдық жерлерде де күн өткен сайын өсіп келеді. Міне, осындай ойлар мазалай берген сон қаламыздағы әскери комиссариаттарда, жастар ортасында жүргізген ізденістеріміздің барысында әскерден қалу себептерінің ең басты деген бірнеше қырларына көз жеткіздік.

Біріншіден, қазір өмір де, соған қарай халықтың тұрмыс-тіршілігі де өзгерді. Ал «сананы тұрмыс биледі» дегендей күнделікті күйкі тірлік қиындаса, адамға ұлттық сезім, рух дегендерің қайдан жолай қойсын. Өйткені олардың бар ойлағандары күн көрістің қамы, қатардан қалмаудың амалы, одан әрі байлықтың батпан құйрығы ғой. Міне, сондықтан да кейінгі жылдары халықтың әскерге тіксіне қарауы пайда болды. Сөйтіп бұрынғыдай Қарулы Күштер қатарында өзінің азаматтық міндетін өтеп қайту сияқты абыройлы қасиеттер өткен күндермен бірге келмеске кетті. Әрине ол кездерде заң да, заман да қатал болып, «қара» халық билеуші топтардың «жұмса жұдырығында, ашса алақанында» болғаны белгілі. Одан шығуға талпынғанды жәй әншейін үнін өшіріп отырды.

Ал қазір ше? Еліміз еркіндігін алып, өз тағдырымыз өзіміздің қолымызға келгенде мінезіміз неге өзгеріп сала берді? Демократияны, жариялылықты сылтау етіп, неліктен бар қасиетімізді саудаға салып жатырмыз? Бұдан былай бізді өзімізден басқа ешкім де қорғамайтынын неге түсінбейміз? Айта берсең жүректі жегідей жеген мұндай сұрақтар қойыла береді. Өйткені, көпшілігіміз мемлекет тағдырына немқұрайлы қарайтын болдық. Тіпті атам қазақтың қанында болмаған Отан қорғаудан қашып-пысу, «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүру» секілді жат әдеттерге жиі-жиі бой ұра бастаған өзіміз, намыссыз жастар көбейіп келе жатқаны да жасырын емес. Ал оларды отансүйгіштік қасиеттерге, патриоттық сезімдерге тәрбиелейтін бұқаралық ақпарат құралдарының кейбіреулері әскердегі орын алып отырған оғаштықтарды ғана теріп алып, оны жар сала хабарлап онсыз да күмәншіл халыққа басқа көзқарас құюда. Тіпті «халықтың шын жанашыры» сияқты болып көрінгісі келетін кейбір басылымдар мен телеарналар әскери өмірде бұрыннан келе жатқан «ескі дәстүрлерді», «сақалды солдаттардың» қоқан-лоқыларын, қиындыққа төзбеген бірең-сараң бозөкпелердің өз бөлімдерін тастап кетуін «үңіле зерттеп», үлкен бір «жаңалық» ашқандай жария етуде.

Шынымен де қазір әскердегі өмір солар айтқандай адам шошырлық жағдайға жетіп, бетімен кеткені ме? Осы сұраққа

жауап іздеген мен соңғы екі-үш жылда әскерден оралғандардың бәрінен (өзім білетіндер) сұрастырып көргенімде, олардың бірде-біреуі солдат өмірі туралы жаман сөз айтқан емес. Керек десеңіз аштан жүрген, кездейсоқ өлген немесе бөлімінен қашқан солдатты ол жігіттердің бірде-біреуі кездестірмепті. Әрине, өмір болған соң қиындықсыз, тізе батырусыз болмайды ғой. Ал әскердегі «дедовщина» дегеннің әлемдегі барлық Қарулы Күштерде кездесетін «ескі дәстүр» екенін неге жасырамыз. Мысалы, жоғарыдағыдай көріністер қазіргіден әрмен болған кешегі Одақтың өзінде қапылыста қаза тапқандарды да, әскерден қашқандарды да есітуші едік қой. Бірақ ол кезде ондай жағдайларды айтуға да, жазуға да тиым салынатын. Ал қазір еркіндік берілді екен деп «жақсыны жасырып, жаманды асыруымызды» ел тағыдырына аландаушылық деп қалай айта аламыз. Сондықтан да жазар алдында бәрін де таразылап алған жөн-ау деймін. Одан да бұрынғыдай әскери өмірді нағыз шындалу мектебі ретінде көрсетіп, солдат өмірі туралы шынайы фильмдерді, кітаптарды жарыққа шығаруға тырысайық та...

Екіншіден, жоғарыдағы жағдайлардың салқыны тиді ме қайдам, қазір ешкім де әскери-патриоттық тәрбиемен айналыспайтын болды. Өйткені, кешегі Кеңес заманындағыдай мектептерде әскери сабақтар өткізу мүлде тоқтап (Рас, біраздан бері қайта қолға алына бастады. Бірақ әлі де ойдағыдай емес), әскер мен флоттың ерікті қоғамдары жұмыстарын жылы жауып, әртүрлі әскери ойындар (атап айтқанда, «зарница-лар») ұмытылып, Отан қорғауға дайындық жұмыстарының жүргізілмеуі салдарынан абыройлы міндеттерді атқаруда немқұрайдылыққа әкеп соғуда. Тіпті, керек десеңіз, олардың орнына жастарды әскерден қалдыру үшін жұмыс істейтін түрлі ұйымдар қаптап кетті. Атап айтқанда «Әскерге шақырылушы» («Призывник»), «Әскерге шақырылушыны қорғау қызметі» (!) деген сияқты консультациялық орталықтар мен «Солдат аналары комитеті», «Әскердегі заңдылықтарды сақтау жөніндегі қоғам» секілді түрлі ұйымдар жастарға әскерден қалай жалтаруға болатынына ақыл-кеңестер айтып қана қоймай, өздерінің әскер қатарынан қаншама жасты «құтқарып» қалғанына дейін мақ-



тана лепіретін болып жүр. Міне, азаматтық борыш дегенге осылай халықтың өзі қарсы тұрып жатқан соң әскери комиссариаттар өз «сыбағасынан» қалай бас тартсын. Олардың жер-жерлерде шақырылушы жастардан ашықтан-ашық ақша алуды әдетке айналдыруының көбеюі де сондықтан-ау. Осыдан барып мемлекеттің ішіндегі қарапайым жұмыс емес, оның қорғанысын нығайтып, тәуелсіздігін қорғайтын бүкілхалықтық өзекті мәселе түкке тұрғысыз болып, Отан қорғау деген қасиетті ұғым кім көрінгеннің табанында жаншылып, саудаға түсуде.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қазір тікелей жұмысшы-шаруа әскеріне айналып бара жатқаны да жасырын емес. Өйткені соңғы жылдары Отан алдындағы міндетін атқаруға көбінесе (тіпті, түгелдей деуге де болады) жұмысшылар мен қарапайым еңбек адамдарының, ауылдық жерлердегі қатардағы халықтың балалары ғана баратын болды. Ал керісінше, ірі шенеуніктердің, ұжымдар мен кәсіпкерлердің, жеке іскерлердің, ең арысы қалталарында ақшалары бар ауқаттылардың балалары ашық түрде азаматтық борыштарын өтеуден сытыла қалып жатыр. Әрине, ақшасы бар кез-келген адам перзенттері мектепті бітірген соң-ақ оларды түрлі салалардағы жоғары оқу орындарына қарай сүйрейтіні белгілі ғой. Ал оларда оқитындарды әскерге алмайтындары, бітірген соң тағы бармайтындары анық. Міне, осылай дендері сау, ешқандай қиындықты көрмей өскен еркетотайлар әскерден жалтарып, ұлттық сезімдері оянбай өсіп жатады. Ал оған керісінше, кішкене күнінен бар ауыртпалықты тартып ер жетсе де қарапайым халықтың ұлдары өскен соң ұлттық рухтың тіреуішіне айналады. Осы себептен соңғы жылдары экономикалық қиындықтардың салдарынан, тұрмыс-тіршілігінің ауыртпалығынан жүйкелері бұзылған, өкпе, бауыр, тамақ қорытулары нашарлаған жұмысшы-шаруалар балаларының мойнына Қазақстан Тәуелсіздігін қорғау міндеті тиіп отыр. Бұл дегеніміз Қарулы Күштеріміздің қатарына білім деңгейі төмен, денсаулығы нашар, күш-қайраты әлжуаздау жастар барып жатыр деген сөз ғой. Әрине, олардың барлығы да осындай дегеніміз күпірлік болар. Әйтсе де көпшілігі жоғарыда айтылғандай екені даусыз. Мысалы, ресми мәліметгерге

карағанда тек өткен жылы ғана денсаулығына байланысты әскер қатарынан 227 адам қайтарылыпты. Ал жарамай қалып жатқандары қаншама? Иә, денсаулығы нашар әскер – мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайтпақ түгілі, өздерінің әскери-ұрыс өнерін биік деңгейде жетілдіре алмасы анық.

Төртіншіден, жоғарыда айтылған себеп-салдардан, яғни тұрмыс-тіршіліктегі, экономикадағы қиындықтардан денсаулықтарына байланысты әскер қатарынан қалушылардың тым көбейіп кеткендігі байқалады. Өйткені экологияның бұзылуынан, қаржы-қаржаттың жетіспеуінен тамақты дұрыстап тоя ішпеді әдетке айналдырған жастар арасында дене салмағының жетіспеушілігі белең алып барады. Ал салмақтың белгілі мөлшерден төмен болуы – ағзаға азық сіңбеуі салдарынан ет ауруына ұшырататын дистрофияның алғашқы белгісіне әкеп соқтырады. Сондықтан да ондай жастар әскер қатарынан қалдырылуға тиіс. Оның үстіне ҚР Қорғаныс министрлігі мен денсаулық сақтау орындарының әскерге шақырылатын жастардың денсаулықтарына қоятын талаптары өте жоғары. Ондай болса, елімізді қауіп-қатерден кімдер қорғайды.

Жоғарыдағы денсаулықтары нашар әлжуаз жастардан бөлек тағы да бір сапқа жарамсыз топ бар. Атап айтқанда, қазір қалаларда ғана емес ауылдық жерлердің өзінде қылмыстық әрекеттер, әсіресе, жасөспірімдер арасындағы бұзақылықтың, төбелестердің көбеюі салдарынан әскер қатарына шақырылғандар арасында бас сүйегі мен ми құрылысы жарақаттарын алғандар да жиі ұшырасуда. Мұндай адамдарға ұрыс қаруын немесе мемлекеттік құпиясы бар әскери техникаларды қалай сеніп тапсыруға болады?

Сондай-ақ ата-аналар арасында балаларын қалайда әскерден алып қалу жағдайлары да соңғы кездері кең етек алып барады. Олар көбінесе ұлдарына өздері тұратын аудандардағы емханалардан түрлі аурулардың диагноздарын қойғызып, анықтама қағаздарымен әскери комиссариаттарды жағалап жүргені. Тіпті, қайсыбір ата-аналар баласының жас кезінде қандай аурулармен ауырғанына дейін «естеріне түсіріп», әскерден алып қалуға тырысып бағуда.

Қорыта айтқанда, қазір халық арасында әскерден бой тасалаудың «науканы» жүріп жатыр. Барлығының ойы «мемлекетімізді басқа біреудің баласы қорғасын, тек ол менің балам болмасын» деген қағидаға келіп тіреледі. Міне осындай жат, өзіншіл әдеттердің салдарынан бүгінгі таңда әскери борышын өтеу жасына жеткендердің 40-50 процентейі азаматтық міндетінен жалтарып жүр. Ал бұл атам заманнан бері қанымызға сіңісті болып кеткен Отан, Ел, Жер қорғау деген нағыз ер жігіттерге тән ұлы парыздың қабырғасын қақыратып, құнын түсіріп тұр.

*8 маусым, 1998 жыл.*

### **«ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ АНА ТІЛІНДЕ ОҚЫҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ» ЕМЕС, КЕЛЕДІ...**

*Уақыт дегенге тоқтам болсайшы... Міне, көзді ашып-жұмғанша мектеп оқушыларының кеше ғана басталған жазғы каникулдары аяқталып, 1998–1999 жылдарының жаңа оқу жылын білдіргендей алғашқы қоңырау үні де сыңғырлап үлгірді. Үш ай бойы іші-сырты ақталып-сырланып, жаңартылып-жаңғыртылып осы күнге дайындалып қойған білім ордалары балалардың көңілді дауыстарына бөленіп, мәре-сәре болып жатыр. Сөйтіп дүниедегі бар құпияны білуге құмар бүлдіршін көңіл кітап пен жазу-сызудан басқа ештеңені ойламай, білімнің терең сырына шөліккей келіп бас қойды. Олар, тіпті, өздерінің осылай сабақтарын бейқам оқуына жан-тәнімен ниеттес үлкендерде бір беймазальқтың бар екенін де сезбейтіндей.*

### ***Жаз бойы 200 мұғалім табанынан таусылды***

Иә, соңғы кездері, дәлірек айтқанда, дәл оқу жылы басталар алдында бала тағдырына немқұрайлы қарай алмайтын ұстаздар мен ата-аналар арасында үлкен алаңдаушылық туып, оның ақыры

бос жүгіріске ұласқанын оқушылардың көпшілігі біле бермейтін. Ал біз мұны жаңа оқу жылы қарсаңында редакциямызға толассыз келіп жатқан хаттар мен арыз-шағым иелерінің айтқан сөздерінен байқадық. Сондықтан да жазу қанша ауыр тисе де шындыққа шырматылып отырып қолға қалам алуға тырыстық. Өйткені, өкінішке қарай, арыз-шағымдардың барлығы да қазақ тілінде білім беретін мектептер теңірегінде, сондағы жаңа оқу жылы алдында қордаланып қалған мәселелер жайында өрбіді. Тіпті, кейбір хаттарда амалдары қалмағандықтан, шарасыздықтан шыққан ызалы сөздер бетінді қарып өткендей болады. Мұның бәрі жан-жағымызға немқұрайлылықпен қарап өте шығатын Алматыда ғана емес, бүкіл республика көлемінде қазақ тілі мен қазақ мектептерінің жай-күйін жақсартуға үлкен мән беріліп отырған дәл бүгінгі таңда болып жатыр дегенге сену қиын. Өйткені әлі күнге дейін ұрпағымызға ана тілінде білім берудің тығырықтан шыға алмай жатуы жүрегімізге шаншудай қадалуда. Тап бір есін жиып, басын енді көтере берген қазақ тілінің қақ маңдайынан шокпармен ұрып қайта талдырып жатқандаймыз. Сондықтан да жоғарыдағы арыз-шағымдарға, ұстаздар мен ата-аналардың жүректерінен шыққан жанайқайына көз жұмып қарай алмадық.

Мектептердегі оқу сапасы, оқушылардың білім деңгейі ең алдымен ұстаздарға байланысты. Мұны бәріміз жақсы білеміз және біле тұра олардың жағдайына терең үңіліп қарамаймыз. Өйткені, көпшілігіміз «бәріміздің де жағдайымыз жетісіп жатқан жоқ» деп қиындықтардың бәрін «нарықтың» иығына арта салуды әдетке айналдырып алғанбыз. Әйтпесе, ең бірінші міндетіміз – болашақ ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздардың халін түзеу емес пе еді. Ал, біз болсақ олардың енбекақыларын жырымдағанымызбен қоймай, «қиындықтардың қыспағынан» құтылатындай жаппай қысқартып әлекпіз. Онымен қоймай тұрмыс-тіршіліктің тауқыметін тартып жүрген мұғалімдерден сапалы білім, ұлағатты тәрбие талап етеміз.

Болашақта «барыс» болатын ұрпақты тәрбиелейміз дейміз де, оған тағы да өзіміз бірінші болып кедергі жасаймыз. Тіпті басқасын айтпай-ақ, өтініш-тілектері ескеріліп, тиісінше қанағаттандырылған шешімдердің өзін дұрыс орындай алмай жат-

қанымыз салғырттық та, жауапсыздық та емес, нағыз немқұрайдылық қой!

Міне, менің алдымда жүгіре-жүгіре табандарынан таусылған екі жүз (!) мұғалімнің арызы жатыр. Сұрайтындары – орындауға келмейтін нәрсе емес. Бар болғаны өздері тұрып жатқан жатақхананы заңды түрде шешіп беру ғана. Түсінікті болу үшін ашып айтайын. 1997 жылы 21 қарашада қала Әкімі В.Храпуновтың №699 шешімімен Жұбанов көшесі, 68 «а» үйдегі №9 кәсіптік-техникалық мектептің жатақханасы қаладағы баспанасыз мұғалімдерге тұрғын үй ретінде бөлініп берілген болатын. Бірақ бұл шешімнің нәтижесі сиырқұйымшақтанып созыла берген соң, шыдамдары таусылған мұғалімдер өз беттерінше бос бөлмелерге кіріп алыпты. Бұл кейбіреулерге ұнамай қалса керек. Өйткені жатақхананы сатып пайда тапқылары келген болулары керек. Содан жатақхана тұрғындарына қысым жасау басталады. Тіпті, шілде айында миграция орталығынан біреулер келіп «сатып аламыз» деп кетіпті. Шешім бар екенін құлақтарына қыстырмайды да. Мұны есітіп, қимылдамаса ертең далада қалатындарын сезген мұғалімдер жазғы демалыстарын жүгірумен өткізеді. Бірақ олардың арыз-тілектерін тыңдаудың орнына, тиісті орындар бір-біріне жұмсап әуре етіп әбден сенделтеді. Осылай көңілсіз оқиға күмбірлей келіп бүгінгі күнге жетті. Қазір бұл жатақханадағылар өте ауыр жағдайда тұрып жатыр. Себебі ұстаздар мен дәрігерлер суы, жарығы, дәретханасы жоқ жерде бала-шағасымен бірге ілекерлеп күн кешуде. Олардың осы «тұрмысынан» сезіктенді ме, қайдам, біраздан бері жатақхананың кіреберіс есігіне милициядан күзет қойыпты. Оны көрген тұрғындарда зәре-иман жоқ. Міне, бұл балаларымызға білім беретін ұстаздардың көрген күндері. Осыдан кейін олардан – сапа туралы қалай сұраймыз? «Сананы тұрмыс билейді» дегенді неге ұмыта береміз осы? Әлде үйсіз-күйсіз сандалып жүріп бала оқыту қазақ мұғалімдерінің мандайына мәңгілікке жазылған ба? Әйтпесе алған Тәуелсіздігіміздің, Мемлекеттік тіліміздің қызығын қашан көреміз?

## *Көпшілік қазақтар баласын ана тілінде оқытуға «жердің түбіне» апарды*

Бұл тұрмыс-тіршілігінің ауыртпалығына шыдай алмаған бір топ ұстаздың кеудесін жарып шыққан үні ғана. Ал айтылмай жатқаны қаншама?! Тіпті, жалғыз қазақ мұғалімдерінің ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде білім алғысы келетін балалардың жағдайлары да ауыз толтырып айтуға келмейтіндігін көпшілігіміз біле тұра үндемейміз ғой. Ал осы «үндеместігімізді» қапқан қылып ұстаған кейбіреулер «Қазір қазақ ата-аналарының өздері балаларын қазақ мектептеріне бергісі келмейді» деген сөзді шығарды. Сөйтіп, ұлтымыздың ана тіліне қайта оралсақ деген ықыласының алдына «қытай қорғаны» салынды. Ал дәл осы уақытта, жаңа оқу жылы басталып кеткенде көптеген ата-ананың өз балаларын қазақ мектептеріне бере алмай жүргенін қалай түсінуге болады. Мысалы, Медеу ауданына қарасты «Татарка» деп аталатын елді мекенде бақандай бес мектеп (№24, 53, 64, 99, 100) бар екен. Олардың біреуі түрік, қалғандары орыс мектептері. Ал бұл төңіректен қазақ мектебін шам алып іздесең де таба алмайсың. Тек «аш құлақтан тыныш құлақ» дегендей, олардың әрқайсысынан бір-бір қазақ сыныптарын ашып қойыпты. Оның өзінде бұл сыныптардағы орындар әлдеқашан толып қалыпты. Өйткені мұнда қазір бұрынғыдай емес, көптеген үйлер босап жатқан соң қазақтар көшіп келуде. Оның үстіне бұл аумақтағы «Шаңырақ», «Думан» ықшамаудандарының дені қазақтар. Сондықтан да қазақ балаларының көп болуы табиғи құбылыс. Ал оларға деген көзқарас баяғы күйде қалған. Содан барып дәл оқу жылы қарсаңында жүздеген ата-ана балаларын қайда апарарын білмей дал болды. Ақыры амалдары таусылған қайсыбірі өз ұлдары мен қыздарын шарасыздықтан орыс мектептеріне беруге мәжбүр болса, тілге келгенде діні мықты көпшілгі сонау «жердің түбіндегі» №12, 159, 143 қазақ мектептеріне апаруда. Міне, осыдан кейін «қазақ мектебінде оқығысы келетіндер жоқ» деп қалай айта аламыз. Егер бұл жөнінде көп жылдардан бері №53 мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып еңбек еткен Жаңыл Шестаева деген кісі редакцияға телефон шалып, айтпағанда, біз

де әлі талай уақыт білмей жүрер едік. Ал ағайындарымыздың сенделісін қалай тоқтатамыз? Бұл жөнінде Жаңыл апай «Қазір әр мектеп «ықшамдалған учаскелерге» бөлінген. Оларда тек сол учаскелердің балалары ғана білім алуға тиіс. Олай болса «Татаркадағы» мектептердің әрқайсысына өз учаскелерінен бар болғаны 200-дей ғана орыс баласы келіп, қалғандары басқа аудандардан қатынап оқиды. Сондықтан да біздің ұсынымыз – №53 мектепте оқытындар өз учаскелеріне кетіп, бұл білім ордасын таза қазақ тілінде оқытуға көшіру. Өйткені мектептің тұрған жері де, білім беретін ұжымы да, «осылай қайта құруға әбден лайық» деп өз ойын білдіреді.

Дәл осындай жағдай «Орбита» ықшамауданында да бар екен. Мұндағы төрт ықшамауданға бар болғаны №145 әл-Фараби атындағы қазақ орта мектебі ғана қызмет көрсетеді. Оның өзінде 1600-ден астам бала оқиды екен. Ал мұндағы №40, 45, 60, 68 орыс мектептеріндегі орыс балалары бұлардан әлдеқайда аз көрінеді. Осы себептен өткен оқу жылында сол аудандағы ата-аналар жиналып, оқушылар саны әлдеқайда аз орыс мектептерін босату арқылы тағы бір қазақ мектебін ашу жөнінде аудандық оқу бөліміне өтінішпен барыпты. Ал ондағылар ата-аналардың талап-тілегін қанағаттандырғандай болып, биылғы оқу жылында №145 қазақ мектебіндегі 9 сыныпты (1–3 сыныптар) дәл жанындағы №40 орыс мектебіне ауыстыру туралы шешім қабылдады. Бұл жөнінде естіген соң ата-аналар №40 мектептің басшыларымен сөйлесе, олар қатаң талап қойыпты. Яғни, қазақ сыныптарының әр оқушысы ай сайын 300 теңгеден төлеп, ағылшын тілін оқып келгендерге ол пән жүргізілмейді екен. Тіпті, мектептегі компьютерлерді ата-аналар бұдан бұрын өз қаражаттарына сатып алғандықтан оны қазақ сыныптарының балалары пайдаланбайтын болыпты. Осыдан кейін «баламыз кірме болып жүреді екен» деп ойлаған көпшілік ата-ана тізгінді босатып, жан-жаққа жүгіре бастайды. Егер оларды тоқтатпаса жағдайдың өршіп кететінін сезген №40 мектептің директоры В.В.Петухова осы жақында қазақ сыныптарының ата-аналарымен кездесіп, «барлық жағдайды жасаймыз» деп жоғарыдағы айтылғандарды жуып-шайған болады. Бірақ бір

сезіктеніп қалған көңіл шіркін жұбана қоюшы ма еді. Сөйтіп, ата-аналар арасында екіұдай пікір қалыптасады. Олардың көпшілігі «баламызға қайтсек те қазақша тәрбие береміз» деген қағидамен №40 мектептің оқушыларын №45, 60, 68 мектептерге ауыстырып, ол мектепті таза қазақ тілінде білім беруге көшіру немесе №145 қазақ орта мектебінің 1–11 сыныптарының әрқайсысынан 2 сыныпты (ауысқысы келетін), барлығы 500–600 оқушыны №40 мектепке ауыстыру арқылы аралас білім ұясын құру қажет, деген ұсыныстарымен жүгіріп жүр. Дегенмен, де бұл ойларының жуық арада орындала қоятынына сенімсіздеу сияқты. Бірақ, соған қарамастан олар «ұсынысымыз аяқсыз қалса, баламызды №40 орыс мектебінде оқытпаймыз» дейді. Ұрпағына ана тілінде білім бере алмай қиналған қайран ата-ана-ай десейші! Сендердің жанайқайларыңды түсініп, қолдау көрсететіндер шығар ма екен? Әлде өз жерлерінде жүріп балаларыңа қазақ тілінде білім беруге жанталасқандарың үшін ғана осылай тағдырдан өгейлік көріп жүре берер ме екенсіңдер?

...Әрине, бұлай қатты кетуге де болмайтын еді. Бірақ келесі бір шағымданып келген ата-ананың айтатындары бұларды «он орап» кететіндіктен «қас-қабакқа» қарай алмадым...

***Орыс тілді тұрғындар «баламызды көше аттатып оқытпаймыз» дейді***

Биылғы жылдың жаңа оқу жылы алдындағы ең үлкен даудамай «Тастақ» ықшамауданындағы №58 орта мектеп төңірегінде болды. Өкінішке қарай онсыз да тұтанғалы тұрған таласты «Начнем с понедельника» газеті жандырып жібергені бәрімізге қатты тиді. Өйткені, екі халықтың ортасына от тастамақ ниетте жазылған «Лад» славян қозғалысының өкілі Артем Салиннің осы апталықтағы «На глазах всего тастакского массива создается опасный дисбаланс в школьном образовании» атты мақаласы бұл аумақты қиын жағдайда қалдырды. Мән-жайды тек бір жақты баяндаған А. Салин «Неге толмаған қазақ гимназиясының жанынан жартылай бос сыныптары бар №58 мектепті тағы



да қазақ мектебі етіп қайта құрады?» деп сұрақ қойып алып, негізінен 5, 9, 12 қабатты үйлерден тұратын бұл ықшамауданда тұрғындардың көпшілігі орыстар деп бөседі. Осыдан он-он бес жыл бұрын мұнда орыс ұлты көп болса, болған шығар. Бірақ, қазір бұл ауданда қазақтар да баршылық қой. Оның үстіне бұған 8 жылдық мектебі бар «Шаңырақтан» келіп оқитын балаларды қосыңыз. Осының өзінде «толмаған гимназияда» немесе «жартылай бос сыныптары бар» №58 қазақ мектебінде мыңнан астам бала білім алып, үстіміздегі оқу жылында екі кезекпен 1200 бала оқиды екен. Одан әрі А. Салин мырза №58 мектептің жаңа директоры Ғалия Нұрғалиеваға «... 3 жылдан бері орыс тілінде сабақ беріліп келе жатқан мектептерді әдейілеп қысқартып келеді» деп «кінә» тағады. Ал шындығында осылай ма?

1995 жылы осы аумаққа қазақ тұрғындары көптеп қоныстанып жатқандықтан басшылар №58 мектепті қазақша білім беруге ауыстырған болатын. Бірақ, мектеп директоры орыс балаларын шығарып жіберуге немесе басқадай қаталдық жасауға бармай, олар бітіріп кеткенше тиіспеген. Қазір бұл мектепте бар-жоғы 173 қана орыс баласы қалыпты. Ендеше, Салин мырза жоғарыдағы ескірген мәліметтерді қайдан алып жүргенін білмейміз. Оның үстіне бұл аймақта жоғарыда аталған қазақ мектептерінен басқа №67, 96, 74, 144 (барлығы 12 екен) орыс мектептері бар. Олардың барлығында осы ықшамаудандағы орыс балаларына жететін орын бар екен. Осының бәрін біле тұра А.Салин қазақ мектептерін «жартылай ғана толған» деп онсыз да екі ғана білім ошағын көп көруде. Негізінен оған бұл мәліметтерді берген зейнет жасына келсе де осында жұмыс істеп жүрген Харченко (64 жаста) мен Долгих (56 жаста) деген мұғалімдер көрінеді. №58 мектептің қазақ тілінде білім беруге көшірілуімен келіспеген олар осындай айқай-шуға үш жыл бойы ұйымдасып келіпті.

Ал мұны өздерінше «қысастыққа» балаған «Начнем с понедельника» газеті ештеменің байыбына бармай, аталған мақаламен сол аумақта тұратын екі халық тұрғындарының арасын шиеленістіріп жіберген. Осы ретте №58 қазақ мектебінің ата-аналары (көпшілігі осында ұзақ уақыттан бері тұрып келе жатқан ғылым докторлары мен кандидаттары, өнер

кайраткерлері) А.Салинге мән-жайды түсіндірмек болып хабарласса, ол «...қаңғып келген біреу шығарсындар» деп бұлардың намысына тиген көрінеді.

Міне, осылай бір жақты жазылған мақаланың кесірінен қазір «Тастак» тұрғындарының арасына жік түсіп отыр. Сөйтіп, орыс тілді тұрғындар «балаларымызды көше аттатып оқытпаймыз» деген желеумен №58 қазақ мектебіндегі қазақ бөлімдерін №144 мектепке ауыстырып, қайтадан орыс тілінде оқытатын мектепке айналдыруды талап етсе, қазақ тұрғындар бұған келіспей жатыр. Ал мақала авторы ата-аналарды осылай таластырып қойып, миығынан күліп жүр. Тіпті, ол білім беру саласында белгілі бір еңбегі бар мектеп директоры Ғалия Нұрғалиеваға (түсінікті болу үшін қазақшаға аудармай беріп отырмыз) «...Но своим примером директор государственной школы Нурғалиева три года заботится только о тех, кто хочет получать образование на казахском языке. Она создает им льготное условия за счет ущемления интересов и прав тех, кто хочет получать среднее образование на русском языке» деп қара жабады. Оның осы мақаласын оқыған адам қандай мақсатпен жазылғанын бірден сезеді. Әрине, кез-келген адамға сыртынан жала жаба беруге болады. Бірақ Ғ.Нұрғалиеваның жоғарыда айтылғандай адам еместігін айтып, барлық ата-ана қызғыштай қорғауда. Ол осында жұмыс істегелі бері жан-жақтан келген жағдайы төмен балаларға көңіл аударып, көмек көрсетіп келеді екен.

Қорыта айтқанда, қай ұлттың болмасын ұрпағы өз ана тілінде білім алуы керек. Оған 700-ден астам қазақ мектебін жапқан Кеңестер заманындағыдай қысым жасауға болмайды. Өйткені, қазақ халқы басқа тілде білім алудың қандай болатынын өз басында сынап көрді. Кейінгі, басы ел тізгіндеріне жармаса бастаған ұрпақтың ана тіліне шорқақтығы сол кезеңнің салқыны екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сондықтан да мұның бәрі қазақ балаларының ата-баба жолынан ауытқымауынан шыққан ниет қана. Олар ешқашан да «орыс мектептерін жабыңдар» деп айтпайды, тек қазақ мектептерін ашуды ғана сұрайды. Әйтпесе баласын қаланың бір шетінен екінші шетіне апарып оқыту қай ата-анаға оңай тиюші еді. Осы орайда «қазақ мектептеріне

балалар бармайды» немесе «қазақ балалары қайтадан орыс мектептеріне ауысып жатыр» деп жүргендердің үдетіп жатқан жел сөздері мыңдаған қазақ ата-аналарына зиянын тигізіп жатқанын байқадық. Сондықтан да «қазақ тілінде оқығысы келмейтіндер жоқ емес, бар және күн санап көбейіп келеді. Бірақ оларға қажетті жағдай жасалмай отыр» деп сеніммен айта отырып, тиісті орындардан осы мәселелердің шешімін күтеміз.

*18 қыркүйек, 1998 жыл*

### **БАЛА АУРУЫ – ӘЛ-АУҚАТЫМЫЗДЫҢ АЙҚЫН КӨРСЕТКІШІ**

*Міне, үшінші түн кішкентай Арман ұйықтамай жылаумен болды. Екі жағынан төніп, жұбата алмай шаралары құрып отырған әкесі мен шешесінен бір көмек күткендей әлсіз екі қолын алға созып, қос жанары мөлтілдей қарайды. Жылай-жылай даусы да шықпай, кішкене еріндері кеберсіп кетіпті. Тек кейде ғана әбден шаршағандықтан болар, талықсып көзі ілініп бара жатады да, әлденеден шошынғандай «шар-р» етіп оянып кетеді. Не істерін білмеген шешесі бөтелкедегі қайнаған суға шыланған сүт қоспасын аузына тосты. Алғашында оны бүлкілдетіп құныға жұтқан нәресте сол мезетте-ақ қоспаны аузынан шығарып, ішкенін қайта құсып тастады. Басын бір жағына бұрып шыңғыра шырылдады. Жасқа толған тостағандай жанарлары басқа бірдеңе сұрайтындай... Әншейінде өзіне сондай жарасатын томпиған қос ұрты ішіне кіріп, көгерген еріндері дірілдей жалбарына, жаутаңдай қарайды... Әттең, тілі шыққанда ғой, бәрін баяғыда-ақ сайрап айтып берер ме еді! Сондықтан да, мінеки, тоғыз айлық нәресте жанына батқан ауруды айта алмай шырылдап жатыр... Әйтпесе, ол қандай көңілді, қылықтары балдай тәтті болып өсіп келе жатқан еді. Толған айдай қос жанарын төңкере қарап, томпып отырған сүйкімді түрін көргенде шыдай алмай кететінсің. Әсіресе, жаңа білініп келе жатқан қылықтарын айтсаңшы? Еркіне жіберсең*

*еңбектен жүріп-ақ үйдегі заттардың бәрін бір-біріне соғып, олардан шыққан дыбысқа аузын ашып күліп рахатқа кенелер еді. Тіпті, кенеттен түшкіріп қалса да сенен кешірім өтінгендей мәз болатын... Ол мына жарық дүниенің бар қызығын енді ғана сезініп келе жатқан еді... Амал қанша, қазір соның бәрін көп кергендей қатал тағдыр құйтақандай сәбидің жанын жұлмалап, тәнін ауыртып шырқыратуда. Осының бәріне жаны жылай қараған әке бір кезде «Болды! Таң атқан соң дәрігерге апарамын» деді ұлының сап-салқын маңдайын иіскеп. Бірақ...*

*Бірақ, жас әке кешігіп қалған еді. Түні бойы дегбірсізденіп жылап шыққан бейкүнә нәресте, қорғансыз тірі жан иесі таңға жуық мына жарық дүниенің маңдайына сыймай үзіліп кетті.*

### **Отан қорғайтын жастардың әрбір екіншісі ауру**

Экономикалық дағдарыстар, өмір сүру деңгейінің құлдырауы, әлеуметтік шайқатылыс, экологиялық зардаптар біздің ең қасиетті нәрсемізді әкеліп жатыр. Оның аты – нәресте. Қандай қасірет десеңші! Оның үнін естігенше тағатсыздана күткен күндер, ана құрсағынан жарық дүниеге іңгәсімен бірге қуаныш әкелген сәттер... айналасының бәрін тебірентіп, теңселтіп жіберетін. Бірақ, бес саусақты қинай отырып жаздырған мына қаралы мәліметтер ол қуаныштың бәрін де су сепкендей басады-ау... Себебі, соңғы кездері қараша үйге қуаныш арқалай кіріп, қайғыға батырып шығып жатқан сәбилер саны көбейіп бара жатыр. Сенбесеңіз, жаны жоқ болғанымен аржағында мындаған нәрестелердің өмірін жалмаған мына қара сандарға көз тастаңызшы. Соңғы жылдары жүргізілген ресми мәліметтер бойынша елімізде 1994 жылы өмірге келген 1000 нәрестенің 28,6-сы шетінесе, 1997 жылы әрбір мың сәбидің 24,2-ін ажал тырнағынан арашалап алып қала алмаппыз. Әрине, көрсетілген деректердегі қаралы сандардың барған сайын азайып келе жатқаны көңілімізді аздап болса да демейтіні рас. Бірақ, бұл шындыққа жанаса ма? Өйткені, келтірілген бұл мәліметтер тіркелгендері, яғни, жұртқа ресми жария етілгендері ғана екен. Ал, енді ондай санақтарға енбей, дәрігерлердің алдын көрмей,

жоғарыдағыдай ата-ананың қолында жан тәсілім етіп жатқан нәрестелер саны қанша?

Міне, осы бағытта бақылау жүргізген кейбір ресми көздердің мәліметтері бойынша, қазіргі кезде жарық дүние есігін аша салысымен үзіліп жатқан нәрестелердің саны мың балаға шаққанда 40-тан асып кетеді екен. Әрине, бұл цифрлардың артында қаншалықты қасірет жатқанын бөбегінен айрылған ата-аналар болмаса, басқамыздың түсіне қоюымыз екіталай. Ал, енді осыларға өмірге жарымжан, кемтар немесе ақыл-есі ауытқып туып жатқан нәрестелерді қоссақ, бала тағдырына немқұрайлы қараған өзімізден өзіміз түңіліп кетер едік. Сонда да болса еліміздегі жылына жүрек кемістігімен туатын 3500-дей баланы, мерезбен ауыратын балалардың 30 пайызын құрайтын туа бітті мерезбен дүниеге келетіндерді айтпай кетуге ауыз бармады. Жалпы, қазір әр он баланың тек біреуі ғана дені-қарны сау болып туылады екен. Тіпті, республикамызда бүгінгі таңда бес миллиондай бала болса, соның екі миллиондайы тыныс жолдары, ас қорыту және жүйке құрылымдары аурулары бойынша диспансерлік есепте тұрғанын естігенде қалай шошынбассың. Бұл дегенің ертеңгі күні орнымызды басатын ұрпағымыздың әрбір екіншісі ауру деген сөз ғой. Мұндай жаншошытарлық мәліметтен кейін болашағымызға, Отанымыздың қауіпсіздігіне қалай сеніммен қарай аламыз? Өйткені, қазірдің өзінде әскерге шақырылғандардың 50 пайызы ауру, 30 пайызы дене кемістігі, 25 пайызы көз жанарларының ақауымен кейін қайтарылып жатыр екен. Сондай-ақ, 15-17 жас аралығындағы қыздарымыздың 60 пайызының денсаулығы нашар күйге түссе, олардың 35 пайызы созылмалы аурулар бойынша есепте тұр. Сонда енді бес-алты жылдан кейін олар дүниеге әкелетін нәрестелердің денсаулықтары қандай болмақ? Жалпы мұндай күйге қалай жеттік? Ұрпағымыздың денсаулығының осыншалықты құлдырап кетуіне кім кінәлі?

## *Тоя тамақ ішпеген бала – ауруды тез жұқтырады*

Ашығын айтқанда бәріне өзіміз ғана кінәліміз. Өйткені, сақтануды білмейміз, күтінбейміз. Әсіресе, соңғы жылдары шылымға әуестенушілер мен арақтың уытына берілушілер шектен тыс көбейіп кетті. Өзіміздің бір сәттік құмарлығымызды қандыру үшін ертең өмірге келетін нәрестенің денсаулығына аяусыз қастандық жасап жатқанымызды білсек те немқұрайлы қараймыз. Тіпті, бұрын-соңды халқымызда жоқ әдет – наша-корлық пен жезөкшелікке бой алдыру көбейген сайын адамзат тажалы – СПИД дерті елімізді кеулей бастады. Соның салдарынан халық арасындағы барлық аурулардың 80 пайызы соңғы үш жылдың үлесіне тиген екен. Мұның бәрі біздің қоғамда орын алып отырған қасіреттің бірінші жағы ғана. Өйткені, көптеген балалардың жұқпалы ауруларға душар болуына және қайғылы жағдайға ұшырауына орын алып отырған экологиялық ауыр ахуалдар да орасан зор зардабын тигізуде. Атап айтқанда, Семейде радиациядан, Қызылордада эпидемиялардан балалар өлімі көбейіп, жарымжан нәрестелердің өмірге келуі жиілей бастады. Қазақстанның басқа жерлері де оңып тұрған жоқ. Көп жерлерде ауыз судың сапасыздығынан балалар шетінеуіне қатты себепкер болатын іш аурулары, жұқпалы дерттер қаулап барады. Тіпті, биыл Алатаудың мәңгілік мұздықтарынан бастау алатын қала ішіндегі Алматы, Есенсай өзендерінің өзінде аса қауіпті тырысқак, сүзек, бауыр (брюшной тиф) аурулары шыққан соң, басқа аймақтар туралы не айтуға болады?..

Сонымен қатар, дүниеге келген нәрестенің денсаулығы ең алдымен аналарға да байланысты. Ал, егер әйел – ана дәрігерлік қызметке мұқтаж болып, тапқан-таянғанын ғана талшық етіп отырса сәбиде қандай денсаулық болмақ? Оның үстіне бүгінгі әйелдер өз денсаулығына онша көңіл бөлмейді, не оған ауыр тұрмысы мұрша бермейді де. Сондықтан да олар жүкті кезінде емдеу орындарына өте сирек барады. Бар уақыты ақша табу жолында базарларда отыру мен ауыр жұмыстарды істеумен кетеді. Әрі жанбағыс үшін жүгірген ондай жандар тазалық, тамақтану тәртібі, яғни, жеке гигиенасын мүлде естен шығарып, соңғы сәтте

жұқпалы дертке ұшырағанда ғана «аһ» ұрады. Ал, ол өзіне ғана емес баласына да үлкен залалын тигізері сөзсіз. Сондай-ақ, қазіргі кезде жұмыссыздықтан, ақшаның тапшылығы салдарынан да көптеген аурулар шығып жатыр. Тіпті, әл-ауқаты ең жоғары Алматы қаласының өзінде бұған дейін бүкіл Қазақстанда кездеспеген «дистрофия» деген дерттің пайда болғаны анықталған. Бұл ауру көбінесе тоя тамақ ішпеуден немесе аш болудан шығып, кез-келген ауруды жылдам жұқтыруға өте қабілетті болады екен. Ал, бүгінде халық арасында, әсіресе, тұрмысы төмен отбасылар мен студент жастардың арасында тоя тамақ жемейтіндер қатары ұлғайып келе жатқаны өтірік емес. Міне, сондықтан да көптеген әл-ауқаты төмен отбасылар балаларын емдетуге, дәрі-дәрмекке ақша таба алмай қиналады да өздерінше емдей бастайды. Бұл көбінесе қайғылы жағдайға әкеліп соқтыратынын көріп жүрміз.

### ***Халық денсаулығының 50 пайыздайы адамның өзіне байланысты***

Әр адамның салауатты өмір салтына дағдылану қажеттігін дәрігерлер үнемі айтып келеді. Әйтпесе, олар аурудан қашып құтыла алмайды. Мысалы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, халық денсаулығының 49–52 пайызы әр адамның өз денсаулығын күте білуіне, 17–20 пайызы сыртқы қоршаған ортаның экологиялық әсеріне, 18–22 пайызы тұқым қуалау арқылы берілетін дерттерге, 8-10 пайызы ғана денсаулық сақтау саласындағы атқарылған шараларға байланысты екен. Яғни, денсаулықтың ең басты кепілі – аурудың алдын алу болса, дәрігерлер тек қана тұтқиылдан келген аурулармен күресуі керек. Бірақ, өкінішке қарай, бізде бәрі керісінше болып отыр. Осы орайда мен қаламыздағы балалардың жұқпалы ауруларға ұшырау көрсеткішін білмек болып, жақында Алматы қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасының бас дерігері Марияш Құдайбайқызына жолыққанымда ол жұлып алғандай «Аурухана жұқпалы аурулардың көрсеткіші бола алмайды. Өйткені, заман басқа. Оның үстіне қазір қалада келімді-кетімді, саудамен айналысу үшін уақытша жүргендер өте көп.

Олар ауыра қалған күннің өзінде тіркеуге тұрмайды. Балаларын ақылы емханаларға көрсете салады немесе өздерінше емдом жасайды. Сондай-ақ, қазір отбасылық дәрігерлер шығып, жеңіл-желпі аурулардың бетін қайтарып жатыр. Сондықтан да жұқпалы ауруға ұшыраған балалардың нақты есебі жоқ және санақ жүргізілмейді. Әйтпесе, бізге түсушілер бұрынғыдан екі есеге өсіп отыр. Бірақ, бізге өткен жылдардағыдай жұқпалы аурулардың жеңіл-желпі түрлерімен ауыратындар түспейді. Керісінше 350 орындық аурухананы дерті асқынып кеткендер басуда» – деді.

Шынында да, ресми мәліметтер бойынша, биыл қалада тұмаумен ауырған балалар саны 2 есеге, іш аурулары 2,5 есеге, менгахимиялық инфекциялар 2 есеге азайыпты. Бірақ бұл қаладағы жұқпалы аурулармен ауырған балалар саны төмендеді деген сөз емес. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай ондай ауру балалардың көпшілігі қазір санақ тізімінің сыртында жүр. Мысалы, бір ғана А гепатитімен (халық арасында ол «Боткина ауруы» немесе «сарыауру» деп аталады) ауыратындардың 80 пайызын балалар құрайды екен. Бұған немқұрайды қарауға болмайды. Өйткені, гепатиттің құрбаны болған отбасының барлық мүшесі ерте ме, кеш пе әйтеуір осы дертке шалдығады дейді мамандар.

Бір қуанарлығы, егу жұмыстарының өте қажеттілігін ескерген ҚР Білім, денсаулық сақтау және спорт министрлігінің Иммундық алдын алу комитеті өткен жылы әр адамға өзінің және баласының егілу мерзімін білетіндей және егілгені жөнінде белгі қойылатындай етіп, өзінде сақтауға ыңғайлы «Егілу құжатын» шығаруды қолға ала бастапты. Егер осы бастама жүзеге асса, бет қаратпай өсіп келе жатқан жұқпалы ауруларды ауыздықтауға мүмкіндік туар еді.

### ***Жұқпалы аурулар жан шошытады***

Ал, әзірге жұқпалы аурулар шырқау биігіне жетіп тұр. Тіпті, басқаны айтпай, әр мың аурудың 116-сын өмірден алып кетіп жатқан туберкулез дертінің балаларға ауыз салуы республика халқының әл-ауқаты төмен екенін көрсетсе керек. Себебі, тек



өткен жылдың өзінде ғана елімізде 730 бала алғаш рет туберкулезбен ауырғаны тіркеліпті. Бұл алғашқы шаралары перзентханада жасалатын қарсы егуге де бой бермей бара жатыр деген сөз. Сондықтан оның алдына қалай тосқауыл қою керектігінің өзі қазір үлкен проблемаға айналып отыр.

Балалар арасындағы жұқпалы аурулардың әлегін осымен-ақ бітіре салуға болса, «шүкір» дер едік қой. Бірақ, біздің сорымызға бұдан бес бетер жаңа бір ауру, ауру емес қасіреттің етек алып келе жатқанын айтпай кетуге тағы болмайды. Ол жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғатын – мерез (сифилис). Ата-бабамыздың қанында болмаған мұндай тұрпайы әдеттің қайдан келгенін білсек те, дәл осылай қаулап шыға келетінін тіптен ойламаппыз-ау. Ал, енді бүгін оның зардабы бойымызды тітіркендіріп, үрей туғызуда. Өйткені, бүгінде мұндай нәлет жауғыр «кәсіптің» көшелерге шығып кеткенімен қоймай, уыздай жас ұлдарымыз бен қыздарымыздың сана-сезімін жаулап бара жатқанына куә болып отырмыз ғой. Сұмдығы сол, өткен жылы сұрастырылған жасөспірімдердің 11 пайызы беттері қызармай ең алғаш рет жыныстық қатынасқа 14 (!) жасында барғанын естігенде жағамызды ұстадық. Ал, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында I–II курстарда оқитын, жыныстық қатынастарға барып үлгірген қыздарымыздың 86 пайызы түсік (аборт) жасатқанын оқығанда болашақтан түңіле жаздадық. Міне, жыныстық қарым-қатынас пен құмарлық туралы, оның әсері мен зияны жөнінде ештеңе білмейтін осындайлардың кесірінен елімізде мерез ауруының үрейі үілдей соғуда. Осылардың кесірінен дәл қазір Алматы қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасында 23 нәресте туа біткен мерезбен дүниеге келіп, көздері жәудіреп жатыр. Олардың обалы кімде? Осы 23-тің әке-шешелері ауруларын айналасындағы жүздеген адамға жұқтырып жатқаны да қоғамымыздың, өзіміздің әлсіздігіміз-ау. Тіпті, олардың арасына жазықсыз сәбилердің түсуі тіл жетпейтін аяныш қой...

*...Жұқпалы аурулар ауруханасына 9 жастағы сәби келіп түсті. Диагнозы – мерез. Құйтақандай баланың мұндай ауруға қалай шалдыққанына алғашында дәрігерлердің бәрі таң қалысты. Өйткені, баланың әке-шешесі сап-сау болып шықты.*

*Ендеше, дүниеге аман-есен келген баланың небары 9 жаста мерез ауруына тап болуы қалай? Бірақ, бұл «жұмбақтың» шешуі оңай табылды. Сөйтсе, сәбидің әке-шешесінің бір «коммерсант» інісі осы масқара ауруды алып жүр екен. Ол өзінің ауыратынын біле тұрып, аузындағы шайнап жүрген сағзын кішкентай бүлдірішінге беріпті. Соның ақыры осындай қасіретке әкеліп соққан. Ол өзі «аноним» дәрігерлерге қаралып сауығып кетер, ал, жазықсыз нәрестенің күні не болмақ?*

*Міне, ең үлкен жұқпалы ауру осы!*

*15-қыркүйек, 1999 жыл.*

## **СПОРТТЫҚ НӘТИЖЕ ЕЛДІҢ КҮШ-ҚУАТЫН КӨРСЕТЕДІ**

Қазақстанның 131 спортшысы Сидней Олимпиадасына аттанар алдында Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Шет елде басқа мемлекеттің жалауы екі жағдайда көтеріледі. Оның бірі – Президент ресми сапармен барғанда және екіншісі сол елдің **спортшылары** биік жетістікке жеткенде. Ендеше сендерге үлкен сенім жүктеліп тұр. Көк байрағымыз желбіреп барып, желкілдеп қайтсын», – деп сәт сапар тілеген еді. Елбасымыздың спортшылар өнеріне айрықша мән беруінің сыры бекер емес. Өйткені, спорт кез-келген елдің экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да, саяси жағынан да өркендегенін байқатады. Яғни, ірі жарыстарда елдің көтерілген биіктері сол елдің әл-ауқатын көрсетеді. Мысалы Сидней, оның алдындағы Атланта Олимпиадаларында АҚШ, Ресей, Қытай секілді ұлы державалардың көш бастауы дәл сол елдердің күш-қуатын байқатты. Сондықтан да соңғы кездері көптеген елдер спорт арқылы өздерінің әлемдегі беделін жоғарылата түсуге жанталасып жатыр. Тіпті, кейбір мемлекеттерде спортқа жұмсалатын қаржы ел қауіпсіздігіне кететін шығыннан кейінгі орынға көтерілді. Бұл ХХІ ғасыр әлем халықтарының қарумен емес, спортпен күш сынасатын ғасыры болады деген сөз. Ендеше тәуелсіздігін алғанына көп бола қоймаған Қазақстанға сол дүрмектің қай жерінен орын тиетіні бәрімізді қинаса керек. Әсіресе, біздің еліміз келесі Олимпиа-

дада қалай өнер көрсетеді деген сұрақ қазірдің өзінде бәріміздің көкейімізде кептеліп тұр. Өйткені, Сидней Олимпиадасы біздің көзімізді көп жағдайға ашты.

Жасыратыны жоқ, біздер жасыл құрлықтағы төрт жылда бір өтетін ең ірі жарыстан үлкен үміт күтіп едік. Өйткені, ол жаққа үкілей аттандырған спортшыларымыздың бәрі сайдың тасындай іріктелген Қазақстан спортының бетке ұстарлары еді. Бірақ, өкінішке қарай, біздің үміттенген көптеген сайыпқырандарымыз ол сенімді ақтай алмады. Атап айтқанда, Қазақстанға үш жүлденің бірін әкеледі деген триатлоншыларымыз, гимнастарымыз, мергендеріміз, ауыр атлеттеріміз, әсіресе, грек-рим және еркін күрес шеберлері елге олжасыз оралды. Бұл аталған спорт түрлерінен қатысқан жарыскерлеріміздің Олимпиадаға психологиялық жағынан дұрыс дайындалмағанын байқатады. Әйтпесе, олардың барлығы да Атланта Олимпиадасынан бергі әлем чемпионаттарында, халықаралық жарыстарда жүлде алып жүргендер еді ғой. Тіпті, араларында әлем біріншіліктерінде қарсыластарының бәрін жер қаптырған нағыз дүлдүлдер де аз емес болатын. Енді сол жеңімпаздарымыздың әрқашан өздерінен жеңіліп жүргендерге қарсы шыға алмағанын қалай түсінеміз? Әрине, бәрінің де шеберліктері де, күш- қайраты да, тәжірибесі де бар еді. Бірақ оны неге көрсете алмады? Біздің ойымызша, оларға жетіспегені – психологиялық жігер, жеңіске деген қайсарлық, өзін-өзі «қайтсем де жеңемін» деп іштей қайрай алмағандық, тіпті өз мүмкіндігіне сенбеушілік дер едік. Өйткені, ішкі дайындық, әсіресе, өзін-өзі жеңіске қайрау спортшыға екі есе күш беретіні белгілі ғой. Сондықтан да дәл ақтық сында осындай жағдайға келе алмаған көп спортшыларымызға бармақ тістеуге тура келді. Әйтпесе, әйелдер арасындағы штангадан осында 145 кг. салмақты шопақ құрлы көрмеген Т. Хромованың Сиднейде 132 кг-ды бағындыра алмағанын, алғашқы сындарда көш басындағы үштіктің қатарында жүрген мерген Д.Аспандиярованың финалда алтыншы орынға сырғуының сыры неде? Көпке дейін өзекті өртейтін өкініш әрине. Егер осы спортшыларымыз өз дәрежелерінде өнер көрсеткенде Қазақстан қоржыны қампайыңқырап, әлемдегі күшті жиырма елдің

катарына кірер едік-ау. Амал не, өтіп кеткен жарыстың артынан айқайлағаннан пайда жоқ. Бізге енді келесі Афинада өтетін Олимпиаданы ойлау керек. Өйткені, өткен аптада жеңімпаз олимпиадашыларды марапаттау салтанатында Президентіміздің өзі «Бүгіннен бастап келесі Олимпиадаға дайындалу қажет» деп бекер айтқан жоқ. Ел спортының ертеңін ойлағандықтан айтты. Ал біз енді Афины Олимпиадасынан не күтеміз? Қазіргі жетістіктерімізді қайталай аламыз ба? Міне, ендігі сұрақ осылай қойылуы керек.

Осы жақында бір телеарна біздің жетістіктерімізді «кеңестік мектептің» нәтижелеріне балап, «қазақстандық спорт мектебі әлі қалыптаса қойған жоқ» дегенді айтып қалды. Шынында да бұл сөздің астарында шындық жатқандай ма қалай? Өйткені, Атланта, Сидней Олимпиадаларына барған спортшыларымыздың көпшілігі кешегі кеңес заманынан келе жатқан жоқ па? Оның үстіне жасы келген олардың келесі Олимпиадаға қатыса алмайтыны осы бастан белгілі бола бастады ғой. Сонда Афиныға біздер кімдерді апарамыз? Әрине, қазірдің өзінен бастап әлемдегі өз орнын тауып алған боксшыларымыз бен балуандарымызға үміт артармыз. Бірақ олар кешегі грек-рим күресі шеберлерінің қателіктерін қайталап, медальсіз қалса қайтеміз? Міне, мәселе қайда? Президентіміздің де айтқаны осы ғой.

Әрине, Қазақстанда болашағынан үлкен үміт күттіретін балалар мен жасөспірімдер аз емес. Бірақ соларды көптің арасынан арши білу керек. Әсіресе, ауыл балаларында күрес, бокс, ауыр атлетика секілді спорттың беделді түрлерінен ешкімге дес бермейтіндер көп. Тек оларды өзінің қабілетіне қарай дайындай білу керек. Осы жерде менің есіме осыдан он бес жылдайғы бір жағдай түсіп тұр. Сонда біздің жақта жеті-сегіз жасында 60-70 килограмм салмақтағы бір қап ұнды иығына салып жүре беретін бір батыр тұлғалы бала жайлы көп еститінбіз. Кейін сол баланы облыс орталығына алып кетті де, біз оның есімін одан кейін естіген жоқпыз. Міне, ел ішінде елден ерек осындай жайсаң жастарымыз көп қой. Соларға арнайы спорт мектептерін ашса, оншақты жылдан соң олимпиадаларға жасқанбай шығатын ізбасарлар тәрбиеленіп шығар еді. Ол үшін әр облыс

орталықтарында сол өңірге кең тараған спорт түрінің арнайы мектебін ашып, жатпай-тұрмай дайындау керек. Мысалы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында бокс, күрес, Қарағанды облысындағы, Үштөбеде - ауыр атлетика, Шығыс Қазақстан, Көкшетау облыстарында қысқы спорт түрлері жақсы дамыған. Ендеше олар осыған маманданғаны жөн секілді. Ал Алматы, Астана секілді жақсы спорт кешендері бар қалаларда медальдарды неғұрлым көп әкелетін гимнастика, семсерлесу, жеңіл атлетика, мылтық ату, жүзу секілді спорт түрлерін өркендету қажет. Және әр спорт мектебіне қатаң талаптар қойылып, ол мемлекет тарапынан үлкен қамқорлықта болуы тиіс. Мысалы, осы Олимпиадада теледидардан Қытай гимнастарын кішкене күнінен қалай дайындайтындықтарын көрсетіп қалды. Онда арнайы спорт мектебінде оқитын балаларды жылына бір рет қана үйіне жіберіп, жаттықтырады екен. Қаталдау, әрине. Бірақ олар оның жемісін көрсетіп, спорттың осы түрінен көп алтын олжалады ғой. Бізге де осындай дайындық керек.

Дегенмен оның жемісін біршама уақыт күтуге тура келеді. Мысалы, Алматылық желаяқ қыз Ольга Шишигина Олимп шыңына 16 жыл бойы үздіксіз жүріп отырып шығыпты. Ендеше ендігі он жылдықтардағы Олимпиада чемпиондарын осы бастан тәрбиелей бастауымыз қажет. Ал Афинаға қазіргі 16-20 жас шамаларындағы спорттық нәтижесі жақсы жастарды тартқан жөн. Және оларды халықаралық ірі жарыстарға жиі қатыстырып, «қан сорпасын» шығарған дұрыс. Тіпті, спорттың белгілі бір түрінен мықты дамыған елдердегі жарыстарға жиі жіберіп тұрса, нәтижесі жақсы болар еді. Мысалы, жүзгіштеріміз австралиялықтармен, жеңіл атлеттеріміз американдықтармен, гимнастарымыз Қытай және Ресей спортшыларымен жиі кездесіп тұрса, олардың мол тәжірибесін жинақтап, әрі болашақтағы басты қарсыластарын жақсы білетін болып шығары анық. Әрине, мұның бәріне бірінші кезекте мол қаржы мен жақсы спорттық база керек. Атап айтқанда, Олимпиадаларда, әлем біріншіліктерінде бас бәйгені көбірек қанжығаға байлайтын елдердегі керемет спорт кешендерін көргенде қызғаныштан жүрегің қызып сала береді екен. Оның үстіне ол елдерде жеңімпаздардан ақшаны

да ешқашан аямайды. Яғни, мемлекет тарапынан спортқа ешқашан қысымдық жасалмағандықтан, сол елдің спортшысы өз елінің атақ-абыройын аспанға көтереді. Тіпті кешегі Сингапур үкіметінің келесі Олимпиадада осы ел үшін сынға түсіп, алтын жүлде әперген спортшыға 5 млн. АҚШ доллары көлемінде сыйақы береміз деп жар салуы да түптің түбінде мемлекеттің атын шығару ниетінен туындап отырған жоқ па? Ендеше біз де спорттан ештеңені аямауымыз керек. Сонда ғана өркениеттің биіктерінде қос аяғымызбен нығыз тұрамыз.

24-қазан, 2000 жыл.

### **ҚАЗАҚТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ҒАНА ӨРКЕНДЕЙДІ**

*Мен жиырма бірінші ғасырдағы алғашқы мақаламды елімнің Тәуелсіздігінің 10 жылдығымен ашпақ едім. Бірақ, көз алдыма өзім куәсі болған 86-дағы желтоқсанның сарышұнақ аязды, ызғарлы күндері оралып, есіме Орталыққа кіріптар болған кезеңдер келіп, ойыма ата-бабаның азаттық жолында үш ғасыр бойы шыбын жанын шүберекке түйіп, аттан түспей өткізген күндері мен түндері оралып, қолдағы қаламға күшімнің жетпей-ақ қойғаны. Бұл Тәуелсіздіктің ешқандай сөз жетпейтін құдіреттілігі, қасиеттілігі болса керек. Шынында да, оның дәмінен тәтті, қасиетінен күшті, бағасынан қымбат, сезімінен әсерлі мына жарық дүниеде ештеңе жоқ та шығар. Сондықтан да дана қазақ «Тәуелді елдің иті де төмен қарап үреді» деп бекер айтпаған зой.*

Міне, осы азапты күндердің шылбырын үзіп, азат заманның таңдарының атқанына он жыл толыпты. Бақ та шабатын, бап та шабатын ғасырға бергісіз он жыл бұл. Мына Еуразия құрлығының кіндігіндегі ұлы даланы ен жайлаған қазақ үшін бұдан асқан арман жоқ қой. Өйткені, қашан да туған жерінің жүрек дүрсілін тыңдай отырып, алдындағы малының амандығын тілеп, тірлік еткен халық еді ол. Оның кіндік қаны осы даланың

қара топырағымен араласып, осы кеңістікте өсетін бүкіл өсімдік атаулы одан тамырланып шыққан болатын. Сондықтан да анау сары даланың кебірсіген топырағы да, тау-тасы да, шөп-шалаңы да қазақ үшін қасиеті күшті ем, кез-келген залалдан қорғар ұлы күш. Сондықтан да ата-бабамыз оның әр сүйемін шыбын жаны қалғанша қорғаған!

Иә, туған жер мен сол жердің перзенті бір-біріңсіз өмір сүре алмайтыны жаратылыстың тылсым сыры. Мыңдаған жылдар бойы осы далада өсіп-өнген қазақ халқы енді басқа өңірді ешқашан жерсінбек емес. Себебі, осы табанымыздың астында жатқан топыраққа, айналамызды қоршаған табиғатқа ажырағысыздай болып көндігіп кеткенбіз. Бұдан басқа бізге жер жәннәті дүниенің төрт бұрышын мың айналсақ та табылмайды. Қазір біздің кейбір ерке-тотайларымыз бір жері сыздай қалса, берісі Қырымға, арысы Канар аралдарына барып «емделіп» жүр. Жоқ, олар мүлде қателеседі. Қазақ үшін, кіндік қаны мына қара топыраққа тамған халықтың ұрпағы үшін осы жерден өткен «емші» жоқ. Сенбесеңіз, бір сәтке табаныңызды Жер-Ананың төсіне тигізіп, маңдайыңызды күннің көзіне сүйгізіп көріңізші. Барлық ауру-сырқаудың қайда кеткенін білмей қаласыз. Өйткені, күннің нұры барлық дертіңізді тұла-бойыңыз арқылы төмен қуып, ары қарай туған жердің топырағы тартып алады. Немесе біздер «обырдан» (рак) «акуланың шеміршегі» (акулий хрящ), СПИД-тен «арменикум» құтқарады деген өтірік жарнамаларға сеніп, шығындалып жүрміз. Ал егер оның орнына туған жерімізде өсетін әртүрлі шөптерді пайдалансақ қой, пайдасы әлдеқайда көп болар еді.

Осы жерде Қаратаудың түстігін мекендеген Қаракөз деген кейуананың ауыл сыртында өсетін шөптермен обыр (рак) дертіне ұшырап, соңғы демін алып жатқан жігітті құлантаза жазып шығарғаны еске түседі. Сонда бұл туралы естіген мәскеулік академик-дәрігер әлгі шөптерді жинап алып кетіпті де, ізім-қайым жоғалыпты. Сірә, ол кісі әлгі жігітке туған жерінің өсімдіктері өз әсерін тигізгенін және оның басқа жақта емдік қасиеті жойылатынын сезген болар. Сол секілді ана акуланың да мұхит жағасын мекендейтін халықтарға емдік ықпалы тиген де шығар. Бірақ,

ол жазық далада өскен қазақтың дертіне ешқашан дауа бола-  
лмайды. Мысалы, Африка құрлығының Серенгети деген жеріне  
жергілікті тайпалардан басқа Еуропа, Америка, Азия халықтары,  
тіпті африкалық үй жануарларының өзі шыдай алмайды екен.  
Өйткені, ол жердің табиғаты басқа. Жан-жануарлары да соған  
бейімделген. Сондықтан да ол өңірлерде халық аз тұрады да,  
жабайы жануарлар мен құстар мыңдап-миллиондап сақталып  
қалған. Міне, туған жердің құдіреті...

Мені тәуелсіздіктен бастаған әңгімесін басқа жаққа бұрып  
әкеткені несі деп кінәламассыз. Өйткені, жері жоқ ел тәуелсіз  
бола алмайды. Ал тәуелді халықтың жері де гүлдеп-көгеріп  
жетістірмейді. Бұл жалған десеңіз, кешегі Кеңестер империясы-  
на отар болған кезеңді еске алыңыз. Жеріміздің 25 млн. гекта-  
ры шаңы шыға жыртылып, 25 млн. гектары сынақ полигонына  
айналып, азып-тозып кеткен жоқ па? Қазіргі ауру-сырқаудың  
көбейіп кетуі де соның салдары ғой. Өйткені, ол жерлерде  
өсетін өсімдік атаулы өз бойындағы бар емдік қасиетінен айы-  
рылып, сол жерге, сол табиғатқа тәуелді қазақ жұртын дерт жай-  
лай бастады. Әйтпесе, осы ғасырдың аяғына дейін «шетелдік  
дәрілерді» білмейтін біздің ата-бабамыз қалайша өсіп-өніп кел-  
ген. Міне, бұл да болса туған табиғаттың қасиеті болса керек.  
Осы жерде ойымды аздаған ғұмырында бар мейірімді туған  
жерінің топырағы мен тасынан іздеп, ақыры сол Жер Анасының  
құшағынан тыныштығын тапқан марқұм ағам Бөгенбектің:

*Есіл-дертім шын ауған,  
Жусан исін сағынам.  
Анау-мынау тұмаудан,  
Иіскесем, жазылам!*

деген жолдарымен аяқтай отырып, мойнымызды алысқа соза  
бермей, бір сәтке аяғымыздың астына қарайық дегім келеді.  
Өйткені, біздің құтымыз да, берекеміз де, ырысымыз да, бар  
өміріміз де осында жатыр. Өйткені, мұнда бүкіл қазақтың Ата-  
сы мен Анасының кіндігі кесіліп, ұрпағы тамыр жайған. Ендеше  
оны ешбір қазақ үзе алмақ емес! Ал, үзді екен, онда бар ғұмыры



жел қуған қаңбақтай сормаңдай болып өтетініне дауыңыз бол-  
масын!

*18-қаңтар, 2001 жыл.*

### **АТАҚ-ДӘРЕЖЕСІ БАРДЫҢ БӘРІ ҒАЛЫМ БА?**

Қоғам әркашан да адамның терең ой-өресі, тынымсыз ізденісі, яғни ғылым-білімі арқылы өсіп-өркендейді. Өйткені, ғылым дегеніміздің өзі өмірдегі болып жатқан құбылыстардың түбіне терең үңіліп, оны жан-жақты ойлау мен зерделеу арқылы одан әрі дамытатын адамзат іс-әрекетінің маңызды бір саласы. Осындай тарихи дамулардың әсерінен ол қоғамның өте үлесті өндірістік күшіне және аса қажетті әлеуметтік институтына айналды. Тіпті, ғалым бірте-бірте өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы секілді әлеуметтік институттарымен ғана шектеліп қоймай, саясатқа да, әкімшілік және әскери салаға да үлкен ықпал етті. Бірақ, ол қайсыбір елдің әлеуметтік-экономикалық жоғары жетістіктерінің аса маңызды белгісі ретінде өте көп шығын шығаруды қажет етеді.

Осыдан 55 жыл бұрын құрылған Қазақстан Ғылым академиясының үлкен жетістіктерге толы тарихы бар. Осы аралықта ұлтымыздың терең ойлау қабілетін, зердесін әлемге танытқан ғалымдарымыз көп болды. Солардың ұлағаттылығын өз бойына дұрыс қабылдай білген кейінгі толқын ғалымдарымыз да әлемді тандандыра бастады. Тіпті, алыс ауылдардағы қазақ мектептерін бітірген білімге құштар ұл-қыздарымыз сонау Мәскеуде орыс тілінен кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, ұлт рухын жоғары ұстаған болатын. Міне, осы алтын желі еліміз Тәуелсіздігін алғаннан кейін үзіліп қала жаздағаны бүгінде жасырын емес. Оған, әрине, елімізге жан-жағымыздан сауылдай құйылған нарық экономикасы әсер етті. Өйткені, Мәскеуге тәуелді болып келген республикамыз дербес шыққан соң өз қорғанысын нығайтамын, халықтың әл-ақуалын түзеймін деп жүргенде ғылымымыз назардан тыс қалып, ұлтымыздың

жаңа бағыттағы ой-өресі шет жұртқа қызмет етіп, осында қалғаны күйкі тірліктерін күйттеп кетті. Тіпті, сананы билеген тұрмыстың әсерінен керемет жаңалықтар ашуға қабілеті бар «ақылдыларымыз» базар жағалап немесе мектептерге сабақ беруге шейін барды.

Бұл өткір мәселеге еліміз тек өткен жылдың соңына таман барып қана көңіл қоя бастады. Ал, үстіміздегі жылы өткен Білім және ғылым қызметкерлерінің кезекті съезінде Президент Н.Назарбаев ғылым саласындағы жұмыстарға көңілі толмайтындығын ашық айтты. Әрине, оның себептері де жоқ емес. Мысалы, Тәуелсіздігіміздің соңғы жеті жылында республикада Кеңестер заманының 70 жылынан 6 есе көп ғылыми диссертация қорғалыпты. Тіпті, бұл үрдіс «науқаншылыққа» айналғаны соншалық, соңғы жеті жылда (2000 жылды қоспағанда) елімізде 4546 ғылым кандидаты даярланған. Сөйтіп, біз аз жылда «ғылымы өркендеген» мемлекетке айналып шыға келгенбіз. Бірақ, мұнымен еліміздің өндірісі мен әлеуметтік өмірі өркендей қойған жоқ. Өйткені, диссертацияны кім көрінгендер, қалтасында ақшасы барлар да, жоғарыда «көкесі» бар ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтындар да қорғайтын болды. Мысалы, қазір кандидаттық диссертацияны академик, профессорлардың балалары оңай қорғап, ғылыми атақ атадан балаға «мирас» болып қалу дәстүрге айнала бастады. Онымен қоймай, ақысын төлесен болды, тер төкпей-ақ ғылым кандидаты, докторы болып шыға келетінің де жасырын емес, Әйтпесе, күні бүгінде Қазақстандағы тек педагогика ғылымдарының докторы 107-ге жетіп, 140 мың тұрғынға бір педагогика ғылымының докторынан келер ме еді?

Әрине, олар бұл ғылыми дәрежелерін бірденені бітіріп алса жақсы ғой. Бірақ, қазіргі мектеп, арнаулы және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардың жетіспеушілігі, тіпті жібі түзу оқу құралдарының жоқтығы олардың өз атақтарына сай екендігіне күмәнмен қаратады. Осы орайда кейбір ғалымдарымыз математика, физика, химия тағы басқа салаларда докторлығын қорғай алмай, оп-оңай педагогика саласынан доктор болып шығып жатқанын да естіп жүрміз. Осының бәріне әбден қанық Президенттің де «Соңғы 10 жылда бірде-бір медициналық жаңа-

лық ашылмапты. Қазір медициналық ғылыми-зерттеу институттары ауруханаларға айналып кеткен» деп ғалымдар жұмысына көңілі толмағаны бекер емес.

Әрине, жанадан дербестігін алған еліміздегі ауыртпалықтардың бір ұшы тиген ғалымдарымызды да кінәлай берудің жөні жоқ. Өйткені, олар жоғарыда айтып өткеніміздей, тасада қалып қойды. Ал, мемлекеттік маңызы бар стратегиялық бағыттарды орындауға ғалымдарымыздың қосар үлесі аз емес. Бірақ, ол үшін үлкен қаржы жұмсалуды қажет. Осы жерде «бізде бұл жағы қалай?» – деген сұрақ туындайды. Жасыратыны жоқ, осыған дейін қаржының бөлінбеуінен көптеген ғылыми-зерттеу институттары жабылып, олардағы қызметкерлер жан-жаққа бытырап кетті. Соның салдарынан бір жұдырықтай біріккен ғылыми ұжымдардың берекесі кетіп, зерттеу жұмыстары терең жүргізілмей қалды. Оның үстіне бүгінде өз жаңалығымен әлемдік деңгейге шығу өте қиын. Өйткені, қазір бұл кеңістікте бос орын жоқ. Сондықтан, біздің ғалымдарымызда бір ғана жол, өз зерттеулерін еліміздің ішінде жүзеге асыру қалды. Бірақ, бұл үшін Қазақстанға дамыған немесе дамып келе жатқан өндіріс қажет. Ал, бізде қалай? Бүгінде жұмыс істеп жатқан ірі кәсіпорындардың бәрі шетелдік инвесторлардың құзырында. Оларға ертең Қазақстанда не болатыны бәрібір. Сондықтан да оларға біздің ғалымдармен бірігіп жұмыс істеу тиімсіз әрі аса қажеті де жоқ. Ал, біздің ғалымдарымыз өз жобаларын кәсіпорындармен бірлеспей жүзеге асыра алмайды. Оның үстіне бұдан былай ғылыми-зерттеу институттары бюджеттен қаржыландырылмайды екен. Демек, ғалымдарымыз ендігі жерде нақты жобаларына ғана қаржы талап ете алады. Сондықтан да оларға бұрынғы өз көзқарастарын өзгертіп, ғылыми атақтарын дәлелдей алатындай зерттеулермен ақша табуға көндігуі қажет. Дегенмен де, мемлекет өз болашағын ойласа, ол ең қажетті ғылыми бағыттарды қамқорлығына алуы керек. Сол себептен бүгінгі таңда ҒЗИ-ына өзінді-өзің бақ деп талап қою көрегендік емес.

Иә, мемлекет қорғамай ғылым даымайды, ал ғылымсыз мемлекет өркендемейді. Осы жағын жақсы білетін Елбасы-

мыз Н.Назарбаев ғалымдардың нақты іс-әрекеттерін, әсіресе, қай салаларға ерекше күш жұмсау қажеттігін айқындап берді. Оның ішінде бірінші кезекте мұнай-химия, мұнай-газ, химия, тау-кен, металлургия өндірістерін, машина жасау, металл өңдеу салалары мен энергетиканы, байланысты, инфрақұрылымды, транспортты дамыту алға шығып отыр. Міне, жақын болашақта ғалымдарымыз мемлекеттік маңызы аса зор осы стратегиялық бағыттарды дамытуға күш салуы керек. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін үстіміздегі жылы ғылым саласына 572 млн. теңге ақша қосылып, ғылым кандидаты дәрежесі 3500 теңгеге, ғылым докторыныкі 7 мың теңгеге жеткізілді. Сондай-ақ, 2001 жылға арналған бюджеттен іргелі және қолданбалы зерттеулерге 1865,5 млн. теңге артық бөлініп, оның 24 пайызы бірінші тоқсанда жұмсалыпты.

Бұл әрине, жаңа белеске бет бұрған ғылымымызға жасалған алғашқы қолдау деп ойлаймыз. Соған орай, біздің ғалымдарымыз да мемлекетке арқа сүйей бермей, өздерінің үлкен жаңалықтарымен елімізді алға тартатынына сенімдіміз. Өйткені, Қазақстан ғылымы ең алдымен Қазақстанға қызмет етуі қажет.

*19 мамыр, 2001 жыл.*

## **ҚАЗАҚҚА ӘРБІР ҚАЗАҚ ҚЫМБАТ**

*Атамекен және халық... Екеуі егіз ұғым. Өйткені, атамекен халықтың туып-өскен бесігі, бар тұрмыс-тіршілігінің анасы болса, халық оның суын ішіп, нанын жеген төл перзенті. Сондықтан да әрбір адам өз атамекенін қызғыштай қорғап, ұрпағына аманат етіп қалдырып отыруға міндетті. Осы орайда бүгінгі жер басып жүрген әрбір қазақ баласын ата-бабасынан қалған ұлан-байтақ даласын қайтсек аман сақтап қаламыз деген сауал мазаласа керек. Өйткені, еліміз егемендігін алған соңғы он жылда бұл ең өзекті мәселеге айналды.*

Жердің тұтастығы онда тұратын халыққа байланысты. Оның ішінде, әсіресе, жергілікті ұлттың санының үлес салмағының көп болуы үлкен маңыз атқарады. Өкінішке қарай, Қазақстан

бұл жағынан дәл бүгінгі таңда шешілуі қиын сауалдың алдында тұр. Ол қазақ жұртында кіндік кескен қара баланың аздығы...

Әрине, біз мұндай жағдайға өз кінәмізден жеткеніміз жоқ. Оған маңдайымызға жазған заман жазықты. Сөзіміз дәлелді болу үшін жүрегімізді аяздай қаритын суық мәліметтерді келтіре кетейін. Өткен ғасырдың бас жағында атажұртында 6 млн. адамға жеткен қазақ халқы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде – 150 мың, қазақ төңкерісі кезінде – 350 мың, азамат соғысы және соның салдарынан болған ашаршылықтан – 800 мың, 1928 жылы ірі байларды жер аударуда – 10 мың, 1931-1933 жылдардағы жасанды ашаршылықтан – 2 млн. 300 мың, 1930-1933 жылдардағы шетке көшіп кетіп қайта оралдырмаған қызылтабан қуғыншылықтан – 615 мың, сталиндік репрессияда атылғандар – 25 мың, Ұлы Отан соғысы салдарынан – 350 мың, 1986-89 жылдары «процентомания» кесірінен шет ел асқан жастар – 50 мың адамынан айырылған. Сөйтіп, тек Кеңестер заманы кезінде қазақ халқы өз жерінде 5 млн. адамға кеміген. Ал олардың орны Кавказдан, Еділ бойынан, Қиыр Шығыстан жер аударылғандармен, тың игеруге, өндірісті көтеруге келгендермен толықтырылып отырылған. Міне, осылай өткен ғасырдағы әрқилы қасіретті кезеңдерде көрген адам шығындары мен өз атамекенінен азаппен ауа көшу салдарынан қазақ халқы өз жерінде азшылыққа ұшырап, бүгінде 2 млн. 700 мың шаршы шақырымды алып жатқан ұлы қазақ даласында 9 миллионға әзер жетті. Әрине, бұл аумағы жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекетке тым төмен көрсеткіш. Сондықтан да қол қусырып қарап отыруға әсте болмайды. Тек әзірге қолымыздан келетіні жер шарына тарыдай шашырап кеткен 6 миллиондай қазақты өз атамекеніне жинау. Бірақ, осы бір өзекті мәселені шешуде біздің үкіметіміздің немқұрайдылық танытуы қынжылтады. Мысалы, тиісті орындар осы күнге дейін жиырма жылдан бері соғыс өртінің арасында өмір кешіп келе жатқан ауғанстандық қазақтарды елге қайтаруға әрекет жасап көрмеген. Оған бір ғана мысал келтіруге болады.

Үстіміздегі жылы үкіметіміз Пәкістаннан – 20, Ауғанстаннан – 20 отбасыға ғана туған жұртына оралуға квота бөлген. Ал, ресми деректер бойынша тек бір ғана Ауғанстан аумағында

бүгінгі таңда 200 мыңдай қазақтар тұрып жатқан көрінеді. Әрине, олардың көпшілігі сол жерді көп уақыттан бері мекендеп келе жатқан қазақтар. Олардың сөздерінде, түр-түстерінде Қазақстанда тұратын қазақтардан аздаған айырмашылықтар бар. Бірақ, олар өздерін «қазақпыз» деп санайды және салт-дәстүрімізді қатал ұстайды екен. Ал ауған жерін мекендеп жатқан қалған аз бөлігі өткен ғасырдың 30-жылдарында босып кеткен бауырларымыз. Міне, үкіметіміз Ауғанстанды мекендеген қазақ ұлтының кейінгі бөлігін (200-дей отбасы) ғана көшіріп келуге қаржымыз жетеді деп отыр. Бірақ, енді «әрекет жасай бастағанда» соғыс басталып, әуе кеңістігі жабылып қалыпты. Енді олар әскери қимылдардың тоқтауын күтіп отыр. Әрине, оған дейін Ауған жеріндегі қазақтар тірі қалса?.. Өйткені, олардың дені бомбалар жаңбырша жауған Мазари-Шәріп, Кандагар, Құндыз қалаларының төңірегінде тұрады екен. Оның үстіне ол қандастырымыздың көпшілігі аш-жалаңаш, ауру-сырқаулы. Оларды бұрындары көшіріп алу неге ойластырылмағанына ішің ашиды. Қандастар тағдырына көз жұма қарайтын қазақтар соншалықты көп емес еді ғой. Тіпті, жақын болашақта бізге әрбір қазақ баласы ауадай қажетті ең қымбатымызға айналатынын неге түсінбейміз?..

Жасыратыны жоқ, қазір Қазақстан жері демографиялық жағынан апатты жағдайлардың алдында тұр. Өйткені, мұндағы атамекеніне көшуге қам-қарекет жасаған басқа ұлттардың саны күн санап өсіп келеді. Мысалы, тек соңғы он жыл көлемінде елімізді екі жарым миллиондай адам тастап шыққан. Олардың орнын жыл өткен сайын кеміп келе жатқан 200 мыңдай қазақ оралмандары басты. Ал, сыртқа кетушілер саны төмендер емес. Үстіміздегі жылдың алты айында ғана он мыңдай адам көшіп үлгірген. Міне, осындай кері миграциялық сальдоның салдарынан жеріміз қазір қаңырай босап келе жатыр. Бұл бүгінгідей жер бетіндегі халық саны көбейіп, айналамыздағы елдер тығыздала бастағанда өте қауіпті жағдай. Егер бұдан әрі осындай жағдай қайталана берсе, қазақ халқы өз жеріндегі басқа ұлттардың арасына жұтылып кетуі мүмкін. Тіпті, қазірдің өзінде шығыстағы ұлы көршіміз жерімізбен шектесіп жатқан солтүстік бөлігін жап-

пай қоныстандыру саясатына көшті. Мамандар да «...болашақта Қазақстан үшін демографиялық материалды Қытай береді» деген қорқынышты болжамдар жасайды және онысы шындықтан алыс емес. Өйткені, осы күнге дейін қытай ұлты өзінің оңтүстігіндегі елдерге жаппай ағылу салдарынан ол мемлекеттердегі халық санының біраз бөлігін қамтиды. Ал ұлан-байтақ жерді мекендеген 10 млн. халықты жұтып қою оларға қарағанда әлдеқайда «оңай».

Жақында Ресейдің «Новости» апталығы Қиыр-Шығыстағы Владивосток қаласында өткен бір конференцияда көтерілген мәселе жөнінде жазды. Онда соңғы кездері айтарлықтай босай бастаған Приморь өлкесін қазақстандық орыс ұлты арқылы толтыру жобасы жасалыпты. Тіпті, қазірдің өзінде бұл мәселе бойынша Шығыс-Қазақстан облысындағы орыс диаспорасы өкілдерімен келісім жасалып үлгеріліпті. Әрине, ресейліктерге Қиыр Шығысты қытайлар мен корейлерге қарағанда өз отандастарымен толтырған анағұрлым пайдалы. Сондықтан жақын болашақта Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінде үлкен көштің басталуы ғажап емес.

Қорыта айтқанда, үлкен бір бөлмедегі бір-екі қазақтың арасына оншақты бөтен ұлт өкілдерін қосып жіберсе, түптің түбінде әлгі қандастарымыз басқа тілде шүлдірлеп, өз тарихын, салт-дәстүрін ұмытатыны сөзсіз. Біз мұндай жағдайды соғыстан кейін басымыздан кешіріп үлгердік. Енді екінші осындай қыспаққа шыдай аламыз ба, жоқ па, ешкім білмейді. Бар білетініміз, әлемде шашыран жатқан барлық қазақ баласын атажұртқа жинау, халқымыздың санын көбейту. Бұдан былай біз үшін әрбір қазақ мына дүниедегі ең қымбат қажеттілікке айналуы керек. Осы орайда ендігі жерде үкіметіміз де, елдегі барлық қазақ қоғамы да осы мақсатта жұмыс істеп, ұлтымызды көздің қарашығындай қорғауы керек.

*13-қазан, 2001 жыл.*

## **ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР**

*Қазір барлық мектептердегі ең өзекті мәселе де, бітпес дау-дамай да оқулықтар жайына келіп тіреледі. Шынымды айтсам, осы уақытқа дейін кейінгі жылдары шығып жатқан оқулықтарды мақтаған бір мұғалімді кездестірмеппін. Сырт көзге жамандауға, әрине, жүрексінетін де болар. Өйткені, жаңа оқулықтардың артында белгілі педагог-ғалымдар, білім саласының билігін ұстаған шенеуніктер тұр. Міне, қазақстандық жаңа оқулықтарға шық жолатпай мақтап жүрген солар. Ал, сол оқулықтармен жұмыс істейтін мұғалімдер жаңа оқулықтардың кемшіліктерін білетұра, іштен тынады да, өздері үйренген бұрынғы ескі оқулықтарды пайдалануын қоймайды. Бір ғана мысал. Осы жақында ауылға барып қайттым. Сонда 5-сыныпта оқитын ағамның баласының жаңадан шыққан оқулықтарға қол тигізбегенін байқап қалдым. Оқу жылы болса аяқталып келеді, ал кітаптар сол күйінше жап-жаңа. Соған қарағанда, мұғалімдер әлі күнге дейін бұрынғы Кеңес дәуіріндегі кітаптарды пайдаланатын секілді. Өйтпегенде ше, жаңа оқулықтар оқушы психологиясына лайықтап жазылмаса. Мысалы, «Ежелгі дәуір тарихы» мен «Қазақстан тарихында» бірін-бірі қайталаулар бар. Атап айтқанда, екеуінде де «тарих» деген ұғымды және басқа да осы пәнде кездесетін сөздерді түсіндірулер жазылған. Осы жерде оны екі оқулықта бірдей қайталаудың қажеті қанша деген ой туындайды.*

### ***Есептің шешімі неге дұрыс болмайды***

Сонымен қатар, қазіргі оқулықтарда бала жасы, оның құбылысты немесе оқиғаны қабылдау қасиеттері жете ескерілмеген. Айталық, 4-5-сынып оқулықтарында біз бұрындары 7-8-сыныптарда оқыған есептер немесе жаттығулар кездеседі. Осы жақында 4-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығын қарап отырған бір жігіт «Мына талдауларды біз университеттің филология факультетінде оқыған едік» дегені. Шынында да мектептің 4-сыныбындағы әлі әріптерді әзер қосып оқитын



оқушыларға шалыс ұйқастың қажеті қанша еді. Мұндай мысалдар келтіре берсе өте көп. Міне, редакцияға жіберген хатында оқырманымыз Балжан Өтеулиева: «...Менің байқауымша 4-сынып математикасының 182-бетіндегі №2 есепте 89 км. емес, 890 км. болуы керек сияқты. Өйткені, есептің берілуі былай: «Арасы 89 км. екі қаладан бір мезгілде бір-біріне қарама-қарсы бағытта екі жүк машинасы шықты. Оның біреуі 55 км/сағ., ал екіншісі 65 км/сағ. жылдамдықпен жүрді. Үш сағаттан кейін бұл машиналар бір-бірінен қанша қашықтықта болады? 7 сағаттан соң ше?» Мен оны былай шығардым:  $55 \text{ км./сағ.} \times 3 = 165 \text{ км.}$  жүрген. Екіншісі  $65 \text{ км./сағ.} \times 3 = 195 \text{ км.}$  жүрген. Екеуінің 3 сағатта жүрген жолын есептесем,  $195 \text{ км} + 165 \text{ км.} = 360 \text{ км.}$  болып 89 км.-дан асып кетті. Мен немереме баспа орындарының жіберіп алған кемшілігі шығар, өзіміз 0 санын қосайық десем, ол «Жоқ, біз олай шығарған жоқпыз», – деп менімен таласып отырып алды. Енді 194-беттегі №5 есепте де кемшілік бар ма деймін. Мұнда: «мұнайшылар 60 км. аралықта газ жүретін құбыр жүргізді. Алғашқы 42 км. аралықта олар күніне 420 км., ал қалған күндердің әрқайсысында 400 м. құбыр жүргізді. Құбыр жүргізу жұмысы қанша күнге созылған? Алғашқысы неше күн (42 км) жүргізгенін табу үшін  $420 \text{ км} : 42 \text{ км} = 10$  күн күн шықты. Екіншісіне қанша км. қалғанын тауып алу үшін  $60 \text{ км} - 42 \text{ км} = 18 \text{ км.}$  қалады ғой. Енді оны қанша күн істегенін есептегенде  $400 \text{ м} : 18 \text{ км.}$  деп бөлгенде қалдық қалғаны дұрыс бола ма?» – деп жазады.

Жасыратыны жоқ, Білім және ғылым министрлігі онсыз да соңғы бес жыл бойында түбегейлі өзгерістерге ұшыраған мектеп бағдарламасына жыл сайын жаңа өзгертулер енгізуден жалығар емес. Одан шаруа алға басып жатқан жоқ. Керісінше, жаңа мемлекеттік білім стандарты бойынша жасалған қазақстандық оқулықтар мәселесі тым шиеленісіп барады. Атап айтқанда, мектепке 1997 жылдан бастап барған балалар жаңа бағдарлама бойынша білім алса, одан әрі, яғни 6 – 11-сыныптар аралығындағы оқушылар әзірше Ресейдің жалпы білім беру бағдарламасы мен оқулықтары бойынша оқып жатыр. Осы жерде қызық жағдай туындайды. Биыл Қазақстан бағдарламасы бойынша білім алған

оқушылар 5-сыныпты бітіреді де, күзде, 6-сыныпты енді Ресей бағдарламасы бойынша оқуға мәжбүр болды. Өйтпегенде ше, 6-сыныптан жоғары қарай әлі өзіміздің қазақстандық оқулықтар дайындалған жоқ қой. Міне, сөйтіп, бүгінде жалпы білім беру саласында адам түсініп болмайтын қойыртпақ жүріп жатыр.

### ***Абай мен Әуезовты білмейтін ұрпақ шықса, таңданбаймыз***

Әрине, қазір мектептерге жіберіліп жатқан оқулықтардың бәрі талапқа сай емес деп қара күйе жағудан аулақпыз. Мысалы, жаңа бағдарлама бойынша шығарылған орыс тілі мен әдебиеті оқулықтарына алғаш рет қазақстандық ақын-жазушылардың еңбектері еніп отыр. Онымен қоймай орыс әдебиетінің оқу-әдіс-темелік қосымшасы қатар шығарылыпты. Оны ғылым докторлары жасағандықтан болар, баланың ойлау қабілетін тереңдететін көптеген теоретикалық материалдар беріліп, бұрындары оқу барысында қолданылмаған схемалар мен тізбелер қосылған. Бұрынғы оқулықтармен салыстырғанда оқушыға біршама қиын тисе де мұндай бастаманы құптамасқа болмайды. Өйткені, қазір біз тәуелсіз елміз, ендеше бұрынғы оқулықтармен күн көруді доғаруымыз керек. Тек бір «әттеген-айы», биылғы оқу жылында мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бақандай 10 сағатқа қысқарып, бұрындары аптасына 5-6 сағат бөлініп келген қазақ әдебиеті пәні 3 сағатқа дейін қысқарып қалған. Міне, өз тіліміздің өркендеуіне қосып жатқан үлесіміз. Мұны басқа біреулер емес, өзіміздің Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясындағы «мырзалар» жасап отыр. Ендеше, бірнеше жылдардан соң мектептерден Абайды, Әуезовты білмейтін ұрпақ шығып жатса, тандана көрмессіз.

Осы жерде тақырыптан сәл ауытқып, қала мектептеріндегі тілдік ортаға кішкене тоқтала кеткім келіп отыр. Өйткені, мұнда білім алатын орыс сыныптарында оқитын балалардың қазақ тіліне деген ықыластары жақсы оянып келеді. Олар біздің сөзімізге, тілімізге қызығады. Бірақ, қазақша сөйлейін десе айналасындағы қазақ балалары орысша сайрап жүргені. Бірде, троллейбуста келе жатып бірі қазақша сөзді айтып, екіншісі

оның баламасын айтып «бар дүниені» ұмытқан екі орыс баласына сүйсіне қарап тұрғанмын. Бір кезде өздеріне тесіле қараған мені байқап қалған олар сөздерін сап тыйды. Міне, өзге ұлт балаларының тілімізді үйренуі үшін ең алдымен орта қажет екен. Кұдайға шүкір, қазір орыс мектептерінде қазақ тілінен сабақ беріп келген, мамандығы бұл пәнге сәйкес келмейтін мұғалімдер қатары бұдан екі жыл бұрынғы 50 пайыздан бүгінде 18 пайызға төмендепті. Жоғарыдағы өзге ұлт балаларының тілімізге қызығуы осының нәтижесі болса керек.

***Сонда бүгінгі оқушылар «қате» оқулықтармен білім алуы керек пе?***

Енді оқулықтар төңерегіне қайта жақындайық. Үстіміздегі жылы Алматыға шетелдік білім беру салаларының тәуелсіз халықаралық сарапшылары келіп, біздің көзімізді «атыздай» етіп тастағаны бар. Олар біздің мақтап жүрген білім беру деңгейімізге «орташа» деген баға қойып кетті. Сол «тәуелсіз сарапшылардың» айтулары бойынша, бізге қазір 12 жыл тұрмақ, 11 жылдық білім берудің өзіне әлі ерте екен. Өйткені, оқулықтарымыз халықаралық талаптарға сай келмегені былай тұрсын, «логикалық» қателерге тұнып тұрған көрінеді. Әрине, сырт көз – сыншы ғой. Дегенмен де біздің мамандарымыз ойланыңқырап қалды. Кейбіреулері, тіпті, оқулық шығаруда біз әлі «новичокпыз» деп ақтала да бастады. Сондықтан да олар енді «жеті өлшеп, бір кесетін» бақандай бір институт қажет екендігін мойындады. Бірақ оқулықтардың авторларының дені әлі өз пікірлерінен қайтар емес. Олардың айтулары бойынша, «қателіктер бар, жол жүре түзеледі» екен. Сонда бүгінгі оқушылар олардың «қате» оқулықтарымен білім алуы керек пе? Оларды оқығандардың ертеңгі күні не болмақ?! Міне, сондықтан да біздің оқулық авторларымыз көрші Ресейге әлі күнге алаңдаумен келеді. Тіпті, өткенде ол жақтан «Просвещение» баспасының мамандарын арнайы шақырып, тәжірибелерін үйреніп те қалуға тырысты. Әрине, олардың оқулықтары біздердікінен әлдеқайда сапалы екенінде дау жоқ. Бірақ, оны көшіріп немесе аударып басуға болмайды ғой. Біздің

өзімізге тән табиғатымыз бар, соны сақтауымыз қажет емес пе? Мысалы, бізде осы күнге дейін суреттері бар оқулықтар жоқтың қасы. Егер ол суреттер көп болса, оқушы соған қарап үйренер еді-ау. Сондай-ақ, аудио-бейнетаспалар де жетіспейді. Сол арқылы балалар көшеде де, үйде де тыңдап жаттығар еді. Осындай безендірілуі нашар оқулықтар кімді қызықтырады? Ең болмаса «Ақтерек, көктерек. Сізге бізден кім керек?» деген секілді ойын кітапшаларын көбірек шығарсақ қайтеді? Міне, осылар тәрізді көптеген қателіктеріміздің, жауапсыздықтарымыздың, немқұрайдылықтарымыздың салдарынан оқулықтар төңірегіндегі дау-дамай күн өткен сайын ушығып келеді. Мұның салдарынан бүгінде балаларының оқулықтарын ашып қараған ата-аналардың жартысынан астамы, мұғалімдердің 80 пайыздайы бұрынғы Кеңес заманындағы оқулықтарды әлдеқайда жақсы деп санайды. Ал, біз болсақ, ертеңгі ел иелеріне сапасыз оқулықтарды тықпалап әуреміз.

«... айта-айта апам да қартайды» дегендей, оқулық мәселесін қайта-қайта көтергеннен өзгерген ештеңе жоқ. Тіпті, мектеп оқулықтары ешкімнің жүрегін ауыртып жатпағанын сезген кейбір «пысықайлар» олардан пайда табуға шейін бара бастапты. Өйткені, оқушы баласы бар әр үйге ең басты қажетті – оқулық екенін білетін олар әртүрлі жолмен көбейтіп, базарларды толтырып тастаған. Ал, ондай кітаптардың сапасы тұрмақ, санитарлық нормасы да сақталмайды екен. Өйткені, оларда қол тигізсең болды, бояуы саусаққа жұғып қалатын, адам денсаулығына өте қауіпті ауыр металдар шылқылдап тұр. Бұлардың бәрін қатаң бақылауға алып, ұрпақ тағдырына алаңдап жүрген және ешкім байқалмайды.

Қорыта айтқанда, мектеп оқулықтарының қазіргі жағдайы адамның жүрегін ауыртарлық қалде. Сондықтан да олардан білім алып жатқан бүгінгі ұрпаққа шын жаның ашиды. Сенбесеңіз, бір сәт балаңыздың жанына отырып алып сабағына бірлесе дайындалып көріңізші. Сол сәтте-ақ есебін шығара алмай, жаттығуларын орындай алмай миыңыз «атала» болып кетпесе қайтсін. Өйткені, ол оқулықтар «дүниеге бәрін біліп келген» бүгінгінің өте саналы, «башкавитый» ұрпағына арналған ғой. Әрине, бұл сол

оқулықты шығаруға қатысушылар мен олардың төңірегінде жүргендердің сөзі. Ал, біз тапсырмалары меңгеруіне қиын тиіп жатқан баламыздың шаршаңқы түріне қарап мазасызданамыз. Бар үміт қайта өзгерген Білім және ғылым министрлігінің жаңа басшылығында ғой. Солар бірдеңе ойлап таппаса...

26 наурыз, 2002 жыл.

### **БАЛАЛАР НЕГЕ КОМПЬЮТЕР КУЛБТАРЫНДА «ЖОҒАЛЫП ЖАТЫР»**

*Ұрпақ тәрбиесі қашан да ең өзекті мәселе болып келген. Өйткені, бала өскен сайын оның жауапкершілігінің салмағы ауырлай береді. Сондықтан болар бұрынырақта әжеселеріміз «Осылар тезірек өссе екен» деп жиі айтатын шешелерімізге «Асықпаңдар, баланың осы кішкентай кезі жақсы. Өскен соң үйде ұстап отыра алмайсыңдар» деп «түзетіп» отырады екен. Шынында да, бала есейген сайын ата-анасына көбірек «уай-ым» әкеледі. Себебі, ол 12-13 жасқа келгенше үйден алысқа көп ұзамай, үнемі ата-ананың көз алдында болады. Сол себептен олардың тағдырына көп алаңдай қоймайды.*

#### ***Баланы алдымен өмір сүруге үйрету керек қой***

Бала бойындағы, мінезіндегі барлық өзгерістер, міне, 14-15 жастан бастап бой көрсетеді. Оны балалық пен жастықтың арасындағы «өтпелі» немесе «қиын» кезең деп бекер айтпаған. Өйткені, жасөспірім бұл жас шамасында үйден гөрі достарын көбірек жағалайды. Сондықтан да әке-шешелер көп жағдайда оларды уысында ұстай алмай қалады. Ал, көшенің өз заңы болатыны белгілі. Оның үстіне біздің қоғамымыз соңғы он жыл көлемінде адам танымастай өзгерді. Шекарамыз шалқасынан ашылып, елімізге бұрын түсімізге де кірмейтін жат әдеттер сауылдай құйылды. Әсіресе, бұл жастарға қатты әсер еткені соншалық, баламыз мектептен келе үй көрмейтінді шығарды.

Одан қалды уақытының көбін қаптаған компьютер клубтарында өткізетін болды. Әрине, компьютер клубтарына ешкімнің қарсылығы жоқ. Қайта ол көп жағдайда жаман жолға түсуден сақтайды. Ал аулада, көшеде екі қолын қоярға жер таппай бостан-босқа сенделу еш жақсылық әкелмейді. Бар алданыштары роликтерге, қазір көбейіп кеткен мини-мопедтерге мініп алып өз тағдырларын ойыншық ету. Соның салдарынан көше тәртібі бұзылып, қайғылы жағдайға ұшыраған, бас-ми жарақатын алған балалар саны өсе бастады. Сондай-ақ, көшенің әкелетін тағы бір үлкен зияны – жасөспірімдер жиылып алып темекі шегуді, арақ ішуді, наша тартуды үйренетіндігі. Қазір Алматы наркодиспансерінде есепте тұрғандардың 25 пайызын осы 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдер құрайтыны да осы көшенің әсері. Тіпті, басқаны қойып қазіргі жас балалар ауыздарына насыйбай салып, сыра ішіп көздерін бұлдырататын жаңа «әдісті» тауыпты. Одан қалса, күні бойы ауладағы, саябақтардағы орындықтарға отырып алып әңгіме соғады. Бірақ, олардың сөздерін «әңгіме» деуге келмейді...

Міне, осылай көптеген жасөспірім ой-өрістерін дамытуға, өздеріне пайда әкелетін жұмысқа үйрене алмай өмірлерін босқа өткізіп өсіп келеді. Басқа не істейді? Бұрынғыдай бос уақытында алданыш ететін үйірмелер, клубтар, секциялардың көбі жұмыс істемейді. Көңіл көтеретін орындарға барайын десе ақша керек. Содан барып әртүрлі жолмен ақша табу жолына түскен оқушылар саны көбейіп кетті. Мысалы, осыдан біраз бұрын қала әкімшілігінің комиссиясы тамақтану мекемелерін тексергенде, бір мейрамханада 9-сыныптың екі оқушы қызы түн ортасында «официантка» болып жұмыс істеп жүргенінің үстінен түскен. Әрине, оқушы балаларды жұмысқа алған әлгі мекеме тиісті «сыбағасын» алды. Бірақ, әлгі қыздардың ата-аналары қалай тыныш ұйықтайды екен? Бұл ата-ананың бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуінен немесе отбасындағы қайшылықтарға байланысты туындап отыр ғой. Әйтпесе, ұрпақ тағдыры қазір аса қауіпті сызыққа жеткенін неге көрмейміз? Сөйтіп жүріп тағы баламызды жақсы мектепте немесе жоғары оқу орнында оқытқымыз келетінін қайтерсің. Одан да өмір сүруге неге үйретпейміз?

Біздің осы немқұрайдылығымыздың салдарынан ұрпағымыз біз әкеп тыққан батпақтан ұзақ уақыт шыға алмай жанталасатын шығар.

### *Компьютерлік «апокалипсис» заманы*

Міне, жасөспірімдердің осындай бағыт-бағдарсыз, мағынасыз «өмірін» көргенде уақытын компьютер клубтарында өткізетіндерге еріксіз келісеміз. Өйткені олар көше кезіп сенделіп жүрген жоқ. Оның үстіне қазір компьютер заманы. Енді онсыз «күн көре» алмаймыз. Бірақ, ол енді біраз жылдардан соң өзінің кері әсерін сездіретін болады. Сол уақытта адамдардың бір бөлігі қалыпты дамып, екіншілерін тоқырау жайлайды. Сөйтіп, адам адамнан ой-өрісі жағынан төмендей береді. Өйткені, компьютер балаға рухани ой бермейді. Тек көзі мен басы ондағы ақпараттарды қабылдап алады да, миы мен санасы жұмыссыз қалады.

Бір ғана мысал. Өткен жылдары ауылдан қонаққа келген Қонысбек ағамның 11 жасар баласы – Мәди өзінен бір жастай үлкен көршінің баласымен үйге келіп, өткен сабақтарын айттып отырды. Бір кезде мен көршінің баласының жиі кібіртіктей бергенін сезіп қалып, екеуіне бірдей жеп-жеңіл математикалық сұрақтар қойдым. Байқаймын Мәди барлық сұрақтарға сартылдата жауап берді де, ана балада үн жоқ. Сөйтсем, ол компьютер, калькулятор дегендерге әбден үйреніп кетіпті.

Міне, компьютердің зияны. Сондай-ақ, одан бірінші кезекте сыртқы емес, ішкі органдар бұзылады. Мысалы, американдық ғалымдардың зерттеулері бойынша бүгінгідей жоғарғы технологияның қатты дамыған заманында адамның бірнеше сағаттар бойы компьютерден көз алмай отыруы және сол сәтте оның бойында қажетті эмоционалдық сезімнің болмауы адамның жүйкесіне кері әсер етеді екен. Яғни, сен өзіңе қажетті файлды таба алмай қалдың делік. Сол арқылы адам шыдамсызданады, ашуға беріледі. Психологтардың айтуынша, орташа деңгейдегі компьютерші күніне бірнеше рет басынан кешіретін мұндай «компьютерлік стресс» өте қауіпті көрінеді. Одан

адамның көңіл-күйі, жұмыс істеу қабілеті кенеттен бұзылады да, иммундық жүйеге соққы береді. Әрине, қазір бұлардың бәрі тек дамыған елдерге ғана тиесілі. Біздерге, әзірге мұндай «ауру» жете қойған жоқ. Өйткені, біздің әлі де кез келген ақпаратты алуға мүмкіндігіміз жоқ.

Дегенмен, компьютердің балаға кері әсері көп екендігі рас. Мысалы, американдық социологтардың деректері бойынша, сол елдегі балалардың 20 пайызы екінші деңгейдегі сауатсыздықтың зардабын тартады екен. Кейінгі кезде жасөспірімдер кітап бетін ашуды қойыпты. Себебі, оның орнын баяғыда-ақ бейнеойындар мен теледидарлар басқан. Сондықтан да қазір Жапонияда білім ордаларының 80 пайызы қайтадан кітап оқуға көше бастаса, АҚШ-та біздегі 30-жылдардағы сауатсыздықты жою кезіндегідей кітапты дауыстап оқыту жүйесі енгізіліп жатыр екен.

Мұның бәрін келтіріп отырғандағы мақсатымыз, әрине, компьютерден безіндіру емес. Біздің ой балаларымыз тоқырап қалмас үшін оны жоғары сыныптардан бастап оқытуға көшу.

Иә, қазіргі заман компьютерлік «апокалипсис» (ақырзаман) кезеңі. Өйткені біз бүгінде компьютермен бәрін де: жазуды да, сызуды да, хат арқылы сөйлеуді де, кітап оқуды да... тіпті құмарымыздан шыға ойнауды да жүзеге асыра береміз.

### ***Компьютерлік құмарлық та – әзәзіл***

Дегенмен де кейінгі топқа жататындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол белгілі бір ойындарды ойнауға арнап жасалынған. Былайша айтқанда еріккеннің ермегі. Бір қарағанда, ешбір зияны жоқ секілді көрінеді. Алайда, оның да өзіндік кері әсерлері жетіп жатыр. Мысалы, қазіргі ойын автоматтары неше түрлі «операцияларды» жүзеге асыра береді. Сүңгуір қайықта отырып кемелерді жою, жүздеген бөлмеде тығылып жатқан жауларды құрту, автомобильмен иір-иір жолдардан зуылдап өту... не керектің бәрі бар. Тіпті, осы жақында әлемге белгілі Counter Strike стимуляторы түріндегі жаңа компьютер ойыны шығыпты. Онда американдық арнайы бағыттағы жаяу әскер рөліне кірген ойыншы әлемдегі нөмері бірінші террорист – Усама бен Ладенді



тауып алып, өлтіруі керек. Әрине, бұл «Усаманы өлтір» атты жаңадан шыққан ойын кең тарала қойған жоқ. Бірақ, соның өзі компьютерлік ойынның өте жылдам дүниеге келіп, үнемі жаңарып отыратынын байқатады. Міне, осы ойындардың қызығына бір кірген адамның одан жуық арада шығуы мүмкін емес. Ал жеңіс оңайлықпен келмейді. Себебі, ол ойындардың бағдарламалары бірнеше жолдардан (вариант) тұрады. Оны табу үшін де бірнеше сағаттар, тіпті, күндер кетеді. Сондықтан да компьютер клубтарына кірген жасөспірімдер көп уақытқа байланып қалады. Тек, әрине, қалталарында ақшалары көп болса. Өйткені, бір ойынның немесе бір сағат құмардан шығудың құны 60–100 теңге аралығында. Сөйтіп, ақшасы бар жасөспірімдер күнімен, көп жағдайда қалтасы қағылғанша «ойынханаларда» байланып қалады. «Шаршаған» кездері темекі шегіп, арақ ішіп «демалады». Мысалы, осы жақында бір компьютерлік клубта түн жарышы ауғанда аздап «ес жиюды» ойлаған екі 9-сынып оқушысы бір бөтелкі коньякті ішемін деп уланып, құлап түскен.

Құмарлық та – өзәзіл. Оған басын бір тыққан балаға шығу оңай емес. Сол секілді компьютерлік ойынның бір «дәмін» татқан бала одан «өлмей» шықпайды. Ақшасы таусылса заңсыз жолмен немесе ұрлық, тонау секілді қылмыстық жолмен табуға тырысады. Тіпті, өз үйінен, ата-анасының ақшасын ұрлауға шейін барған оқиғалар да жиі кездесуде.

Алматы қаласында қазір компьютер клубтары жүздеп саналады. Тек бір ғана «мәдени көше» саналатын Абай даңғылының бойында ғана оннан асады. Аулаларда, тасаларда тұрғаны қаншама? Ендеше қала жасөспірімдерін «компьютерлік ауру» еркін жайлады деп ашық айта аламыз. Сондықтан да ата-аналар қарсылығы жиі естіле бастаған соң қала әкімшілігі тиісті шара қолдануға мәжбүр болды. Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың тамыз айында компьютер клубтарының есігі түнгі уақыттарда кәмелетке толмаған балалар үшін тарс жабылып, күндізгі уақыттың өзінде бір балаға белгілі бір сағаттан артық ойнауға тыйым салу жөнінде шешім қабылдады. Енді олардың бәрі қала әкімшілігінің назарында болатын болды.

*Осымен «компьютер ойындары» тақырыбына нүкте қоюға болатын еді. Бірақ, мәселе сонымен шешілді ме?.. Бос*

*уақыттарында екі қолдары қалталарына сыймай жүрген жасөспірімдерді қайтеміз? Олар сөйтіп жүріп тағы бір жаман әдетке ұрынады ғой. Міне, бұлардың бәрінің шешімі – баяғы үйірмелерді, спорт секцияларын, әртүрлі пікірсайыс клубтарын ашуда жатқан секілді. Сонда жасөспірімдер өздері қалаған істермен шұғылданып, денсаулықтарын шындап, ойларын ортаға салып, уақыттарын босқа жібермес еді. Тек одан кейін ғана бастарын «тынықтыру» үшін аракідік «компьютер клубтарына» кіріп тұруына ешкім қарсы емес. Өйткені, олар бәрін де көріп, заманынан қалмай дами беруі керек.*

*17 қыркүйек, 2003 жыл.*

### **ҚАЗАҚСТАНҒА ӨЛІМ ЖАЗАСЫ ҚАЖЕТ ПЕ?**

*Қандай да бір қоғамда орын алған қатыгездіктің, зұлымдықтың, зорлық-зомбылықтың түп-тамырына балта шабу үшін ондағы басты ұстаным, ең алдымен, ізгілік, мейірімділік, адамгершілік секілді асыл қасиеттерге негізделуі керек тәрізді. Осы орайда тарихи табиғаты қайсар, батыр, жасу жүрек етіп жаратқан біздің халықтың қаншама қасіреттер мен қиянаттарды басынан кешірсе де өзінің кішіпейіл, мейірман мінезін сақтап қалуы таңқаларлық нәрсе болып көрінеді. Әрине, санамызға жат кері қылықтардың бойымызға ұзақ жұғысып қалмауы көп жағдайда салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың мықтылығынан болса керек.*

### **Құдай берген өмірді тек оның өзі алады**

Өз кезінде Шоқан Уәлиханов халқымыз туралы «...халықтық заңның көптеген кодекстерін сақтаумен де, соттың шешімдерімен де, полициялық шаралармен де ең ақылдылардың қатарына қосылады» деп атап көрсеткен қазақ халқы өз арасында нақақтан-нақақ кісі өлтіруді тізгіндеп отырған. Тіпті, халқымыздың ел ішінде тәртіп орната білу қасиетінің де осы күнге дейін ұласып

келе жатқаны тегін емес. Мысалы, қазір мүлде басқа заман. Ұрпақтың ата-баба жолынан қиыс кетуі қылмыстарды қырық құбылтып жіберді. Оның ішінде бұрындары ілуде бір еститін кісі өлтіру, адам тонау, зорлық-зомбылық жасау күнделікті көз үйренген көрініске айналды. Бұл осыдан он екі жыл бұрын Тәуелсіздігін алып, «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып» жатқан жас мемлекетіміздің ізгілік жолымен дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізді. Сондықтан да Конституциямыздың 15-бабының 1-тармағында «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар» деп жазылғанымен, еліміз ауыр қылмыс жасағандарды өлім жазасына кесуге мәжбүр болды. Өйткені, қатыгездікті жазаламағандардың өздері оның дем берушісі саналатыны белгілі. Осы орайда 2000 жылға дейін Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 50 адам сот үкімімен өлім жазасына кесіліп келді. Бірақ та, өркениетке ұмтылып келе жатқан еліміз соңғы жылдары қоғамымызды ізгілендіруді қолға алып, барған сайын өлім жазасын қолдануды азайта бастады. Атап айтқанда, 2000 жылы – 40 адамға, 2001 жылы – 39 адамға, 2002 жылы – 18 адамға өлім жазасы туралы үкім шығарылса, биылғы жылдың алты айында тек 6 адамға ғана осындай ауыр жаза қолданылған.

Жалпы, қазір әлемнің 84 мемлекеті өлім жазасын қолданып, жылына жер бетінде 5 мыңдай адам өлім жазасына кесіледі екен. Дегенмен де, «зұлымдық зұлымдықты тудырады» немесе «Құдай берген өмірді тек оның өзі алады» деп санайтын Еуропаның 55 мемлекеті ішіндегі 43 елде, сондай-ақ, Латын Америкасында, Австралияда өлім жазасына мораторий жарияланған. Ал 1976 жылы өлім жазасы қайта жаңғыртылған АҚШ-тың 38 штатында бүгінде өлім жазасы қолданылады.

Алайда, биыл ондағы өлім жазасы қолданылмайтын 12 штаттың бірі – Массачусетс өлім жазасын қайта жаңғыртуға ұмтылуда.

Өлім жазасына кесу адамзат өмірінде ежелден келе жатқан жаза. Бағзы замандардан бері өлім жазасын орындау әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылып, оның ішінде дарға асу, басын шабу, тірідей жерге көму, суға тұншықтыру, тірідей өртеу, ат

құйрығына байлау, терісін сыпыру, көмейіне қорғасын құю және басқалары көп қолданылғаны белгілі. Ал бүгінде өлім жазасына кесілген адамдарға үкімді орындау әр мемлекетте әртүрлі жүргізіледі. Мысалы, АҚШ, Филиппинде өлім жазасы электр соққысы арқылы орындалса, Италия, Египетте өлімге кесілгендерді тірідей өртеу, дарға асу, суға тұншықтыру, пілге таптатқызу әлі күнге дейін бар.

Біздің елімізде өлім жазасы заңмен негізделіп, ҚР Конституциясының 15-бабының 2-тармағында «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға қақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай адамға кешірім жасау туралы арыздану құқығы беріледі» деп көрсетілген. Ал егер ел Президенті ол өтінішті қанағаттандырмаса, онда өлім жазасы ату түрінде елге жарияланбастан жүзеге асырылады. Үкімді орындау барысына тікелей прокурор, ату жазасын атқаратын мекеме өкілі және дәрігер қағысады да, олар сот үкімі орындалған соң хаттама жасап, қол қояды. Содан кейін барып өлім жазасының орындалғаны жөнінде үкім шығарған сотқа, атылған адамның жақын туысына хабарланады. Бірақ та, өлген адамның жерленген жері туыстарына тек екі жылдай уақыт өткен соң ғана белгілі болады. Оған дейін ол құпия сақталады.

### *Қазақстан өлім жазасын енгізуге әлі дайын емес*

Қазір көптеген өркениетті елдерде өлім жазасы Отанын сатқаны, айуандықпен кісі өлтіргені, ақша алу үшін адам ұрлағаны немесе тонағаны және басқа да ауыр қылмыстары үшін қолданылады. Бірақ та оған қосымша Кореяда (КХДР), Біріккен Араб Әмірлігінде, Сауд Арабиясында, Иран мен Мавританияда – әйел адамның ерінің көзіне шөп салғаны, Иранда – жезөкшелік пен Аллаға шек келтіргені, Қытайда – коррупциялық материалдар таратқаны, Пәкістанда – пайғамбардың есімін мазак еткені, Руандада – кісі өліміне соқтыратын бақсылық жасағаны үшін өлім жазасына үкім шығаруға рұқсат берілген. Ал Қазақстанда өлім жазасы әзірге Отанын сатқандарға, аса

қатыгездікпен кісі өлтіру секілді өте ауыр қылмыс жасағандарға (әйелдер мен 18 жасқа толмағандардан басқа) қолданылады. Қазір елімізде 24 өлім жазасына кесілген адам үкімнің орындалуын күтіп жатыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей, елімізде қазір құқықтық саясатты ізгілендіру жұмыстары жүріп жатыр. Оған үстіміздегі жылы Қазақстан халқына Жолдауында Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Өлім жазасын қолдануға мораторий енгізу үшін Үкіметтің осы мәселені шешудің, атап айтқанда, жазаның өмір бойына бас бостандығынан айыру сияқты түрін енгізудің ұйымдық, материалдық және заңнамалық шарттарын жасауға кірісетін кезі жетті» деген тапсырмасы арқау болды. Осы орайда мемлекетіміздің құқық саласы қызметкерлері өлім жазасын қолдану аясын тарылту шаралары және оған мораторий енгізудің тетіктері, болашақ жағдайы туралы мәселелерді қарай бастады. Тіпті, олардың кейбіреулері Қазақстан өлім жазасына 2004 жылдың 1 қаңтарынан мораторий енгізеді деп асығыстық танытып та үлгірді. Алайда бұл гуманизм актісін іске асыру мерзімі жақындаған сайын халық пікірі қақ жарыла бастады. Дегенмен де, көпшілік пікірі өлім жазасын жою бізге әлі ертерек дегенге саяды. Сондай-ақ, қайсыбір топтар ел ішінде көп мөлшерде есірткі таратушыларға да осындай ауыр жазаны қолдану керек деген ойларын жиі айта бастады. Міне, сондықтан да осы қыркүйек айында құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесуде Мемлекет басшысы «Біз өлім жазасын жоюға кезең-кезеңімен өту мүмкіндіктері туралы айтқан болатынбыз. Бірақ, біздің қоғам лаңкестер мен кісі өлтірушілерге өлім жазасын қолдануды жоюға әлі ерте екендігін айтуда. Біз осы пікірлерге мұқият қарай отырып, өзіміздің аталған мәселеге байланысты позициямызды түсіндіруді жалғастыра беруіміз керек» деп атап көрсетті. Шынында дәл қазіргі кезде Қазақстан өлім жазасына мораторий жариялауға дайын ба? Әлемде өлім жазасын қолдануға қарсылық күшейіп келе жатқаны да бізді бір түйін жасауға асықтыра итермелейді.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары елімізде экономиканың

дамуы, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы, тұрғындардың моральдық-психологиялық сауықтануға бет бұруы республикадағы қылмысты жағдайды 11,1 пайызға төмендетті. Атап айтқанда, өткен жылы мемлекетімізде 135 мың қылмыс тіркелсе, биылғы жылдың 9 айында бұл көрсеткіш 61725-ті құраған. Бұл орайда кісі өлтіру 6,6 пайызға, ауыр қылмыстар 4,7 пайызға төмендепті. Сондай-ақ, қылмыстық атқару жүйесіндегі кең ауқымдағы реформалардың нәтижесінде, еңбекпен түзеу мекемелерінде жағдайлардың жақсаруы нәтижесінде сотталғандардың түрмелерден (колония) қашуы 1994 жылғы 872 адамнан 2002 жылы 56 адамға азайған.

### ***Елімізде сотталғандар 71,5 мыңнан 65 мың адамға азайды***

Қылмыстың азаю көрсеткіштері еліміздің халықаралық аренадағы беделін көтере бастады. Мысалы, биылғы жазда АҚШ әкімшілігі адам құқығы мен еркіндігі өрескел бұзылатын елдерге қаржылай көмек көрсетуін тоқтататындығын жария етті. Өздеріндегі конгрестің адам құқығына байланысты жасаған өлшемдерін басшылыққа алған Ақ үй Құрама Штаттардың «алаңдаушылығын» туғызған 92 мемлекеттің тізімін шығарып, онда Қазақстан демократияландыру және адам құқығы саласында АҚШ конгресінің талаптарына сай келетін ел деп танылды.

Шынында да, 2002 жылы Қылмыстық кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін, әсіресе, еліміздің қылмыстық-атқару жүйесі Әділет министрлігінің құзырына өткеннен соң «темір тордың» арғы жағындағы жағдай біршама жақсара бастады. Оның ішінде атап айтатыны, 2001 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда АҚШ, Ресейден кейін 3-орында тұрған республикамыз сотталғандар санын 71,5 мың адамнан 2003 жылы 65 мыңға түсіру арқылы әлемдегі «жазаланушылары» бойынша 6-орынға бір-ақ секірген. Бұл кейбір сотталушыларға рақымшылық жасау және жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату нәтижесінде мүмкін болған. Сондай-ақ, кейінгі екі жылда елімізде ең қатал үкім шығарылған 133 адам ұзақ мерзімді жазасын өтеуге ауыстырылыпты. Әрине, бұл қосымша

проблемалар жүктейді. Соның бірі, бас бостандығынан өмір бойына айырылғандар отыратын жабық түрме салу. Осы орайда, келер жылы Павлодардағы бұрынғы химия зауыты аумағында осындайларға арнап айрықша тәртіптегі мекеме (түрме) салу қолға алынбақ. Ол ҚР әділет министрі Оңалсын Жұмабековтің айтуынша, әлемдік стандарттарға сай болатын көрінеді. Ал оған дейін өмірлік жазасын өтеушілер еліміздегі қатал тәртіптегі үш колонияда «отыра тұрады».

Міне, осылай мемлекетіміздегі қылмысты жазаны ізгілендіру «темір тордың арғы жағындағы жағдайларға» оң ықпалын тигізе бастады. Атап айтқанда, қазір еліміздегі тергеу изоляторлары халықаралық талаптарға сай (бөлек дәретханасы, душы, желдеткіші бар камералар түрінде) жасалуда. Тіпті, мұндай «жаңашылдық» жазаны өтеу мекемелеріне де жетіп, бүгінде Тараз қаласында Польша тәсілімен салынып біткен қатал тәртіптегі мекеменің бір камерасында бар болғаны 5-6 адам ғана отырады екен. Сөйтіп, болашақта барлық мекемелердегі әр сотталушыға бөлінген орын 2,5 метрден 4 метрге дейін үлкейтілмек.

Қорыта айтқанда, соңғы жылдарда мемлекетіміздің құқықтық саясатындағы кең көлемде жүргізіліп жатқан реформалар қоғамымыздың санасына ізгілік, адамгершілік қағидаларын себе бастады. Ал өлім жазасын алып тастау процесін барлық әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық және рухани-адамгершілік белгілерді ескере отырып, біртіндеп жүзеге асыруымыз қажет. Осы орайда қоғамымызды ізгілендіру және өлім жазасына мораторий жариялау идеяларының авторы, мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бәрі де кезең-кезеңімен, жөнімен, жолымен, қоғамдық дамудың деңгейін жан-жақты, нақты ескере отырып жүргізілуі керек. Ең бастысы – ел өмірін демократияландыру эволюциялық жолмен жүзеге асырылуы шарт. Өте-мөте нәзік бұл істі баяғыдай революциялық жолмен қолдан жеделдетіп жіберуге әсте болмайды» деген кең мағыналы салиқалы сөзін ұмытпағанымыз жөн. Өйткені, өлім жазасына мораторий жариялау халықтың байыпты көзқарасын қажет етеді.

*11 қараша, 2003 жыл.*

## **«ЖАҒАНДАНУ» – ҒАЛАМДЫҚ АЛПАУЫТТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ**

*Жер бетіндегі көптеген ұлттарды жойылып кетпеу үшін жанталастырған, өз елін, жерін басқа біреулерге тәуелді етпеу үшін арпалыстырған ХХ ғасыр уақыт ағымының екпінімен «тарих» атты телегей мұхитқа барып құйылды. Оның орнына саналы адамзат баласының ой-өрісін сан-саққа соқтыра жаңадан жаһандану заманының лебі есе бастады.*

Өйткені, соңғы кездері экономикалық, ақпараттық кеңістікте осы «жаһандану» үрдістері туралы жиі-жиі айтылып қана қоймай, оны күшпен жылдамдата жақындатуға тырысушылар қатары да күн санап көбейіп келеді. Сондықтан да осы бір ғаламдық үрдіске күдіктене қараушылар қатары да өсе түсуде. Тіпті, өткен жылы Франция секілді кемелденген мемлекеттің халқы осы жаңа замандық қағидатқа қарсылықтарын білдіріп, көшеге шығуға дейін барды. Осы орайда, жаңадан Тәуелсіздігін алып, еркіндіктің керемет дәмін сезіне бастаған біздің елімізде де соңғы кездері «жаһандануға» үрке қараушылар саны көбейе бастады. Олардың көпшілігі жаһандану идеясы дүниежүзілік бір тілге, бір орталық билікке, бір экономикалық құрылымға, бір дінге, бір одақтық аумаққа көшуді уағыздайтын империялық басқыншылық саясаттың бір көрінісі санайды. Сол себептен де оған күш-қуаты жеткілікті дамыған мемлекеттер ғана төтеп береді де, Қазақстан секілді бұғанасы қатпаған жас елге ол үрдіс өте қауіпті екен-мыс. Шынында да «жаһандану» процесі біздің мемлекетке соншалықты қауіпті ме? Бір сәт ойланып көрелікші.

Жалпы, «жаһандану» идеясының терең түбінде күшті мемлекеттердің әлемді бөлшектей билеу саясаты жатқан секілді. Ал, оның негізгі ұшы пленетамызға жекедара үстемдік жүргізгісі келіп отырған Америка Құрама Штаттарынан шығады. Сондықтан да оған көнгісі келмеген мемлекеттер бірігіп әрекет ете бастады. Атап айтқанда, Еуропаны мекендейтін өркениетті елдердің өздері Еуроодаққа бірігіп, өз ақшаларын шығарып, енді конституцияларын қабылдағалы жатыр. Сол секілді Қытай Оңтүстік-



Шығыс Азияны «қытайландыруға» әрекеттеніп, араб халықтары да мүдделерін бірлесе қорғауға көшу жолын қарастыруда. Ол-олма, тіпті, қара құрылық мемлекеттері де алпауыт елдерге жем болмау қамын ойластырып, біраз уақыттан бері «Африка Құрама Штаттарын» құру мәселесін қарастыруда. Міне, осы орайда біздің Қазақстанға «жаһандану» кезеңінен кімдермен бірігіп өту қажет, қайтсек басқа ірі ұлттардың арасында жұтылып кетпейміз? – деген секілді өзекті сауалдар туындайды. Әрине, бұл бағытта бізге салт-дәстүрі, тілі мен діні жақындау Орталық Азия мемлекеттері тиімдірек болар еді. Бірақ, олар жақындап келе жатқан саяси дауылдың әсерін әзірге сезінбеген сыңайлы. Оның үстіне бұл республикалардың экономикалық күш-қуаттары, әлеуметтік әлауалдары біздің елімізден көш төмен. Ал, жаһандануға төтеп беру үшін бірлескен мемлекеттердің жартысының экономикалық жағдайы күшті болып, әлемдік саясатта айтарлықтай беделді болуы шарт. Міне, сайып келгенде, өткен жылдың қыркүйегінде Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) құрған Ресей, Беларусь, Казакстан және Украина мемлекеттерінің түп мақсатын сезінуге болады. Әрине, кезінде бір империя құрамында болған бұл елдерге иықтаса әрекет ету соншалықты қиындық та туғызбайды. Дегенмен де, өз егемендіктерін алған он екі жылдай уақыт аралығында бұл республикалардың интеграциялары әртүрлі деңгейде және әртүрлі жылдамдықта дамыды. Бірақ, бұл алақұлалық болашақта жойылып, «төрттіктің» интеграциялық, экономикалық саясаттары осы елдер халықтарының мүдделері үшін қызмет етеді деп ойлаймыз. Ол үшін бұл елдердің бірдебіреуі билеп-төстеуші бағыт ұстанбауы керек. Әйтпесе, кешегі империялық үстемдік қайта орнауы әбден мүмкін.

Соңғы кездері елімізде «қазақстандықтар» деген атау жиі қолданылып, жаңадан «жалпықазақстандық ұлт» идеясы көтеріле бастады. Шыны керек, бұған соңғы кездері қазақ саясаткерлері қауіптенен қарауда. Олар біздің өмірімізде қалыптасып келе жатқан «жалпықазақстандық» идеясы дәл осы күйінде одан әрі дәріптеле берсе, онда қоғамымызда АҚШ-тағыдай жалпыұлттық құндылықтар қалыптасады деп дабыл қағуда. Расында да Қазақстанда тарихи жағдайда орныққан бір ғана ұлт – казак

халқы ғана бар емес пе? Ал, қалғандары басқа жерлерде тарихи отандары бар ұлттардың бөлшектері ғана, яғни диаспоралар. Ендеше, «біздің республикамызда 130 ұлт өкілдері тұрады, сондықтан да Қазақстан көпұлтты мемлекет» деп айтуымыздың себебі неліктен? Бұл орайда Ресей, АҚШ, Индонезия секілді елдерді ғана көпұлтты мемлекет деп атауға болады емес пе? Өйткені, олардың құрамында атамекендерінде тұрып жатқан ондаған ұлттар өмір сүріп жатыр ғой. Олай болса, ғасырлар бойы күресу нәтижесінде Қазақ мемлекеттігін қалыптастырған ата қонысымызда жаңадан «жалпықазақстандық ұлт» құрудың жөні бар ма? Осы орайда жат жұрттардың ықпалына түскен мемлекеттің «жаһандану» секілді ғаламдық алпауыттар қозғалысына қосылуы аса қауіпті екенін терең сезіне білу керек. Демек, соңғы кездері «жалпықазақстандық ұлт», «көпұлттылық» идеяларына қарсы пікір көрігін қыздырып жүрген саясаткерлер, тарихшылар және басқа да қазақ зиялыларының мазасыз ойларына қосылмай болмайды. Осы орайда Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Қазір біздің алдымызда, әсіресе, бізге қарай арындап келе жатқан жаһандану тұрғысынан алғанда, қоғамдық дамудың жауапты жаңа міндеттері тұр. Жаһанданудан жалтарудың қажеті жоқ, қайта оған барлық тұрғыда дайындалу керек» деген сөздерін санамызға мықтап байлап алуымыз қажет-ау.

*10 қаңтар, 2004 жыл.*

### **ҚАЗАҚСТАН «БОЙТҰМАРЫ» ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?**

*Біз өркениеттің соңынан дамылсыз қуып келе жатқан сүйікті Отанымыз – Қазақстанның қазіргі қол жеткен табыстары мен жетістіктеріне әзірге желпінген емеспіз. Бірақ та, бір Аллаға «Тіл-көз тасқа», «Тәуба», «Шүкір» дей отырып, өз еліміздің алға басқан әрбір қадамына сүйінеміз, қуанамыз. Қазақстанның мерейі әлем аспанында үстем болып, даңқы шарықтай беруін тілейміз.*

Осы орайда экономикасы күн санап дамып, халқының әлауқаты жақсарып, мемлекетіміздің беделі өсіп келе жатқан қазіргі уақытта Қазақстанның биік мақсат-мүддесін, тарихи бетбейнесін айғақтайтын, оның бүгіні мен ертеңінің бойтұмарындай болатын бір қасиетті белгісінің қажеттілігі күн өткен сайын анық сезіле бастағандай. Мысалы, біздің көз алдымызға ең алдымен Азаттық статуясы, Голливуд, Дисней-Ленд, Эрнест Хемингуэй дегенде – Америка Құрама Штаттары; Эйфель мұнарасы, Венеция өзенді-көшелері, Ромео-Джульетта, опера, пицца дегенде – Италия; Биг-Бен сағаты, Хитроу әуежайы, «Битлз», футбол ойыны дегенде – Англия; қытай қабырғалары, фарфор, Конфуций, кун-фу дегенде – Қытай; Тәж-Махал, Джавахарлар Неру, Кама-Сутра, кино, шәй, шахмат дегенде – Үндістан келетіні белгілі. Ал қазір Қазақстанды әлемге таныта алатын осындай ұлттық ерекшеліктеріміз бар ма? Бір сәт ойланып көрелікші.

Жасыратыны жоқ, кешегі кеңестер заманында біздер көбіне аумағына бес бірдей Франция сыйып кететін кең-байтақ жерімізді айрықша мақтан тұтатынбыз. Одан кейін барып, сол жеріміздің асты-үсті Менделеевтің химиялық кестесіндегі бүкіл заттарға толы екендігіне әжептәуір арқаланатынбыз. Міне, бар болғаны осы ғана болатын. Ал, қазір Қазақстан өз алдына бөлек өмір сүретін Тәуелсіз мемлекет. Ендеше, әлем халықтары, әсіресе, өркениетті елдер жұртшылығы біздің жас республикамызды қай жағынан тани алды? Осы орайда егемендігіміздің алғашқы жылдарында біздерді шетелдіктердің «орыстар» деп атағанын ешқайсымыз ұмыта қойған жоқпыз. Әрине, бұл кешегі кеңестер империясынан бөлініп шыққан барлық республикаларға тән болғаны белгілі. Дей тұрғанмен, соңғы кездері батыстың көзі ашық адамдары ғана емес, сонымен бірге қарапайым халқына дейін Қазақстанды көбінесе «Нұрсұлтан Назарбаев» есімімен байланыстырғанда тез білетіндігі байқалып жүр. Өйткені, бүгінде «Еуразия» сөзіне тікелей біздің Елбасымыздың жаңа, соны серпін бергені баршаға мәлім. Әсіресе, біздің қуанышымыз сол, қазір бұл сөз тек филологтардың ғана сөз қолданыстарында пайдаланылып қана қоймай, сонымен қатар адамзат баласының жаңарған тарихындағы саяси және мәдени сөздіктерден де мәңгі

өшпестей болып орын тапты. Оның үстіне, бүгінде Еуропа мен Американың демократиялық ниеттегі жұртшылығы Қазақстанды Орталық Азия аумағындағы саяси жағынан тұрақсыздау мемлекеттер арасындағы «бейбітшілік аралы» ретінде де тани бастағаны байқала түсуде. Бұл да сөз жоқ біздің Тәуелсіз мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы да көреген саясатының нәтижесі. Қазақтың «Нағыз ер елінің атын шығарады» дегені осы шығар.

Жалпы, ежелгі қазақ даласы, бүгінгі Қазақстан Республикасы кез-келген шетелдіктің демін ішіне тартқыза тандай қақтыратын ғажайып табиғат байлықтарына, көне замандар жәдігерлеріне өте бай. Атап айтқанда, жерімізде Қожа Ахмед Яссауи кесенесі, Отырар, Арыстанбаб, Айша бибі, Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенелері секілді тарихи ескерткіштер, Бурабай, Баянауыл, Жетісу, Тарбағатай секілді жер жәннаттары, Шарын шатқалы, Оқжетпес, Хан Тәңірі тәрізді табиғат таңғажайыптары көптеп кездеседі. Бірақ та, әзірге оларды өзімізден басқа ешкім біліп жатқан жоқ. Әрине, бұл тиісті орындар әрекетсіз отыр деген сөз емес. Соңғы жылдары осы мақсатта елімізде үлкен жұмыстар қолға алынып жатыр. Соның ең бастысы – мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы жасалып, сол бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, өзінің алғашқы жемістерін бере бастады. Атап айтқанда, өткен жылы Түркістандағы Қожа Ахмед Яссауи кесенесі Бүкіләлемдік Мұралар тізіміне енгізілді. Сөйтіп, аталған тарихи ескерткіш Қазақстанда алғаш болып адамзат қолынан шыққан ғажайып өнердің үлгісі саналатын ғаламдық жәдігерлер қатарына қосылды. Осы жақында Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде оның тиесілі сертификатын тапсыру салтанаты өтті. Міне, осы тұсаукесер рәсімде қазақ елінің екінші баға жетпес тарихи ескерткіші – «Таңбалы тас» археологиялық ландшафтарындағы тасқа салынған таңбалар да Бүкіләлемдік Мұралар тізіміне енгізуге дайындалды. Сондай-ақ, биылғы жылы «Қыз Жібек» эпосы ЮНЕСКО-ның Ауызша және материалдық емес жәдігерлер прокламациясы қатарына ұсынылып, ал Наурызым және Қорғалжын қорықтарын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұралар тізіміне енгізу мәселесі қаралып жатыр. Егер де осындай

еліміздегі тарихи орындар мен табиғи ғажайыптарды жоғарыда аталғандай әлемдік маңызы бар мұралар қатарына енгізе алсақ, онда олардың болашағына алаңдамауға және елімізге шетелдік туристерді көптеп әкелуге үлкен мүмкіндіктер туады. Дегенмен де, бұл тарихи құндылықтар, табиғи ғажайыптар ең алдымен өзіміздің ұрпағымыз үшін аса қажет. Сондықтан да еліміздің мерейін үстем етіп, ғасырлардан ғасырларға бар болмысымызды бұзбай жету үшін осы мақсаттағы жұмыстарды ешқашан да тоқтатпауымыз керек.

Ал, енді жоғарыда атап өткен еліміздің бойтұмарындай саналатын асқақ белгіге келсек, бұл орайда соңғы кездері кең насихатталып жүрген Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» мен Астана қаласындағы «Бәйтерек» монументі шетелдіктерге танымал бола бастады. Олай болса, осындай ғажайыптарымызды көру үшін әлемнің түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқан адамдарды көретін күн де алыс емес шығар.

*15 шілде, 2004 жыл.*

## **ҚАЗАҚСТАН – «ИМИДЖІ» БОЙЫНША ӘЛЕМДЕ 22-ОРЫНДА**

*Біздің қазіргі заманда рейтингтің (біздіңше – бағалаудың) маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы белгілі бір кәсіпорынның, қаланың және елдің іс-әрекеті ашық көрініс беріп тұрады. Сондықтан да онымен әлемдегі барлық елдер санасады. Рейтингі жоғарылар ешқашан да назардан тыс қалмайды.*

Осы орайда жуырда әлемдегі аса беделді үш рейтингтік агенттіктердің бірі – Fitch Ratings экономикасы дамып келе жатқан 17 ірі мемлекеттің еркін рейтингтерін қарауды аяқтағанын хабарлады. Өкінішке қарай, оның нәтижесі еліміз үшін соншалықты жақсы емес. Дүние жүзін шарпыған дағдарыстың салдары экономикасы енді ғана қарыштай дамып келе жатқан дамушы елдерге айтарлықтай кері әсерін тигізген. Сөйтіп, жоғарыдағы рейтингке ілінген 17 дамушы елдің бәрінің, оның ішінде Қазақстанның да еркін рейтингі төмендетіліпті.

Әрине, рейтинг деген – бірде түсіп, бірде көтеріліп тұратын көрсеткіш. Бұл ретте Қазақстан, ең алдымен шикізат бағасының төмендеуінен зардап шегіп отыр. Соның салдарынан еліміздің банктерді қолдауда және нақты экономикаға дем беруде мүмкіндігі шектеліп келе жатыр. Бірақ аталған агенттіктің жасаған талдауында «Бұл дағдарыстан Қазақстан өзге кейбір елдерге қарағанда жеңіл өтіп кетеді» деп аталып өтілген. Сондай-ақ онда «Дегенмен де рейтингтің төмендетілуі – көп жағдайда капитал нарығының тұрақтылығына, соның салдарынан инвестицияның келуіне кері әсер етеді» делінеді.

Жасыратыны жоқ, еліміздің жоғарғы билігі банктердің дағдарыстан емін-еркін жүріп өтуіне қолдан келген қолдауын көрсетіп жатыр. Бірақ соған қарамастан, былтыр басталған капиталдың келуі салдарынан банк активтерінің сапасы нашарлап барады. Өйткені, елімізге шетелдік капиталдың келуі күрт басылды және жылжымайтын мүлік (құрылыс) нарығында айтарлықтай тоқырау орын алды.

Сөйтіп, екі күн бойы Fitch Ratings агенттігі Қазақстанның жағдайын, мына дағдарысқа қарсы тұрарлық күш-қуатын елестетті. Әрине, экономикасы керемет дамып келе жатқан 17 дамушы елдер арасында Қазақстанның алатын орны өте жоғары екендігінде сөз жоқ. Дегенмен де, ашығын айту керек, еліміз Тәуелсіздігін ақ таны жаңадан атып келе жатқандығы сонау 1992-1993 жылдардағы дағдарыс салдарынан Қазақстанда инфляция күрт қатты өсіп, біз тек Ресей алдында 1,25 млрд. доллар көлемінде қарызға кіріп кеттік...

Жоғарыдағы жазғанымызды оқып, «бәрінен» түңіле көрмеңіз. Қазақстанның мына дағдарыс кезіндегі мүмкіндігі әлі керемет. Мысалы, өткен аптада АҚШ астанасы Вашингтонда жасалған елдер беделінің (имидж) индекстері бойынша әжептәуір қуанарлық жағдайға иеміз. Атап айтқанда, былтырғы осы көрсеткіште еліміз ТМД мемлекеттері арасында екінші орында болған болса, биыл ел беделі бойынша бірден 18 пунктке өсіп, ТМД-да бірінші орынға, ал әлемде 22-орынға көтерілді. Міне, сөйтіп кеше ғана АҚШ астанасы Вашингтонда өткен әлемнің ең бақуатты 20 мемлекетінің (олар бүгінде дүние жүзінде өндірілетін және ие

болатын капиталдың 90 пайызына ие) қатарына жақындап-ақ қалғанын көреміз.

Бұл жерде баса назар аударатыны, аталған рейтинг бойынша барлық дамушы мемлекеттердің «елдік беделі» (стартовый имидж) төмендетілген. Және қаржы нарығынан ең мықты деген банктердің өзі кетіп жатыр.

... Енді Қазақстанның елдік беделі мен басқа жақтары бойынша төмендетілуіне негізгі себеп – отандық бірқатар компаниялар қиын жағдайға тап болған. Мысалы, жоғарыдағы Fitch Ratings агенттігі Қазақстандағы ең беделді және қуатты деген – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы («ҚМГ» ҰК), Қазақстандық электр желілерін басқару компаниясы («КЕГОС»), Маңғыстау электржелілері тарату компаниясы («МРЭК») және «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының шет ел валютасындағы ұзақ мерзімді (РДЭ) көрсеткішін бір сатыға төмен түсірген. Сондай-ақ «ТұранӘлемБанкі», «Қазкоммбанкі», «Халық Банкі», «АТФ Банкі», «Қазақстан Даму Банкі», «Астана-Финанс» және «ҚазАгроҚаржы» ұйымдарының рейтингі төмен түсірілген. Дегенмен де агенттік «Альянс Банкінің», «ЦентрКредит-Банкінің», «Темір Банкінің» беделін бір сатыға болса да көтеріпті.

Алматы қаласы және алматылықтар үшін қуанышты хабар – осылардың ішінде Алматы қаласының рейтингі өсіпті. Өйткені, Fitch Ratings бүкіл қалалар ішінде Алматы қаласының рейтингі «Ат» (Raz) деңгейінен «АА»-рдегі қалалар (Raz) дейгейіне дейін көтеріпті. Шынын айту керек, бұл – әлгі тізімге енген елдер ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш.

*18 қараша, 2008 жыл.*

## IV – БӨЛІМ

### ***МЕН ҚАЗАҚПЫН – МЫҢ ӨЛІП, МЫҢ ТІРІЛГЕН***

*Қазақ боп туған соң, қазақ болып өлмек керек. Ертең «Қазанын жудым халқымның, қолымның қане күйесі» дегің келмейді. Сондықтан да қазақ тарихы, салт-дәстүрі туралы жаза бергің келеді. Түтімдей болса да ұлтыма септігім тисе екен дейсің. Осы ретте қазақтың мәселесі шешіліп жатса, қанекей!..*



## «ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА ҚАЗАҚ ҰЯЛАТЫНДАЙ ЕШТЕНЕ ЖОҚ»

Өткенде, үйдегі ескі жазбаларымды аударыстыра қарап отырып, арасынан

Мен кіммін?

Нәсілім кім?

Ұлтым кім?

Әлде мен бір аспанның сұр бұлтымын.

Жоқ!

Бұлт емеспін!

Халықпын!

Көне күннен келе жатқан тарихпын.

деген өлең жолдарын тауып алдым. Өкінішке қарай, өлең авторының кім екенін жазбаппын. Шамасы, қазір біздер «тоқырау заманы» атап кеткен кешегі Кеңестер кезеңінің соңында жазылса керек. Өйткені, сол заманның аяғында, Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында қазақ тарихшыларының, зиялыларының аузынан «Біз тарихымызды білмей келген халықпыз» деген сөздер жиі шығатын. Әрине, көпшілік қазақ баласының өз тарихын неліктен жетік білмейтіні бүгінде бәрімізге мәлім. Басқа елдің боданында болдық. Солардың тарихын оқып, өз өткенімізді «жылы жауып» тастадық. Соның салдарынан кейінгі ұрпақ санасында «Неге осы күнге дейін Шығыстағы «Сарыөзен» (Хуанхэ) мен Батыстағы Жерорта теңізі аралығындағы түркі тілдес отыз шақты халық бірін-бірі аудармасыз түсінеді?» (ІҮ-ХІІІ ғғ. жасаған Түркі Қағанатынан кейін олардың басы бірікпеген ғой), «Біздің жыл санауымызға дейін Жерорта теңізіндегі Кипр аралы неліктен «Алаш» деп аталған?», «Неге Кавказдағы үш өзен мен үлкен аймақ бүгінге дейін «қазақ» аталады?», «Тува өлкетану мұражайында тұрған сына тастағы «Қазақ қызы» деген руна жазуының құпиясы неге ашылмайды?», «Неліктен қазақ халқы қалыптаспаған кезеңдердегі ұлы ақын Фирдауси туындысында, Ұрым (Византия) императоры Константин Порфиродный жазбасында (Х ғ.), «Шыңғыс ханның «Құпия шежіресінде», орыс жылнамасын-

да (962 ж.) «қазақ», «қазақия», «қазақы арба», «косоґ» деген этнонимдер кездеседі?», «Байкал көлі маңындағы, Моңғолия жеріндегі «Беріш», «Алшын», «Кете», «Арғын» деген өзен-көл атаулары қайдан шыққан?», «Қазақтың әйгілі «Мұңлық-Зарлық» қисасын Байкал халықтары айтпаса да, сондағы екі шыңның «Мұңлық» және «Зарлық» аталуы қалай?», «Неліктен қазақтың ең бай циклді қиса-дастандары «Қырымның қырық батыры» немесе «Ноғайлы жыры» деп аталады?», «Қазақ пен башқұрт арасындағы отыздай қиса-дастандар неге ортақ?», «Не себепті осы күнге дейін Қазақстан, Орталық Азия, Кавказ және Азов теңізі маңын жайлаған түркі тектес халықтардың кейбірі өз деректі әдебиетін Асан Қайғы (XV ғ.), Қазтуғаннан (XV ғ.) бастайды?», «Неге Қорқыттың есімін исі түркі халықтары өздерінің рухани әкелеріңдей құрметтейді?», «Неліктен сонау Америкадағы үндістердің кейбір сөздері айтылу және мағына жағынан қазақ тіліне ұқсас?», «Қалайша қазақ халқы отырықшы, тұрақты әскері бар Ресей, Қытай және Қоқан мемлекеттері ортасында тұрса да көшіп-қонып өмір сүрген?» деген секілді сансыз сауалдар пайда болып, оларға жауап таба алмай өсіп келеді.

Иә, қазақ халқы тарихының осы күнге дейін жұмбағы ашылмай келе жатқан сарғайған беттері өте көп. Мысалы, бір ғана «қазақ» атауының шығу тегінің өзі күні бүгінге дейін тарихшы-ғалымдар арасында үлкен айтыс тудырып келеді. Енді солардың бірқатарын келтіре кетелік. Атап айтқанда, «қазақ» сөзі орыс тарихшылары А. Левшин мен В. Радловтың айтуынша ескі дәуірлерден келе жатқан тайпа атауы. Олардың жорамалдарымен «хазар», «қазақ» тайпалары Каспий теңізі төңірегінде, Кавказда, Орталық Азиядан Алтай, Саян тауларына дейін шашырай қоныстанған. Ал, академик Т. Маар «қазақ», «хазар» сөздерінің түбі «қас», «қаз» дей келіп, одан «Каски», «Касоґ», «Қазақ» атауларын шығарған. Демек, олар «каска», «қазақ» сөзінің арғы тегі болады. Бұл пікірді қостаған Б. Грозный «Қасхи» біздің дәуірімізден бұрынғы Каспий теңізінің батысын мекендеген «ғұн» тайпасы деп көрсетіп, ол да «каска», «касақ», «косоґ», «Каспий», «Кавказ» түбірін «каз», «қаз» сөз-

дерінен шығарған. Мұндағы бір ойландыратыны, Солтүстік Кавказдағы осетиндер осы күнге дейін кабарлар мен балқарларды «қасак», «кесек» деп атайды екен.

Жалпы, «қазақ» сөзі Солтүстік Кавказ халықтары арасында аз кездеспейді. Ол әзірбайжан, құмық, балқар, қарашай әдебиеттерінде әлі де қолданылады. Ендеше, мұның бәрін Кавказ жұрттары жоғарыдағы тарихшы-ғалымдар айтқан хазарлар мен қыпшақтардан алса керек. Сондай-ақ, француз ғалымы П. Пельо де «қазақ» сөзінің тарихын ерте кезеңдерге апарып тірейді. Ол да қазақтардың Каспий мен Арал теңіздері төңірегін мекендегенін растай келе «қазақ» сөзінің ең ескі түрі XIII ғасырда Енисей өзенінің бір сағасы Ұйық Тұран бойындағы тасқа жазылған ..... (кзғқоғлм – қазақ оғлум) сөздерімен байланыстырады. Оған академик С.Е. Малов «қазғақым», «қазағым» деген екі жазу берген.

Міне, осылай «қазақ» сөзінің шығу тегін зерттеген тарихшы-ғалымдардың болжамдары әртүрлі болса да, сайып келгенде бәрінің айтқандары бір пікірге тоқталғандай болады. Осы сарынмен бұл мәселені әрі қарай жалғастырсақ, «қазақ» сөзінің құпиясы одан сайын тереңдей береді. Атап айтқанда, тарихшыларымыз «қазақ» сөзін ең алғаш дұрыс жазған дейтін IX ғасыр жазушысы Ибн Адһам әл-Куфидің келтірген қазақтары да, Фирдоусидің «Шахнамасындағы» «қазақ» сөзі де, Орхон-Енисей жазбаларындағы «қазақ» та – бәрі бір уақыттағы «қазақтар» деген тоқтам жасайды. Бірақ та, осы «қазақ» сөзінің мән-мағынасы әлі күнге дейін ғалымдар арасында пікір қайшылығын туғызып келе жатқаны жасырын емес. Мысалы, парсы тіліндегі «Ғиясул-лұғат» кітабының авторы «қазақ» сөзі парсыша «хару гризан», яғни, «қашсақ» деген мағынаны білдіреді десе, оған ашулана қарсы шыққан Құрбанғали Халидов «оның өзі түркі емес, тәжік, оны қайдан білсін. Түркі тілінде «қазақ» сөзі «бір тайпа ел» деген мағынада қолданылады» дейді. Сондай-ақ, әу баста араб жазушылары «қазақ» сөзін «казсақ», «кесап», «кесал» деп бұзып жазып, нәтижесінде арабтар қазақтарды «қазақу», яғни, «бұзақы», «талағыш» деп атаған. Ал, жалпы алғанда, бұл сөздер арабтарға әлемдегі барлық тілдер шықты деп саналатын Аф-

рика халықтарынан келген құсайды. Өйткені, оларда есте жоқ замандарда болған бамон тілінде «каза» сөзі «тікенді шөп» дегенді білдіріп, одан берінде «тілгілеу», «кесу» ұғымдары пайда болыпты. Осы секілді афиркалық Сири және Цагу тайпаларында «қазақтар» деген сөз «жауынгер» деген ұғымды береді екен. Міне, осы тұжырымды қазақтармен мәңгі аралас-құралас өмір сүріп келген Кавказ және Сібір халықтарының сөздері де растайды. Атап айтқанда, сібірліктердің ежелгі тілдеріндегі «қадақ», «қазақ» сөздері «мықты», «берік», «жойқын» деген мағынаны білдірсе, моңғолдарда «қазағ терген» деген «алыптар күймесі» болып аударылады. Демек, белгілі шығыс зерттеушісі Рамстердтің «қазақ» сөзінен «алып», «батыр» мағынасын шығаруы шындыққа әбден жанасады. Осы орайда «Шайбанинамеде» де «қазақ» сөзі осындай айбарлы, күшті деген ұғымдарды білдіріп, Еуропаша айтқанда «рыцарь» болып шығады екен. Бірақ, бұл пікірлерге Арминий Вамбери мен Паве де Куртейль өздерінің «қазақ» – көшпелі тайпа, «қаз» – көшу, қыдыру, еркін жүру» деген пайымдауларымен қарсы шығады (Шамасы, орыс халқындағы «казак» сөзі осы мағынадан пайда болса керек).

Әрине, «казак» халқының шығу тегіне бір ғана мақаламен түсінік беру мүмкін емес. Сондықтан да, мен оны басты мақсат тұтпай, тек осы тақырыпта зерттеулер жүргізген белгілі ғалымдардың әртүрлі болжамдарына қысқаша сүйене жаздым. Ондағы ойым, біздің халықтың тарихының әлі күнге жете зерттелмегенін, оның өзінде басқа ұлт өкілдерінің жорамалдарымен өмір сүріп келе жатқанымызды білдіру болатын. Ал бұл, өз кезегінде жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге өз кесірін тигізумен келеді. Ендеше, ғалымдарымыздың «қазақ деген батыр, жауынгер халық» деп бүкіл әлемге жар сала дәлелдейтін кезі келіп жеткен секілді. Оған өткен жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы мол мүмкіндіктер беріп отыр. Тіпті, сөздерімізге мықты негіз ретінде осыдан бірнеше ғасырлар бұрын айтылған Рузбеханның және басқалардың «Қазақ деген елді білемін. Бүткіл жер жүзіне өзінің батылдығымен, күштілігімен даңқы шыққан халық» деген сөздерін алсақ та жетіп жатыр.

Тарихты, оның ішінде шынайы тарихты тек өзіміз жасайтынанымызды ұмытпағанымыз жөн. Осы орайда, Елбасымыз Н. На-

зарбаев айтқандай «Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе жоқ». Тіпті, ата-баба ерлігімен, жанкештілігімен мақтана бүкіл тарихымызды асқақтатып жіберсек те ешкім ештеңе айта алмайды. Бұл өз кезегінде ұрпағымызды ұлттық рухта тәрбиелеуге керемет ықпал етер еді. Өйткені, біз шын мәнісінде ержүрек халықтың ұрпағы екеніміз өтірік емес. Әйтпесе, осыншама ұлан-байтақ жерді ұстап қалар ма едік? ...Әлемнің тең жартысын жаулап алған Еділ патша (Аттила) мен Алтын орда әскерлерінің көпшілігін біздің ата-бабамыз құрар ма еді?.. Шығыстағы «ұлы көршіміз» мұхитқа дейін қорған салып «қорғанар» ма еді?.. Мақтансақ өз халқымыздың өткенімен мақтаналық та! Оған біздің өткен тарихымыз, бабалар өмірі баяғыда-ақ жол салып тастаған ғой. Тіпті, біздің халқымыз ерлігімен ғана емес, сондай-ақ даналығымен де, мәдениетімен де, өнерімен де күні бүгінге дейін әлемнің аузын аштыра таңдандырып келе жатқанын көзіміз көріп отырған жоқ па?! Әйтпесе, бір ғана Әміреміздің, Күләшіміздің күміс көмей, бұлбұл үнді әндері, сезімдерді сиқырлы сырларға бөлейтін құдіретті домбыраның күмбірлері әлі күнге дейін Еуропа аспанында тербеліп тұрар ма еді? Осы орайда, соңғы кездері жиі айтыла бастаған «қазақтың кейбір ән-күйлерінің желісі бойынша батыстың атақты опералық және басқа сазды әуендері дүниеге келіпті» деген пікірлердің шығуы да бекер емес шығар. Өнер - білім қанмен бірге ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын ғажайып қасиет. Бүгінгі таңда қазақтың өнерлі ұрпағының талғампаз Еуропаны «жаулай» бастағаны да, дарын-қабілетімізбен қатар, ұлттық қолөнеріміз, әсіресе, әшекейлеріміз бен киім үлгілеріміз де әсершіл «қарт құрылықты» тандай қақтырып жатқаны да сол ерекшелігімізден болар. Міне, сондықтан да кейінгі жылдарда «өркениетті» деген батыс әлемі қазақ ұлтының өкілдеріне қызыға қарап, реті келсе ұл-қыздарымызды өздерінің араларына сіңіріп кетуге әрекеттенуде. Оған мына дәйектер себепші болып жатқандай. Қазақстандықтарды «асырап алу» деген әдет еліміз егемендігін алғаннан кейін басталды. Әрине, алғашқы жылдары бізді жақсы білмейтін шетелдіктер елімізге бақылай, зерттей қарағаны белгілі. Бірақ, экономикамыздың жылдам көтерілуі, әртүрлі сая-

си бастамалардың көбеюі сол батыстықтарды шындап ойландырып, «мынау өзі тегін халық емес-ау» деген ойларға жетелей берді. Осы зерделеу артынан халқымызға деген қызығушылық сезімге ұластырып, олар бізден қандай да жолмен «адам алуға» бел буды. Нәтижесінде, әлі есімізді жия алмай жатқан елімізден «бала асырап алу» әрекеттері басталып, бұл жөнінен Қазақстан ТМД көлемінде алдыңғы қатарларға шықты. Сөйтіп, негізінен, 1999 жылдан басталған бұл әдет кең үрдіс алып, сол 1999 жылы – 196 бала, 2002 жылы – 883, ал 2003 жылы – 10222 бала жаңа ата-ана тауып, шекара асты. Осыған қарап, «олар біздің балаларға неге соншалықты құмар (көпшілігі аурушаң болса да) болды?» – деген ой еріксіз туады екен. Әрине, баланы шетелдіктердің асырап алуына экономикасы дамыған елдерде жол берілмейді. Айталық, Швецияда, тіптен «балалар үйі» мүлдем жоқ екен. Ал, біздің олардан неміз кем? Құдайға шүкір, экономикамыз жылдам көтеріліп келеді. Елдегі небары 80 мыңдай баланы асырап-жеткізуге күшіміз әбден жетеді. Ендеше, өз балаларымыздың тағдырын неге өзіміз шешпейміз? Шаша беретін қазақтың саны көп емес қой. Иә, иә жоғарыдағы шетелдіктер жаппай асырап алып жатқан балалардың көпшілігі өзіміздің жәудіреген қаракөздер екен. Осы орайда, ойландыратыны, «қазақ жетімдерін» көбінесе АҚШ, Франция, Ирландия, Канада, Бельгия азаматтары асырып алып жатқан құсайды. Неге, неліктен олар тап осы қазақ баласына «құштар» бола қалды?...

Қазақ «қанының» шет елге қарай ағуының тағы бір жағы бар. Ол білімді, білікті жастарымыздың өркениетті елдерге барып «судай сіңіп, тастай батуы». Бірақ, бұл мәселе де қазір елімізді соншалықты алаңдатып отырмаған секілді. Соны аңғарған шетелдіктер енді жастарымызға ауыз сала бастағандай. Яғни, олар әртүрлі тәсілдермен білікті, білімді жас мамандарымызды өздеріне қарай тартуда. Осындай мақсатпен шет ел асқан жастарымыз қанша адамды құрағанын ешкім де білмейді (Өткен жылы бір ғана Англияға 50 шақты қазақстандық біржола қоныс адарыпты). Өйткені, оларды санап жатқан мекеме атымен жоқ. Сондықтан да «шетелдік» болып кеткен қандастарымыздың саны күн өткен сайын көбейіп, қазақтың «ой-өрісі мен қабілет-

қарымы» басқа мемлекеттерге қызмет ете бастады. Атап айтқанда, өткен жылы Чехия Республикасы өз елдеріне кәсіпқой мамандарды тарту мақсатында «Белсенді таңдау» бағдарламасын жасап, ең алдымен тағы да қазақ жастарына көз сұғын қадады. Нәтижесінде, арада өткен 5-6 ай ішінде жаңа бағдарлама бойынша сол елге тұрақты жұмыс істеуге кеткен қазақ баласының саны 15 адамға жетіпті. Ал, жоғарыдағы бағдарлама бойынша таңдалып алынатын жас қазақ мамандарының қатары 100 адамды құрауы керек екен. Әрине, бұлардың барлығы да кілең болашағынан үлкен үміт күттіретін талантты қандастарымыз екендігінде еш шүбәміз жоқ. Ал, олардың туған жерін қиып кетулерінің себебі неде? Өйткені, бізде ұлттық тәрбиенің негізі жоқ, отансүйгіштік, патриоттық сезімге жетелейтін шаралар көзалдау түрінде ғана өткізіледі. Тіл, тарих, салт-дәстүрлерімізбен дәл уақытында сусындатпаймыз. Сосын жүрегі тас-шемен болып кеткен жастар туған жұртынан безінбей қайтсін? Осы орайда, «Чехия жоғарыдағыдай қадамға неліктен барып отыр?» – деген сауал туындайды. Халқы да жеткілікті. Біздің Қазақстаннан ондаған есе кіші аумақта 10 млн. адам тұрады екен. Олай болса, шет елден адам әкелуінің сыры неде? Сөйтсек, чехтарға «жаңа қан», оның езінде «текті қан» керек болыпты. Осы үшін олар іріктеп алған жас мамандарға барлық жағдайлар жасамақ. Демек, біздің қандастарымыз ол жақта әлеуметтік мәселелерде, тұрғын үй, жұмыс орны, жалақы және сақтандыру секілді мемлекеттік қамқорлықтан ешқандай кенде қалмайды. Тек бір ғана талап етілетіні, іріктеліп әкелгендер сол елде біржола қалуы керек. Ендеше, ол елге кетіп жатқан жастарымыз екі жылдық сынақтарынан өткен соң Чехия азаматтығын алып, сол елге сіңісіп кетеді дей беріңіз! Міне, «ой-санамыз төмендеп кетті» – деп чехтар қалай алаңдап отыр. Ал, біз ше? Ертең елімізді өркендетіп, көркейтеді деп үлкен сенім артып отырған жастарымыздың арасынан «ең бастары қатты істейтіндерін» сыртқа лақтырып жатқанымызды әлі сезінер емеспіз. Бұл түбі опа әпермесе керек.

Міне, осылай аңсаған егемендігімізді алысымен сәбилерімізден бір, жастарымыздан екі айырылып жатырмыз. Бұл біздің болашағымызды ойлаған түріміз. Ал, олардан ертең үлкен

ғалымдар, мемлекет қайраткерлері, өнер шеберлері шықпайтынына ешқайсысымыз кепілдік бере алмаймыз. Өйткені, шетелдіктер балалар үйлеріндегі сәбилерімізді де, мектептер мен жоғары оқу орындарында оқитын жастарымызды да (кейбір деректер бойынша кейінгілерінің саны 8 мыңдай болыпты) әбден таңдап, іріктеп әкетіп жатыр. Бізді алаңдататыны осы ғой. Тіпті, басқаны былай қойып, соңғы бір жарым жыл көлемінде АҚШ Федералды Барлау Бюросы (ФБР) қазақ тіліне жетік қазақ азаматтарын өздерінде жұмыс істеуге шақырып жатыр екен. Бұл туралы хабарландыруды олар өздерінің ресми сайттары арқылы таратып отыр. Сонда деймін-ау, АҚШ-тың қарсы барлау қызметіне қазақ тілінің не қажеті болып қалды? Әлде олар осындай адамдар арқылы еліміздің, қазақтың ішіне дендеп кіріп алуды ойлап отыр ма? Алысқа қарағанның өрісі кең деген, ертең ол адамдар біздің мемлекетіміздің жауапты қызметтеріне бастарын сұғып қалса қайтеміз? Міне, дүние қалай құбылып барады? Осы орайда халқымыздағы үлкендердің жас балаға сынай қарайтыны ойға оралады. Ендеше, біз жас мемлекетпіз, басқалар сол албырттығымызды пайдаланып, біз арқылы өз ертендерін ойлауда. Әйтпесе, мен олардың бізге деген ниеттері шын түзу дегенге өмірі сенбеймін.

Қорыта айтқанда, «Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас» деп кемеңгер халқымыз айтқандай, қазір жастар үшін «ел іші алтын бесік» болудан қалып бара жатқандай. Өйткені, олардың сыртқа телмірей қараулары көбейіп келеді. Ал, мұның басты себебі, жас ұрпақтың өз тарихын білмей, ана тілінің құдіретін сезінбей, ұлттық салт-дәстүрлеріне шөлін қандыра алмай өсіп келе жатқанында. Ендеше, өзенкөлдін бұлақтан басталатынындай, біздер осы күннен бастап ұрпағымызды ұлтымыздың тереңіне үңілдіріп, ата-бабалардың бар қасиетін өгейсірей бастаған кеуделеріне құя білуіміз керек. Сонда ғана шет жұртқа ағыла бастаған болашағымыздың басын тартамыз. Өйткені, тек өз ұлтының тілін, тарихын, салт-дәстүрін сүйген ұрпақ қана халқы үшін қабырғасы қайысатын нағыз өз елінің перзенті болып өседі.



## *Ұлттық рух салт-дәстүрден қалыптасады*

...Мен өмірге қазақ болып келдім. Ал енді сол қазақтығым қайда? Тілін біліп, түр-түсімнің келетіндігі ме, қазақтығым. Мұның өзі де жеткіліксіз-ау. Сонда, қазақтығым қане... Мүмкін, қанға сіңген қалпымда тұрған шығар. Жоқ әлде, атам айтқан, апам мен анамның санама құйған әңгімелерінен сол қазақтығым пайда болды ма екен?!

Қалай болғанда да мен де қазақтың бірімін. Ал қазақ баласын бөліп-жаруға негіз жоқ. Олардың тұрмысы да, көрген тәрбиесі де бір. Тіпті, қазақ баласының күлкісінің өзі басқа ешбір ұлтқа ұқсамайтынын білеміз бе?..

Осы орайда еске түседі. 1995 жылы ұлы Абайдың 150 жылдығына орай «Қазақфильм» киностудиясы «Жас Абай» фильмін түсірген-ді. Міне, осы фильмнің дыбысын жазу сонау Франция астанасы Парижде жүргізілді. Тиісті адамдар сол жұмыста аяқтау үшін бір ай бұрын Парижге ұшып кеткен-тұғын. Сөйтіп, «Қазақфильм» киностудиясында өлі тыныштық орнап, тек кинорежиссер Қалдыбай ӘбенOVтың Желтоқсан көтерілісіне арнап түсірген «Аллажар» фильмінің дыбысы жазылып жатты. Сол «оқиғаға» қатысымыз болған соң, біз де фильмнің басы-қасында жүргенбіз. Бір күні қатал кестемен жүріп жатқан жұмыс кілт тоқтады. Өйткені, сонау Франциядан «Тез арада қазақтың, тек қана қазақ ұлтының төрт-бес баласын тауып, дайындап қойыңдар!» деген жедел хабар келіп жеткен еді.

Әрине, Алматыдан қазақтың баласын табу еш қиын емес. Бірақ, бізді қатты таң қалдырғаны – Парижден ұшақпен суыт жеткен фильмнің бірнеше дыбыс операторлары айналасы бірекі сағатта біз жинаған қазақ балаларының күлген күлкілерін жазып алып, қайта кері ұшып кеткені болды. Оған біз «Балалардың күлгенін жазу үшін соншама жерден сабылғаны несі? Не, сол Францияда бала жоқ па екен?!» деп күлген болдық. Сөйтсек, мәселе басқада екен. Яғни, фильмді жасау барысында ойнап жүрген балалар эпизодын түсірген фильм операторлары олардың күлген күлкілерін жазуды қаперіне алмайды. Содан дыбысты жазу кезінде дәл осы болар-болмас көріністен үлкен

мәселе туындапты. Өйткені, француз балаларының күлкісі қазақ балаларының күлгеніне мүлдем ұқсамайды екен. Әрине, басқа амалдары қалмаған фильмді түсірушілер қазақ балаларының күлгенін жазу үшін ғана Парижден Алматыға ұшып келуге мәжбүр болған...

Мінеки, қазақтың ерекшелігі. Демек, қазақ болу үшін қазақ болып туылу, қазақы ортада өсу керек екен. Әрине, бұл тұрғыда менде мәселе жоқ. Ал бірақ, менің нағыз қазаққа тән мінезім, рухым қане?! Міне, әңгіме қайда?... Әйтпесе, бір-бірімізді жете білмеген алғашқы кездері кинорежиссер Қалдыбай Әбенев «Жер қозғалса да үндемейтін, қой аузынан шөп алмайтын мына Құттыбек қалай алаңға шығып, сол үшін сотталып жүр?!» деп айтар ма еді. Әрине, соны айтқанда оған өзім де не дерімді білмедім. Ал енді «Мені намыс буып апарды алаңға. Ұлттық рухым тыныштық бермеді» деп айтқанды ыңғайсыз көрдім. Бірақ, іштей алай-дүлей сезімнің болғаны өзіме ғана аян-тұғын.

Рас, мен көп сөйлемейтін, ұяндау болып өстім. Сондықтан да бала кезден өзімнен-өзім ешкімге соқтықпайтынмын. Ал жөні-жоқ тиіскенде... намысты ешкімге қолдан бермейтінмін. Шынымды айтсам, осындай сәттерде өзімді-өзім танымай қалатынмын. Тіпті, әншейінде байқалмайтын қызуқандылық, өрт мінездің қалай пайда болатынын түсіне де бермейтінмін. Мүмкін ол түп-тамырдан, қаннан келген шығар... Әлде, тәрбиеден бе екен...

Міне, осы жерден тоқтайық... Қазір қарап отырсам, мендегі қазақтың мінез-құлығы халқымыздың бай салт-дәстүрінен қалыптасқандай көрінеді де тұрады. Енді осыған дәлел ретінде айтсам, мен ес білгелі үлкендердің «тәйт» деген сөзінен өлердей қорқып өстім. Не қасиет барын қайдам, әйтеуір, осы сөзді естісем болды, күні бүгінге дейін селк ете қаламын. Әрине, бұл сөз көп қолданыла бермейтін. Тек, балалықпен дәстүрге жат қылықтар жасап қойғанда немесе аузымыздан әдепсіз сөз шыға қалғанда ата-апамыз «тәйт» деп, тиып тастап отыратын. Сондықтан да біз үшін дәстүр бұзудан өткен қылмыс жоқтай көрінетін. Және бұл жағдай жалғыз менің ғана басымда болған емес. Ол бүкіл қазақ баласына тән еді.

Мысалы, Н.Жантөрин ойнайтын «Құрманғазы» фильміндегі Құрманғазының түрмеге түсетін жері есіңізде ме? Міне, сонда өзінің артынан іздеп келген анасын көріп, көңілі босай берген Құрманғазыны анасы «Тәйт! Мен сен туғанда ұл тудым деп қалжа жегенмін!» деп, тыйып тастамаушы ма еді? Байқасаңыз, осы бір сөзде қаншалықты салмақ жатыр. Естіген құлаққа соншалықты ауыр емес пе? Шынымды айтсам, сонау бала кезде естіген осы сөзден кейін мен де басыма іс түссе «Босаңсыма! Анам мен туғанда да ұл тудым деп қалжа жеген ғой!» деп өз-өзімді қайрап, ауырлықты жеңуге тырысатынмын. Әсіресе, кешегі Желтоқсан кезінде, одан кейінгі түрме торында отырған жылдарда өзімді осындай сөздермен қайраттандырып, еңсемді тіктеп алатынмын.

Жасыратыны жоқ, біз осындай тиым сөзбен, дәстүрге тән қатал тәрбиемен өстік. Сондықтан да мінез-құлығымыз, болмыс-қалпымыз ата салтымен біте-қайнасып кетті. Ал қазір қазақта осындай тәрбие бар деп айта аламыз ба? Өкінішке қарай, бұл ретте ауыз аша алмаймыз-ау. Өйткені, сонау ықылым замандардан бері сынын бұзбай бізге жеткен салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды қазір таза ұмытуға айналдық. Керісінше, оның орнына біздер жерімізді былғап жатқан «Әулие Валентин күні», «Хеллоуин» секілді дүбәрә тәрбиеге, «хиджап кию», «сапситып сақал қою» тәрізді өзге халықтардың діни ғұрыптарына белшемізден батып барамыз...

...Төле би көшесінің бойындағы «Тараз» кафесінде Желтоқсанның 18-жылдығын өзімізше атап өтіп отырғанбыз. Бірақ, мұндай «отырысы» құрысын. Құлақ жарған музыка әбден зықымызды шығарды. «Басыңдаршы, ана шуылдақтарыңды» дейін десек, дәл жанымызда біреулер туған күн өткізіп жатты. Музыкаға «заказ» берушілер – солар. Әндердің бір-екеуі ғана қазақша болмаса, қалғандарының бәрі шетелше, орысша. Тіпті, ішінде өзбек әндері де баршылық. Ал туған күнді тойлап жатқандар - өзіміздің қазақтар. Ұзын-саны отызшақты жан. Жастары да сол «орда бұзар» жастан өтіп кеткен. Демек, оң-солдарын танып үлгергендер деп айтуға болады.

Туған күн иесі – әйел адам. Оны сөйлеген «тостардан» байқадық. Өздері тым мазасыздау жандар екен. Улап-шулап құлақты жеді. Біз әзер шыдап отырмыз. Сөйтіп, отырғанда шам «жалп» етіп өшіп қалды. Мұнысы не екен дей бергеніміз сол-ақ, балауыз шырақ жанған үлкен тортты көтеріп келе жатқан даяшыларды көзіміз шалып қалды. Шамасы, бұл кафенің «дәстүрі» болса керек. Оны көрген «тойшылар» бұрынғыдан бетер шулап қоя берді. Ал балауыз шам әспеттеліп туған күн иесінің алдына қойылды. Оның жасы қанша болса, тортқа шаншылған балауыз шырақ та сонша-ау деймін. Бір кезде жұрттың қолпаштаумен әлгі әйел барлық шырақты бір деммен үрлеп өшірді. Оған отырғандар азан-қазан. Қасымдағыларды қайдам, менің тұлабойым тігіркеніп қоя берді. Өйткені, біздің қазақ ғұрпында бұл өте жаман ырымға жатады ғой. Ал біздің қазақ – сонау атам заманнан бері отқа табынған халық. От – өмір, тіршіліктің көзі саналған. Жас түскен келінді отқа шақыру, отқа май құю, от – Ана, отта қасиет бар деген ұғымдар осыдан алынса керек. Сондықтан да үлкендер «Шамды үрлеп сөндірме» деп ұрпағына үнемі ескертіп отырған. Өйткені, шырақ та, шам да от қой. Ал от киелі. Жанып тұрған шам бақыт деп бағаланған. Оны үрлеп сөндіру – өз бақытыңды өзің өшіргенмен бірдей. Содан болар, біздің қазақ жатар кезде шамды саусақпен басып немесе білтесін бұқтырып өшірген.

Мұны мына отырған дүбәрә топтың білмеуі мүмкін емес. Олай дейтінім, бәрінің ауылдан шыққандары ұсқындарынан-ақ бадырайып көрініп тұр. Бірақ, біліп тұрып, өз халқының атадан келе жатқан дәстүрін белден бір-ақ басты. Шыны керек, бұл бүгінгі біздің ұрпақтың қасіреті. Ғасырдан ғасырға сабақтасып келе жатқан өміріміздің мән-маңызының үзілуінің басы. Салт-дәстүрін жоғалтқан ұрпақтың тіл білгенінен не пайда? Өйткені, екеуі бір-бірімен тамырласып жатыр ғой. Мұның бірі ұмыт болса, екіншісі де құдіреттілігін жояды ғой. Сөйтіп, ұрпақтан қазақтың рухы қаша бастайды емес пе? Ал бұл, біле-білгенге – өте қауіпті нәрсе. Осыдан кейін «қазақтығымызды жоғалтпайық» деп кеуде ұратынымыздың жөні жоқ-ау...

...Иә, біз салтты бұздық. Бірақ, салт-дәстүрімізді қанша таптасақ та бізді кінәлап жатқан ешкім жоқ. Және салтты бұзғаны-

мыз үшін де соттамайды. Себебі, ол тәрбиені біздің санамызға құюға тиіс заман басқа, өркениет деп өзгере бастаған қазақ басқа...

### *Ауылымның ақыл-кені, қазынасы қарттарым*

...Қазір қарап тұрсам, қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ана ауылдарда сиреп қалған қара шалдар мен кемпірлермен бірге мәңгілікке кетіп бара жатқандай. Осыны ойлағанда тұлабойымды қорқыныш жайлап, болашаққа үрейлене қарайтынды шығардым. Өйткені, қазақтың салт-дәстүрі жоғалса, сонымен бірге қазақы қалпымыз да жойылатындай көрінеді де тұрады...

Алматыдан Шымкентке қатынайтын автобуста келе жатқанмын. Меркіден аса бергенде жанымдағы орындықта отырған келіншек түсіп қалды да, ол орынға аппақ сақалын дөңгелете қиған келісті шал келіп отырды. Азын-ауық жөн сұрасқаннан кейін, ортамызда үнсіздік орнаған еді. Байқаймын, қария маған көзінің қиығымен қарағыштап отыр. Шамасы, тықырлатып алынған шашымнан күдік алып келеді. Айтқандай-ақ, көп ұзамай ақсақал көкейіндегі сауалды сыртқа шығарып, «Иә, балам! Қайдан келесің, айта отыр?..» деді. Дауысы қатқылдау секілді. Мен осыдан екі жарым жыл бұрынғы Желтоқсан көтерілісі туралы, оған қатысқандардың тағдыры талапайға түскені жайлы айта келе, өзімнің де сол «жақында болса, алыс жердің» дәмін татып келе жатқанымды тілге тиек еттім. Соны айтып жатқанымда қарияның жүзі нұрланып сала берді. Сосын, маған қарап асқан салқынқандылықпен «Ұнжырғаң түспесін, балам! Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді. Жас жігітті намысы қашайды, қарт адамды ақылы ұстайды деген бар. Сендер қылмыс жасаған жоқсындар, қазақтың намысын жыртыңдар. Біле білсең, бұл ер-азаматтың маңдайына жазылған міндет..» деді де «Қай заманда да қазақ өз перзентіне еншіге алдымен – Отан қорғауды, тек содан кейін ғана – дүние-мүлікті қалдырған...» деп, ұзақ-сонар әңгіменің тізгінін жіберді. Осылай ақсақал сөйлей берді, сөйлей берді. Ал менің көз алды-

ма осылай әңгіме тиегін ағытар, бүгінде орындары ойсырап қалған өз ауылымның дария кеуде қарттары келіп, соларды сағынғаннан өткен күндердің сағым елесіне сүңгіп кеттім...

...Шыны керек, өзім де қарттық ауылға жақындаған сайын ауылымның қариялары ойға жиі оралатын болып жүр. Бұл ретте, әсересе, иісі мұрын жарған бақтың ортасында отырып, оның тәтті жемісінің дәмін тата алмаған адамдай – нағыз тірі шежірелердің көзін көріп өсем де, олардың асыл қасиеттері мен дана ойларын көкірегіме жеткілікті сіңіре алмағаныма опық жеп, өкінетін болып жүрмін. Өйткені, қазақы қалпы, табиғатымыздың қаймағы бұзылмаған өткен замандар мен бүгінгі жаһандану кезеңінің арасын сабақтастырушы дәнекер қарттарымыз біздің санамызда сол биік те ұлы тұлғалығымен мәңгі қалатынын енді ғана аңғара бастағандаймыз. Осы ретте арамызда елеусіздеу жүрген сол қара шалдар ойы дана, тілі шешен бабалардың бізден алыстап бара жатқан ең соңғы көші секілденіп көрінеді де тұрады. Содан кейін «енді қайтып олардың құлақ құрышын қандырап әңгімелерін өз ауыздарынан ести алмайтын шығармыз» деген суық ойлар мазаны ала бастайды екен. Бұдан әрі аға ұрпақ пен жас ұрпақтың арасын жалғастырған осындай ұрпақтар сабақтастығы жіңішкеріп барып, үзіліп кетердей болады. Сосын, бізден кейінгілер ата тарихы мен шежіресін тек қана кітаптардан ғана оқып, тұшына алмайтындай болып көрінеді. Содан болар, қазір «тірі тарихымыздың» өздері тарихқа айналып бара жатқандықтан қағаздан, компьютерден оқығандарымыз санаға сіңісе алмай жатыр...

Мен сағынған қариялар – біздің ауылдың ақ басты Ала-таудай асқарымыз, қарт Қаратаудай ақыл-кеніміз еді. Сол шалдар жүргенде ауылымыздың түтіні түзу шығып, татулық пен сыйластық күнделікті тіршілігіміздің бұлжымас тұтқасы болатын. Ауылдың үлкен-кішісі ұзақ сапарға шығарда жағалай жүріп ақсақалдардың батасын алып аттанса, алыс жолдан оралғандар үйді-үйге кіріп, қариялардың аман-саулығын сұрар еді. Қазір өздері немере сүйіп, әже атанып отырған сол кездің келіндері иіліп сәлем беріп, әдемі салтымызға сызат түсірмейтін. Тіпті, ел ішінде жүгенсіз жүрген тентектердің өздері қарияларды көргенде жүрістерін түзеп, «жүндері жығылып» сала беруші еді. Міне,

үлкенге деген осындай әдептіліктің, инабаттылықтың, құрметтің арқасында ұрпақтар арасында жаңға жайлы жарасымдылықтың иісі бұрқырап тұрушы еді-ау сонда, шіркін!..

...Әлі есімде, мектеп табалдырығын жаңадан аттаған кезім. Алғашқы ұстазым біздің ауылға келін саналатын еді. Бір күні сабаққа алдымен мектеп директоры, оның артынан сексенге иек артқан менің Аймахан атам кіріп келді. Сол-ақ екен, апайымыз өрттей қызарып, атама білдіртпей кластан шығып кетті. Сәлден соң басына орамал тартып, үстіне жеңі ұзын камзолын киіп қайта оралды. Сөйтіп, ол күнгі сабағымыз атамның әңгімесін тыңдаумен өтті. Дегенмен, сондағы апайымыздың әдеп-ибасын әлі күнге сағына еске алып жүрмін. Өйткені, қазіргі келіндер ондай жағдайда қызармақ түгілі, қарттардың бетіне бажырайып тұрып қарайды емес пе? Небәрі он бес-жиырма жылда адам, буын қалай өзгерді десеңші! «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, осындай көргенді ортадан шыққан біздер қалайша көргенсізденіп барамыз?! Заман бұзылды ма, жоқ әлде адам бұзылып бара ма?..

Осы шалдардың арқасында біздің ауылда қазақтың салт-дәстүрі ешқашан үзілген емес. Тіпті, ұзақ үзілістен соң қайта оралды деп жүрген Наурыз мейрамы да ауылымызда жылда аталып өтілетін. Осы ретте, ылғи көктем шыға есіме түседі. Күннің көзі жылынып, жердің тоңы сөгіле жібитін кез. Осындай жаймашуақ күндердің бірінде біздің ауылдың шетіндегі «Қырықкепе» тұрағында наурыз көже беруді бастайтын. Әрине, бұл орайда «Қырықкепеде» жүзден астам үй бар болатын. Сондықтан да наурыз көже беруге он бес-жиырма үйден бөлінетін. Сосын сол үйлер маңындағы көкпенбек көгал үстінде «Наурыз мейрамы» басталатын.

Ұмыту мүмкін емес, біздің «шыбыттықтардың» наурыз көже беретін жері – көбіне Момбек көкемнің үйінің жаны. Ұсақ малдарды жолатпай, біздің футбол ойнайтын алаңымыз. Көк шөптің үстіне киіз текемет, алашалар төселіп тасталатын. Оған, әрине, алдымен ата-әжелеріміз отыратын. Ал апа-жеңгелеріміз өздері түні бойы жасаған көжелерін таратып, жаны қаламай қызмет көрсететін. Себебі белгілі, кастрөлі босаған апа-

жеңгеміздің қуанышында шек болмайтын. Бірақ, ылғи да алдымен «тәжірибелі» апаларымыздың көжелері бітетін. Осыдан кейін біздің құдайымыз береді. Өйткені, жеңгелеріміз әбден тойған ата-әжелерге көже ұсынуға бата алмай, бізге жалына-тын. Әншейінде, «жетпегір» деп «желкемізді қиятын» олар, бұл күні тіпті мейірімді болып кететін. Кірі бес елі бетімізден сүйіп, айналып-толғанып өлетін. Сосын амал жоқ, жарылардай тойып тұрсақ та ішуге мәжбүр боламыз, көжелерін...

...Шіркін, наурыз көже!.. Қайран, шуақты, мейірімді ата-әжелер-ай!.. Көңілдері көл-дария пах, жеңгелер!.. Керемет кездер екен-ау, ол уақыт. Еске алсақ, көңілің жылап сала береді-ақ. Өйткені, қазіргі Наурыз мейрамы тіптен басқа. Мысалы, мына Алматыда су татитын «наурыз көженің» бір кесесін 100 теңгеге сатып алып іштік былтыр. Өйткені, бұларды бақылап-қадағалайтын ата-әжелер жоқ, қазір?..

Одан қалды, қазір жиі жерге қарататын жастарға «қой» деп тоқтам айтатын пайғамбар жасынан асқан аталар да сиреп барады. Тіпті, кейбірінің әдепсіз қылықтарын көргенде жігерің құм болады екен. Ата сақалы аузына біткенше өлердей мас болып, көрінгенмен кергілесіп, немересіндей балалармен салғыласып жүрген «ақсақалдарды» ұшыратқанда... тіпті, жерге кіріп кете жаздайсың. Әрине, «Жаман болсын, жақсы болсын, үлкенге тіл тигізбе!» деген қағиданы берік ұстанатын маған бұлай айту оңайға түсіп отырған жоқ. Тек «қазақтың қариясы», «ақсақал» деген қасиетті сөзге таңба түспесе екен деймін де...

...Әлі есімде, жаздың шіліңгір ыстығында інім Орынбасар екеуміз үйге шыбын кірмесін деп есікке тұтып қойған торлы пердені ұрлап, есік алдындағы өзеннен кө-өп балықты сүзіп ұстап, үйге қуанып келе жатқанбыз. Байқамаппыз, үйінің жанында Момбек көкем бізге күлімсіреп қарап тұр екен. Біз жанына тақала бергенде «Әй, үйлерінде ет жоқ па? Жоқ болса, міне, қораға кіріп, қалағандарыңша алыңдар. О несі, заман тынышта «құрт» жегені...» деді, қуақылана. Әрине, ол кісі әзілдеп тұр. Бірақ, қарасирақ біз оны ұғамыз ба, балығымызды тартып алатындай үйімізге қарай шандата безіп бердік. Бірақ, менің санамда «Балықты неге «құрт» деді? деген сауал қалып қойды. Оның



сырын кейін өскенде білдім, бұрынғы қазақтар балықты «кұрт» деген екен. Өйткені, бір жырдан «Шал сипаған тәнімді құрт жесін деп, қыз құлапты биік жардан терең суға...» дегенді оқығаным барды.

Міне, көңілі көл-дария қарттармен кездескенде, олардың әңгімелерін құлағың шалып қалғанда осы секілді даналықтарды естіп қалатын едік. Қазір өз атам Аймаханның, көрші тұратын Жанысбай, Саламат, Жұмабек, Әбен аталарымның әңгімелерін жата-жастана тыңдамағаным қатты өкінемін. Өйткені, бұл бабалардың бәрі өмірден өткен, бүгінде. Енді сол буын мен келер ұрпақтың арасын жалғастырушы өзіміздің кейінгілерге не өсиет қалтыратынымызды білмей жүрісіміз мынау!..

Менің атам тоқсанға келіп дүниеден қайтты. Сол атам көзі тірісінде бес уақыт намазын қаза етпей, бір аллаға құлшылық етіп, қолына таспийғын ұстап, көзін жұмып, күбірлеп отырғанда балалық қызығушылықпен «Не айтып отырсыз, ата?» деп сұрайтынмын. Сонда атам «Е-е, ұрпағым! Бізге сендердің тілеулеріңді тілеуден өзге не қалды? Жаратқаннан елге тыныштық, халқыма молшылық, ұрпағына аманшылық сұраймын да...» деуші еді. Түсіне білгенге жетесіне жетерлік сөз екен-ау. Өмірді сүруді айтпағанда, сұлу қартая білудің өзі де асыл қасиет екен ғой, шіркін-ау...

Иә, шежіре қарттар арамызда жүргенде атамзаманнан бері үзілмей келе жатқан көш, қазақ көші тоқтап қалуы мүмкін еместей көрінетін. Ал енді не болады, білмеймін...

### *Салтың қайда халқым?...*

Құрметті оқырман, сенесің бе сенбейсің бе қайдам мен соңғы кездері бір-ақ нәрсеге қатты алаңдайтын болып жүрмін. Өйткені қоғамдық өміріміздің қайшылықтарының көбейуі, ұлттық рухымыздың азғындыққа ұшырауы, басылымдардың көтеріп жатқан проблемалары түптің-түбінде сол тығырыққа келіп тіреледі. Ол – ұлт тәрбиесі, ұрпақ тағдыры. Себебі, болашағын ойламаған халықтың ғұмыры бос. Ал осы өткен мен ертеңнің ортасын қосатын бүгінгі біздер қандаймыз? Бір сәт өзімізге-өзіміз

үңіліп қарайықшы! Ертеңімізге үлгі бола аламыз ба? Қандай жақсы, ұлағатты қасиетімізді балаларымызға сіңірмекпіз?!

Қым-қуыт тірлік қаратып отырсын ба өз басымның шаруасымен асыға басып Абай даңғылының бойында келе жатқанмын. Жолдың жиегіндегі шемішке сатып отырған 9–10-дардағы бала мен алпыстан асқан кейуананың жанынан өте бергенде, әлгі баланың кемпірге келіп (әжесіндей ғой) «Сен қай облыстан келдің? Елің, жерің қайда?» деген өктем даусын еріксіз құлағым шалып қалып, жүрісімді баяулаттым. Кемпірдің даусы өте ақырын шыққандықтан, ол кісінің не дегенін жөнді ести алмадым. Сол-ақ екен ана бокмұрын «коммерсант»: «Бұл біздің территория. Егер біздің облыстан болмасаң басқа жерге ауыс немесе күніге ана орынға 100 теңге төлеп тұрасың» деп төтесінен қойып қалмасы бар емес пе? Бұл сөздерді естіген менің құйқам шымырлап кетті. Әлгі «рэкетке» барып ұрысқан сияқты болдым. Бірақ өз «территориясын» қорғап, менің өзіме «арамдықты сендерден үйренгенмін» деп шақылдай шапшыған балаға не айтарымды білмей күмілжи бердім. Шынында да менің өзім де, бүгінгі замандастарымның көпшілігі де осындай ғой. Сырттай қанша «жылтыр», «тәрбиелі» болғанымызбен кезі келсе өз ұпайымызды ешкімге бере (мейлі ол бала, не қарт болсын) қоймайтынымызды несіне жасырамыз. Мыналар соны көреді, содан үйренеді, одан кейін олардың бәрін өзімізге көрсетеді. Көрсеткенде ана бала сияқты келіп сөйлесе жақсы ғой, әкемізді танытып «тұрсақ – сопақ, отырсақ – опақ» қылса қайтеміз?

Бүгінгі төрде жатқан басымыздың ертең есікті жастанғаны емес пе ол?!

Міне, мұның бәріне кім кінәлі? «Ақжарқын, мейірімді, қайырымшыл» біздердің өкшемізге неге «қабаған күшіктер» ілесіп келеді? Қойылар сұрақтар көп, ал оның жауабы біреу ғана. Ол – қазақтың мәңгілік көшінің аз ғана уақытындағы тізгінін игере алмай келе жатқан мына біздердің бейқамдығымыз, немқұрайлығымыз, болашақты көрмейтін «көрсөқырлығымыз». Әйтпесе ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы шашау шығармай, айналасындағы «алпауыттарға» талатпай жиырмасыншы жүзжылдыққа әкеп құйған қасиетті мұралары, салт-дәстүрлері, әдет-

ғұрыптары қайда? Ал қазіргі салт-дәстүрге балап жүргеніміздің барлығы олардың жұрнағына татымақ тұрмақ, айтудың өзіне әбес. Не сонда қанша рет мінеп, сынап жазсақ та тоқтамайтын – бос бесікті тербеткен ойындарымызды, қарны шермііп барып, төркінінде туып жатқан қыздарымызды, нәресте дүниеге келмей жатып ат қойып, алашапқын болатын асығыс қуанышымызды айтып кеудемізді кермекпіз бе?! Өйткені қазақ ешқашанда бос бесікті тербетпеген. Ұзатылған қыз жылына дейін төркіндемеген. Ол жас келіннің артына алаңдамай барған жеріне балдай батып, судай сіңсін, жаңа жұртына үйреніп кетсін деген тілектен туған. Әрі аяғы ауыр келін төркін жұртының көзінше шартып жүрмесін деген ізеттен туған. Мұндай салт-дәстүрімізді жаза берсек түбіне жетпейміз. Бәрібір бұл қағиданы ұстайтындар жұлқынып шыға қоймас.

Араласып тұратын бір жолдасымның үйінде Байтас және Ақмаржан есімді жаңадан үй болған жас жұппен танысып, әңгімелесіп отырған едік. Бір кезде сөзден сөз шығып әңгіме тақырыбы салт-санаға қарай ойысқанда ана екеуі мұрындарын тыржың еткізді. Сөйтсем, олар қыз алыспайтын бір рудан екен. «Махаббаттары лаулай жанып, бір-бірінсіз тұра алмайтын болған соң» ел үлкендерінің, әке-шешелерінің айтқандарына көнбей, олардың теріс баталарын алса да үйленіп алған күнәһарлар екен. Талай жүгенсіздікті естісек де тап мынадай сұмдыққа бұрын-соңды тап болмаған біздер, одан әрі олармен әңгімемізді жарастыра алмадық. Өздерінің бұл ортада артық екенін сезді-ау деймін, бұрынғы «аға-қарындас», бүгінгі ерлі-зайыптылар дас-тарқан басында көп отыра алмады.

Бұл біле-білсек ұлтымыздың арына түскен таңба ғана емес, барлық қасиетті мұраларымызға қарай атылған оқ. Өйткені қазақ жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін берік ұстанған халық. Тіпті, бұрынғылар даламызға мұсылман дінін алып келген арабтардың жақын туыстарына үйлене беретін әдетін әбес көріп, одан бойын аулық салуға тырысқаны тарихымыздан, өткен өмір жолдарымыздан белгілі. Ал мұндай ата-баба дәстүрін аяқ асты етіп, салтымызды сатқандарды тәубесіне келтіретін Есім ханның «ескі жолы» атанған «Туыстық араға жеті ата толғанша жастарға

бір-бірімен үйленуге болмайды. Кімде-кім осы жарлықты бұзса өлім жазасына кесілсін» деген қатал да, бірақ әділетті Жарғысы ұлт тағдырына алаңдаудан туса керек.

Қай ұлттың болмасын ең басты ерекшелігі тілі мен салт-санасы болса керек. Осы екеуінің бірінен айырылған халық жылдар өте екіншісін де өз бойынан сыпырып тастары сөзсіз. Сондықтан болар атам қазақтың «Егер атасы тілге уақап болмаса, баласы оны түтіп тынады, ал немересі жұтып тынады» деп салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды ұрпағының бойына сіндіріп келген. Тіпті осының бәрін әу бастан-ақ түсінген қызылдар үкіметінің өзі «ескіліктің қалдығы» деп алдымен дәстүрімізден айырып, содан кейін тілімізге ауыз салған жоқ па? Міне, қазір солардың «ашы жемісін жеп», кейінгілерден шошына бастадық. Рас, еліміз Тәуелсіздігін алысымен ата-баба салт-дәстүріне қайта бой ұсына, ден қоя бастағандаймыз. Бірақ әбден «коммунистік тәрбиеден» қатып қалған денемізді оған үйрете алмай келеміз. Оның үстіне дәстүрімізді қайта жаңғыртып жатырмыз деп ойымызға келгенін жасап жатырмыз. Ал олардың дұрыс-бұрыстығын бақылайтын бірде-бір адам немесе ұйым болмады. Соның салдарынан салт-дәстүрдің иісі мұрынына бармайтындар асылдарымызды батпаққа аунатып, ұлттық қасиетімізді күлкіге айналдыра бастады. Оның арты барып бүкіл болмысымызға үкі тағып үлпілдетіп, тұрмысымызды түрлендіріп, халқымызды биіктен түсірмей келген баға жетпес рухани байлығымызға бүгінгі ұрпақтың одырая, жатырқай қарауына әкеп соқты.

Есімдерін бөле-жара айтып, ел-жұртқа қарабет етіп, ағайын-туысының алдында табаламай-ақ қояйын, осыдан бір-екі жыл бұрын бір танысымның әкесі қайтыс болып, үлкен кісіні соңғы сапарға шығару үшін көңіл айтып біз де бардық. Кеше ғана ортамызда жүрген адаммен мәңгілікке қоштасу оңай болып па, көңіліміз босап, көзімізді сүртіп тұрғанбыз. Бір кезде бұжыр бетті дәу қара «мекем-ау, мекем-ау» деп барылдап келді де, менің дәл жанымда тұрған ұзын сарымен құшақтасып жатып, «қойнымдағыны қайтер екем-ау» деп көрісті. Сөйтіп не керек әлгі екеуі ебін тауып сытылып шықты да, келесі үйдің бұрышына барып «қойындағы» жартыны сыңғытып алыпты. Ақыры әбден

қызған екі қандасымыз азалы үйдің мазасын қашырып, адам бармайтын әбестіктерге барды.

Соңғы кездері қабір қазушыларға ішімдік беру, қарт кісілердің қазасынан кейін «Мұның арты той. Атамыздың жасына келейік» деп тост көтеріп, ашықтан-ашық арақ ішу «дәстүрімізге» берік сіңген сыңайы бар. Бұл да ұлттық салт-дәстүрімізді өткізуді қадағалап, жоғарыдағыдай көргенсіздіктерге жол бермейтін адамдардың жоқтығынан-ау дейміз.

Қазақ салт-дәстүрге өте бай халық. Оның мына фәни дүниеге келген уақыты мен жамбасы жерге тигенше сүретін ғұмырының әр сәті, әр күні осы рәсімдермен біте қайнасып, жалғасын тауып жататын. Тіпті қазақты салт-дәстүрсіз көзге елестету де мүмкін емес. Мысалы, бір ғана қадірлі қонағына табақ тартудың өзі сый табақ, құда табақ, құдағи табақ, жеңге табақ, беташар табақ, күйеу табақ, қыз табақ, құрдас табақ, бала табақ болып бірнеше түрге бөлінуінің өзі қазақтың жай халық емес екендігін көрсетсе керек. Ал халқымыздың адам дүниеге келгендегі «шілдеханамен» басталып, ақырғы демі таусылып, «имансу» ішкенде аяқталатын өміріндегі салт-дәстүрлерді жинасақ, оның қандай дана, ұлы халық болғанын көз алдымызға әкелер едік.

Амал не, оның көпшілігі ұмытылып, қалғанының өзі қағаз жүзінде қалып келеді. Той-томалақта, мереке-мейрамдарда олардың әр жерін шұқып, бойымызға тықпалағымыз-ақ келеді. Бірақ, онымыздан әлі ештеңе де шыға қоймады. Өйткені бізде ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын қоғамдық мектеп, оның тылсым табиғатын зерттеп-зерделейтін ғылыми жеке сала, жер-жерлерде өткізіп, халықтың бойына сол тап-таза күйінде құюға әрекет ететін мемлекеттік мекеме жоқ. Сондықтан да жап-жақсы ұлттық байлығымыз, рухани азығымыз әркімнің қолында шашырап, ұсқынынан айырылып, жойылып барады.

Қысқасы, ұлттық салт-дәстүрлерімізді қайта қолға алып, она аса мұқияттылықпен пайдаланбай біз ұрпақ тәрбиесінде жоғарғы бір жетістіктерге жете алмаймыз. Мың жерден мейлі оқып, тоқып, бірақ бойында ата-бабасының қанымен келген салт-дәстүрлері болмаған ұрпақ ешқашан елінің, жерінің, ұлтының қамын ойлап, көсегесін көгерте қояды десек шып-шылғи өтірік болып шығар

еді. Сондықтан да бұл істің шоғын мемлекетіміз, жоғарыдағы басшыларымыз көсеулеуі керек. Салт-дәстүрлерімізді насихаттап, жеке жинақ етіп бастырумен, жастардың бойына құюмен тікелей айналысатын мемлекеттік мекеме керек. Осы уақытқа дейін халқымызды сақтап келген салтымызды енді халқымыз жабыла құтқаруы керек. Онсыз біздің болашағымыз да бұлдыр.

Аспанда күн тұтылған соғыс кезеңдерінде, аласапыран шайқастардың ортасында «жапырайған жаман үйлерде» де талай жақсы тойлар тойланды, «жапырайған жаман үйлерде» де ата-бабамыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ары қарай жалғаса берді. Ал қазір ше? Жұмакпен теңесетін заманда өмір сүріп жатып олардан қалай ғана айырыла бастадық. Неліктен абыройын ақшаға сатқандар, ажырасулар, тастанды балалар, асыраушысы ат-тонын ала қашқан қарттар көбейді?! Неге...?

*21 шілде, 1997 жыл.*

### ***БІЗ ТУҒАНДА АНАЛАР «ҰЛ ТУДЫМ» ДЕП ҚАЛЖА ЖЕГЕН***

...Кім айтса да «Отан – отбасынан басталады» деген сөзді тауып айтқан. Бұл ретте, қазақтың кең байтақ ұлы даласында түтін түтеткен әрбір отбасы «Қазақстан» аталатын ортақ Отанымыздың толық қанды бір мүшесі. Демек, отбасынсыз Отан болмайды, ал Отаны жоқ отбасының маңдайының соры қалың болады. Осы орайда қазір жер бетінде тілі мен тілегі бір отбасыларды біріктірген 7 мыңдай ұлт пен ұлыс бар болса, БҰҰ-ның тізімінде соның тек қана 194-і ғана мемлекеттігін, яғни өз Отанын құра алған екен. Ал қалған жұрттар осы мемлекет құрушы 200-дей халыққа тәуелді болып күн кешуде. Әрине, басқа халыққа тәуелді болудың қандай болатынын біздің қазақ жақсы біледі. Себебі, бодан халықтың қолы ғана емес, ойы да байлаулы болатынын басынан өткерген. Бұл ретте Шақалақ ақынның «Тәуелді елдің иті де төмен қарап үреді» деп айтқан сөзін еске алсақ та жетіп жатыр. Әрі осыны жетесіне жеткізіп

түсінген қазақ халқы шыбын жанын шүберекке түйіп, өз жерін, өз елін өлермендікпен қорғай білген. Соның нәтижесі – Қазақ елі қазір 2 млн. 777 шаршы шақырым жерімен әлем елдері ішінде 9-орында тұр.

Әрине, атам қазаққа мұншама жерді ұрпағына аман-есен жеткізу оңайға түскен жоқ. Осы орайда ертезамандарда халқымыз өзінің жүрегі мен білегіне сенді. Сосын, беріректе тектілігі мен білім-біліктілігіне арқа сүйеді. Дегенмен де өткен XX ғасырдың қазақ үшін ең бір қасіретті кезең болғанын ұмытуға қақымыз жоқ. Өйткені, осы жүзжылдықтың өзінде қазақ «мың өліп, мың тірілді». «Атадан туғанда алтау едік, өле-өле жетеу болдық» дегендей өсіп-өне берді. Осыған орай белгілі демограф Мақаш Тәтімов: «Қазақ халқы өз тарихында екі ауыр демографиялық күйзелісті басынан өткерді. Оның бірі – 1723 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде қазақтар 1 млн. адамнан немесе халқының 40 пайызынан айырылған. Бұл қырғын болмағанда халқымыз XX ғасырға кемінде 8-10 млн. жаны бар ел болып жетер еді. Мұның орнына 1897 жылы патшалық Ресей жүргізген санақ бойынша қазақтардың саны 3 млн. 786 мың адамға (дұрысы – 4,200 мың адам болуы керек. М.Т.) әзер жеткен. Ал енді, екінші күйзеліс – 1932 жылғы ашаршылық салдарынан соған дейін 4 млн. 120 мың адам болған қазақтың 3 млн. 53 мыңы немесе 74 пайызы құрбан болған және үркіншілікке ұшыраған. Сөйтіп, осы демографиялық дағдарыс салдарынан жұртымыз өз атамекенінде азшылыққа айналып, небары 26 пайызы ғана қалды. Әйтпесе, аталған соңғы ұлттық нәубет болмаса халқымыз өз Тәуелсіздігіне 20 млн. жан саны бар іргелі ел болып жетер еді» – деген мәліметтер келтіреді.

Дегенмен, шапқыншылық пен жаугершілікті көп көрген халқымыздың ерекше бір қасиеті – басына күн туғанда керемет өсімталдық таныта алатындығы. Міне, соғыстан кейін осындай өсімталдық көрсеткен қазақ халқы 1969 жылы-ақ бұрынғы санына қайта жетті. Ал енді еліміз Тәуелсіздігін алып жатқанда төрткүл дүниеде тарыдай шашыраған қазақ жұрты 10 млн. адамға жетсе, 2009 жылы өткен халық санағында жұртымыз өз атамекені тарихында алғаш рет 10 млн. 096 мың адамға толды.

Менің ойымша, «Отан» деген қасиетті ұғым «От-Ана» деген, яғни, отбасы және ана сөздерінен құралса керек. Өйткені, отбасы мен әйел-ана қазақтың санын көбейтуде айрықша рөлге ие. Осы орайда еске түседі, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейінгі жылғы 11 ақпанда одақтық «Правда» газетінде Т.Есілбаевтың «Мардымсудың зардабы» атты атышулы мақаласы жарық көрді. Онда Желтоқсан көтерілісіне дейін төрт күн бұрын ғана «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген демограф-ғалым Мақаш Тәтімовтің «1962 жылы Қазақ КСР-індегі жергілікті халықтың үлес салмағы 29 пайыз болса, 2000 жылға қарай 50 пайызға жетеді» деген болжам-зерттеулері қатты сынға алынады. Сондай-ақ, партократиялық жүйенің әмірімен жазылған «Мардымсудың зардабы» деген сол мақалада демограф-ғалымның «1986 жылы атажұрттағы қазақтардың саны 6,2 млн. адамға жетіп, 39,5 пайыздық көрсеткішпен республикадағы орыстар санымен теңесетініне» қуаныш білдіргені де түйреліп өтіледі. Әрине, бұл хабар ол кезде барлық ұлтжанды қазақтар үшін де өте бір жағымды жаңалық болған еді.

Негізі, біздің қазақ өте балажан халық. Сондықтан да алдымен бала-шағаның амандығын сұраған. Осы ретте «бір баласы бардың – бір ру елде малы бар. Екі баласы бардың – екі рулы елде малы бар. Үш баласы бардың – үш рулы елде малы бар. Төрт баласы бардың – төбеден салған жолы бар. Бес баласы бардың – дес бермейтін күші бар. Алты баласы бардың – Алладан басқа несі бар?!» деп Ергенекті Сұршуаш би айтқандай, Желтоқсан көтерілісіне дейін әр жетінші қазақ отбасынан 10-нан аса бала өрбіген екен... Атап айтқанда, сол 1986 жылы желтоқсанда алаңға шығып, сотталып кеткен Расылхан Құдайбергенов 12 балалы, Қасым және Гүлнәр Әбілхайыровтар 11 балалы отбасынан шыққан екен. Әрине, «желтоқсандықтар» арасында мұндай көпбалалы отбасында дүниеге келгендер жетіп артылады. Бұл ретте «Бала есейе келе бір-бірін жетектеп өседі» деп ұғынған қазақ көп баланың өзін тәрбиелеуді ауырсынбаған. Мысалы, қазір осы Алматыда үлкен кәсіпкер саналатын Расылханның өзі «Мен отбасымызда жетінші болып өмір есігін ашыппын. Содан болар көп жағдайда жаңа киім кимей, ағаларымнан қалғанды тозды-



рып өстім» деп еске алады. Міне, соғыстан кейін, Желтоқсанға дейін біздің қазақ осылай өсіп-өне берді.

Жалпы, Желтоқсан көтерілісіне дейін қазақ отбасыларында кем дегенде 5-6 бала болуы қалыпты жағдай-тұғын. Осы орайда мына менің өзім 6 ұл-қызы бар отбасында өмір есігін аштым. Соған марқайып жүретін ағам Бөгенбай «Алтаумызатқа қонғанда, әжептеуір қолмыз-ғой!» деп жиі айтатын. Әрине, соғыстан кейін шаңырақ көтерген әкем Әуелбек пен анам Жанаттың бауырынан бұдан да көп бала тарар ма еді, кім білсін... егер әкем соғыстан алған жарақаттардың салдарынан 1964 жылы 42 жасында дүние салмағанда. Соның өзінде біздің отбасы Жамбыл ауылының «Қырықкепе» бөлігіндегі жан саны жағынан орташа отбасы саналатын. Өйткені, осы «Қырықкепеде» үлкен ұлы 1941-1945 жылғы соғысқа қатысқан, ал кенжесі 1978 жылдары дүниеге келген, сөйтіп 20 ұл-қыз өсірген... сондай-ақ, үймелі-сүймелі 15 балаға өмір қызығын тарту еткен берекелді отбасылар да бар болатын. Әрине, олармен салыстырғанда әке-шешелеріміз көп балалы жанұямыз деп айтуға ыңғайсызданатын.

Осы орайда, қазір 2-3 баладан аспайтын отбасылардың өзін қанағат тұтатынымыз көңілге қорқыныш ұялатады екен. Тіпті, бүгінгі таңда қазақ қоғамында 350 мыңдай 25-50 жас арасындағы кәрі қыздың бары зәремізді алады. Өйткені, бұл дегеніміз – 350 мыңдай отбасы құралмады деген сөз ғой. Ал егер сол қыздардың бәрі тұрмыс құрып, кемінде 3 баладан тапса, онда біздің халқымыз өзінің табиғи өсімімен-ақ 1 млн. адамға толығар еді-ау...

...Иә, қалай айтсақ та көп балалы отбасылар – кең байтақ еліміздің негізгі тірегі. Өйткені, көп балалы отбасыдан шыққан ұл да, қыз да ашық, балажан, ең бастысы – бауырмашыл, ұлтжанды болып өсетіні анық. Міне, осы себептен де кешегі Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың негізгі бөлігін осы көпбалалы отбасылардан шыққан ұл-қыздар құрағаны таңқаларлық жағдай емес!

## *Халифа Алтай: Ел іргесі бір сөгілмесін де...*

*Кәрі құрылықтың дәл кіндігінде керіліп жатқан ұлы дала мен асқар таулардың етегін ен жайлаған қазақ халқындай тағдыр тәлкегін тартқан халық адамзат тарихында сирек ұшырасады. Өйткені, көзін тырнай ашқаннан бес қаруын басына жастанып, өмірінің көп бөлігін ат үстінде өткізіп, атамекенін қорғау жолында аласапыран соғыстардан ес жимаған бұл жұрттың тыныш өмір сүрген кезеңі жоқ десе де болғандай еді. Әсіресе, сонау жаугершілік замандарда көрші екі империяның бұғауына бөлініп кеткен ұлтымызға ХХ ғасыр адам төзгісіз қасірет алып келді. Тарихи Отанда қызылдардың қанды саясатынан қазақтар мың-миллиондап қырылып, жылы орнын суыта босып жатқанда, көрші Қытай елінің құрамында қалған Шығыс Түркістанда да екі миллиондай қазақ баласы жергілікті өкіметтің теперішін көріп жатты. Сөйтіп, бұл орасан зор сойқанның ақыры қазақ жұртының атамекеннен босып, төрткүл дүниеге тарыдай шашылуына әкеліп соқты. Бірақ, жаны сірі халықты бұл ақырет те құртып жібере алмады. Керісінше, қатал тағдырдың қаһарынан қатая түскен қандастарымыз ата-баба отын өшірмей, салт-дәстүрін сақтап өмір кеітті. Тіпті, олардың арасынан ғылым-білімнің, әртүрлі іс пен өнердің ізін қуып, қазақ деген халықтың беделін биіктеткен қайраткерлер де шықты. Солардың ішінде ауған елмен бірге мына жарық дүниенің бар азабынан өтіп, өз қабілет-қарымының, ізденіш-төзімінің арқасында мұсылман әлемінде ерекше беделге ие болған Халифа Алтай Ғақыпұлының шоқтығы биік. Ол ислам дінінің табиғатын терең зерттеп, Құран Кәрімді қазақ тарихында тұңғыш рет ана тілімізге аударып, «Иман-шарт», «Ғылымхал», «Хутпалар», «Таңдамалы хадистер» секілді діни еңбектер мен «Түркиядағы қазақтардың шежіресі», «Естеліктерім», «Алтайдан ауған ел» атты тарихи шығармалар жазған, халықаралық «Алаш» сыйлығының алғашқы иегері атанған, рухани дамуымыз жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан барша алашқа танымал тұлға. Бүгінде көрмегенінен көргені көп, төрткүл дүниенің төрт бұрышын*

*түгел шарлап келіп, атажұртында 85 жастың сеңгіріне көтеріліп отырған Халифа ақсақал, бізге сонау алыс көкжиекте қалған қиын күндердің ащы көрінісін ашып берді.*

– Халифа ата, көпшілік халық Сізді Құран Кәрімді қазақшаға аударғаныңыз арқылы біледі. Бірақ, олардың дені бастан кешкен өміріңізге жақсы қанық емес. Сондықтан да, айтуға қанша ауыр болса да, өткеніңізге бізді де ертіп барып келсеңіз.

– Мен 1917 жылдың 15 желтоқсанында Шығыс Түркістандағы Алтай өлкесінің Шіңгіл ауданында дүниеге келдім. Әкем Ғақып көзі ашық, сұңғыла адам еді. Алғашқы сабақты әкемнен оқып, одан кейін ауыл молдаларынан және 1931 жылы Қазақстаннан қашып барған Ахмет пен Мағауия деген молдалардан араб тілінде діни білім алдым. Бірақ, бұл оқу ұзаққа созылмады. Өйткені, сол жылдары көршілес жатқан монғол әскерлері жиі-жиі шабуыл жасап, ел ішіндегі тыныштық бұзыла бастады. Тіпті, бірте-бірте әбден еркінсіген олар Бұлғын, Шіңгіл өзендерінің бойындағы ауылдарды аяусыз шауып, адамдарымызды өлтіріп, малымызды талан-таражға түсірді. Міне, осы себептен және сол жылғы үлкен жұттан бір қауым ел атажұрт Алтайды тастап, Баркөл маңайына көшуге мәжбүр болды. Осылай 1933 жылы Алтайдан басталған көш 1953 жылы Стамбулға келіп тоқтайды.

– **Кешіріңіз, бұл жер қазір қай елдің ішінде?**

– Бұл бүгінде Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысы мен Монғолияның Баян-Өлгей аймағымен шектесіп жатқан табиғаты керемет, шөбі шүйгін, тұнық сулы ҚХР құрамындағы таулы өлке. Мал қамын ойлаған халықпыз ғой, көпшілік ауылдар монғол шекарасына дейін жұрт жаңалап көшіп-қонып отыра беретін. Алайда, жоғарыдағы себептерден туып-өскен қасиетті өр Алтайды тастап, Қытайға ішкерілей кіретін Баркөл маңайына көштік. Өйткені, бұл өлкеге қазақтар 1895 жылдан бастап қоныстана бастағандықтан іштарта барған едік. Бірақ, мұнда да біздерді қилы заман күтіп тұрыпты.

1933 жылы Шыңжаңның әскери-саяси билігі Шың Шысай дегеннің қолына өтті. Ол келе Кеңес өкіметімен бірігіп, коммунистік тәртіп орната бастады. Соның салдарынан елде

саяси дағдарыс шиеленісіп, экономика құлдырап, алым-салық көбейіп, халықтың тұрмысы ауырлап кетті. Бұл сол өңірлерде мекендейтін аз ұлттардың наразылығын тудырып, елдегі көзі ашық, оқыған, беделді адамдар жаппай қамауға алына бастады. Мұндай зорлық-зомбылыққа төзбеген ауылдар Шың Шысайдың пасық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне шықты. Оған 18 мыңдай адам қатысып, ол халықтық сипат алады. Бұл көтерілістен қатты сескенген Қытай өкіметі қарсы әскер шығарып, ол аз ұлттардың (қазақ, қырғыз, ұйғыр, т.б.) 60-70 мыңдай адамын қырғынға ұшыратты. Тіпті, жендеттер елді жантүршігерлік азаппен жазалауға дейін барып, түрме іші тұтқынға толды.

Бұл көтеріліс 1938 жылға дейін созылды. Бірте-бірте Кеңес әскерінің көмегіне сүйенген Шың Шысай көтерілісшілерді аяусыз қырып, жүздеген мың қойымызды, ондаған мың жылқымызды тартып алды. Сөйтіп, Баркөлді жайлаған халық жоқшылықтан күйзеліп, бейғам күлкі, тыныш ұйқыдан айырылды...

– **Содан ел жаппай ауа бастады ғой?..**

– Иә, ел іргесі бір сөгілмесін де... сөгілсе, оны қайта қоныстандырудың мүмкіндігі болмайды. Сөйтіп, біз бір түнде ірге көтердік. Бар малымызды тартып алғандықтан малсыз көштік. Барлық жүктерді түйелерге артып алғанбыз. Сөйтіп, 1938 жылы ауыр жағдайда Гансу-Шыңқай тауларының етегіне әзер жеттік. Бақытымызға орай бұл жерде жабайы ат (құлан) және басқа аңдар көп екен. Соларды аулап аштықтан құтылдық. Бірақ, қашқан елге қоқан-лоққы жасаушылар көбейіп кетеді екен. «Жау жағадан алғанда бөрі етектен тартады» дегендей, жергілікті дұңғандар «жығылған үстіне жұдырық» болды.

– **Сол кезде атажұрттан қанша адам шыққан еді?**

– Баркөлден ауған елдің алғашқысы 500 түтін, одан кейінгісі 2500-дей түтін болды ғой. Ал, жалпы шұбырындыға түскен адам 18 мыңдай едік. Әрине, бұдан басқа өңірлерден де шекара асқан ел көп болды ғой. Олардың көбі тыныш өмірге жете алмады.

– **Жаңағы Гансу-Шыңқай деген жерде қанша аялдадыңыздар?**

– Алды бұлыңғыр, атажұртта бейғам тіршілік ете алмаған ел азып-тозып, қақаған қыста Гансу өлкесіне 1939 жылдың басында жетіп, осында 2 жылдай бөгелді. Жоғарыда айтқанымдай, бұл жердің негізгі тұрғылықты халқы дұңғандар екен. Олар да бізге қырын қарап, зомбылықты көп жасады. Тіпті, Шыңқайда түн ішінде қаруланып алып, ауылдарға шабуыл жасайтын болды. Содан кейін біз де түнімен ел мен малды күзетіп көз ілмейтін болдық.

Сөйтіп, туған топыраққа сыймаған шерлі елдің өлімнен аман қалған 5 мыңдайы 1940 жылы Тибет арқылы Үндістанға өтпек болды. Оны Елісхан және Зайып деген батырлар бастады. Бірақ, жарты жолда Шыңқай өкіметінің қарулы жасақтары қуып жетіп, онсыз да жадап-жүдеген көшті қырып-жойып, жүздеген әйел, қыздар мен балаларды қолға түсірді.

Біздің отбасы атажұрттан шешем, ағам, жеңгем, қарындасым, мен, екі ініммен шыққан болатынбыз. Әлі есімде, күн бата Тибет шекарасына келіп қонғанбыз. Қайтыс болған бірнеше адамымызды жерлеп, алаңсыз отырғанбыз. Сол сәтте тұтқиылдан жау шапты. Біз жалма-жан ат-көлікке жүгіріп, қолында қарулары барлары атыса бастады. Біреуді-біреу біліп болмайды. Дегенмен, біздің жігіттердің атқанын құр жібермейтіндігінен сескенді ме, әскер екпіні бәсеңси бастады. Кейін елдің бас-аяғын жиып, аман-сауын түгендеген кезде 500-дей адамның тұтқындалып, 500-ден астамы соғыста өлгенін білдік. Халық сең соққандай есеңгіреп қалды. Жеңемізді сол жерге жерлеген біз алты жан болып үш ат, екі түйемен аман шықтық. Дәтке қуат етеріміз – бас амандығы... Біздің ауылдан 11 бала жау қолында қалды. Ішер аспен киер киім де жоқ. Осылай итқорлықпен Үндістанға қарай бет алдық. Жолай үстірт Тибеттің көкмұзды асуларынан өту кезінде ауада оттегінің жетіспеуінен көптеген адамдарымыз қан құсып немесе ісініп өлді. Сөйтіп, ажалдан қаша отырып, 1941 жылдың қыркүйек айында ағылшындар билігіндегі Үндістанға жеткенімізде 5 мыңнан аса адамның 3039-ы ғана қалғаны белгілі болды. Демек, бұл азапты сапарда біз 2 мыңнан аса адамнан айырылдық.

**– Үндістанда қуғын-сүргіннен құтылған боларсыздар?**

– Иә. Мұнда келісімен қару-жарақтардың бәрін өткізіп, бізді тізімге алды. Дәтке қуаты – Шыңқай мен Тибеттегі қарулы қақтығыстардан құтылғанымыз. Бірақ, жат ел пана болушы ма еді? Үнемі нәсерлетіп жауған жаңбырға көндікпеген адамдар әртүрлі ауруларға ұшырап, бір жылдың ішінде тағы мыңға жуық адамымызды жер қойнына бердік. Сөйтіп, халықты тағы қайғы жайлап, еңсесікөтерілмей-аққойды. Дегенмен, біздің қамымызды ойлаған Кашмир мұсылмандарының басшысы Шейх Мұхаммед Абдуллах деген адамның жақсылығы есімізде мәңгі қалды. Сол кісінің ықпалымен жергілікті мұсылмандар көмектесе бастады. Содан қойған шарттары ауыр болса да Үндістан мен Пәкістанда «отансыз» деген құжатпен 12 жыл тұрақтадық. Мұнда мен медреселерде арабша, пәкістанша діни білім алып, урду тілін жақсы меңгердім. Соның арқасында жергілікті мұғалімге көмекші болып, 1951 жылы Пешавар қаласында «Шығыстүркістандық қазақ көшіп келушілер қоғамын» құруға қатысып, оған жауапты хатшы болдым.

**– Шығыс Түркістаннан елдің босуы қай жылға дейін жалғасты?**

– Атажұртты тастап шыққан көш 1949 жылға дейін созылды. Ол мына Бибәтiш апаларыңның көші еді.

**– Түркияға көшулеріңізге не себеп болды?**

– Өйткені, біз Пәкістаннан азаматтық ала алмай, отансыз ел болып тұрып жаттық. Бұл елдің бізге түпкілікті мекен бола алмайтынын ішіміз сезді. Сондықтан біз Түркияның Пәкістандағы Бас елшісі Нәбіл Батуға өз өтінішімізді білдірдік. Бұл уақытта Үндістанға жеткен 3039 адамның тағы 2 мыңдайынан айрылып, 1400-дей жан қалған едік. Бас елші біздің азапты өміріміз туралы әңгімені үнсіз ұзақ тыңдап, түбі бір қандастары ретінде көмектесуге уәде берді. Содан 1952 жылы 13-наурызда Түркиядан қуанышты хат келді. Мұнда Түркия үкіметінің №3/14595 арнайы қаулысымен Пәкістандағы босқын қазақтарды көшпенді ретінде қабылдап, көмек көрсетілсін деген екен. Біздің қуанышымызда шек болмады. Осы орайда түрік тілін білетін мен елшіге көмекші болып, көші-қон жұмыстарын басқардым.

Сөйтіп, 1953 жылы қыркүйек-желтоқсан айларында 1379 адамнан тұратын көш 14 топқа бөлініп, Түркияны бетке алдық. Осы кезде аяғы ауыр зайыбым Зейнеп тосыннан ауырып, қайтыс болды. Үш баламмен аңырап қалған мен оның сүйегін Пәкістан топырағында қалдырып, көшке ілесіп кете бардым.

**– Енді Түркиядағы өміріңізге қысқаша тоқтала кетсеңіз.**

– Мұнда Түркия үкіметі бізге өз қандастары ретінде қарап, үлкен рухани және материалдық көмек көрсетті. Ауа райы да қолайлы. Алғашында үш жылдай лагерьлерде орналастырып, тегін жай, тамақ берді. Тоқымашылық, ұсталық, тігіншілік секілді кәсіптерге үйретіп, оқытты. Түрікше тіл курстары ашылды. Міне, содан кейін барып, топ-тобымен ауылдарға орналастырды. Қазір олардың арасында кәсіптері арқылы байып, сәні мен салтанаты келіскен зәулім үйлер тұрғызып алғандар да бар.

**– Бұдан кейін өзіңіз кіндік кескен ата-жұртыңыз – Алтайға жол түсті ме?**

– Иә. 1987 жылы бір кездері кимай қоштасқан қасиетті ата-мекенмен қайта қауышуды маңдайға жазды. Мына жалғанда өзіңнің елің мен жеріңнің өзіңе пана бола алмауынан өткен қорлық жоқ екен. Бірақ, бәрібір туған жерден ыстық ештеңе жоқ. Туып-өскен Шіңгілмен, Сарытоғаймен, Күнгеітімен, Құжыртымен, Армантымен жылап қауышып, өткеннің бәрі көз алдыма келіп, бір сәт балалық шақпен қайта табысқандай күй кештім.

**– Түркияда негізінен қандай жұмыстар атқардыңыз?**

– Онда мен бар ғұмырымды ислам дінінің табиғатын зерттеуге, діни еңбектер жазуға арнадым. Алдымен ондаған жылдар бойы мұсылманның бар тұңғығына үңіліп, «Құран жолы және иманның шарттары», «Төфсир Ел-Итқан Фи Тержи метүл Құран», «Тәпсір амма» секілді қазақ, араб, татар тілдерінде діни кітаптар жазып, үлкен дайындықтан соң 1988 жылы Құран Кәрімді қазақ тарихында алғаш болып қазақшаға аудардым. Құран Кәрім аудармасының жалпы тиражы миллион данадан артық басылып, елімізбен бірге Ресей, қытай, түрік, монғол, өзбек, қырғыз елдеріне таратылды.

– Қазақ тілі кириллица әрпімен жазылады ғой. Оны қайдан үйрендіңіз?

– 1967 жылы Йорданияның астанасы Амманда Жорабай деген таныс өзбек «қазақша кітап» деп Әбілда Тәжібаевтың «50 жылдың өрінде» деген кітабын берді. Оны оқи алмайтынымды айтып едім, алфавитін жазып берді. Міне, осыдан бастап мен кириллица әрпімен жазылған қазақ кітаптарын іздейтін болдым.

– Ал, атажұрттың қасиетті топырағын алғаш рет қашан бастыңыз?

– Алғаш рет «Отан» қоғамының шақыруымен 1978 жылы Алматыны көруді Алла нәсіп етті. Алматының әсем, көзтартар көркі мені бірден баурап алды. Атамекеннен жырақта жүріп жаралы болған көңіліме қанат бітіп, аунап-кунап қайттым.

– Сіздің «Алтайдан ауған ел», «Түркиядағы қазақтардың шежіресі» секілді тарихи шығармалар жазғаныңызды білеміз. Бірақ, өлең жазатыныңызды естіменпіз.

– Иә, мен Түркияда жүріп «Естеліктерім» атты қазақша өлеңмен көш-дастан жаздым. Онда Түркияға қосылған көштің Кашмирге дейінгі ауыр жағдайы мен шежіресі қамтылды. Дастанды сөздерді ұзартпай, тарихи деректерді дәл көрсете отырып, бөтен сөзбен былғамай жазуға тырыстым.

– Қазақстанға біржолата қашан келдіңіз?

– Атажұртқа біржолата табан тіреуді 1992 жылы мақсат еттім. Сол жолы ата-баба мекенінің 12 облысын аралап, ел-жұрттың тыныс-тіршілігімен таныстым. Алдымен хазірет Ахмет Иасауи, Арыстан бап, Айша Бибі, Алаша хан мазарларына зиярат етіп, елге белгілі азаматтармен кездестім. «Ел іші – алтын бесік» қой, көңілім өсіп, бір жасап қалдым.

– Сол тарихи Отанға оралған жылдан бері Халифа Алтайдың бүкіл қазақ жерін аралап, дін мен тарихты насихаттап келе жатқанын жақсы білеміз. Дегенмен де, нақтырақ тоқтала кетсеңіз.

– 1992 жылы құрметті мемлекет Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан азаматтығы мен бір пәтер беріп, еткен еңбегімді марапаттады. Сол үшін ол кісіге шексіз алғысымды білдіремін.



Содан тыныш жатуға үйренбеген мен 1993 жылдан 1995 жылдың соңына дейін 3 жыл бойы әр жұма күні Қазақ радиосынан 10 минуттық уағыздау бағдарламасын жүргіздім. Ол бағдарлама халық сұранысы бойынша қайта берілуде. Сондай-ақ, содан бергі уақыттарда, теледидарда және газеттерде діни мақалаларым жарық көріп, халық өтінішімен облыстардағы мешіттер мен мекемелерде жиналыстар өткізіп, дінді насихаттап жүрмін.

Өз әрекетіммен халқыма қал-қадерімше діни қызмет көрсету мақсатында 1992 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен құрылған Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы жанынан «Инабат» тәрбиесі халықаралық орталығын құрдым. Ал, бүгінде өзімнен діни тәрбие алған Абдрахман Ескендір, Бекболат Тілеухан, Мұхаметжан Тазабек секілді шәкірттерімнің ұйытқы болуымен Халифа Алтай халықаралық Ислам қайырымдылық қоры құрылып, дін, тіл, дәстүр, тарихымызды насихаттап, рухани дамуымыз жолында еңбек етіп келе жатқан жайымыз бар.

**– Бұл қор қандай мақсаттарды көздейді?**

– Негізгі мақсаты – халқымыздың рухани бірлігін нығайту. Елбасының рухани мәдени салалардағы игі бастамаларын насихаттай отырып, іске асуы жолында қызмет ету. Оның ішінде қайырымдылық және мәдени-ағартушылық, ұлт мәдениетіне, тарихына байланысты зерттеулер, еңбектер шығарып, ислам дінінің негіздерін оқыту секілді көптеген игі шаралар бар. Қазір қор 60-70 шәкіртке арабша тегін тіл сындыртып, аптасына 5 рет бір сағаттан Құран оқытып жатыр. Жақында қор атынан бір кітап басып шығарылды. Осы орайда қорға көмек қолын созып, Абай мен Байтұрсынов көшелерінің қиылысынан екі бөлмелі кеңсе алып берген қала әкімі Виктор Храпуновқа разылығымды білдіремін.

**– Әңгімеңіздің соңында отбасыңызға тоқтала кетсеңіз.**

– Алла маған төрт ұл, төрт қыз берді. Үлкен ұлым – Абдулсаттар 25 жыл Норвегияда қызмет етіп, қазір Стамбулда зейнет демалысында. Екінші ұлым – Абдулсамат Парижде тігінші кәсібімен айналысады. Ал одан кейінгі екі ұлым осында. Абдулрахим 1999

жылдан бері маған көмекші. Осы үйдің бесінші қабатынан Сара Назарбаеваның тапсыруымен берілген үш бөлмелі пәтерде тұрады. Үш ұлы бар. Біреуі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің студенті, қалған екеуі №131 Б.Момышұлы атындағы мектепте оқиды. Кіші ұлым – Аднан осы атақонысқа келіп үйленіп, қазір «Рамстордың» мейрамханасын басқарады. Бір ұл, бір қызы бар. Төрт қыз үйлі-баранды. Бәрі Түркияда тұрады. Қолдары босағанда келіп кетеді.

Міне, осылай өмірімде көрмеген жақсылықты тарихи Отанымнан алып, жұртыммен бірге қуанышты өмір сүріп жатырмыз. 80 жасқа толған тойымды бүкіл республика көлемінде атап өтіп, тұлпар мінгізді, қала әкімі шапан жауып, зор құрмет көрсетті. Еткен еңбегім үшін Жазушылар одағы «Алаш» халықаралық сыйлығын табыс етті. Қазір жұбайым Бибәтеш екеуміз бақытты күн кешіп отырмыз.

Осылай құшақ жая қарсы алған ел-жұртына шынайы алғысын жаудыра сөйлеген Халифа ақсақал бізге күлімсірей қарап, сөзін аяқтады. Сұңғыла қария қолын жайып, барша елге ақ батасын берді:

*«Я, Ұлы Алла! Ел-жұртымызға мықты береке-бірлік, Тәуелсіз мемлекетімізге тұрақты тыныштық бере гөр! Сондай-ақ, бүкіл дүние халқына амандық, бейбітшілік бере гөр.*

*Я, Ұлы Алла! Елбасымызға зор денсаулық, күш-қуат бере көр! Әр іс басындағы азаматтарымызға бір жағадан бас, бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарлықтай ыдает-тәуап беріп, береке-бірлік нәсіп ете гөр!*

*Я, Ұлы Алла! Дінімізді, тілімізді, әдебиетімізді, мәдениетімізді және экономикамызды дамытып, өркендете гөр!*

*Я, Ұлы Алла! Ұзақтан, жақыннан, іштен, тыстан болатын әртүрлі дұшпандардың кесірінен Өзің сақтай гөр!*

*Я, Ұлы Алла! Ел-жұртымызды әртүрлі табиғи апаттардан, зілзалалардан, дауасыз аурулардан Өзің сақтап, қорғап, қорғаптай гөр!*

*Я, Ұлы Алла! Бұл кең-байтақ Отанымызды сом білектің күші, көк найзаның ұшымен қорғап, біздерге мирас етіп қалдырған қаһарман батырларымыз бен әділетті хандарымызды әр заман, әр жерде шын жүректен алғыспен еске аламыз. Соларды Өзің қолдап, алдарынан жарылқай гөр!*

*Я, Ұлы Алла! Сонау зар-заманда аштан қырылып, кебінсіз, жаназасыз, көмусіз қаңырап қалған миллиондаған отандастарымыз бен «халық жсауы» деген сылтаумен жазықсыз атылған мыңдаған ұлт қайраткерлерімізге және кешегі Желтоқсанда ұлт азаттығы үшін жандарын қиған боздақтарымызға шайттік дәрежесін беріп, алдарынан жарылқай гөр!*

*Я, Ұлы Алла! Осы батамды оқып, қол жайып отырған барлық жамиғатқа зор денсаулық, ұзын қайырлы өмір беріп, әртүрлі пәле-қазалардан, қауіп-қатерлерден, қайғы-қасіреттен тек қана Өзің сақтап, тілектерімізді қабыл етіп, мұратымызға жеткізіп, екі дүниеде де бақтияр етіп, тірілерімізді есіркеп, тәупик-һидает беріп, өлілеріміздің алдарынан жарылқап, жәннәт нәсіп ете гөр! Әмин!»*

*4 мамыр, 2002 жыл.*

### **БІЗДІ КИНОНЫҢ ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕЙТІН...**

...Сөзімді бастамас бұрын, басында соңғы жылдары байқағандарымды айта кетейін. Өйткені, біздің кезіміздей емес, қазір киноға негізінен жастар барады. Ал олар кино көру мәдениетінен ада екен. Оны өткен бір жылы «Көшпенділер» фильмін көруге барғанда байқадым...

Сонымен, жарық сөніп, көрсетілім басталды. Сол-ақ екен қыбыр-жыбыр басталды да кетті. Біреулер сықырлатып қағаз қалталарын шығарды. Сосын ондағыны қатырлатып жей бастады. Сөйтіп, әп-сәтте қараңғы зал іші шайнаңдаған ауыздың, күтірлеген жақтың дауысына тұнып кетті. Одан қалды, әлдекімдер күбір-сыбыр әңгімеге көшті. Жырқ-жырқ еткен күлкілер естілді... Осының бәрі құлағыма келіп жатқан менің бірте-бірте киноға деген құмарлығымның әңкі-тәңкісі шықты...

Ал енді біздің кезде қалай еді?.. Біздер, осыдан жиырма-отыз жылғы үлкенді-кішілі көрермендер, ауылдағы клубқа кино көру үшін баратынбыз. Одан рахатанып демалып қайтатынбыз. Тіпті, ол кезде кино көрудің өзі біздер үшін үлкен мереке болатын. Фильм барысында шыбынның ызыңы естіліп тұратын. Бәріміз

аппак экранға кіріп кете жаздайтынбыз. Ал енді кинодан алатын әсерді айтсақ... О-о, айтуға тіл жетпейтін. Өйткені, көңіл күй көріп отырған киномен бірге жүретін. Киноның мұңлы жерлерінде – жанарларымыз мөлтілдеп, күлкілі көріністерінде – каркылдай күліп отыратынбыз.

Мысалы, әлі күнге есте, ауыл адамдары тайлы-таяғымызбен келіп, «Қыз Жібекті» көріп отырғанбыз. Дәл Төлегеннің өлген жеріндегі сай-сүйекті сырқырататын сәтте, бүкіл зал көз жаына «көл» болатын. Үлкен апалар пысылдап, көкелер жағы корсылдап, жастар жағы қолдарын көздеріне жиі апарғыштап күңіреніп кететін...

Міне, қазіргі фильмдерден осындай әсер ала аласыз ба? Өңшең атыс-шабыс, арсыз-мәнсіз көріністер сезімді шымырлата алар ма? Әй, қайдам... Өйткені, бұлар қан көрмеген, өмір сезінбеген ұрпаққа арналған секілді ме, қалай? Осы ретте тағы да бұрынғының кинолары еске түседі. Өйткені, олардың барлығы сол кездегі өмірдің, адам тағдырының өзімен біте-қайнасып, қабысып жататын. Мысалы, менің ойымнан бір жағдай әлі күнге кетпейді. Әрине, оны түсіну үшін қазіргі таңда қазақ қоғамында белең алып бара жатқан сүрбойдақтардың бірі болып өмір сүру керек шығар...

...Менің өзім өте кеш үйлендім. Сондықтан да жалғыздық деген жезтырнақтың сойқанын жақсы білемін. Және оған жүрегімді талай талатқанмын да. Жалғыз өмір сүрудің жапасын кешкенмін де. Міне, сондай сәттерде жаныма жұбаныш іздеп «Тақиялы періштені» жиі көретінмін. Тақиям болмаса да, өзімді үйлене алмай жүрген «періште» санайтынмын. Ал, Әмина апамды біздерге, «әбден сүрленген бойдақтарға» қалыңдық іздеп жүрген нағыз «Тана жеңгей» санайтынмын. Өйткені, ол кісінің жасаған образынан өзімді үйлендіре алмай жүрген анамды байқайтынмын. Оның үстіне, менің анам да мінезімен кинодағы «Тана жеңгейге» сойып-қаптап қойғандай ұқсап тұратын. Одан қалды мен баласы көпке дейін отау көтермеген қазақ аналарының мінез-қылығын да сол «Тана жеңгейден» ажырата алмайтынмын. Бұл ретте фильмде барлық сүрбойдақтардың аналарының ішкі жан-сезімдері ақтарылып тұрғандай көрінетін. Сон-

дықтан да оны күле көргеніммен, жүрегім қан жылап қалатын. Әсіресе, ондағы Тана жеңгей айтатын «Ер азаматтың жанында анасы болуы керек. ...немесе әйелі» деген сөз маған соншалықты әсер ететін. Тіпті, осы сөзді естігенде өзімді қоярға жер таба алмай қалатынымын. Өйткені, құдды бір Тана жеңгей мен үшін... жо-жоқ, бүкіл қазақтың сұрбойдақтары үшін қалыңдық іздеп жүргендей көрінетін.

...Жүріп-жүріп, ақыры 2006 жылы қырықтан асып үйлендім. Өкінішке қарай, арада екі ай өткенде сүйікті Әмина апам, санамдағы «Тана жеңгей» бақиға аттанды. Сондықтан да аяулы «Тана жеңгеймен» соңғы рет қоштасып қалуға келіншегім екеуміз F.Мүсірепов атындағы жастар театрына бардық. Сөйтіп, бас құрауыма себепкер болған, тілектес болған ардақты анаға іштей тағзым еттім. Рас, гүлге оранып жатқан Әмина апамды көргенде көзіме жас тығылып, көңілім босап қалды. Дегенмен, нақ сол сәтте менің Тана жеңгейім «Қалай десе де, сені үйлендірдім-ау, әйтеуір. Енді бала-шағанның қызығын көріп, бақытты өмір сүре беріңдер!» деп дәл кинодағыдай, тек өзіне ғана тән күлкісімен қарқылдап ала жөнелетіндей болып көрініп кеткені...

...Ұқастық дегенді қойсаңшы, бұл. Қазір келіншегім Қарлығаш менезімен де, іс-қимылымен де кинодағы сол Тана жеңгейге айнымай ұқсап келеді. Кейде соны аңғарып қалып, әрі Әмина апам есіме түсіп, келіншегіме аузым ашыла, аңтарыла қарап қалатыным бар. Сосын, мына бір жағдай есімнен кетпейді...

Менің мектеп бітіргеніме 30 жыл толуына орай Шымкентке кластастар кездесуіне бірге тарған-тұғынбыз. Содан, құрбы-құрдастарыммен сағыныса әңгіме айтып тұрғанда, бір шетте «біздің сыныптас-қыздардың», бүгінде жастары 50-лерге келген аналардың ортасында тұрған Қарлығашқа көзім түсіп кетті. Қастарына жақындау бардым. «Біздің кластың қыздары» менің келіншегімді орталарына алып «Өзің жассың. Әдемісің. Құттыбекке қандай оймен тұрмысқа шықтың!» деп «тергеп» жаттыр екен. Оған сасатын Қарлығаш көрінбейді, «Менің күйеуім Желтоқсанда алаңға шығып, қазаққа Тәуелсіздігін алып берген. Ал ондай адамнан қалай бас тартамын!?» де-е-п, жауап беріп тұр.

Бұған енді не дейсің. Құдды, менің анама ұқсап, «Тана жеңгейді» көз алдыма әкелгендей көрініп кетті, сол сәтте ол маған...

### *Азайдық па, көбейдік пе?*

*Елін, жерін құлай сүйген адам өз қабілет-дарынын ұлтының кемелденуіне жұмсайды. Әлі есімде, сонау 1979 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының шалғайда жатқан қазақ ауылдарының біріне сол кездегі республика астанасы Алматыдан бір ғалым келіп, алғаш рет мектеп бітіргелі отырған жастар алдында қазақ халқының өсіміне байланысты лекция оқыды. Әрине, Кеңестер империясының үстемшіл саясатынан аз ұлттар жұтылып бара жатқан ол заманда, ұлтының санына алаңдап, жалғыз өзі жаяу-жалпылап ауыл-ауылды аралау – нағыз ұлтжанды адамдардың ғана қолынан келетін ерлікпен бірдей қасиетті іс болатын. Міне, бар ғұмырының 40 жылдан астамын ұлтымыздың санын түгендеуге арнап, оның көбеюіне өзіндік үлесін қосып жүрген бұл азамат – бүгінде елімізге танымал демограф-ғалым, Орталық Азия университетінің ректоры, саясаттану ғылымының докторы Мақаш Тәтімов еді. Жақында жүрегі жұртым деп соққан осы ғалым-ұстаз біздің газетімізге тәуелсіз мемлекетіміздегі ұлттар өкілдері арасындағы демографиялық жағдайлар жөнінде өз ойларымен бөлісті.*

**– Мақаш Байғалиұлы, Сіз жақында егемен Қазақстанның бүгінгі ұлттық құрамын терең талдай, есептеп шығардыңыз. Осы талдаулар туралы түсіндіріп берсеңіз?**

– Оны түсіну үшін алдымен демография ғылымның мақсат-міндетін білу шарт. Өйткені, демографиялық мәліметтер терең талдау мен толғана ойлануды қажет етеді. Сол себептен бұл қызықты ғылыммен айналысатындар тек жалаң дерек-дәйектерді ғана түзіп қоймай, сонымен қатар Үкімет пен қоғамның назарын өзіне аудара отырып, бүкіл елдегі демографиялық жағдайларға ықпал ете білулері керек.

Қазақстанда алғашқы ұлттық санақтың жүргізілгеніне бес жыл өтті. Әрине, бұл аралықта елдегі демографиялық ахуал біршама өзгерді. Сондықтан мен жыл сайын Қазақстанның ұлттық құрамына сараптамалық бақылау жүргізіп отырамын.

– Бұл сараптамалық талдаулар еліміздің ұлттық құрамының қалай қарай өзгергенін көрсетеді?

– Әртүрлі. Мысалы, бір этностарда көбейу, ал екіншілерінде азайу байқалады. Ал, халықтың жалпы өсімі бойынша көрсеткіш нөлге тең. Ендігі жерде біз мемлекеттік деңгейде тиісті шараларды жылдам қолданбасақ, онда демографиялық ахуалдың жақсы жағына түбегейлі түрде өзгере қоюы да неғайбыл. Өйткені, әлі де күн тәртібінен демографиялық көбею мәселелері түсе қойған жоқ. Әсіресе, қалыпты өсіміміз үшін аса қажет бала туу деңгейі сол төмен күйінде қалуда. Әрине, бала мен ана өлімінің деңгейі біршама түсті. Бірақ, халықтың табиғи қартаюы есебінен өлімнің жалпы коэффициенті жоғары болып тұр.

– Халық өсіміне кері ықпал етіп, өмірге бала әкелуге құлықтанбай отырған отбасылар қай ұлт өкілдері арасында жиі байқалуда?

– Қазір Қазақстанда терең тамырлы этнодемографиялық жылжу жүріп жатыр және соның нәтижесінде республикамыз бірте-бірте нағыз еуразиялық елге айналып барады. Оның басты себебі, біздегі еуропалық халықтардың бала тууының өте төмен болуымен ерекшеленді. Соңғы кезде бұл халықтар өкілдерінің көшіп кетуі біршама сирегенімен, олардың саны тап осы табиғи есебінен жыл сайын 35 мың адамға азайып отыр. Бұл үлкен бір соғыстағы шығынға пара-пар деген сөз. Осы орайда, өкінішке орай, республикамыздың шығыс бөлігінің тұрғындары да сол еуропалықтардың соңынан «ілесіп», ата-бабамыздың қанында бар «көпбалалық» дәстүрден ауытқып барады. Міне, еліміз үшін ең қауіпті құбылыс осы!

– Ал, одан шығудың қандай жолдары бар деп ойлайсыз?

– Ол үшін жас аналардың бала тууға деген ұмтылыстарын және бір-екеу емес, кем дегенде үш бала болуларына қолдау жасау керек. Сонда ғана елде өсім болады. Жақында мен парламенттік тыңдауда болып, сонда жастарға баспана алу үшін несие бөлуге байланысты ұсыныс енгіздім. Бұл орайда аталған несие отбасында баланың тууына қарай, яғни бір бала дүниеге келсе несиенің 25 пайызы, екі балаға – 50 пайызы, үш немесе төрт баладан кейін несиенің барлығы да жабылуы қажет. Міне,

осылай жасағанда ғана адамдарда «баланы өсіруге мемлекет көмектеседі» деген сенім қалыптасады.

Қазір көптеген қалаларда тек элиталық үйлер салынып жатыр. Мұндай қымбат үйлерде балалар көбеймейді ғой! Сондықтан да жоғарыдағы ұсынысымды Парламент депутаттары да, Үкімет мүшелері де қолдады. Ал, екіншісін барлығы бірдей қабылдай қоймады.

**– Халық өсіміне тұсау болып отырған тағы қандай жаман әдеттер бар?**

– Мен біздің елімізде жасанды түсік жасатуға, іштегі баланы алдырып тастауға тыйым салу керек деп есептеймін. Ең болмаса алғашқы, бірінші жүктілік кезінде. Өйткені, бірінші жүктілік кезінде іштегі баланы алып тастау – көптеген әйелдерде екінші рет бедеулікке апарып соқтырып, олар енді қайтып ана бола алмайды. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында біздің елімізде тірі туылған балаларға қарағанда, жасанды түсік тастау көп болды. Қазір де халық арасында үлкен жұмыстар жүргізілгеніне қарамастан жағдай әлі де дабылды күйде тұр. Себебі, жылына 150 мыңға дейін түсік тасталуда! Жарық дүниеге келмеген өмірді мезгілсіз ұзу барлық адами, діни түсінікте үлкен күнә саналады. Осы орайда, жасанды түсік жасату секілді жаман әрекеттерді кінәлайтын қоғамдық пікір қалыптастыру керек деп ойлаймын.

Мен 1994 жылы Египеттің астанасы Каирде өткен халықтар қоныстануына байланысты БҰҰ-ның Бүкіләлемдік конференциясына қатысуға барғанымда, арнайы барып Ислам академиясының бас имамымен жүздестім. Сонда жасанды түсік жасатуға ислам дінінің қалай қарайтынын сұраған едім. Бас имам менің сауалыма:

«Егер шарана қозғалысқа келсе, онда ол тікелей Алланың өзінің жерге жіберген тіршілік иесі болып есептеледі және оны өлтіру – үлкен адамды өлтіргенмен бірдей күнә саналады» деген еді. Міне, біздер Алла берген қанша өмірді үзіп отырмыз? Бұдан өткен күнәһарлық болар ма?!

**– Қазір елдегі демографиялық ахуал қалай?**

– Ең бастысы, Қазақстандағы демографиялық дағдарыс артта қалды. 1999 жылы бала туудың арнайы коэффициенті 1,76-ға



дейін төмен түсті. Бұл белгіленген шектің ең төмені болатын. Мен осы кезеңдерде елімізде болып жатқан демографиялық процестерді, яғни, бала туудың төмендеуі мен өлім-жітімнің өсуін графикалық сызбаға түсіргенімде, тап: бір «қақпан» болып шыққандай көрінді. Сол 1999 жылдар шамасында бұл «қақпан» тарс жабылуға шақ қалып еді. Құдайға шүкір, оның беті ары қарап кетті. Қазір бұл «қақпанның» екі жағы да ажырай бастады: өлім-жітім азайып, бала туу өсіп келеді.

**– Бұған қандай жағдайлар әсер етуде деп ойлайсыз?**

– Әзірге жоғарыдағы атап өткен жағдайлар, яғни, өлім-жітімнің азайып, туудың көбейуі көбіне ішкі демографияның қорлары есебінен жүріп жатыр. Бұл жерде ескертетін бір жәйт, 13-14 жылдар кезеңінде компенсацияланған демографиялық қорлар дейтіндер жинақталып қалады. Олардың қатарына біреулердің тұрмысқа шықпағандығы немесе үйленбегендігі, тағы бір отбасылардың бірінші, екінші және басқа балаларын дүниеге әкелуді кейінге қалдырулары кіреді. Ал бұлардың басты себептері ертеңгі күнге деген сенімсіздіктен туындады. Міне, қазір ел экономикасының көтерілуі салдарынан көшіп кетушілер қатары азайып, адамдарда өз болашақтарына деген сенімдері пайда бола бастағандықтан, олар жоғарыдағы кейінге қалдырған жоспарларын жүзеге асыра бастады. Сөйтіп, елде демократиялық толқын байқалуда.

**– Қазақстандағы демографиялық жағдайларға қазіргі таңда мемлекетіміз қолға алып жатқан шет елдердегі этникалық қазақтарды атамекенге көшіріп әкелу шаралары ықпал ете ала ма?**

– Жалпы алғанда, республикамыздағы бүтіндей демографиялық көрсеткіштерге айтарлықтай әсер ете алмайды деп ойлаймын. Біріншіден, оралмандар ата қоныстарына оншалықты көптеп келіп жатқан жоқ, екіншіден, олар орнығып, жаңа орындарына үйренемін дегенше біршама уақыт өтеді. Оның үстіне, келіп жатқан бұл қандастарымыздың көпшілігінің отбасылық өмірдің азиялық емес, керісінше еуропалық түрін ұстанатынын, яғни көп балалы болуға ұмтылмайтынын да ескеру қажет. Сол себептен, оралмандарды тарихи отанына көшіріп әкелуіне мен демографиялық емес, саяси мәселе ретінде көбірек қараймын.

**– Мақаш Байғалиұлы, біздің халқымыз сан ғасырдан бері «Балалы үй – базар» деген нақылды берік ұстанып, өз отбасыларында көп бала тәрбиелеуді қанына әбден сіңірген ұлт еді. Осы орайда, айтыңызшы, ендігі жерде қазақ отбасыларында бұрынғыдай көп балалар жиі кездесуі мүмкін бе?**

– Көпбалалықпен бізге енді қоштасу керек! Нарықтық экономика жағдайында мұндай отбасылардың өмір сүруіне барған сайын қиын тие береді. Осы орайда, әрбір отбасында кемінде үш баланың болғанының өзі жаман болмас еді. Бірақ та, бұл үшін осыншалықты бала өсіп-жетілетін қарапайым шаңырақтардың күнкөрісін жақсарту жөнінде өткір мәселе қоя білуіміз керек. Өйткені, ендігі жерде Қазақстан адамдар тығыз қоныстанған мына әлемде «сирек қоныстанған арал» болып қала алмайды.

**– Ал, осы демографиялық жағдайлар еліміздегі этникааралық келісімдерге әсер ете ала ма?**

– Әрине. Тіпті тікелей әсер етеді. Атап айтқанда, қазір көбейіп кеткен аралас некелерді мысал етіп алайық. Соның салдарынан шығыстық және еуропалық тұрғындардың демографиялық мінездері жақындасып, сол арқылы мінездің анағұрлым жаңарған түрі пайда болуда. Бұл менің көзқарасым бойынша, демографиялық тұрғыдан да, демократиялық тұрғыдан да алғанда көптеген мәселелерді шешетін ең бір алтын орта. Мысалы, Ресейдегілерге қарағанда Қазақстанда тұратын орыс ұлты отбасыларында, әдетте, бала саны көп болып келеді. Сол секілді, неміс және басқа еуропалық ұлттар отбасыларында да осындай. Өйткені, адамдар: «Көршінің үйі балаға толы, ол сонымен де өзін бақытты, әрі асқақ сезінеді. Ендеше неге мен өзімді осындай адамзат бақытынан шектеймін» деп ойлайды ғой.

**– Демек, біздің республикамызда азиялықтар, еуропалықтардың екеуіне де ұқсас жаңа халық қалыптасып келе жатқан ғой?**

– Өз елімізді үлкен мінберлерде шетелдіктерге таныстырғанда мен әрқашан да «Қазақстан – Еуразия атты ғажайып құрылықтың этнодемократиялық айнасы болып табылады»

деген сөздердің астын сызып айтамын. Өйткені, бұл жерден әлемде бар демографиялық мінездердің барлық түрлері кездеседі. Осы орайда, этникааралық мінездердің қазақстандық моделі болашақта жалпыәлемдік модельге айналуы да мүмкін. Ал, мұны қарапайымдылықпен емес, керісінше өз елімізге деген мақтаныш сезіммен айта білуіміз керек.

*Р.С. Мақаш Тәтімовтің деректері бойынша, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы барлық тұрғындар саны 14 млн. 950 мың адамды құрайды. Оның ішінде түркі тілдес халықтар – 9,9 миллион (65 пайыз), славян тілдес халықтар – 4,7 миллион (31 пайыз). Ал, жоғарыда көрсетілмеген басқа ұлт өкілдері шамамен 550 мың адам немесе барлық тұрғындардың 3-4 пайызы болады. Бұл арада этносқа бөлгенде, көрініс былай түзіледі: қазақтар – 8 млн. 555 мың, өсімі 7 пайыз, жекелеген салмағы – 57 пайыз; орыстар – 4 млн. 50 мың, кемуі – 10 пайыз, жекелеген салмағы – 27 пайыз; украиндар – 470 кему – 24 пайыз, өзбектер – 405 мың, өсім – 9 пайыз; немістер – 260 мың, кему – 25 пайыз, татарлар – 230 мың, кему – 8 пайыз, ұйғырлар – 220 мың, өсім – 5 пайыз, корейлер – 100 мың, өсім -1 пайыз, белорустар -95 мың, кему – 15 – пайыз, әзірбайжандар – 84 мың, өсім -7 пайыз, түріктер – 82 мың, өсім – 5 пайыз, поляктар – 41 мың, кему – 13 пайыз, дүнгендер – 40 мың, өсім – 8 пайыз, күрдтер – 35 мың, өсім – 7 пайыз, чечендер – 34 мың, өсім – 9 пайыз, тәжіктер – 30 мың, өсім – 15 пайыз, башқұрттар – 20 пайыз, кему – 15 пайыз, ингуштар – 18 мың, өсім – 22 пайыз, молдавандар – 17 мың, кему – 14 пайыз, армяндар – 15, өсім – 2 пайыз, мордвалар – 13 мың, кему – 20 пайыз, қырғыздар – 12 мың, өсім – 10 пайыз, гректер – 11 мың, кему – 15 пайыз, чуваштар – 10 мың, кему – 14 пайыз, болгарлар – 6 мың, аздаған кему байқалады. Жалпы, Қазақстанда қазір 130 ұлттың өкілдері тұрып жатыр.*

*31 желтоқсан, 2003 жыл.*

**СҰЛТАН САРТАЕВ:  
ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТЕ «ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ»  
ЗАҢ БАЯНДАМАСЫН МЕН ЖАСАДЫМ**

Қандай істі болмасын, ең алдымен бастау қиын. Сол секілді мен осы сұхбатымды неден бастарымды білмей толғанып жүргенімде, ойламаған жерден көшедегі бір кездері Ахмет Байтұрсынұлы айтқан «Адамның жақсы қасиеттері болмаса, оған бақ та, бақыт та жоламайды» деген жазуға көзім түсіп, ойланып-ақ қалдым. Шынында да, көп жағдайда адамды биік белестерге көтеретін де, ойлаған мақсаттарға жеткізетін де оның жақсы қасиеттері ғой. Осы орайда, ұлы Абай айта-тын «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» секілді бес асыл ісі, оның ішінде ойлаған ойын жүзеге асырмай қоймайтын еңбекқорлық, тынымсыз ізденістер, сөз жоқ, жақсы қасиетке жатады. Әрине, бойында осындай қасиеттері бар адамның биік белеске көтерілмеуі мүмкін емес... Міне, осындай ойлар құшағына бөленген мен қаламды қолға алдым. Өйткені, бұл жолғы менің сұхбаттасым елге кең танымал жан, ірі қоғам және мемлекет қайраткері, халық депутаты, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, заң ғылымының докторы, профессор Сұлтан Сартайұлы Сартаев болатын. Әрине, «Республикамыздың заң ғылымының қалыптасуына, дамуына, маман-заңгерлер даярлауға, Қазақстан тарихында алғаш құрылған Президенттік Кеңестің мүшесі, кейінірек Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде егеменді еліміздің төл заңдарының жасалуына Сіз қосқан үлес сүбелі. Қаламыңыздан туған 300-дей еңбек сіздің есіміңізді еліміз ғана емес, одан тыс жерлерге де әйгілі етті», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз тілегінде жоғары баға берген, еліміздің ой-зердесі мен рухани элитасына жататын ірі қоғам, ғылым қайраткерлерімен әңгімелесу қашан да қиын. Бірақ та менің бағым «Қарапайымдылық – моральдық сұлулықтың ең басты шарты» деп айтқандай, Сұлтан САРТАЙҰЛЫ өте қарапайым, әрі елгезек жан болып шықты. Сондықтан да біз кейінгі заманға байланысты пікірлерін ғана сұрауды әдеттеріне ай-

*налдырып жүрген қайсыбір әріптестеріміздің әрекетін қайталағымыз келмей, халқымызға ардақты азаматтың өмір жолы мен бүгінгі таңдағы өзекті деген мәселелерге көзқарасын да қамти кеткенді жөн көрдік.*

**– Сұлтан Сартайұлы, халқымыз сізді ірі заңгер, көрнекті қоғам қайраткері ретінде өте жақсы біледі. Ал, өмірбаяныңызды реті келген тұстарда қысқаша ғана қайырып, сұхбат барысында атқарған істеріңізге кеңірек тоқталсаңыз.**

– Келістік. Мен сонау халқымызға ажалдың араны ашылған ашаршылықтың азапты жылдары, ұлтымыз қызылдар үкіметінің саясатына қарсы шығып, тарихта «Асан соғысы» деп аталған қайғылы елестің қаны төгілген Сыр өңірінің Жаңақорған деген жерінде 1927 жылдың қоңырсалқын күзінде өмірге келіппін. Амал қанша, балалық шақ осы бір ауыр кезеңнің аязына қарылып өтті ғой. Оның үстіне баланың үлкені болған соң (отбасымызда үш ұл, бір қыз болды), Ұлы Отан соғысынан үш рет жарақат алып келген әкем мен анам менен үлкен үміт күтті. Олар менің мұғалім болып, туған ауылымның балаларын оқытқанымды қалады. Бірақ, мен жастайымнан заңгер болуды армандап өстім. Оған Л. Шейниннің «Тергеуші жазбалары» деген кітабы қатты әсер еткен еді. Міне, содан арман алға жетелеп, дәл соғыс аяқталған жылы Алматы Мемлекеттік Заң институтына келіп түстім. Студенттік күндер аудитория мен кітапхана арасында өтті десем болғандай. Көпшілікпен қатар қара нан мен қара суды талғажау еттік. Соған қарамастан қол қалт еткенде театрға жүгіретінмін. Шіркін, сол өмірдің өзі қандай қызықты еді. Институтты бітірген соң мені жолдамамен Мәскеу Заң институтының аспирантурасына жіберді. Одан өзім білім алған заң институтына ғылым кандидаты болып оралып, оқытушылық қызмет атқардым. Кейін осы Алматы Заң институты негізінде құрылған ҚазМУ-де (қазіргі әл-Фараби атындағы, ҚазҰУ) аға оқытушы, доцент, мемлекеттік құқық кафедрасының меңгерушісі, факультет деканы секілді еңбек жолдарынан өттім. Әрине, бұл кездегі жұмыстың бәрін тізбелей берсек, бір кітапқа жүк болады. Сондықтан осы жерден қысқа қайырайық. Тек бір қосарым, оқытушылық жұмыспен

қатар қоғамдық жұмыстарды да қоса алып жүруге тура келді. Атап айтқанда, заң шығармашылығынан бөлек қоғамтану ғылымын насихаттауға да қатыстым, осы Алматыдағы бүгінгі Алмалы ауданының (ол кезде Сталин ауданы болатын) депутаты болдым. Тіпті, тың игеру науқанына да қатысып, 1958 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталғаным да бар.

– Бұдан кейінгі еңбек жолдарыңыз көзіқарақты көпшілікке белгілі ғой деген ойдамын. Дегенмен, біздің газетіміздің оқырмандарына халық депутаты ретінде «Қазақ КСР-ның Егемендігі туралы» Декларациясының жобасын, «ҚР Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң жобасын, «ҚР Тіл туралы», «Қазақстанда Президенттік басқару формасын енгізу туралы», «ҚР Азаматтық туралы» Заңдар жобаларын, яғни, республикамызда қабылданған 9 заң кодексін жасауға қатысуыңыз жөнінде әңгімелеп берсеңіз. Бұл заңдарды қабылдау барысында көңіліңізде түйінделіп қалған жағдайларды есіңізге түсіре аласыз ба?

– Әрине, қандай да маңызды заң жобасын талқылау барысында Парламент Мәжілісінде үлкен айтыс-тартыстар туындап жататыны жасырын емес. Осы орайда бір баса атап өтетіндігі, біздегі Парламенттің, ондағы депутаттардың ең басты жақсы қасиеті – бір-біріне сыйластықпен, құрметпен қараушылығы дер едім. Сондықтан да олар осы уақытқа дейін басқа елдердің Думалары немесе Радалары секілді Парламенттеріндегі депутаттардай бір-біріне қол көтерісіп немесе әкірендеп, биік беделдерінен айырылып көрген емес. Ал, Парламенттегі заң жобасын талқылау барысында туындап жататын айтыстар мен пікірсайыстарды қалыпты жағдайға жатқызу керек. Өйткені, Парламенттегі қызу айтыстар нәтижесінде өмірге жақсы заңдар келеді. Бұл мемлекетіміздің алғашқы арайлы ақ таңдары атып келе жатқанда жиі көрініс беретін. Атап айтқанда, 1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын қабылдау барысында екіұдай пікірталас туындады. Оның басты себепкерлері Қазақстанда жүзден аса ұлт өкілдерінің тағдырлары тоғысқанын, оның ішінде қазақ ұлт-

ының басқалардан азшылық болатынын алға тарта отырып, мемлекетімізде орыс тілінің ортақ тіл болу қажеттігіне табан тіреп тұрып алды. Оларға депутаттық ұжымдағы Салық Зиманов, Манаш Қозыбаев, Шерхан Мұртаза секілді нағыз ұлт рухын қорғаушылармен бірге қарсы шықпағанымызда бар ғой, тіліміз бен діліміздің-жағдайы жуық арада жақсара қоймас еді.

Міне, 1993 жылы жағдай осылай болғанда, оның алдындағы «Мемлекеттік Егемендік туралы» Декларацияны, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң жобасын қабылдау барысында Жоғарғы Кеңесте (қазіргі Парламент) қандай көңіл-күйлер ахуалы қалыптасқанын көз алдыңызға елестете беріңіз. Мысалы, 1990 жылы 25 қазанда «Егемендік туралы Декларацияны» қабылдау кезінде біз үлкен заңгер-ғалым Салық Зиманов екеуіміз Жоғарғы Кеңестің мінберіне кезектесе қайта-қайта көтеріліп жүріп, жас мемлекетіміздің егемендігі мен нақты Тәуелсіздігін білдіретін осы бір тарихи құжатты әзер дегенде қорғап қалғанымыз ешқашан да есімнен кетпейді. «ҚР Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң жобасын қабылдау да дәл осылай өрбіді. Әлі есімде, жоғарыдағы Декларация негізінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында Еркеш Нұрпейісов, Талғат Данақов үшеуіміз дайындаған «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң жобасы жөніндегі баяндаманы Жоғарғы Кеңесте мен жасадым (жалпы, Сұлтан Сартайұлы Жоғарғы Кеңесте, бұдан басқа «Қазақстанда Президенттік басқару формасын енгізу туралы», «ҚР Азаматтық туралы» Заң жобалары жөнінде баяндама жасаған. – Қ.А.). Міне, осы менің баяндамамды талқылау аттай 18 сағат 14 минутқа созылғанын айтсам, бүгінде біреу сеніп, біреу сенбес. Мұндай жағдай бұрын-соңды әлемдік дипломатияның тарихында болмаған. Салыстыру үшін айтсақ, бізді тәуелсіз мемлекет ретінде тануға Түркияға бар болғаны 30-ақ минут қажет болды.

Әрине, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда мұның бәрі оңай болып көрінеді. Ал, ол кезде бәрі басқаша болатын. Өйткені, жетпіс жылдай төрткүл дүниені уысында ұстаған үстемшіл тоталитарлық жүйенің санаға сіңіріп тастаған салқынының әсері

біздің депутаттарда сол қалпында күшті еді. Ал, олардың бетін бері бұру үшін терең де нақты деректерге сүйенген күшті пікір қажет болған-ды.

– Сұлтан Сартайұлы, Сіз жоғарыдағы заң жобаларынан басқа 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңес депутаттарының басым дауыс беруімен қабылданған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын жасауға да қатыстыңыз. Осы орайда арада екі жыл өткен соң, яғни, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдуммен қабылданған қазіргі қолданыстағы Ата Заңымыздың сол алғашқы Конституциядан айырмашылығы қаншалықты деген сұрақ туындайды.

– Тәуелсіздігін жаңадан ғана алған жас мемлекетімізді жылдам орнықтыруды мақсат тұтқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бізге жаңа Конституцияны әзірлеуді сол 1991 жылы тапсырған болатын. Ұзақ созбақтауға уақыт күтпейді, сондықтан да біздер Конституция жобасын өте аз уақытта жасап үлгердік. Әрине, асығыстау жасалғанымен сол алғашқы Конституциямыздың Қазақстанның егеменді мемлекет болып орнығуын және еліміздің бүкіләлемдік қауымдастыққа толыққанды мүше болып кіруін жүзеге асырғанын атап өткен жөн. Өйткені, дәл осы кезеңдегі саяси және экономикалық қиын жағдайларға тек осындай конституциялық талаптар ғана тойтарыс бере алатын еді. Ал, енді 1995 жылғы Конституцияны қабылдау кезінде мен Парламентте (Жоғарғы Кеңесте) болған жоқпын. Оны негізінен, жас заңгерлер жасады десе де болғандай. Сол себептен болар, алғашында ол туралы екіұдай пікір қалыптасты. Атап айтқанда, біреулер кейінгі Конституцияны заң ғылымының соңғы жетістігіне баласа, екіншілері одан кемшіліктер тауып жатыр. Дегенмен, бүгінгі Конституциямыз өз бойына сол 1993 жылы қабылданған алғашқы Конституцияның негізгі демократиялық ережелерін сіңірген деп батыл айта аламыз.

Ал, енді 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы мен жасалу жағдайларына келер болсақ, ол ұзақ әңгіме болып кетеді. Қысқаша түйіп айтар болсақ, 1993 жылдары жас мемлекетімізді аяқтан шалған экономикалық дағдарыстар елдегі саяси жағдай-



ларға қатты әсер етіп, ахуалды тым ушықтырып жіберді. Атап айтқанда, республикада әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттардағы күштер арасында күрес белең алып, оның ақыры XII шақырылған Жоғарғы Кеңестің тарқауына әкеп соқты. Нәтижесінде, бұл Парламенттің соңғы сессиясында кейінге қалдыруды күтпейтін кейбір заңдар ешбір талқылаусыз қабылдана салды. Оның ішінде Парламент жоқ кездегі уақыттарда Президент пен жергілікті әкімшіліктер басшыларына қосымша өкілеттіктер беру де бар еді. Ал, 1994 жылғы наурыз айында сайланған XIII шақырылған Жоғарғы Кеңес өз жұмысын Үкіметті қатты сынға алудан бастады. Өйткені, бұл кездері елдегі экономикалық дағдарыс одан әрі өрши түскен болатын. Одан шығу үшін Үкімет енді өзінің жаңа дағдарысты жою бағдарламасын ұсынды. Бірақ, бұл бағдарлама тиімсіз екендігін көрсетіп, нәтижесінде Үкімет Жоғарғы Кеңестің сынына бұрынғыдан қатты ұшырады. Бұл ендігі жерде Жоғарғы Кеңес пен Үкіметтің бірлесе жұмыс істей алмайтынын анық байқатып, мемлекет басшысы саяси дағдарыстың алдын-алу және қалыптасқан жағдайдан шығу үшін «ҚР Министрлер Кабинетін отставкаға жіберу туралы» Жарлық қабылдауға мәжбүр болды. Дегенмен, осыдан кейін 1993 жылғы Конституция бойынша билікті бөлу қағидалары өзінің негізгі мақсаттарына: қоғамдық-саяси жағдайларды тұрақтандыруға және адам құқығын қорғауға қабілетті күшті мемлекеттік билікті құруға қол жеткізе алмағаны белгілі бола бастады. Сөйтіп, ҚР Президенті Н. Назарбаев та, Жоғарғы Кеңестің депутаттары да 1993 жылғы Конституцияға өзгертулер енгізу қажеттігін айқын сезініп, олардың бұл ойлары 1995 жылғы 30-тамыздағы бүкілхалықтық референдумда жүзеге асты, яғни, қазіргі Конституциямыз өмірге келді.

– Осы кезге дейін Парламентте тіл мәселесіне қатысты көтерілген заң жобалары үлкен пікірталастармен өтіп келді. Осы орайда сіздің қазақ тіліне тұңғыш рет мемлекеттік мәртебе берген, 1989 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» Заң жобасын дайындау жүктелген Қазақстан КПОК Идеологиялық бөлімінің тілдер мәртебесі жөніндегі комиссиясының төрағасы болғаныңыз еске түседі...

– Жалпы, мен тіл мәселесімен ертеректен айналысып келемін. Атап айтқанда, 1970 жылы мен өзімнің докторлық диссертациямда тұңғыш рет Қазақ КСР Конституциясына қазақ және орыс тілдерін мемлекеттік тіл ретінде қарастыратын қосымша ережелер енгізу мәселесін көтердім. Әрине, ол кезде мұндай мәселені көтеру өте қауіпті еді. Сондықтан да, диссертацияны қорғау барысында комиссия мүшелері оны шошына қабылдады. Бірақ, мен өз жұмысымды қорғап қалдым және бұл ойымнан одан кейінгі кездері де қайтқан емеспін. Мұның басты себебі, ол кездері Кеңестер Одағында тек грузия, Армения және Әзірбайжанда ғана (XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап) орыс тілімен қатар Грузин, армян және әзірбайжан тілдері де мемлекеттік мәртебеге ие болатын. Сондықтан да, ол республикаларда ешқашан тіл мәселесі туындап көрген жоқ.

1989 жылы маусым айында мені республикадағы тіл құрылысы мәселелерін зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы ОК идеологиялық комиссиясының жұмыс тобына жетекші етіп тағайындады. Онда біз «Тіл туралы» Заң жобасын жасап, ол сол жылы 22 қыркүйекте Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясында үлкен айтыстармен қабылданды. Бұл Заңның ең басты жетістігі – онда алғаш рет қазақ тілі мемлекеттік, орыс тілі ұлтаралық қатынастар тілі болып жарияланды. Кейін бұл ереже 1993 жылғы Конституцияға енгізілді.

**– Сөзіңізді бөлгенімді кешіріңіз, бірақ, 1997 жылы 11 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» жаңа Заңында және 1995 жылғы Конституцияда қазақ тілі сол күйінде қалдырылып, ал орыс тіліне ресми тіл мәртебесі берілді. Сіздіңше осының қайсысы біздің республикаға қолайлы еді?**

– Міне, дәл осы орыс тіліне ресми тіл дәрежесінің берілуі енді ғана көтеріле бастаған қазақ тілін қайта кейінге ысырып, оны мүшкіл күйге түсірді. Өйткені, ресми тілдің мәртебесі мемлекеттік тілден де жоғары. Мысалы, БҰҰ-да ресми тіл деп танылған алты тілдің мәртебесі өте биік тұр. Демек, біздің депутаттарымыз орыс тіліне ресми тіл дәрежесін беруде үлкен кателікке бой алдырған. Нәтижесі көз алдымызда, басшылар

бұрынғысынша баяндамаларын орыс тілінде жасап, керісінше, мемлекеттік тілдің қолданылу аясы қайтадан тарыла бастады. Меніңше, қазіргі жағдайда орыс тілі алғашқы заңдағыдай ұлтаралық қатынас құралы ретінде қалдырылуы керек еді. Өкінішке орай, бұлай болмады.

**– Сұлтан Сартайұлы, сіз 1990 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған Рақымшылық жасау жөніндегі комиссияның алғашқы төрағасы болдыңыз. Бұл комиссияның қандай жұмыстар атқаратынын оқырмандарымызға түсіндіре кетсеңіз?**

– Көпшілік бұл комиссияны тек өлім жазасына кесілгендердің өтініштерін қараумен айналысады деп жаңсақ түсінеді. Дұрысында, комиссия тек өлім жазасына кесілгендердің ғана емес, сонымен бірге ұзақ мерзімдерге сотталғандардың және жазықсыз сотталдым деп мемлекет басшысынан кешірім немесе араша сұрағандардың да арыз-өтініштерін алдын-ала тексеріп қараумен айналысады. Содан кейін комиссия жасаған қорытынды Президентке ұсынылады да, өз кезегінде мемлекет басшысы оны жан-жақты саралай келе, тиісті шешім қабылдайды. Бұл орайда, сотталғандардың, тіпті, өлім жазасына кесілгендердің де Президентке кешірім жасау жөнінде өтініш жазу-жазбаулары өз еркінде. Егер ондай өтініш жазылмаса, сот шешім белгілі бір уақыттан кейін орындалады. Демек, кешірім жасау комиссиясы өздігінен шешім қабылдамайтын, тек мемлекет басшысына ұсыныс түсіретін заңды орган.

**– Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан өлім жазасына мораторий жариялады. Алайда, бұл ізгілік актісіне байланысты халық пікірі қажет жарылууда. Дегенмен, көпшілік пікірі бізде өлім жазасын жою әлі ерте дегенге саяды. Сіздің бұл тұрғыдағы ойыңыз қалай?**

– Өлім жазасына мораторий әзірге тек тәжірибе түрінде ғана енгізіліп отыр. Егер қоғамда адами сезімнен айырылған қылмыстар көбейіп кетсе, ол күшін жоюы мүмкін. Дегенмен, мен бұл мәселеде көпшілік пікіріне қосыламын. Өйткені, қазіргі Қазақстан жағдайында өлім жазасын мүлдем жоюға әлі ерте. Оған ұлттық менталитетіміз де, құқықтық санамыз да әлі толық дайын емес.

Жалпы, өлім дегеннің өзі өмір секілді табиғи нәрсе. Мына жалғанда өлмейтін пенде жоқ. Бірақ, өмірдің өзі секілді өлім де ақ және қара немесе жарқын және жеккөрінішті болып бөлінеді. Адамның басты арманы – адал және жарқын өмір сүріп, ақ өліммен өлу. Сондай-ақ, әділдік жолында, ел-жұртының бақытты өмірі жолында өзін құрбан ете білген адамды да ажалды жеңген адам деп білемін. Ал енді басқаларға қатігездікпен қарап, зорлық-зомбылық жасаған, өзгенің өмірін қастандықпен қиып, мойнына қан жүктегендер мына дүниеден қара өліммен өледі. Ондайларға шығарылған өлім жазасы Аллатағаланың ғаділ кесімін орындау ғана. Осы орайда қасиетті Құранның «Мүлік» сүресінде «Ол (Аллатағала) қайсыларыңыздың қандай іс істегендеріңізді байқап көру үшін өмір мен өлімді қатар жаратты» делінген. Демек, адам қанына қолын былғамай, өмірден адал қалпында өткен адамдар ғана «өмір сүрдім» деп батыл айта алады. Ал, енді өзгелерге тек зұлымдық жасауды ойлайтын қараниеттілердің мына дүниеде жүруге қақысы жоқ. Өйткені, олардың өмірлері секілді жан-дүниелері де үнемі үрей сезіміне бөленіп жүреді. Сондықтан да адам өлтірушілер шын мәнінде нағыз қорқақ болып келеді. Себебі, оларды үнемі өз өмірін қиған адамдардың рухы қуалап жүреді. Осы орайда менің өзім ату жазасына кесілгендердің рақымшылық жасау туралы өтініштерін оқығанда, олардың шын мәнісінде сужүрек екендіктеріне талай мәрте көз жеткіздім. Сөзіміз дәлелсіз болмас үшін соның біреуін айтып берейін:

– 1988 жылдың соңғы айларында бүкіл Алматы жұртшылығын ҚазМУ қалашығының аумағында бірінен соң бірі төрт студент қыздың үшті-күйлі жоғалып кетуі дүр сілкіндірді. Кейін белгілі болғандай, бұл қанды оқиға былай өріс алып отырған. Әр айдың 21-22 сінде 1965 жылы туылған Иван Манджиков деген қанішер ҚазМУ қалашығының әл-Фараби даңғылы жағындағы қақпа алдында түн қараңғылығында жалғыз келе жатқан қыздарды ұстап алып, қалашықтың Есентай өзені жағындағы ағаштар арасына күштеп апарып, зорлап, аса бір жантүршігерлікпен өлтіріп отырған. Содан кейін өлі денелерді мүше-мүшеге бөліп, сол маңайдағы қоқыс арасына, бетон бун-

керге, өзенге тастап, ізін жасырып жүрген. Осылай 1988-1989 жылдары жеті ай бойы студенттер қалашығын үрейге билеткен қанішер ақыр аяғында қолға түседі. Соның өзінде ол бір жас жігіттің өмірін қиып үлгерді. Нақтылай айтқанда, 1989 жылдың 28 маусымында өзен бойында серуендеп келе жатқан қыз бен жігіттің алдынан осы И. Манджиков масаң күйде шығып, кенеттен жігіттің дәл жүрегінен пышақпен ұрып тіл тартқызбай өлтіреді де, жігіттің басын сүйеп отырған қызды ұрып құлатып, зорлап кетеді. Есін әзер жиған қыз құқық қорғау қызметкерлеріне екі аяқты хайуанның бейнесін дәлме-дәл суреттеп береді. Сөйтіп, ол ұсталып, артынан ату жазасына кесіледі. Міне, осындай адами санаға сыймайтын қылмыс жасап, төрт студент қыз бен бір жас жігіттің қанын көтерген жауызды кешірім сұрап, өтініш жазады деп кім ойлаған?.. Жап-жас қыздарды зорлап өлтіргенімен қоймай, аяғын кесіп өзенге тастаған, мойны мен ішек-қарындарын, жыныс мүшелерін тілімдеп бункерге тыққан қанішердің соңғы сәтте ойына келгендері мына мағынада еді:

**«...Иә, мен бірнеше ауыр қылмыс жасадым.... Мен әу бастан, алдын-ала тергеулерде, сотта шын жүректен ақиқатты сол күйінде көрсететін түсініктеме беріп, менің әрекетімнің жылдам ашылуына мүмкіндік туғыздым. Мен өз қылмысымның қаншалықты ауырлығын сезіндім, сондықтан да маған кешірім сұрау өте қиын болып тұр. Бірақ, мен біздің мемлекетіміздің ізгілігіне сенемін, себебі, онда «ешкімді де ешқандай да абыроймен жазалауға да, кешіруге де болмайды!» қағидасын ұстану жүріп жатыр ғой. Бүгінгі күннің талаптары осындай, ал оны құқықтық мемлекет құру барысында анағұрлым қатаң ұстану керек. Мен өз ісімнің қылмыстық іс екенін білемін және ол тек қатал ғана емес, сонымен қатар адамгершілікпен қарауды талап етеді. Сондықтан да, сіздерге менің көңілімді жылытып жатқан қадамға бару өте қиын тиеді. Маған осы соңғы мүмкіндікті беріңіздерші... Сіздерден маған кешірім жасауды және маған адал еңбегіммен өз кінәмді жууға мүмкіндік берулеріңізді сұраймын. Манджиков».**

Сөз жоқ, өмір өте қымбат. Өйткені, ол адамға бір-ақ рет беріледі. Сондықтан да одан айырылудан өткен ауыр да қорқынышты

ештеңе жоқ. Бірақ, мына секілді жыртықшыға айналып кетсе, шара қайсы. Ондайлардан құтылғаннан басқа амал жоқ.

– Иә, қоғамымызда мұндай жат пиғылдылар жоқ болып, елі мен жұртына пайда әкелетін адал азаматтар көп болсын деп тілейміз. Осы орайда жарқын ісі мен биік пайым-парасаты басқаларға үлгі-өнеге болатын Сіздің өмір жолыңызға қайта оралсақ. «Ұстаз шаршауды білмейді» дегендей, бүкіл ғұмырыңызды ғалымдық жұмыспен қатар жас заңгерлерді даярлауға арнап келесіз. Ендеше, 1955 жылдан бері күні бүгінге дейін қол үзбей еңбек етіп келе жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті мен өзіңіз іргесін қалаған, бүгінде басқарып отырған Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты (КИПМО) туралы да айтып өтсеңіз.

– Дұрысын айтқанда, менің ұстаздық жолым Мәскеу заң институтының аспирантурасын бітіріп, Алматы мемлекеттік заң институтына аға оқытушы болып келуімнен басталды. Кейінірек, дәлірек айтқанда 1955 жылы, осы институт негізінде ҚазМУ-дегі бүгінгі заң факультеті құрылды. Бір айта кетерлігі, бұл заң факультетінің құрылуының өзіндік қызықты тарихы бар. Оның басты себепшісі сол кездердегі КОКП ОК-нің бірінші хатшысы Никита Сергеевич Хрущев болды. Ол дәл сол 1955 жылы бүкіл елге «Кеңестер елінде қылмыс төмендеп барады, болашақта заңгерлерді жүгерішілерге қайта оқытуға тура келеді» деп жар салып, нәтижесінде Кеңестер Одағында, арасында Алматы мемлекеттік заң институты бар, 9 заң институты жабылып қалды. Сөйтіп менің өмірімнің қалған кезеңі ҚазМУ-дің заң факультетімен тікелей байланысты өтті. Мұндағы жұмыстарым жеміссіз өтті деп айта алмаймын – 10 жылдан астам уақыт факультет деканы, 40 жылдан астам уақыт мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқардым, республикада алғаш болып университетте докторлық, кандидаттық ғылыми дәрежелерді қорғау және беру жөніндегі Кеңесті құруға қатыстым және сол мамандандырылған ғылыми кеңеске 30 жылдан астам уақыттан төрағалық етіп келемін. Айта берсе,

мұндай жұмыстар жеткілікті, уақыт текке өткен жоқ қой. Балапандай аялап, ғылымға әкелген 40-тан астам шәкіртім бүгінде ғылым кандидаттары мен докторлары атанған және олардың барлығы ғылым, білім салалары мен мемлекеттік билікте абыроймен еңбек етуде.

**Сондай-ақ, ұстаздық қызметіммен қоса ғылымды да ұмытпай, өз үлесімді қостым деп ойлаймын. Күні бүгінгі дейін 450-ден астам ғылыми еңбегім (оның 11-і монография) жарыққа шығыпты.**

1992 жылы тамыз айында республикада алғашқылардың бірі болып Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын аштық. Мемлекеттік емес оқу орны болғандықтан оны ашпас бұрын АҚШ пен Германияның 8 университетінде, Ресейдегі Дипломатиялық академияда, МГИМО мен ММУ-де болып, үлкен тәжірибе жинап қайттым. Қазір КИПМО-да жоғары білімді заңгерлер даярлаумен қатар, бұрын-соңды республикамызда болмаған халықаралық заңгер-мамандарды дайындап шығарады. Бұл орайда студенттерге еліміздегі ЖОО-на осы күнге дейін беймәлім болып келген жаңа пәндерді оқыту қолға алынып, заң ілімінің қыр-сырын елімізге белгілі академиктер С. Зиманов, М. Баймаханов, Ж. Әбділдин, Я. Әубәкіров, профессорлар В. Ким, С. Байсалов, Г. Поленов және басқа да тәжірибелі ұстаздар үйретуде. Ендеше, жақын болашақта біз бұл институттың еліміздегі ең беделді оқу орнына айналатынына сенімдіміз.

**– Осыншама таусылмас күш-қайратты қайдан аласыз, егер құпия болмаса?..**

– Әрине, кез-келген адамның қандай да бір биікке көтерілуіне ең алдымен оның отбасының ықпалы ерекше болмақ. Осы орайда мен өзімді бақытты жан санаймын. Өмірлік жолдасым Азат Нұрматқызы да ғалым, химия ғылымының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де доцент. Екеуміз Рүстем, Раушан есімді ұл-қыз тәрбиелеп өсірдік. Бүгінде Рүстем – саясаттану ғылымының кандидаты, КИПМО ректорының бірінші орынбасары болса, Раушанның мамандығы – биолог-философ, ҚР ҰҒА философия институтында жұмыс істейді. Екеуі де үйлі-баранды.

Біздерді немерелерімізбен қуантып, өмірімізді сарқылмас қызыққа бөлеуде.

**– Олай болса, елге сіңірген еңбегіңіздің рахатын сезініп, өмір қызығына тоймай, сау-саламат жүре беріңіз!**

*Р.С. Біз жоғарыда бүкіл ғұмырын жас ұрпаққа білім беруге, ғылымға, қоғамдық жұмыстарға арнаған Сұлтан Сартайұлының барлық қайраткерлік еңбектерін қамти алмадық. Атап айтқанда, С. Сартаев 20 жылдан астам уақыт Кеңес заңгерлер ассоциациясының, Кеңес саяси ғылымдар ассоциациясының жұмысына қатысып, Қазақстан тарихындағы тұңғыш Заңгерлер одағының президенті, КСРО Заңгерлер одағы төрағасының орынбасары болды және бүгінде ол Қазақстан Заңгерлер ассоциациясының вице-президенті, ТМД Заңгерлер одағы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, республикалық «Білім» қоғамы басқармасының мүшесі болып табылады. Сондай-ақ, Сұлтан Сартайұлы қазіргі заманғы құқықтық жүйелер бойынша Парижде, Мәскеуде, Бразилияда, Мальтада, Грецияда, Вашингтонда, Аргентинада өткен конгрестерге қатысып, адам құқығы жөнінде Польшада, Болгарияда, Испанияда, Вьетнамда, Қытайда, Германия мен АҚШ-та лекциялар оқыды. Міне, осындай еліне, ғылымға сіңірген өлшеусіз еңбектері үшін С. Сартаев әр жылдары КСРО-ның «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, Бүкілодақтық «Білім» қоғамының «Белсенді жұмысы үшін» медалімен марапатталып, Бүкілодақтық «Білім» қоғамының «Алтын құрмет кітабына» енген. Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның егемендігін орнықтыру жолындағы қыруар жұмыстары үшін соңғы жылдардың өзінде «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, «Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» атанды.*

24 қыркүйек, 2004 жыл.



**САҒАДАТ НҰРМАҒАНБЕТОВ:**  
**МЕН БАТЫРЛАР, ЕРЛІК ЖАЙЛЫ ӘНГІМЕЛЕРМЕН**  
**ӨСТІМ**

*Соғыс адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Фашистік Германия осылай тізе бүкті. Бірақ, өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы да жетіскен жоқ. 27 миллион өмірді берді. Міне, соғыстың әкелетін қасіреті. Сондықтан да адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс қажет. Осыдан 60 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат.*

Адамның жан-дүниесі, тұла-бойы алдағы ұлы оқиғаларға жастайынан бейімделеді дейді. Рас болар. Мысалы, біздер соғысты көрмей өскен ұрпақпыз. Қарша бораған оққа қарсы жүгірген де жоқпыз. Сондықтан да көп жағдайда ерліктің қандай жағдайда жасалатынын сезіне бермейміз. Өйткені, адамды басқаратын тылсым күш бізді оған іштей де, сырттай да дайындаған емес. Ал енді 1941–1945 жылдардағы қанқұйлы соғысты белшеден кешетіндересбілгеннен алдарындағы әлдебір алапатты жан-дүниесімен сезген дейді. Сол себептен соғыс алдындағы ұрпақ соғыс, ерлік, батырлық секілді әңгімелермен есейіпті. Сөйтіп, сол арқылы өздері қатысатын қырғын шайқастарға іштей дайындала бастаса керек. Атап айтқанда, батыр ағамыз Сағадат Қожахметұлы жастайынан батырлар ерлігіне тәнті болып өсіпті. Әсіресе, Алпамыс, Қобыландыдай батырлардың жауларын үнемі күйрете жеңетінінен бойына ерекше күш жинап, керісінше, қайсыбір батырлардың жауларынан жеңіліп қалатынын естігенде ашу-ызаға булығып қа-

лады екен. Өйткені, оның ұғымында «суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» батырлар ешқашан жеңілмеуі тиіс. Міне, осылай бала қиял оны алдағы ұлы ерліктерге ерте даярлады, қайсарлық пен өжеттікке тәрбиеледі. Осылай Сағадат Нұрмағамбетовтің өзі есейе келе жеңілмейтін батыр болып, жанқиярлық ерліктер жасады. Кеңестер Одағының Батыры, Тәуелсіз Қазақстанның №1 Халық Қаһарманы атанды, қол бастап, қазақта бірінші болып армия генералына дейін көтерілді, егемен еліміздің алғашқы қорғаныс министрі болып, Қазақстан тарихына есімін алтын әріппен жаздырған аңыздардағыдай даңқты батырға айналды.

**– Сағадат Қожахметұлы, сіз өткен жылы 80 жасқа толдыңыз. осы сексеннің сенгірінен сонау балалық шақ қалай көрінеді екен?**

– Әрине, балалық шақ көрген түстей өте шыққанымен, санадан біржола сызылып кетпейді екен. Оның үстіне балалық кезең адам өмірінің бастау-бұлағы ғой. Сондықтан да ол кезең ешқашан ұмытылмаса керек. Мен 1924 жылы Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Қосым ауылында дүние есігін ашыппын. Балалық шақ өз қатарластарымның өмірінен ерекшелене қойған жоқ. Мен де мал соңынан жүгіріп, түнде төбемде жымындаған сансыз жұлдыздармен сырласып өстім. Әсіресе, күннің алтын шапағы жер бетін нұрға бөлеп, арайлана атып келе жатқан сәтінен ерекше әсер алатынымын. Үнемі жатаған үйде орналасқан колхоз кітапханасындағы кітаптардың қызығына батып, әлемді араласам деп армандайтынмын. Ал өмір даналығын ауыл қарияларынан, үлкендерден жинап өстім. Дегенмен тағдыр мені ерте сынады. Жарық дүниеге келуіме бір ай қалғанда бір иіскей алмай, әкем Қожахмет, арада алты жыл өткенде қос қарашығын бір құдайға табыстай әке соңынан анам Айса бақилыққа аттанды. Сөйтіп, мен үшін әке-шешенің орнын ағам Сағит басты. Осы орайда, әкемді көрмесем де, анамның бейнесі санамда мәңгілік жатталып қалды. Әлі есімде, мен анамның етегіне оратылып, тезек теруге жиі баратынымын. Сондай бір күні «Апа, мына жердің шеті бар ма?» деп сұрағаным бар. Оған анам марқұм «Оның шеті жоқ, құлыным! Ол осылай созыла береді. Ал мына біздің

даланың кейбір жерлерінде ғана тау-тастары, төбе-дөңдері болмаса, ол көбінесе жадағай, мидай жазық болып келеді», – деп жауап берген еді. Мен тағы балалық қызығушылықпен «Ол неге жазық?» дедім тықақтай. Сонда анам жарықтық «Балам! Жазық жер батырлардың майдандасып соғысуына қолайлы. Сондықтан бұл даладан батырлар көп шыққан. Сол батыр бабаларымыздың арқасында біз осындай кең-байтақ далаға ие болып отырмыз», – деді де мен естімеген батырлар туралы бір аңызды айта жөнелгені осы күнге дейін ойымнан кетпейді. Жалпы, мен батырлар, ерлік жөніндегі әңгімелерді жиі тындап өстім. Оны маған туыстас атам Әлжан ақсақал көп айтатын және бізге, балаларға ауылдағы Тихенко деген қарияның соғыс жайлы айта-тындары да үлкен қызығушылық тудыратын. Бірақ, бір кездері осы атай соғысқан жаумен кейін біздің де арпалысатынымызды, әрине, ол кезде қайдан білейік.

Міне, біз осылай өстік. Елді аштық жайлаған отыз үште аудан орталығы Алексеевқадағы орыс мектебінің бірінші сыныбына бардым. Бастапқыда білімді игеру маған қиынға түскенімен, бірақ, бірте-бірте басқалардың қатарына жылдам қосылып кеттім. Тіпті, бір жылы екі сыныпты аяқтағаным бар. Мектепті бітірген соң ауылға оралдым. Нан табу керек, ағамның отбасына көмектесу қажет. Білімім жеткілікті болғандықтан, дала қосына есепші болып жұмысқа тұрдым. Сонымен қатар, тракторларға жанармай тасушы да болдым. Жалпы, ауылымызда қазақтармен бірге орыстар, украиндар, белорустар, чуваштар да өте тату тұрды. Осы орайда менің өзім ауылдағы және бригададағы әр ұлтты жерлестеріммен жіті араласу арқылы үлкен өнеге сіңіріп, алдағы өміріме қажетті тәрбие алдым.

– **Соғыстың басталғанын алғаш рет қайда жүріп естідіңіз? Бұл суық сөз жан дүниеніңізге қалай әсер етіп еді?**

– Соғыс басталарда колхоз басшысы Григорий Луценко маған үлкен сенім артып, Ақмоладағы (қазіргі Астана қаласы) саяси ағарту қызметкерлерінің курсына жіберген болатын. Мен сонда оқып жүргенмін және де сол күні сыныпта кезекші болғандықтан басқалардан ертерек келіп өзіме тиесілі міндеттерімді атқарып жатқанмын. Біртіндеп балалар да келе

бастады. Барлығы да уайымсыз, көңілді. Бұл әзіл-күлкілер сыныпқа директор кіріп келгенде сап тыйылды. Өйткені, оның түсі әдеттегіден басқаша, суық еді. Ол қолын баяу көтеріп, ернін жыбырлата ғана «Балалар, тыныштық сақтаңыздар. Соғыс...», – деді. Бұл қорқынышты сөз біздің жүрегімізге дәл тиді. Осыған дейін біздер қызу айтысатын сәт ақыры келіп жетті. Директор сол еңсесі түскен қалпы «Алаңда осыған байланысты жиын өтеді», – деді. Біз бұйрық алғандай сыныптан атып шықтық. Мен алаңға қарай тап сонда тағдырым шешілетіндей жанұшыра жүгірдім. Санамда әлгінде ғана естіген суық сөз. Мүмкін бұл жаңсақ айтылған сөз шығар. Қазір бәрімізге «Үйлеріңе қайтыңдар. Бұрынғыдай өмір сүре беріңдер», – дейтіндей. Бірақ, жағдай мен ойлағандай болмай шықты. Жиынды кім ашқаны есімде жоқ, тек сөйлеушілердің сөздерінен фашистік Германияның елімізге тұтқиылдан баса-көктеп кіргенін ғана ұқтым. Жиыннан кейін сабақ тоқтатылып, біздің қолымызға құжаттарымызды ұстатты да, үйді-үйімізге қайтарды. Мен пойызбен тоқсан шақырымдай жүріп, өз станциямнан түстім де, ауылға баратын көлікті тоспастан жаяу тартып кеттім. Келсем, ауылым у-шу. Тап бір жау тура ауыл іргесіне таяп қалғандай. Ағам үйде екен. Соғысқа шақыру қағазын алыпты.

Сол күні майданға ауылымыздың алғашқы азаматтарын аттандырдық. Олардың арасында мен үшін өмірдегі ең қымбат жан бар еді. Қоштасарда ол мені қатты құшып, бетімнен сүйді де, төрт және бір жастағы екі баласын табыстады. Маған сол сәтте ағам Сағит Алексеевқаға, ары кетсе майданға жетіп, фашистерді жылдам жер қаптырып қайта оралатындай болып көрініп кетті. Бірақ, ағам сол кеткеннен қайта оралмады. Тек Смоленск арқылы батысқа кетіп бара жатқанын жазған хаттары ғана келіп тұрды. Мен ол хаттарды оқыған сайын ағаммен кездескенше асықтым. Сөйтіп, майданға тезірек жетуді ойлап, қайта-қайта әскери комиссариаттың есігін тоздырумен болдым. Бірақ, олар жасымның жетпейтіндігін алға тартып, жуық арада соғысқа жібере қоймады.

– **Ол кезде жастар арасында патриоттық, отансүйгіштік тәрбие күшті болды ғой. Сондықтан да сол күндерде**

**әрбір жеткіншектің соғысқа ұмтылғанын жақсы білеміз. Осы орайда, Сіз өз мақсатыңызға қалай жеттіңіз?**

– Соғыстың жүріп жатқанына бір жылдай болған. Бір күні ағамнан жаманат хабар алдық. Новгород түбінде күші басым жаумен шайқаста ерлікпен қаза тауыпты. Ауылдастар келіп көңіл айтуда. Жеңгем әбден қорыққан екі баласын құшақтап үнсіз жылап отырады да, кенеттен шыңғыра талып қалумен болды. Сол түні мен көз іліндіре алмадым. Көзімді жұмсам болды, Сағиттың қайырымды, ер мінезді, аяулы бейнесі келді де тұрды. Сөйтіп жатып ағам үшін фашистерден аяусыз кек қайтаруға өзіме серт бердім. Таң атысымен осы ашу-ызамен әскери комиссариатқа тағы келдім. Соғысқа жібергенше табалдырыққа жатып алмақпын. Бірақ, ағамның қаза тапқанын естіген әскери комиссар бұл жолы сұңғылалық танытып, мені бір айлық әскери жиынға жазды. Одан өткен соң, комиссия маған Түркіменстанның Кушка қаласындағы Бірінші Түркістандық пулеметшілер әскери училищесіне жолдама берді. Бұл батыста ауыр шайқастар жүріп жатқан 1942 жылдың шілде айы болатын.

**– Училищеде қанша уақыт оқыдыңыз? Соғыс кезеңі болғандықтан майданға жылдам жіберген болар?**

– Әрине, жантүршігерлік қатыгез соғыс жүріп жатқандықтан талап өте қатал болды. 12-14 сағаттық тынымсыз жаттығулардан, әскери сабақтардан, әртүрлі жұмыстардан таң ата қалжырап келіп бір-ақ ұйықтайтынбыз. Оның үстіне үнемі дабылмен көтеретін. Бірақ, біздер бәріне төзуге тырыстық. Өйткені, бірте-бірте ротада қайта жасақтау жүргізіліп, ең жақсы дайындалған, төзімді курсанттарды бірінші взводқа іріктей бастады. Міне, мен соғысқа басқалардан бұрын аттанатын осы взводқа түстім. Осыдан былай салмақ бұрынғыдан бетер ауырлай түсті. Сөйтіп, училищенің үш жылға арналған бағдарламасын қысқартылған шеңберде сегіз айда меңгеріп шыққан біздерге бірінші болып майданға аттану мүмкіндігі туды. 1943 жылдың 26 сәуірінде бүкіл училище алаңға сап түзеп, түлектерге жаңа лейтенант погондары салтанатты жағдайда табыс етілді. Осы жерде бір атап өтетіндігі, дәл сол жылы 6 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Қызыл Әскер құрамдары үшін жаңа айырма белгілерін енгізу

туралы» Жарлығы шығып, солдаттар мен офицерлерге, генералдар мен адмиралдарға жаңа айырма белгілері – погондар беріле бастаған болатын.

Міне, біз осы погондарды училище түлектері арасында бірінші болып алған едік. Әлі есімде, сонда «Осы сәтті ағам Сағит көрсе ғой. Жерлестерім де қуанар еді-ау» деп ойланып тұрғанымда «Лейтенант Нұрмағамбетов» деген дауыс естілді. Мен селт ете қалдым да, кеудемді тік көтере саптан шықтым. Алтын погондар алақанымға қойылды... Дәл сол сәтте маған тағдырымды беріп жатқандай көрініп кетті. Шынында да, мен осыдан кейін иығымнан погонды алған емеспін.

**– Майданға қай жерде түстіңіз? Әдетте, жауынгердің қалай соғысатыны алғашқы ұрыста шешіледі дейді ғой. Ең алғаш ұрысқа кірген күніңіз есіңізде ме?**

– Жасыратыны жоқ, тәжірибесіздіктен, атылған оқ, жарылған бомбаны көрмегендіктен жауынгерлер алғашқы ұрыста көп шығынға ұшырап жатады. Сол секілді, ұрысқа жауынгерлерді бастап шығатын командир үшін де алғашқы ұрыстың маңызы жоғары. Өйткені, солдаттар көбінесе командирлерін осы алғашқы ұрыс арқылы бағалайды. Ал мен алғашқы ұрысқа 1943 жылдың шыжыған маусым айында Солтүстік-Кавказ майданының 157-жеке атқыштар бригадасы құрамында станокты пулеметшілер взводының командирі ретінде Краснодар өлкесі Курка селосы маңайында кірдім. Алғашқы тапсырма – Курка өзенінің сол жағалауына бекінген жауға шабуыл жасап, оларды шебінен түріп шығару. Осы орайда менің пулеметшілерім оқпен атқыштарға жол ашып отыруы тиіс. Теориялық жағынан дайындығым жаман болмаса да, бірінші ұрыста өзімді қалай көрсетемін деген ойлар алғашында біраз мазалағандай болды. Бірақ, бірте-бірте өзіме деген сенім ұлғая түсті.

Менің алғашқы ұрысым түнгі шабуыл болды. Ол танкілердің қолдауынсыз жүрді. Алдымен зеңбіректер жау шебін төпеп алған соң барып біздер шабуылға көтерілдік. Мен Зайцевтің расчетімен (бір расчетта 6-7 адам болады) жүгіріп келемін. Капитан Диденконың атқыштарынан қалмай, оларды жау шебіне оқ жаудыра қолдап отыру қажет. Сол үшін ыңғайлы жер ретінде

биік ағаш түбін алдын-ала белгілеп қойғанмын. Межелі жерге жеткенде зеңбірекшілер атуын тоқтата қойды. Сол-ақ екен, жаудың атыс нүктелеріне жан бітіп, жыпырлата атқан оқтары шабуылға шыққан жауынгерлерді жерге қоғадай жапырды. Тіпті, бас көтертер емес. Оның үстіне жау айналаны ракетамен жарықтандырып тұрды. Бұл кезде біздер діттеген орнымызға жетіп алып, «Максимдермен» оқты бората бастаған едік. Ысқырған оқ пен снаряд жарықшақтарынан құлақ тұнады. Соған қарамастан пулеметшілер толассыз оқ жаудырып жатыр. Мен араларында жер бауырлай жүріп, әрқайсысына дұрыс бағыт беріп жүрмін. Осылай біздің боратқан оғымыздың қолдауымен атқыштар екі-үш қайтара шабуыл жасады. Тек таң ата біздер бұйрықпен бастапқы орнымызға қайта оралдық. Әрине, мен өзімнің алғашқы шабуылыма қанағаттанған жоқпын. Өйткені, жауды шебінен лақтырып тастай алмадық. Бірақ, олардың тірідей күшіне қатты соққы берілді. Кейіннен 1943 жылдың 22 маусымында болған осы ұрыс туралы 157-жеке бригаданың штаб бастығы, подполковник Михаил Сафонов өзінің «Штаб бастығының жазбалары» деген кітабында «...лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов сенімді ақтауда. Бүгін оның взводындағы пулеметтер жақсы жұмыс істеді. Олар жау қорғанысының бірінші траншеясына орналасқан біздің роталарды қарсы шабуылмен кері итеріп тастамақ болған 40 гитлершілді жойды және 3 атыс нүктесін тұншықтырды. Ұрыс қызып жатқанда екінші расчеттағы бірінші нөмір қатардан шығып қалғанда Сағадат өзі пулеметке жата қалып, екі сағат бойына жаудың бірнеше шабуылына тойтарыс берді» деп жазды. Осы алғашқы ұрыста менің взводым төрт жауынгерінен айрылды. Соғыста жауынгер жолдастарыңнан айрылғаннан өткен ауыр ештеңе жоқ. Десек те, біздер жеңістің құрбандықсыз болмайтынын жақсы білдік.

**– Осы алғашқы ұрыстардан соң қандай шайқастарға қатыстыңыз? Жалпы, сіз үшін ең ауыр ұрыс қай жерде болды және ол қалай есіңізде қалды?**

– Адам қанын суша төгетін соғыста ешқашан ауыр-жеңіл ұрыс немесе шайқас болмайды. Ондағы ең ауыры, жоғарыда айтқанымыздай, жаңа ғана жауға бірге шыққан жауынгерлік

жолдастарыңнан айырылу ғой. Ал енді менің жауынгерлік ұрыс соқпақтарыма келетін болсақ, алғашқы ұрыстан кейін біздің 157 және 34-жеке бригадалар біріктіріліп, 301-атқыштар дивизиясы құрылды. Осы орайда 9-атқыштар корпусының құрамына кірген бұл жаңа дивизияның негізін 1050,1052,1054-атқыштар полктері, 823-артиллериялық полкі, 337-жеке истребительдік танкіге қарсы дивизиондары құрады. Міне, осы дивизияның 1052-атқыштар полкі құрамында мен Украинаның көмірлі өлкесі Донбасты, сондағы Макеевка, Донецк қалаларын азат етуге, украин халқының қасиетті өзені Днепрді алу операцияларына, Молдова жеріндегі Днестр өзенінен өту ұрыстарына, Яско-Кишинев операциясына, Польшаны азат етуге, Берлин үшін болған ұрыстарға қатыстым. Осы орайда мен басқарған пулеметшілер взводы, кейін ротасы жаудың тірідей күшін талай рет жусата қырып, өз жауынгерлеріміздің алға жылжуына ұдайы жол ашып отырды. Бір айта кетерлігі, фашистер соғыстың өн бойында «Максим» станокты пулеметін ұрыста сенімді, әрі адуынды қару ретінде бағалап, шайқастың алдында алдымен соларды құртуға тырысып бақты (жалпы, «Максимді» американдық Максим Хайрем Стивенс (1840–1916) ойлап тауып, кейіннен орыс қару жасаушылары жетілдірген. Калибрі – 7,62 мм, салмағы – 64 кг. Арнайы доңғалақты немесе ұшаяқты станоктарға орнатылады. Бұл станокты пулемет мүлтіксіз көздеп атуды қамтамасыз ететін күшті автоматты қару болғандықтан бір шақырым қашықтыққа дейінгі жаудың топтасқан тірідей күшін және атыс нүктелерін жоюға бағытталған. Соғыста мұндай пулеметтермен құрамында 5-6 адам бар бөлімше (расчет) әрекет етті. Оны бірнеше бөлікке бөліп, үш-төрт адам көтеріп жүре беруге болады). Міне, сол себептен де біздің пулеметшілер үнемі жаудың нысанында, қарша бораған оқтың өтінде болды. Соған қарамастан біздер осы қаһарлы қарумен мыңдаған шақырымдар жүріп, көптеген елді-мекендерді азат еттік.

– **Соғыс жылдары Кеңестер Одағының Батыры атағын көбінесе белгілі бір ұрыста жасаған теңдессіз ерліктері үшін беріп отырғаны өткен тарихтан белгілі. Осы орай-**



да Сіздің мұндай жоғары атаққа қандай ұрыс үшін ие болғаныңызды білгіміз келеді.

– Бұл Польшаны азат етудегі көп ұрыстардың бірі болатын. Біздің батальон Пилица өзенінің жағасына бірінші болып жеткен еді. Фашистер батальонның сол екпінмен өзеннен өтіп кетуіне жол бермеу мақсатында зеңбіректер мен минометтерден төбемізден үздіксіз бомба жаудырумен болды. Соған қарамастан батальон артиллеристердің қолдауымен өзеннен бірінші болып өтіп, жау шебін басып алды. Сосын пулеметшілердің бораған оғының тасасында зеңбірекшілер екінші жағалауға шықты. Одан әрі зеңбірекшілер жау техникасының талқанын шығара, ал «Максимдер» жаяу әскерлерін бас көтертпей алдымен полкіміздің жау шебін басып алуын, содан кейін дивизияның қалған полктерінің өзеннен өтуін қамтамасыз етті.

Әрине, мен осы Пилица өзені үшін болған және басқа ұрыстарда жасаған әрекеттерім үшін полк және дивизия басшылығы мені Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынғанын білгенім жоқ. Жалпы, біздер, майдангерлер, жау оғының астында шабуылға көтеріліп жатып та, немесе, қорғаныста соңғы деміміз қалғанша шайқасып жатып та атақ-даңқ, орден-медаль туралы ешқашан ойлаған емеспіз. Біз артымыздағы Отанымыз, туған жеріміз, туған-туыстарымыз үшін күрестік. Біз өз халқымызға берген антымызды орындауға ұмтылдық және осы соғыста аяғына дейін өмір сүретінімізді ойлаған емеспіз. Біздерді орден-медальдардың өздері іздеп тауып жатты. Тіпті, бұлар арада 60 жыл өткен соң барып та өз иелерінің қолына тиіп жатқанын естіп-біліп жатқан жоқпыз ба?..

– Сонда да Кеңестер Одағының Батыры атағын алған сәтіңізді еске түсіре айтып берсеңіз. Сіз секілді батырлар ерлігінен өнеге, рух алып өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпаққа мұндай сәттер де оң әсер етеді деп ойлаймыз.

– Шыны керек, мұндай сәттер адам өмірінде өте сирек кездеседі. Сол күні Кеңестер Одағының Батыры атағы 21 солдат пен офицерге берілді. Салтанатты жағдайда өткен сол марапаттау рәсімі әлі есімде. Үрмелі аспаптар оркестрі ойнап, Батыр атағын алғандар бөлек топ болып тұрды. Сап алдындағы ортада жасыл

матамен жабылған үлкен үстел қойылып, бізден оған қарай ұзын кілем жол тартылды. Марапаттау рәсімін армия қолбасшысы, генерал-полковник Николай Берзарин жасады. Ол өз қолымен кеудемізге Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медалін қадап, әрқайсымызды әкемізше бетімізден сүйді. Бұл сәтте басқалар секілді мен де қобалжулы едім. Өйтпегенде, қарапайым қазақ баласына, әке-шешеден ерте айырылған жетімге қандай құрмет көрсетілгелі тұр. Дәл сол сәтте ортадағы жасыл үстелге адымдай жүріп бара жатып, «Осыны әкем, анам, ағам Сағит, жерлестерім көрсе ғой», – деп ойлай бергенім әлі күнге жадымда. Берзарин басын бір жағына қисайтып, сүйсіне әрі жүзі нұрлана жымия күтіп тұр екен. Құшағын ашып, мені кеудесіне басқанда осы бір қайырымды жаннан жақын адам жоқ секілді болып көрінді.

**– Сағадат Қожахметұлы, Сіз осыдан кейін де және бір рет Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынылыпсыз ғой. Егер құпия болмаса, айтып беріңізші?**

– Иә, солай болғаны рас. Мені екінші рет Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медаліне 1052-атқыштар полкінің командирі, подполковник А.И.Пешков пен 301-дивизияның командирі, генерал-майор В.С. Антонов ұсыныпты. Онда олар 1945 жылғы сәуір айында Берлин үшін болған ұрыстардағы мен басқаратын 1-атқыштар батальонының іс-әрекеттеріне жоғары баға бере келіп, «..1945 жылдың 24 сәуірінде майор Нұрмағамбетовтың батальоны жаудың қасарысқан қарсылығын сындырып, Берлин қаласына бұза-жара кірді. Батальонды шебер басқару нәтижесінде жауынгерлер ауыр көше ұрыстарында фаустниктер мен автоматшылардың үлкен топтарымен бірлесе 450-ден астам гитлершілерді жойды және 1560-ын қолға түсіріп, 9 тірек бекінісінің көзін құртты. Бұл ұрыста майор Нұрмағамбетов жараланып қалды» деп жазған. Әрине, менің командирлерімнің келтірген бұл мәліметтері 1945 жылдың сәуір айындағы бір ғана ұрыс болатын. Ал, сол айдағы басқа ұрыстарды келтірсек, батальоным көзін құртқан фашистер мен жау техникасының саны жоғарыдағы деректен әлдеқайда көп болар еді.

**– 1945 жылы Кеңес әскерлері бұрын-сонды соғыс тарихында болмаған керемет әдіс қолданды. Түн қараңғысында**

**жүздеген прожекторларды бір мезетте іске қосып, жаудың зәре-құтын қашырғаны тарихтан белгілі. Сіз осы құдыретті өз көзіңізбен көріпсіз...**

– Бұл керемет 1945 жылы 16 сәуірде таңғы сағат 5.00-де болды. Алдымен біздің «Катюшалар» жау шебіне найзағай ойнатып, артынша тап бір дирижер таяқшасының белгісіндей мыңдаған зеңбіректер мен минометтер жау қорғанысын нөсер оқтың астына алды. Тап бір жер ыңырси теңселіп кеткендей, аспаннан жұлдыз біткен құлап түскендей көрінді. Кенет, ұрыс даласы көз қарықтырар көгілдір түсті бояуға оранып сала берді. Бұл қараңғылықты қақырата тілген жүздеген прожекторлардың жарығы еді. Мен мұндайды бірінші рет көргендіктен, алғашында өз-өзіме келе алмай қалдым. Жау шебіне сансыз жарық түсісімен, мыңдаған адамдар мен техникалар қозғалысқа келді. Танктер, өздігінен жүретін шынжыр табандар мен бронетранспортерлер өздерінің артына шаңнан қара бұлт көтере батысқа қарай лап қойды. Кейіннен бұл жөнінде тұтқынға түскен немістер «Сіздер шебімізге жарық түсіргенде, барлық солдаттар мен офицерлер жер бауырлай жата қалысты және бірнеше минут қозғалысқа келе алмадық. Большевиктер жаңа бір құдыретті қару қолданды деп ойладық» десті қорқыныштарын баса алмай. Міне, осылай аса көрнекті әскербасы, 1-Белорусь майданының қолбасшысы, Кеңестер Одағының Маршалы Г.К. Жуков пен басқа қолбасылардың әскери өнердің білгірлері екендігін гитлершілдердің өздері де мойындады.

**– Сіздің фашизмнің апаны болған Берлинді алу операциясына қатынасқаныңыз көпшілікке белгілі. Осыны бүгін кеңейте тағы айтып берсеңіз?**

– Бұл жөнінде кеңірек әңгімелесем, тағы бір кітап шығар еді. Сондықтан мен бүгін өзімнің батальоным тазалаған жаудың бірнеше маңызды ұясын атап өтсем жетіп қалар. Сонымен, 1945 жылдың 25 сәуірінде біздің 1052-ПОЛК 1054-полкпен бірлесіп Берлин түбіндегі Карлсхорт қалашығын алып, сол жылдың 8 мамырында фашистік Германияның толық тізе бүккені жөніндегі тарихи актіге қол қойылатын Карлсхорт әскери-инженерлік училищесін жаудан толық тазарттық. Ал, 24 сәуірде

бес сағаттық қантөгіспен (кейінірек Берлинді фашизмнен азат ету жолында қаза тапқан Кеңес жауынгерлерінің бауырластар зираты бой көтеретін) атақты Трептов паркін, фашистік жауыздықтың қанды ұясы – Гестапо ғимаратын, Гитлердің ең сенімді жандайшаптарының бірі – Герингтің апаны орналасқан авиация министрлігін және ең соңында 1 мамыр күні фашизмнің империялық сарайы – Гитлердің канцеляриясын жаудан толықтай арылттық. Осы арада бір атап өтетіндігі, Берлин көшелерінде жүрген ұрыстар ашық майдандағы шайқастан әлдеқайда ауыр болды. Өйткені, фашистер бекініс ретінде үйлерді, каналдарды, қуыстарды пайдаланды және көшелерге ағаштардан, тастардан бөгеттер жасап, әрбір саңылаудан, бұрылыстан жасырына көздеп, оқ жаудырумен болды. Сондықтан ұрыстар көшенің әрбір метрі, әрбір үй, подвал, қабат үшін жүрді. Осы орайда дәл Берлинге жетіп, Жеңістің қуанышы сезіле бастағанда жанындағы жауынгер жолдастарының мерт болып жатқаны жүрегімізді аяздай қарумен болды.

**– «Жеңіс» деген көптен күткізген қуанышты сәт, сондағы көңіл-күйіңіз санаңызда мәңгі-бақи сақталып қалған шығар?**

– Әрине, ондай күнді ұмытарсың ба? Мен жаудың толық берілгенін 2 мамыр күні телефон арқылы полк командирі подполковник А.И.Лешковтан естідім. Алғашында өз құлағыма сенбей, тағы қайталауын өтіндім. Сонда полк командирі шаттана күліп, «Фашистер тізе бүккенін мойындады. Тыңдап тұрмысың, қымбатты Сағадат, Жеңіс!», – деді. Мен қуанғанымнан бұл сөзді жанымдағыларға бірден дауыстап айта алмадым. Соғыстың өн бойында алғаш рет өзінен-өзі көзіме жас келді. Содан не керек, қуанышты хабарды айналамдағы жауынгер жолдастарыма эзер дегенде жеткіздім-ау. Батальонда қуаныштан не болғанын айтуға тіл жетпейді. Айқай-шу. Аспанға атылған оқтар үні. Біреулер күліп, екіншілері жылап, құшақтасуда. 4 мамыр күні рұқсат алып, батальонымдағы рота командирлерімен бірге Берлинге бардық. Әрине, айналаны адам танып болмайды. Рейхстагты да көрдік. Қаңқасы қалып, сиықсыз күйге түскен оның қабырғасынан бос орынды эзер тауып, біз де өз аты-жөнімізді калдырдық.

Шынымды айтсам, мен сонда өзімнің Берлинде жүргеніме де, соғыстың аяқталғанына да алғашында сене алмай-ақ қойдым. Кейде ту сыртыңнан біреу атып салатындай болады да тұрады немесе дәл қазір «ұрысқа» деген үйреншікті сөз естілетіндей көрінеді. Өйткені, ұзақ күндер мен түндерден кейін қалыптасып қалған дағдылардан бірден арыла алмайды екенсің. Міне, біз мұндай жағдайда 9 мамыр – Жеңіс күніне дейін болдық. Тек 9 мамырда Жеңіске байланысты жиын өткен соң ғана бойдағы мазасыз ойлардан бірте-бірте арыла бастадық. Сондықтан да, 9 мамыр – менің өмірімдегі ең бір ұмытылмас, ең бір бақытқа толы күн болды десем, асыра айтқаным болмас еді.

**– Жеңістен кейінгі өміріңіз қалай қарай белең алды? Туған жерді, ел-жұртты жуық арада көре алдыңыз ба?**

– Соғыс аяқталғаннан кейін де әскери қызметімді Берлинде өзімнің атқыштар батальоныммен бірге одан әрі жалғастыра бердім. Тек, сол жылдың қыркүйек айында әскерден қысқарту бойынша ұйымдастыру шаралары басталып, маған 45 тәулікке демалыс берілді. Сөйтіп, мен жаныма қосып берілген ординарец екеуміз елге бет алдық. Жолай Киевтегі жауынгерлік досым, капитан Василий Тышкевичке соқтым. Мәскеуді араладым, туған ауылымда бір айдай болып, сағынышымды бастым. Осы жерде мен бір ойланбаған қадам жасадым. Ол оқиға әлі күнге есімнен кетпейді Мүмкін осы бір «жаза басу» менің тағдырымның шешуі болған шығар...

Сонымен, мен ауылымда бір айдай аунап-кунаған соң қайтуға дайындала бастағанмын. Өйткені, демалысым аяқталуға жақындап, Берлинге оралуым тиіс еді. Бірақ, аяқ астынан обкомнан жағымды хабардың келе қалғаны. Мені Алматыда республиканың құрылғанының 25 жылдығына орай өтетін салтанатқа қатысуға баратын Ақмола облыстық делегациясының құрамына қосып қойыпты. Тіпті, обкомдағылар «Мерекеге бару керек, ал Берлин күте тұрады», – деп үгіттеп бақты. Ақыры мен Алматыға баруға келісімімді бердім. Осы арқылы мен тәртіпті бұздым. Өйткені, менде Алматыға баруға рұқсат беретін құжат атымен жоқ еді. Соған қарамастан жастық сезімге ерік беріп (ол кезде мен бар болғаны 21 жаста ғана едім) әрі жеңімпаздарды

соттамайды деген ой басым болып, Алматыға тартып кеттім. Нәтижесінде, мерекеден кейін мен осында орналасқан Дала әскери округінің қолбасшысы, генерал-лейтенант Павел Курбаткиннен дұрыстап тұрып сөз естідім. Әрине, сол кездегі тәртіппен Алматыда қыдырып, демалысымды өткізіп алған мені қатаң жазалауға да болатын еді. Бірақ, П.С.Курбаткин «Сені не істесем екен?» деп тұрды да, кенеттен «Жолдас майор, Сіз М.Б.Фрунзе атындағы академияға барасыз. Оқуға...», – деп шын мәнінде маған ауыр әскери өмірге жолдама алып берді. Мен осы жақсылығы үшін ол кісіні осы күнге дейін ризашылықпен еске аламын. Бір қызығы, жоғары дәрежелі офицерлерді оқытатын академия комиссиясы мені «Жолдас майор, сіз өте жассыз. Бар болғаны 22-де ғанасыз. Тағы бір жыл күтіңіз», – деп оқуға қабылдағысы келмеді. Мен де «Соғысуға жас емеспін, ал оқуға келгенде жас болып қаламын», – деп қасарысып тұрып алдым. Ақыры комиссия мүшелері ақылдаса келе академияға қабылдауға шешім шығарды. Сөйтіп, академиядан кейін менің ұзақ та тынымсыз әскери өмірім басталып, Түркістан әскери округінің оперативті басқармасында, полк командирі, дивизияның штаб бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, 1981 жылдан 1984 жыл аралығында Венгриядағы Оңтүстік әскерлер тобы қолбасшысының орынбасары, содан кейін 1989 жылы отставкаға шыққанша қайтадан Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары қызметтерін абыроймен атқардым деуге болады.

– Содан еліміз Тәуелсіздігін, дәлірек айтқанда, егемендігін алған күннен бастап сіз әскери өмірге қайта оралып, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде өз туған еліңіздің әскери құрылымдарын басынан бастап қайта құруға бел шеше кірістіңіз. Осы орайда ұлттық армиямызды құру барысы өте шиеленісті жағдайда жүргені белгілі.

– Иә, КСРО-ның тарқауымен біздің еліміздің Қарулы Күштерін түбірімен қайта құру басталды. Сонымен қатар, бұл өтпелі кезең мемлекетіміздің ұлттық әскерін қалыптастырудағы ең қиын кезең болды. Өйткені, 1992 жылдан бастап Қазақстан аумағында орналасқан әскери бөлімдер тарап, бұл өз кезегінде

әскердегі тәртіпке үлкен зиян келтірді. Әсіресе, бұрынғы орталыққа қарап келген әскери бөлімдер, қоймалар мен қару-жарак орындары енді кімге бағынарын білмеді. Міне, осындай қиын жағдайда біздер мемлекетіміздің Қарулы Күштерін құруды қолға алдық және оны министрдің орынбасарын, басқарма басшыларын, бөлімдер мен қызметтер басшыларын тағайындаудан, яғни, ұйымдастыру-штаттық құрылымдарды анықтап алудан бастадық. Содан кейін орталықтандырылған қамсыздандыру тоқтатылған әскерлердегі басқару жүйесін сақтап қалуға тырыстық. Қысқасы, Қазақстанның жаңа армиясын жасақтау өте ауыр себептермен жүріп отырды. Соған қарамастан біз өзіміздің құқықтық базамызды, әскери доктринамызды жасай білдік. Нәтижесінде, қазір Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері ТМД елдеріндегі алдыңғы қатардағы, шұғыл және әскери дайындығы жетілген, қару-жарағы мен әскери-техникалық базасы жаңартылған армияға айналып келеді.

– Міне, сондықтан да Сіз, Сағадат Қожахметұлы, Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктеріңіз, Қазақстан Қарулы Күштерін құру мен қалыптастыруға, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға және жастарды патриоттық сезімде тәрбиелеуге белсене атсалысқаныңыз үшін Президентіміз Н.Назарбаевтың Жарлығымен №1 «Халық Қаһарманы» атағының иегері атандыңыз. Өмір бойы халқына адал қызмет еткен Сіздей өмір тәжірибесі мол, өнегелі жан өскелең ұрпағына қандай ұлағат айтар еді?

– Мен қазір өмірлік жолдасым Лира Сабырқызы екеуіміз ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отырған бақытты ата-әжеміз. Осы орайда ең басты тілейтінім – халқымнан соғыстың бетін ары етсін. Ұрпағымыз соғыстың не екенін білмей-ақ қойсын. Соғыс халықтың жұмысқа қабілетті бөлігін жалмайтын қасірет. Біздерге, кешегі соғыстың барлық ауыртпалығын көрген, мұз жастанып, от кешкен солдаттарға, соғыстан өткен қасірет жоқ. Ол қасірет біздің жерімізге келмес үшін барлығымыз ынтымақта болып, татулықта өмір сүруіміз керек. Әркім бұл елді өзімдікі деп сезініп, оны қорғай да, сүйе де білуі қажет. Өзгелер емес, сендердің өздерің ғана оны бақуатты, күшті және керемет ел жасай аласыңдар!

*11 қаңтар, 2005 жыл.*

## ***СОҒЫС КЕЗІНДЕ ДЕ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚ КӨП БОЛДЫ***

Жер бетінде адамзат баласы жаратылғалы бері үлкенді-кішілі соғыстар өте көп болды. Соның ішінде адам қанын суша ағызып, миллионнан астам жанның өмірін әкеткен, дүние жүзінің көптеген мемлекеттерін шарпыған соғыс – екеу. Оның бірі – 10 млн. астам адам өмірін жалмаған I Дүниежүзілік соғыс. Ал екіншісі өздеріңізге жақсы белгілі – 1939 жылы 1 қыркүйекте гитлерлік фашистердің Польша жеріне баса-көктеп кіріп, 1945 жылы 2 қыркүйекте Кеңес әскерлерінің жапон милитаристерін тізе бүктіргеннен кейін аяқталған II Дүниежүзілік соғыс. Бұл соғыста, соңғы деректер бойынша 50 млн. астам адам қаза тапты. Бірақ бұл мәліметтердің қатты төмендетілгені Кеңестер империясы құлағаннан кейін ғана белгілі болды.

Мысалы, соған дейін II Дүниежүзілік соғыста 20 млн. кеңес адамы құрбан болды деп келінсе, Жеңістің 50 жылдығына байланысты өткен жиында Ресей президенті Б.Ельцин алғаш рет бұл соғыста 27 млн. 300 мыңнан астам кеңес халықтарының өкілдері қаза тапты деген жаңа деректі келтірді. Мұның ішінде орыс халқы өз ұлтының – 6 пайызынан, украиндар - 8 пайызынан, белорустар – 10 пайызынан, жерін соғыс өрті шарпымаған қазақтар – 13 пайызынан айырылыпты. Демек, Ұлы Отан соғысы кезінде қан майданға аттанған 600 мыңдай қазақтың 350 мың (кейбір деректерде 395 мың) қазақ боздақтары туған жерге оралмаған. Әрине, бұл соғыс алдындағы зұлмат ашаршылық пен қуғын-сүргіннен кейін атамекенінде 2 миллиондай болып қалған қазақтар үшін орны толмас шығын еді. Өйткені ұрпақ санын өсіретін ер-азаматтың барлығы Отанын қорғауға аттанып, елде тек кемпір-шалдар мен бала-шаға, қыз-келіншектер ғана қалған еді. Ендеше осы орайда «қазақтардың басқа ұлттардан пайыздық өлшеммен көп өлуінің себебі неде?» деген занды сұрақ туындайды.

Көзі ашық адамдарға белгілі болар, соғыс басталғанда Кеңестер Одағында білікті әскери офицерлер көп қалмаған болатын. Өйткені дәл соның алдында Қызыл Армия бассыз қалып, 40



мындай тәжірибелі офицерлер атылып кеткен еді. Олардың арасында Тухачевский, Блюхер, Егоров секілді маршалдар да болды. Сондықтан да соғыстың алғашқы айларында фашистер кеңес әскерлерін шыбын өлтіргендей қырып салды. Атап айтқанда, 1941 жылдың маусымы мен қараша айлары аралығында майдан даласында күн сайын 17 мың адам құрбан болып, 7 мыңнан астам адам жараланған. Бұл – күн сайын Қызыл армия екі дивизиясынан айырылып отырды деген сөз. Оның ішінде алғашқы үш айда ғана Кеңестер елі, өлісі, жаралысы бар, 1 млн. 200 мыңнан астам адам амамын жоғалтып, олардың 700 мыңдайы тұтқынға түскен.

Мұндай жантүршігерлік қырғын тәжірибесіз жауынгерлерді ашық өлімге итермелеудің салдарынан болды. Осы орайда бас қолбасшы И.Сталиннің «Бір адамның өлгені – трагедия, ал миллиондардың өлгені – статистика», маршал Г.Жуковтың «Бір солдат, соңғы оқ қалғанша артқа шегінуге жол жоқ» деген «қанатты» сөздерін келтірсек те жеткілікті. Міне, тәжірибелі әскери мамандардың жетіспеушілігі осындай орасан зор шығынға алып келді. Өйткені олардың орнын шала сауатты, жауынгерлерді басқару тәжірибесі жоқ көлденең біреулер басты да, жауынгерлердің көп қырылуына әкеп соқтырды. Бұл жағдай, әсіресе, орыс тілін білмейтін ұлт өкілдеріне өте ауыр тиді. Олардың ішінде біздің қазақтар да көп болды. Олардың дені орыс тілінде берілген командирлерінің бұйрығын түсінбей және қару-жарақты дұрыс меңгере алмағандықтан бостан-босқа құрбан болды. Ал егер соғыс алдындағы қуғын-сүргінде «халық жауы», «ұлтшыл» ретінде жалған нақақпен атылып кеткен ел басқарған, абыройлы 25 мың азаматымыз атылып және осылардың 50 мыңдай өкілі қамауға алынбағанда, бәрі басқаша болар ма еді. Себебі, соғыстың алғашқы жылдарында құрылған ұлттық құрамаларда дәл осылардың орындары ойсырап тұрған еді. Солардың жоқтығынан мүлде орысша білмейтін қазақ секілді ұлттар көптеп қырылды. Осындайда есіме «Баламау, өмірі көріп-білмеген жұрттың арасында қалай соғысып жүрсің?» деген әжемнің хатына «Әй, апа, мұнда менен де нашар балалар бар екен» деген әкемнің жауабы еске түседі. «Кебін ки-

ген өледі, кебенек киген келеді» дегендей, 1940 жылы әскерге алынып, одан соғысты аяқтап 1948 жылы бір-ақ келген әкемнің шынымен-ақ оққағары бар болғаны-ау.

Жалпы, Ұлы Отан соғысы – ең көп жазылған әрі ең көп бұрмаланған тарих. Бұның да ақиқаты тек кейінгі жылдары ғана, оның өзінде Кеңестер империясы құлаған соң барып айтыла бастады. Кеңестік үстемшіл билік тіпті ел басына ауыр күн туғанда да өзінің жымсық саясатын қоймады. Тіпті, үлкен ерлік жасағандардың өздері ұлтына қарай қатаң іріктеліп отырды. Мысалы, фашистер дзотының үнін кеудесімен тұншықтырған, аты аңызға айналған батыр Александр Матросов дегеніміз башқұрт ұлтының Табын руынан шыққан Шакариян Мұхамеджанов екен. Ол Башқұртстанның Миасс қаласынан 100 шақырым жердегі Қонақбай ауылында дүниеге келіпті («Қазақ әдебиеті» газеті, 1993 жыл, №14) Сондай-ақ соғыс тарихында алғаш рет әуе таранына 1941 жылдың 26 маусымы күні таңертеңгі сағат 8.30-да капитан Масловтың экипажы барды. Оның құрамында сол сәтте штурман В.Балашов, атқыш-радистер Г.Реутов және Бақтыораз Бисекбаев болған. Ал сол күні түстен кейін бұл ерлікті капитан Гастеллоның экипажы қайталаған («Егемен Қазақстан», 28.12.91 ж.). Ал енді бір бума гранатты кеудесіне баса танк астына жатқан ерлікті 1941 жылы 22 маусымда 11 сағатта Иван Кузнецов деген қазақ жігіті жасаған (Оны Кузнецов деген орыс отбасы асырап өсірген. Шын аты-жөні Нуриддин екен). Бұл туралы да кезінде БАҚ-та көп айтылып, жазылды. Міне, айта берсе, соғыс тарихында мұндай бұрмалаушылықтар өте көп кездескен. Әйтпесе сол соғыста батальонын қоршаудан алты рет шығынсыз алып шыққан Бауыржан Момышұлындай командирлер көп болып па еді? Екі рет Кеңестер Одағының батыры атағына ұсынылса да, қайсыбір әскери басшылардың «бізден бұрын әскери-тарихи романға кіріп кетті» деген қызғанышынан жолы кесілді. Тіпті олар осы себептен жоғарыдағы кітапты жазған Александр Бектің өзіне Сталиндік сыйлықты бергізбей қойған соң не дерсің?..

Ал фашизмнің ордасы – Рейхстагқа ең алғаш ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов неге атаусыз қалды? Олардың 1945 жылы 1 мамырда екінші қабаттың

карнизіне ту тігіп, түсіп келе жатқанда ғана жоғары көтеріліп келе жатқан Егоров пен Кантарияға жолыққаны барлық жұртқа белгілі. Әрине, Рейхстагқа ту тігушілердің бірі – орыс ұлтынан, екіншісі – «ұлы көсемнің» ұлтынан болу керектігі әбден ойластырылғаны айтпаса да түсінікті. Бұл туралы Егоровтың өзі де жасыра алмаған. Міне, осылай қазақ батырларына жасалған әділетсіздіктер ...бір жылға жуық уақытта жаудың 379 адамын (бұл дегенің үш ротадан астам бөлім ғой) жер жастандырған Тілеуғали Әбдібеков, ...жауға қарсы 300-ден астам аспан шабуылын жасап, 14 рет ұшағымен құлаған Хиуаз Доспанова болып кете барады...

Қазақ «жау шапты» деген ұран шыққанда үйде отырып қалуды өлімнен де күшті ұят санаған. Қолдарына қару ұстайтындарына шейін қан майданға аттанған. Осы орайда орыс тілін көпшілігі жетік білмегеніне, өз елінен шетте соғысқанына қарамастан қазақтар ерліктің теңдессіз үлгісін жасай білген. Әділетсіздікке қарамастан, қазақтан 115 Кеңестер Одағының Батыры шыққан. Бұл – әр миллион адамға шаққанда 35-36 батырдан келеді деген сөз. Осындай пайыздық есеппен алғанда кешегі Кеңестер елі ішіндегі халықтар арасында – бірінші орында, ал жалпы батырлары саны жағынан – алтыншы орында тұрмыз. Міне, осыдан кейін біздің қазақты батыр халық емес деп кім айта алады?..

*7 мамыр, 2005 жыл.*

## МАЗМҰНЫ

### I БӨЛІМ

Тәуелсіздік желтоқсаннан басталады.....	3
Кеңестер одағының күйреуіне не себеп болды?.....	4
Егемендік – асыл ұғым.....	8
Азапты жылдардың ақыры.....	13

### II БӨЛІМ

Рух оянған күндер еді.....	29
Күнделігімнің жыртылған беттері.....	30
Өмірдегі ең ауыр күн.....	34
Жан жарасы жазылар емес .....	44
«Адал болғаным үшін жерге қайтқан шығармын...».....	46
«Мен сені іздеп жүрмін, қайрат...».....	49
Шындығымның шылдырлаған шынжыры.....	55
261 жылдан кейін жеткен тәуелсіздік! .....	59
«Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі...» .....	61
Кеудеме автомат тіреген офицер астам сөйлеп еді, сонда .....	66
Ерболымызды неге ұмыттық?.....	69
Желтоқсанның жарасына себілген тұз .....	73
Мәскеу қолбиннен кейін де бөтен біреуді қоймақ болыпты.....	78
Қазақтың қан қатқан қасіретті тарихы бар.....	84

Желтоқсан көтерілісі – «Қазақстандық патриотизмді» қалыптастыруға жарамай ма?.....	90
«Қазақтың рухы ешқашан өлмеуі тиіс...».....	96
Тәуелсіз ұрпақ желтоқсаннан рух алар.....	103
Ескерткіш – ерлік пен елдіктің белгісі.....	106
Еліңді сүйген неге қауіпті?.....	111
тәуелсіздік тұғырында – «алтын адам».....	115
«№3 момышұлын» алаңға шығарған не нәрсе?.....	116
Ұлттық толқуды рух қамшылаған намыс турдырады.....	117
Республика алаңы «мінәжат орны» емес қой!.....	122
Қымбат маған – өз елімнің құрметі, бәрінен де.....	128
Желтоқсан кезінде журналистер «Жантақ жеді».....	130
Намысты қайраған... «Менің Қазақстаным».....	141
Алматы. желтоқсан – 25 жыл өткенде.....	145

### III БӨЛІМ

Желтоқсан менен журналист жасады.....	149
«Ақшам» – абақтыны ды арайландырып еді.....	150
Отан қайдан басталады... ..	154
Бізді қорғайтын милицияның құрығы ұзын ба?.....	162
Қарулы күштеріміз – жұмысшы-шаруа әскеріне айналып барады.....	166
«Қазақ балалары ана тілінде оқығысы келмейді» емес, келеді... ..	172
Бала ауруы – әл-ауқатымыздың айқын көрсеткіші.....	180
Спорттық нәтиже елдің күш-қуатын көрсетеді.....	187
Қазақтың тәуелсіздігі қазақ даласында ғана өркендейді.....	191
Атақ-дәрежесі бардың бәрі ғалым ба?.....	194
Қазаққа әрбір қазақ қымбат.....	197
Балалар неге компьютер кулбтарында «Жоғалып жатыр».....	206
Қазақстанға өлім жазасы қажет пе?.....	211
«Жаһандану» – ғаламдық алпауыттар қозғалысы.....	217
Қазақстан «Бойтұмары» қандай болады?.....	219

Қазақстан – «имиджі» бойынша әлемде 22-орында.....222

#### IV – БӨЛІМ

Мен қазақтың – мың өліп, мың тірілген.....225

«Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе жоқ».....226

Біз туғанда аналар «ұл тудым» деп қалжа жеген.....250

Бізді киноның өзі тәрбиелейтін... .....263

*Сұлтан Сартаев:*

Жоғарғы кеңесте «ҚР тәуелсіздігі туралы»

заң баяндамасын мен жасадым.....272

*Сағадат Нұрмағанбетов:*

Мен батырлар, ерлік жайлы әңгімелермен өстім.....285

Соғыс кезінде де бұрмалаушылық көп болды.....300

Кітапты шығаруға жауапты –  
«Қазығұрт» баспасының директоры  
**Темірғали КӨПБАЕВ**

**Құттыбек АЙМАХАН**

## **ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕЛТОҚСАННАН БАСТАЛАДЫ**

Редакторы **Дүйсен МАҒЛҰМОВ**  
Суретшісі **Нұран АЙЫМБЕТ**  
Техникалық редакторы **Дарико ОМАРҒАЛИЕВА**  
Беттеген **Ермек ҚАБЛАНБЕКҰЛЫ**

ИБ № 321

Басуға 12. 06. 2012 ж. қол қойылды.  
Қалыбы 84×108<sup>1/32</sup>. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі Times New Roman.  
Шартты баспа табағы 16.0  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 6885.

«Қазығұрт» баспасының  
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050009, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы 143, 522-офис.  
Телефон (факс): 8(727) 394-42-86  
e-mail: kazygurt@list.ru  
<http://www.kazygurt.kz>

Тапсырыс берушінің файлдарынан  
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Мақатев көшесі, 41

ISBN 9965-22-372-6



9 789965 223723